

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

Көрнекті қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есімнің 70 жылдық мерейтойына арналған

IV Фараби оқулары аясындағы

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...»

Республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 15 сәуір 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-методической конференции

в рамках IV Фарабиевских чтений

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...», посвященной 70-летию юбилею

заслуженного общественного деятеля, писателя,

академика Национальной академии Наук РК

Гарифоллы Есима

Алматы, Казахстан, 2017 год, 15 апреля

УДК 1(574)(063)

Көрнекті қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есімнің 70 жылдық мерейтойына арналған IV Фараби оқулары аясындағы «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...» Республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 2017 15 сәуір жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 105 б.

ISBN 978-601-04-2359-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

ӘЛЕМ ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ

Соңғы уақытта әлемнің өзгергені соншалықты – кейде алдағы уақытта бізді не күтіп тұрғанын көру қиын. Ең өзектісі дағдарыстан қалай шығу, ғаламдық теріс өзгерістерден адамзатты қалай құтқару мәселесі тұр. Олар: әлемдік климаттың жылынуы, су және азық түліктің жетіспеуі, әлеуметтік-экономикалық және саяси конфликттер т.б. түрлі астан-кестен өзгерістер, апаттар және теріс үдерістер.

Адамзат алдында мұндай сом-сом мәселелер бұған дейін қойылып шешілген жоқ еді. Сол себепті әлі күнге дейін АҚШ, ЕО, БҰҰ, G8-нің ешқайсысы дұрыс шешім қабылдауға қауқарсыз, тіпті Украинадағы мәселеге де. Тек санкциялар арқылы мұндай ауқымды мәселені шешуге болмайды. Мұның себебі, экономикалық заңдардың сақталмауы, табиғат заңдылықтарын орындамау, сондай-ақ циклді дамуды басқарудың заңдылықтарын бұзу салдарынан болып отыр. Бұлардан бөлек БҰҰ өз жарғысын өзі орындамайды, халықаралық адам құқығы т.б. Дүниежүзілік қоғамдастықтың үлкен билікке оның ішінде G8 мемлекеттеріне сенімсіздігі артуда. Жалпы ЖІӨ жартысынан көбі осы мемлекеттерде, және де ТНҚ дүние жүзінің 50% астам байлығын басқарады. Оған қосымша қазір АҚШ, Ресей, Қытай, Солтүстік Корея Қатты қарулануда. Мысалы дүниежүзінің қару жарағының 50% көбі АҚШ-тың қолында.

Сол үшін мұндайда бір біріккен күш, идея керек, интеграциялық даму керек. Әлемдік психологияны өзгертетін, рухани құндылықтарды қайта жаңғыртатын, адамзатты өз үйінде тәртіпке шақыратын уақыт келді.

Адамзаттың ХХІ ғасырда өмір сүру жолы қалай болмақ?

Осы мәселелерді шешу үшін «ХХІ ғасырдағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы» деп аталатын мегажоба жасалынды (1 сурет). Бұл жобада *руханияттылыққа, ғылыми-техникалық революцияға, экологияға, ғарышты игеруге, экономика мен әлемдік қауіпсіздікке* негізделген постиндустриалды әлемнің, жалпы адамзат өркениетінің ғаламдық үйін құру қағидалары бар. А.Эйнштейннің "ешқандай мәселені оның туындаған деңгейінде шешу мүмкін емес" деген сөзін ескеріп біз өркениетке галактикалық тұрғыдан қарауды жөн көрдік.

Жобаның ғылыми жаңалығы – постиндустриалды өркениетке өтудің жоғарыда айтылған 6 базалық элементтерін бір процесс ретінде тұтас қарап және соның негізінде дүниежүзілік процестерді жаһандық басқару мен реттеудің сетевой моделін жасау [1]. Сол арқылы өтпелі кезеңде дүниежүзінің тұрақты дамуын сақтап қалу мәселесі қойылған.

Бұл жобаның басты айырмашылығы, мұнда Әлемде тұңғыш рет барлық 6 негізгі базалық элементті жүйелі түрде қарау арқылы постиндустриалды өркениетке өту біртұтас жүйе ретінде қаралған. Егер нәтижесінде осы планетарлы өркениетті үйдің 6 негізгі элементінің біреуі құласа онда бүкіл конструкция құлайды. Бұл идеяның өзгешелігі осында.

Алда, цивилизациялық дамуда, VI – VII – жаңа технология укладтарды игерудің арқасында дүниеде үлкен өзгерістің, ғылыми-техникалық революцияның болуына сенеміз. Себебі *сана эволюциясы, рухани революция, қоғамды ізгілендіру заманы* келе жатыр. Ал адамзат болса, осыған қызмет ете отырып, өзінің рухани даму шыңына шығады. Сонда ғана бүкіл адамзат әлемнің бейбітшілік дамуының жемісін көреді. Мынау аласапыран заманда көрегенділікпен терең айтылған Абайдың «Толық адам» ілімін, Конфуций мен Нострадамустың тағы басқа генийлердің ой өркениетін игерген адамзат ондай қиямет қайымға бара қоймас [2,3].



1-сурет - Постиндустриалды әлемнің, жалпы адамзат өркениетінің ғаламдық үйі

Рухани құндылығымыз қандай, қазір қай деңгейде, қалай жаңғыртамыз?

Әділет пен ақылға

Сыналып көрген білгенін,

Білгізер алыс, жақынға


Солардың сөйле дегенін, - дейді Абай.

Шынында да рухани құндылықтар бәрінен де теңдессіз биік тұру керек.

Түркі тілдес халықтар Қазақ жеріндегі Түркістанды «Атажұрт» рухани астанамыз, екінші Мекке деп ағылып келіп, киелі мекеніне тағзым етіп жатыр. Біз Түркістанның рухани және экономикалық әлеуетін пайдалана алмай келеміз. Бұл аймаққа тек туристік нысан ретінде қарау мүлдем дұрыс емес. Түркі әлемінің тірегі, талбесігі болатындай тарихи тереңдігі бар Түркістан аймағын рухани, экономикалық, технологиялық дамыту арқылы жаңа белеске көтеруге болады.

Осы орайда 2-суретте Түркістанды рухани астанаға айналдыру ұлттық идеясын алға тартпақшымын. Қысқаша айтсақ, бұл жобаның аты «Түркістан өңірі» рухани-жаңа технологиялық кластерін құру – Қазақстан қоғамын ізгілендіру туралы». Жобаның негізгі мақсаты «Түркістанды халықаралық деңгейдегі рухани орталыққа» (мегаполиске) айналдыру [4]. Біз рухани элита құрмай, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз екіталай, ал оның негізі Түркістанды рухани дамыту арқылы Қазақстанды рухани көтеру.

«ЖАҢА ТҮРКІСТАН» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЛТТЫҚ МЕГАЖОБАНЫҢ ЖЕЛШІК МОДЕЛІ



Жоба 6 кластерді қамтиды: *рухани, технологиялық, жаңа ауыл, туризм, логистика және инфрақұрылым кластерлері.*
Жоба 8 млрд \$ астам инвестицияны қажет етеді.

Қытайдың лидері Си Цзиньпин Ұлы Жібек жолында экономикалық пояс құру мәселесін көтерген. Оны қолдап Путин де талай рет айтты. Біздің Президенттің де Еуразиялық идеясының аясында. Сол себептен Орта Азияда, Жібек Жолы бойында Түркістанның рухани-технологиялық кластерін құру өте маңызды. ЭКСПО 2017 біткеннен соң осы мегажоба басталса деген үміттеміз.

Ғалым, эксперттердің айтуы бойынша *дүниежүзілік даму Шығысқа бет бұрды*. Ол Оңтүстік Шығыс елдері Қытай, Үндістан, Сингапур, Малайзия арғы жағында Оңтүстік Корея мен Жапония, жалпы Тынық мұхиты аймағы. Қазір Қытай ЖІӨ-нен әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында. 2025-30 жылдары бірінші орынға шықпақшы. Осыдан бір ой келеді, біз неге Батыс цивилизациясы дей бермей, Шығысқа бетімізді бұрмаймыз?

2008 ж. дүниежүзілік кризисте барлығы К.Марксты оқыды. Шынында да К.Маркс әлемдік кризистің бүге-шігесіне дейін ашып жазған бірегей ғұлама. Ал енді әлемнің дамуы Шығысқа кеткен жағдайда кімді оқимыз? Егер Қытай Конфуцийдің ой-өсиетін оқып және тікелей іске асырып жатса, онда әрине бізге Абайды оқу керек.

Негізгі ой ХХІ ғасырда Ұлы Абайға қайта бет бұру. Сол Абай арқылы рухани құндылығымызды жаңғырту. Ұлы Абайдың дүниетанымын, шығыстың рухани жүйесін, дүниежүзілік ой өркениетімен, дамуымен байланыстыру, ұштастыру. Осылай арқылы қазақ елін жаңа цивилизацияға жетелеуге тырысу. Абай қара сөздерін ХХІ ғасырда іске асыру тетіктерін жақында шыққан еңбегімізге жасауға тырыстым.

Ұлы Абайдың феномені, оның ой-өрісін, болмысын бәріміз, үлкеніміз де, кішіміз де, байымыз да, кедейіміз де жақсы көреміз, мойындаймыз да. Ал ісіне келгенде неге біріміз оның айтқандарын істеуге тырыссақ, ал екінші жартымыз неге керісінше жасаймыз? Осы сұрақтың жауабын табу қиынға соқпақ.

Мақсат - бұрынғы Абайдан қазіргі көзқарастың ерекшелігі Абайдың көзімен тек кемшіліктерді айтпай, ертең не болатынын ескере отырып, не істеу керек деген сұрақтарды шешетін ғылым мен өмірге негізделген тетіктерін көрсетуге тырысу. Абайдың ақиқат пен шындығын айтатын кез келді. Тек айту ғана емес, іске асыратын заман келді. Біз Абай арқылы жаңа вызовтарға жауап бере аламыз.

Егер дүниежүзі даму тарихын, ол Қытайдың 5 мың жылдық тарихы, Азия, Еуропа т.б елдердің тарихтарын қарасаңыз. Бізге шығыс халықтарына тарих 2 мүмкіндік берді. 1-ші мүмкіндік кетті. Ал 2-шісін пайдалана алмасақ, не алпауыт мемлекеттерге жұтылып кетеміз, не өмір бойы шикізат елі болып қаламыз. 1-шісі 1000-1500 жж. – шығыс елдері дамыған еді Әль – Фараби, Ибн- Сина, Ұлықбек. Сол жетістіктерді пайдалана алмадық. Екі Ұлы империя Қытай мен Мұсылман елдері қалып қойды. Бірақ Қытай кейінгі 30 жылда қайта жаңғырды, АҚШтан кейінгі екінші орынға шықты. ХХІ ғ. Қытайдың ғасыры болады деген болжам бар.

2-ші мүмкіндік – бай елміз дүниежүзінде, неге кедей тұруымыз керек ? Оған қосымша бізге, саны аз елге адам капиталын тиімді пайдалану қажет. Қазақ халқының бойындағы тектілік, қан тазалығы (7 атаға дейін үйленбеу), ұлттық генофондымыз – интеллектуалдық әлеуеті жоғары ұрпақтың қалыптасуына әсер етеді. Міне Абайдың толық адам ілімі арқылы біз осыны меңзеуіміз керек.

Сонда дүниежүзі қайда бағыт алды?

Соңғы уақытта әлемнің өзгергені соншалықты – кейде алдағы уақытта бізді не күтіп тұрғанын көру қиын.

Көк тұман алдындағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар, көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған, - дейді ғұлама Абай.

Әлем 2050-2100 жылдарда қалай болатынын бүгін болжамасақ, кеш қаламыз.

Ең өзектісі - дағдарыстан қалай шығу, ғаламдық теріс өзгерістерден адамзатты қалай құтқару мәселесі тұр.

Абайдың «толық адам» іліміне тоқталсақ.

Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімі. Ол кім? Оның портреті, ХХІ ғасырда қазақ қандай болуы керек деген сауалдар бәрімізді толғандырады?

Жалпы қазақ, түрік қауымын ізгілендіру идеясы бізде ХІ-ХІІІ ғасырдағы қазақ жерінде пайда болған жәуанмәрттік және хал ілімінде немесе мораль философиясында жатыр. *Ол, әрине Әл-Фарабидің философиялық ғылым көздері, Жүсіп Баласағұнидің мораль философиясы, Қожас Ахмет Яссауи, Бақырғани Сүлейменнің сопылық ілім негіздері, т.б. көптеген ғұламалардың еңбектерінен шығады.* Бұған қоса ХІХ ғ. соңында Абайдың толық адам ілімі дүниеге келді [2,5,6]. Бұл ілімнің шығуына себепкер құбылыс - қазақ қауымы дүниенің көрінбеген сырын ашып, танып білуге

ұмтылды. Әрі дүниенің көрінген сырын бірлікте қатар алып танып білуге мән берді. Бұл туралы М. Мырзахметов, Ғ. Есім т.б. ғалымдардың еңбегінде келтірілген [7,8].

Ал еуропалықтар XVI ғ. бастап «дүниенің көрінген сырын» ашып, танып білуге ұмтылды да тек баюды ойлап, материалистік, атеистік жолға түсті. Олар «дүниенің көрінбеген сырын» танып білудің қажеті аз деп рухани әлемнен қол үзді. Қазір азғындап, рухани қасіретке ұрынуының себебі де осы құбылысқа байланысты.

Абайдың “толық адам” ілімі дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын ашып, оларды толық игеру!

Біріншісі – ол материалды дүниені игеру, бай-қуатты болу! Мұны әсіресе капиталистер толық игеріп, екінші жағын ұмытып кетті. Миллиардер Б.Гейтс мойындап отыр.

Екіншісі – Дүниенің көрінбеген сыры – ол рухани құндылықтар, мәдениет, тарих, адам факторына, моральға байланысты дүниелер. *Әсіресе жастар* іс жолында үлкен биіктерге жетуі мүмкін. Сол жолда шетке, шайтан жолға шығып қалмауға – тек мораль ұстай алады. Мұны біз тағыда Абайдан табамыз...

*Абайдың толық адамы кім?,-*деген сұраққа мен былай жауап беруге болады.

Абайдың “Толық адам” үлгісі деп кеше ғана дүниеден өткен, заңғар тұлға *Салық ЗИМАНОВ*, халық жазушысы *Герольд БЕЛГЕРДі*, академик, сыншы *Тұрсынбек КӘКІШЕВТі* айтуға болады. Жастар осы тұлғалардың еңбектерін оқып, өнеге алса екен. Бүкіл Қазақстанға былай айтуға болар еді [9,10,11]. *Бәріміз ұлт болып Ұлы Абайды қайта-қайта оқыық, оның ой-өркениетіне кірейік, ілімін іске асырайық ағайын.*

Хакім Абайдың толық адам ілімін барлық *оқу орындарында оқыту* арқылы біз қоғам өмірін ізгілендіре аламыз, цивилизацияға жаңаша бет бұрамыз. XXI ғасырдағы ізгілікті қоғамның «*Моралдық кодексі*» қандай болуы керек деген сұраққа келсек.

Моралдық кодекстің қағидаттары ретінде:

Бірінші. Рухани ілімімізді, сана мен тәрбие деңгейімізді арттыру. Моральдың қалпын сақтаған адам өзін де, елін де, адамзатты да алға алып баруға өз септігін тигізеді.

Екінші. Саннан сапаға көшу. Кәсіби біліктілігімізді арттыруымыз қажет.

Сонда ғана бәсекелестігіміз халықаралық деңгейде күшейеді. Сапалы білімсіз, рухани қалыптаспаған адам өмірге бағалы ештеңе алып келе алмайды.

Үшінші. Адамда рухани күш, патриоттық сезім, психологиялық пәрмен, яғни жоғары ерік күші болуы керек. Ол күнделікті үздіксіз жаттығумен келеді.

Төртінші. Адамның рухани дамуы – тек дін жүйесімен байланысты емес, ол – өміріміздің бейнесі, қоғамды ізгілендіруге талпындыру.

Бесінші. Осыларды тиімді іске асыру үшін адам өзін-өзі бақылап, басқара білуі керек.

Әрине Абайдың рухани мұрасына бет бұра отырып, келешекті ойласақ Адамзаттың XXI ғасырда өмір сүру жолы қалай болмақ?, - деген сұрақ туады.

Жаһанданудағы өзгерістерге қарасақ, *ендігі бағыт-бағдар Шығысқа, Тынық мұхиттың үлкен аймағына ауысуда.* Бұл - біз үшін, қарапайым тілмен айтсақ, Конфуцийге, Әл-Фарабиге, Абайға бет беру деген сөз. Сондықтан Шығыс философиясын қайта жаңғырту керек. Себебі XXI ғасырда цивилизациялық даму соған алып бара жатыр.

Келешекке көз салсақ, әлемнің постиндустриалды даму кезеңінде *қоғамды ізгілендіру заманының моральдық кодексін* жасақтағанда, басқа әлемдік генийлермен бірге *Ұлы Абайдың ой өркениеті*, оның «толық адам» ілімі, асыл сөздері сол моральдық кодекстің фундаменттерінің бірі болып қаланатынына негіз мол және де олар - күллі адамзат ұстанатын мұраттар... Осыған дайындық ретінде Қазақстанда, Ұлы Жібек жолында жеке «*Абай атындағы рухани академия*» ашып, сол академияда Абайдың мұрасын, Шығыс философиясын зерттейтін, Еуразия кеңістігіне ғылыми кадрлар дайындайтын орталықтар қызмет етсе, өркениеттің дамуына үлкен септігін тигізеді еді.

Ұлттық мүдде, рухани құндылықтар бәрінен де жоғары тұруы керек! 21 ғасырдың вызовына жауап беру үшін біз әлеуметтік капитал жинауымыз керек. Келешек экономикасы ол – 3 сектор: **азаматтық қоғам.** Саясат та, жұмыс та осы үшінші секторда болады. Әлеуметтік капитал азаматтық қоғамда қозғаушы күші ретінде пайдаланады. Ол мәдениет, білім, ғылым салаларында қалыптасады. Осы арқылы қалған екі сектор мемлекет және нарық секторы үлкен сенім алып істейді. Ал сенім болмаса олар өзгереді, кетеді, келеді. Бүгінгі отырысымызда осы үшінші сектордың жұмысы туралы мәселе көтеріп отырмыз.

Біз XXI ғ. Абайға қайта бет бұрып, оның шығармаларынан ақиқат пен шындықты, оның толық адамынан ар-ұят, намыс пен мейірімділікті алып, өзімізді өзгертуге, ішкі жан-дүниемізді түзетуге бет алсақ екен деймін!

Әдебиеттер:

1. Сәбден О. ХХІ ғасырдағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы – Алматы, 2014. – 72 б.
2. Абай Құнанбаев. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
3. Бабалар сөзі. – Астана, «Фолиант», 2015
4. Сәбден О. «Түркістан өңірі» рухани – жаңа технологиялық кластерін құру Қазақстан қоғамын ізгілендіру жолы. – Алматы, 2014. - 104 б.
5. Абай. 1,2 том Алматы, «Жазушы баспасы», – 1995.
6. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алма-Ата, 1985.
7. Мырзахметов М. Абайтану 1-2 кітап, – Астана «Деловой Мир», 2010-1180 б.
8. Ғ.Есім. Хаким Абай. Астана «Фолиант», 2012.
9. Зиманов С. Полное собрание сочинений. 10 томов. – Алматы, Медиа – корпорация «Заң», 2009.
10. Бельгер Г. «Избранное», изд., «Ruap», 2014
11. Какишев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. 1994, 2003.

Құлсариева А.Т.,
философия ғылымдарының докторы, профессор

ЖАР ЖАҒАЛАҒАН ҒҰМЫР ФИЛОСОФЫ

"Өмір сүру дегеніміз – жар жағалау. Қайсымыз болмасын жарды жағалап жүріп өмір сүріп келеміз" – осы бір қарапайым ғана, бірақ терең мағыналы жолдар Ғарифолла Есімнің «Жар жағасы» деген тұнық сырды бойына ұялатқан кітабынан алынған жолдар әрі дәл осы жолдар ғалым тұлғасының ғұмыр философиясын анықтайды деп білемін. Менің мақалам да сол ардақты азамат, қоғам қайраткері, халқымыздың бетке ұстар ғалымдарының бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің философия кафедрасының меңгерушісі Ғарифолла Есім туралы болмақ.

Ғарифолла Есімнің азды-көпті өзіндік сыры, мән-жайы бар ғұмырын оның өзінен артық, өзінен толық білетін жан жоқ екені кімге де болса аян. Дегенмен, ғалым туралы ғұмырнамалық экскурсты оның жарық көрген кітаптарындағы деректемелерді тізбелеп, жайдақ баяндағаннан гөрі қоғамда өзіндік орны бар, қайраткер тұлғаның рухани әлемі мен жан дүниесінің қалыптасуына әсер еткен басты бекеттерге назар аударып отырып шолу қажет сияқты.

1966 жылы Семейдің педагогикалық институтының филология факультетіне түсуден басталған білімге деген ынтызарлық 1970 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен соң сол институттың философия және саясаттану кафедрасына оқытушы болып орналасқаннан кейін одан бетер арта түсті. Соның нәтижесінде 1973 жылы Мәскеудің Мемлекеттік университетіне зерттеуші-стажер болып білімін жетілдіруге барған Ғарифолла Есім сол кездегі ғылым-білімнің биік абыройлы орталығының ізденіске, пікірталасқа толы өзіндік рухына тәнті болды. Әрі сол ізденіс жылдары ғалымның философиялық соқпаққа бел шешіп шығуына бірден бір әсер етті деп ойлаймыз.

Ғарифолла Есім ғылымдағы ғұмырында ел қатарлы сатылап өсуден өткен ізденімпаз ғалым. Ғылымдағы алғашқы қадамын 1978 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаумен бастап, Ғарифолла Есім, араға біраз жылдар салып, 1994 жылы "Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы" деген тақырыпта философия ғылымдары саласында докторлық жұмысын қорғап шығады. Сол қорғауға: З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ж. Әбділдин, Ә. Нысанбаев және т.б. аузы дуалы академик ағалар қатысып, диссертацияға тамаша баға берген болатын. Мүмкін, ғалым докторлық диссертациясын одан ерте қорғаған да болар еді, бірақ сол кездегі кеңестік идеология құрсауында жоғарыда келтірілген тақырыпта диссертация қорғамақ тұрмақ, ол туралы ізденіс жүргізудің өзі қиын еді. Ол да болса заманның шығармашылық тұлғаға жасаған қыспағы, көрсеткен сыны болар...

Инемен құдық қазғандай дерлік ғылым жолында биік атақ-дәрежеге қол жеткізу көпшілік қолындағы іс емес. Оған талпынған жанның білімдарлығы өз алдына, талай аяқтан шалар пендешіліктерге мүжілмейтіндей табандылық та қажет. Демек, ғалымның рухани білім қазынасын толықтырудағы қол жеткен ірі жетістіктері де өзінен өзі пайда бола қоймағаны мәлім. Барлығы да ерінбей еңбек етудің, өмір деген күресте керек жерінде жарыс пен тартысты да бастан кешудің нәтижесінде мүмкін болды. Ғарифолла Есім «өзің сен, өзінді алып шығар, ақылың мен еңбегің екі жақтап» деген хәкім Абайдың қағидасын өзіне өмірлік кредо етіп алған.

Идеологиялық сарыны басым социалистік қоғам тұсында философ ғалым ел арасында насихаттық дәрістер оқу барысында өзіне тиген кез келген тыңдарман қауымға ақпарат беру мүмкіншілігін толығымен пайдалана білді. Мерзімді баспасөз бетіндегі тұңғыш мақаласын Ғарифолла Есім 1986 жылы горбачевтық қайта құру кезеңінде жариялаған екен. Міне, содан бері Ғарифолла Есім **606**-дан астам мақала, **82-ден** астам кітап жазып шығыпты.

Бүгінде республика жұртшылығы оны көрнекті абайтанушы, қоғамның мәдени, саяси және ғылыми өміріне белсенді араласатын қайраткер, сонымен бірге, Иассауи, Шәкәрім мұраларын зерттеуші деп біледі. “Хакім Абай” кітабында (1994 жылы қазақ, ал 1995 жылы орыс тілдерінде жарық көрді) Ғарифолла Есім біздің жыл санауымыздан алты ғасыр бұрын өмір сүрген сақ данагөйі Анахарсистен Абай ғасырына дейінгі *біртұтас мәдени-тарихи кеңістік* концепциясын ұсынған. Кезінде Мағжанның Абайды хакім деп тұңғыш атағаны белгілі бола тұрса да, ел арасында түрлі себептермен ұмытыла бастаған осы бір анықтаманы қайта жаңғыртқан Ғарифолла Есім десек артық айтпаған болар едік. Содан бері, шүкіршілік, абайтану тынысы ашылып, сан қырлы ізденістер легі толастамай келеді. 1995 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған Ғарифолла Есім 2004 жылы академик атағына ие болды. Кез келген ғалым үшін ең биік мәртебе болып табылатын академик атағына терең ойлы философ өзінің қол жеткізген жетістіктеріне берілген сый деп қарамай, ел алдында бітіргенінен гөрі бітіруге тиісті ізденістері үшін, орындалғанынан гөрі болашақта орындар міндеттері үшін берілген аманат ретінде қарайды деп айта аламыз. Өйткені академик атағын алғаннан кейін жазылған шығармалары оған дейінгі еңбектерін екі орап алды.

Профессор Ғарифолла Есімнің мәдениет философиясы, саясат философиясы, мәдени антропология, дін философиясы, есіресе, қазақ философиясы туралы жазған қыптеген келелі еңбектері қыпшілікке мөлім. Қазақ философиясының тарихы мен теориясын елеудік ойдың даму тұрғысынан зерттеу барысында Ғарифолла Есім қазақ философиясының және қазақы болмыстың көне түркілер ой дүниесінің мұрагері екендігін және оның кемелдену сатылары мен таралу үрдісін дәйекті талдаған. Ол қазақ философиясының тарихын Йоллығтегін, Қорқыт, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Иасауи, Асан Қайғы, Доспанбет сынды ғұламалардың асыл қазыналарына баға беру арқылы зерттеп, отандық философия тарихы ғылымы үшін айрықша құнды мәліметтер беріп отыр.

Шын мәніндегі азамат адам не нәрсеге болса да немкетті көзбен немқұрайды қарай алмайды. Сол сияқты, шындыққа сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік танытатын ғалым-қайраткер Ғарифолла Есім мәдени-әлеуметтік бетбұрыс жағдайындағы қазақтың заманауи философиясының арнасын салу жолында “Сана болмысы” деген ортақ атпен сериялы топтама шығарды. Оның бірінші кітабы: 1994 – бірінші басылымы, 1998 – екінші басылымы; екінші кітабы – 1996; үшінші кітабы – 1997; төртінші кітабы – 1998; бесінші кітабы – 1998; алтыншы кітабы – 2001; жетінші кітабы – 2002; сегізінші кітабы – 2004; тоғызыншы кітабы – 2005; оныншы кітабы – 2006 жылы оқырман қауым қолына тиді. Сол топтамада қазақ қоғамы, оның саяси өмірі мен рухани болмысы жөніндегі қоғамдық ғылымдарда орныққан кейбір түсініктер мен категориялардың құндылығы қайта бағаланады. Оларда мәдени-әлеуметтік ілгерілеудің жаңа жағдайындағы Кеңес дәуірінен кейінгі Қазақстанның және дәстүрлі қазақ қоғамының таптық-формациялық теорияға негізделген өлшемдерінен қол үзіліп, өркениетті өлшем түрлеріне өтудің кейбір проблемалары өзінің тиянақты шешімін тапқан.

Ұлттық дүниетаным мен философиясының ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру мәселесі 2003 жылы Астанада “Фолиант” баспасынан “Адам – Зат” деген атпен жарық көрген кітапта орын алған. Бұл кітапты қазақ философиясының сөздігі деуге де болады, онда мынадай ұғым, түсініктерге талдау жасалды: Тән, Жан, Нәпсі, Ақыл, Көңіл, Рух, Шайтан, Періште, Ниет, Әйел, Әкекүнә, Пенде, Мін, Кінә, Күнә, Қиын, Неге, Керек, Қате, Рахат, Сәби, Күдік, Ұят, Бәрібір, Түсінік, Тағдыр, Мәдениет, Жаратылыс, Өтірік, Құдірет, Тылсым, Дәруіш, Шаманизм, Ренессанс, Ризық, Құдай, Пайғамбар, Қажылық, Нүкте, Анық, Жауап, Мүмкіндік, Ұлы, Ғашықтық, Жомарттық.

Жоғарыда келтіріліп отырған ұғымдардың барлығы да лингвомәдениеттанулық ғылыми салада мәдени концептер деп аталады. Мәдени концептер – халықтың әлем картинасын түзейтін түсінік-ұғым бірліктері. Көбіне абстракты, дерексіз есім-атаулардан тұратын олар тілдік тұлға – жеке адам үшін болсын, жалпы, тілдік ұжым – ұлт үшін болсын ғұмырлық экзистенциалды мағынаға ие. Осы орайда ұлттық философия тілі, негізінен, концептсфераны түзетін ұғымдардан тұратындығын айта кеткен жөн. Егер ұлттық философия рухын қалыптастырғымыз келсе әрі оны өзіміздің жерлестерімізге түсінікті еткіміз келсе, олар бетін бұра қашып, философемаларды жатсынбасын десек, онда қазақ философтары ұлттық концептсфераны құрайтын ұғымдарға басты назар аударғаны жөн. Осы тұрғыдан Ғарифолла Есім орасан еңбек етуде.

Қазақ ұлттық философиясының концептсферасын түзуде Ғарифолла Есімнің шығармашылығын бір төбе деп қарауға болады. Жасыратыны жоқ, кеңестік білім беру жүйесінен нерленген, көбінде, сол ресейлік білім берудің озық орталықтарында жоғары білім алған философтардың кейбіреулері қазақ тілінде жатық сөйлеп, жаза алғанымен, олардың шығармашылығынан аударма "иісі" аңқып тұрады. Яғни, философиялық термин-категориялар батыстық философиядан калька ретінде алынады да, өзіндік ұлттық рухқа ие болмайды. Ал, шүкіршілік, қазекен абстракты да астарлы ойдың шебері болған, оның лексиконында небір керемет те күрделі дерексіз ұғымдар толып жатыр. Күнделікті тіл қолданысының ішінен соларды алып шығып, көрсете білу, оған ұғымдық мәртебе лайықтылығын ойтолғанысымен дәлелдей білу – үлкен патриоттық, адамгершілік іс.

Ғылым қисынына сыя қоймайтын, рационалды категориялар торына жапа-тармағай түсе бермейтін адам өмірінің шындығын ғұмыр философиясы (міне, нағыз экзистенциализмнің баламасы қайда жатыр!) етіп, оны нағыз қазақи концептермен толтырған философиялық адамтану (философиялық антропология) үлгісін академик Ғарифолла Есімнің "Адам-зат" деген атпен жарияланған кітабынан табамыз. Қазақ әдебиетімен уызданып, әлем классикасымен нәрленген ғалым азаматтың қазақи санаға үйреншікті ұғымдармен ұлттық философия концептсферасын толықтыруы баға жетпес үлкен еңбек. Ғарифолла Есім тілімізде жиі қолданылатын, бірақ арқалаған философиялық жүгі зерделей білген жанға тереңнен табылатын **"күнә", "көңіл", "рух", "нәпсі", "ниет", "пиғыл", "тілек", "бата"** және т.б. ұғымдарды философиялық деңгейге көтерді.

Күнә туралы пікір білдірмеген тарихқа есімі белгілі ғұлама жоқ, алайда әңгіме таусылар емес. Неліктен солай? Бәрі адам нәпсісінде, жасайтын әрекетінде. Күнәсіз болу – адамға бұйырмаған іс. Сондықтан адами өмірде күнәдан қашып құтылу жоқ, мәселе оның мөлшерінде және оны түсініп, мойындауда, тәуба келтіруде. Осы ой желісінен туындаған: "Нәпсі – тіршілік нышаны, тіптен тіршіліктің өзі", "көңіл – адам болмысының халі, үнемі өзгерістегі адам болмысы", "ниет табиғатында ізгі тілек жатыр" және т.с.с. көптеген концептердің жан-жақты тезаурусты (яғни сөздің орамына қарай қолданылу тәжірибесін ескерген) талдамасы берілген.

Сан қырлы шығармашылық иесі – Ғарифолла Есімнің еңбектерінің көбі философиялық проза жанрында жазылған. Ол – "Санадағы таңбалар" (1994), "Прошное в настоящем (опыт философской прозы)" (2003). Философиялық прозаның мізіне тоқтала кететін болсақ, ол зиялы қауымға таңсық іс емес. Сонау арыда Платон, Аврелий Августин, Монтень, беріде Кьеркегор, Ницше және тағы басқалар көмкерген философиялық проза Абай шығармалары арқылы Ғарифолла Есім туындыларында да көптеп кездеседі.

Ғылыми түсінік пен ұғымдарды қоя тұрып, философтардың проза арқылы ой көріністерін баяндауы адамзат мәдениетінің тарихында талай рет кездескен құбылыс. Прозаның көркем бейнелеу, әсірелеу, бояуын қанық етуі дерексіз ойға тек кеңістік беріп қана қоймай, оны жадыға таңба басқандай басып беріп, анық етеді. Прозаның мүмкіндігін алғашқылардың бірі болып тамаша пайдалана білген қыне грек данышпаны Платон болатын. Оның елемге ейгілі диалогтары жазушылық пен ойшылдықтың қоян-қолтық қатар жүріп отыруының ерекше синтезі. Алайда, осы Платон бастаған дәстүр кейінірек кең тыныс алып кетпеді. Философтардың прозаны аңсауын Сартр, Камю сынды ғұмыр философиясының (экзистенциализмнің) өкілдерінің шығармаларынан біршама көруге болады. Осы қызықты жанрды жетік меңгерген Ғарифолла Есім жоғарыда аталған ойшылдардың ешқайсысына еліктей қойған жоқ. Керісінше, санасына құйылған ой тізбегін өзінше нақыштай білген философ прозаның тереңі – философияны философияның айшығы – философиялық прозамен әспеттеді.

Ғарифолла Есімнің аудармашылғы туралы да біраз әңгімелеуге болады. "Раритет" баспасынан 2004 жылы "Фалсафа тарихы" (2-басылым) жарық көрді. "Фалсафа тарихы" жоғарғы мектеп студенттеріне және философия тарихын оқып-үйрену ниетіндегі оқырманға арналған. Мұнда тұңғыш рет фалсафа өкілдерін жинақтап, олардың негізгі шығармаларынан не үзінді, кейбірін толық аударған. Мысалы, фалсафаның басында тұрған араб ойшылы әл-Кинди негізінен Аристотель шығармаларын аударып және оған түсініктеме жазумен шұғылданған. Ғарифолла Есім әл-Киндидің "Аристотель кітаптарының саны және философияны меңгеруге қажеттілігі туралы трактат" және "Бес мен туралы кітапты" мазмұндама ретінде аударған. Одан беріде автор Орта Азияның араб тіліндегі ойшылдары: әл-Фараби, ибн Сина, Аттар, әл-Ғазали, шығармаларын аударған. Кордова халифатының ойшылдарынан ибн Бадж туралы үсінік берілген, ибн Туфейльдің "Хай Якзанұлы" туралы философиялық романды толық аударған ибн Рушдтың "Жоққа шығаруды жоққа шығару" еңбегінен үзінді, ибн Арабидің "Данышпандық мөрі" деген еңбегін аударып, түсініктеме берген. Бұл оқулық-хрестоматия IX ғасырдан XVI ғасыр аралығындағы фалсафаның аса қыркенті өкілдеріне арналған.

Салалы ғылыми ізденістер зерттеушінің уақытын басқа ештеңеге бас бұрғызбайтындай ауқымды болғандығына қарамастан, Ғарифолла Есім ұрпақ тәрбиелеу ісінен қол үзбеген ұстаз. 1978-1983 жылдары өзінің Семей педагогика институтында көркем-сурет факультетінде декан, ал 1992-1998 жылдары Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінде көркем-сурет факультетінің деканы болғандығын еске түсіре отырып, Ғарифолла Есім: “Менің өмірімдегі ерекше оқиға – арнайы білімім болмаса да екі рет көркем-сурет факультетінде декан болып сайланғаным”, - дейді.

Марина Цветаеваның «Успех – это успеть» деп анықтағанындай, ел артында шаң жауып қалмас үшін ғалым алдын ала қамданып, оза шабуды да өз стратегиясына айналдырған. Соның бір көрінісі – Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде жұмыс істеген кезінде өзі ұйымдастырған футурологиялық клуб аясында қарастырылған мәселелер тізбегі. Олар: ХХІ ғасыр келешегі, қазақ елін қандай болашақ күтіп тұр, ХХІ ғасырдағы қазақ жастарының келешегі туралы. Бұл айтылған ойлардың туралығын, болжамның анықтығын бүгінгі күннің шындығы көрсетіп отыр десек артық айтылған емес.

2001-2007 жылдары – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Философия және саясаттану факультетінің деканы қызметін қоғамдық қайраткерлікпен ұштастырған Ғарифолла Есім **2007-2013** жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты болды.

Философия, мәдениеттану, дінтану, саясаттану, әлеуметтану, психология сынды адам жанының, оның қоғамының, мәдениетінің, саяси-әлеуметтік өмірінің қыр-сырына қанық, кезінде басшы тұрақтатпаған "мінезді" факультетті – күрделі ұжымды үйлесімді де байыпты басқара білу асқан сарабалдықты, ұйымдастырушылық көрегендікті және үлкен уақыт бюджетін қажет етсе керек. Соған қарамастан, Ғарифолла Есім студенттер алдында дәріс оқу, олармен азаматтық-ұлттық-мемлекетшілдік тәрбие жүргізу мүмкіншілігін қалт жібермеді. Ол оқу, тәрбие, ғылыми жұмыстар бағытын шебер ұйымдастырушы және іскерліктің тиімді жаңа үлгілерін ұсына білетін белсенді басшы ретінде көрінді.

Қай кезде болмасын адамзат ұрпағымен бай, ұрпағын мақтан тұтады. "Адам ұрпағымен мәңгілік" философиясының жаршысындай болып жүрген, студенттер, жалпы, жастар қауымының шынайы құрметіне бөленген беделді ғалым – Ғарифолла Есім үнемі уақыт тамырын басып отыратындай көрінеді маған. Жаңа заманның түлектері бүгінде жаңа заманға сай технологиялық мүмкіндіктер туындатқан ақпарат тасымалдаудың жаңа көздерінде сақталған, қауырт қарбаласы көп дәуірдің уақыт тапшылығында пайдалануға ыңғайлы CD, DVD-ларды қағаз кітапқа қарағанда тиімді деп білетіндігі белгілі. Ендеше, сол жас буынға білім беру саласындағы қазіргі таңдағы уақыт күттірмес шаралардың бірі – дәрістік ақпарат негіздемелерінің электронды тасымал кезінде даярлануы. Осы мәселе тұрғысынан алғанда да ұстаз-ғалым Ғарифолла Есім топ жарып тұр деуге болады, өйткені өзінің "Қазақ философиясының тарихы", "Түркі философиясының тарихы", "Абайдың "қара сөздерінің" герменевтикалық түсіндірмесі" деген пәндер мен арнайы курстары бойынша дәрістемелердің толық электронды нұсқасын осыдан он бес жыл бұрындары даярлап, білім беру ұйымдарына таратқан болатын. Білім берудің озық технологияларын кең қолданып жүрген ғалым заманауи жаңашылдыққа, инновациялық жұмыс істеу стиліне бейімдігін білдіреді. Меніңше, бұндай инновациялық технологиялар елеуетін пайдаланып отыру – еу бастан дест%орлі технологияларға ыңғайланған отандық гуманитарлық ғылым саласында жиі кезіге бермейтін ерен іс.

Жазушылар Одағының мүшесі Ғарифолла Есім сыншы, публицист ретінде де қалам тартар қуымға таныс. Ол Жазушылар Одағындағы жыл қорытындысы бойынша жасалатын баяндамада екі мәрте әдеби сын туралы тұжырымды ойын ортаға салған болатын. Ал республиканың көрермендері мен тыңдармандары теледидар мен радио толқындары арқылы тасымалданатын хабарлардан Ғарифолла Есімнің қатысуымен өтетін кез келген бағдарламаны асыға күтетіндігі белгілі. Тіпті, кейбір зиялылардың қандай да бір күрделі тақырыптар бойынша "осыған қатысты Ғарекен не айтар екен?" деп жүргеніне талай куә болғанбыз. Оның тұлғаның бейнесін жан-жақты ашатындығымен белгілі сыни-философиялық эсселерінен талай тарландардың есімін табуға болады: Акутагава, Хемингуэй, Фолкнер, Борхес, Маркес, Астуриас, Икбал, Камю, Толстой, Лермонтов, Пушкин, Набоков, Шекерім, Аймауытов, Байтұрсынов, Әуезов, Жансүгіров, Айтматов, Шаханов және т.б.

Ғалымның соңғы жылдары көтеріп жүрген үлкен де күрделі мәселесі – өркениеттілік мәселесі. Бүгінде Ғарифолла Есім ұлттық өркениет туралы зерттеулер жасау үстінде. Ол әлемдік абстракты өркениет деген жоқ, өркениет дегеніміз этностардың өмір сүру тәсілі, демек оның өзіндік түрлері өте көп дейді. Өркениеттің басты сипаты оның қайталанбайтындығында деп біледі ғалым. Осы ойдың негізінде ол бүгінгі таңда ұлттық идеяның көрінісі “Қазақстандық өркениет” деген тұжырым жасайды. Профессор Ғарифолла Есімнің ынталы талабы бойынша “Жаһандану жағдайындағы

казакстандық өркениет және мәдени бағыттарды анықтау жолындағы ізденістер” деген тақырып бойынша тұрақты ғылыми-зерттеу тобы құрылды.

Туған елінің ой, парасат және рухани мәдениет жағынан биік тұғырға көтерілуі мен ұлттық сана-сезімнің дамуына қажымай-талмай еңбек сіңіріп жүрген ғалым бүгінгі таңның өзекті саяси-әлеуметтік мәселелерін де назардан тыс қалдырмай мерзімді баспасөз бетінде "Тәуелсіздік философиясы", "Бостандықтың бағасы", "Сенім философиясы", "Байыптылық философиясы", "Қазақ Ренессансы", "Елдік сана философиясы" және т.б. көптеген терең ойлы, тұжырымды мақалалар жариялап жүр. Соларды оқи отырып Ғарифолла Есімнің халық, ұлт тағдырына деген шынайы жанашырлығын танымыз. өйткені шынайы жанашырлық байбалам салып, жұртты өре түрегелткеннен гөрі мәселенің байыбына барып, оны мүдделі талдап бергенде, өткен мен бүгінгіге ғана шұқмай, болашаққа бағдар алғанда, иемденген "бостандықтың бағасын" (Ғарифолла Есім) білгенде деп түсінемін. "Бостандық деген әркімнің бет-бетімен босып кетуі емес, бостандық деген әрбір азаматтың өз еліне деген тәуелділік санасы болса керек. Халқын құрметтеген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің өмір салтына айналдыра алады. Бостандық деген туған елімен, жұртымен қандай жағдайда да бірге болу". Міне, осы жолдардан Ғарифолла Есімнің нағыз патриоттық сезімін аңғаруға болады деп білемін.

"Ел болу идеясы – биік нысана" деген Ғарифолла Есімнің "Елдік сана философиясы" деген мақаласында жиырма бес жылдық тарихымыздағы ұлттық санадан елдік санаға өту қажеттілігі тілге тиек болады. "Ел болу үшін мемлекетшіл болу жеткіліксіз, мемлекеттен тыс қоғам, оның сан қырлы мүдделері бар. Мемлекет, осы қарастырып отырған мәселеге орай айтсақ, адам құқына жағдай жасаушы, мүмкіндік туғызушы, ал адам болмысы, ғұмыры, еркі іске асатын алаң – қоғам. Қоғам адам еркінің кеңістігі. Міне, осы адам еркіне мүмкіндік туғызу мен оның жүзеге асуының бірлігінен елдік сана, елдік мүдде қалыптасады", - деп есептейді ғалым.

Телегей ұғым беретін терең мағыналы сөзді реті келсін, келмесін парықсыз көп қолданатындығымыз бар деп талай қынжылатынымыз бар. Сондай ұғымдардың бірі – "азамат" ұғымы. "Азаматтықтың шынайы формуласы адамгершілік, патриоттықтан к±ралады. ... Немк±райдылық жайлай бастаған жерде азаматтықтың күретаыры, әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілік рухы аяққа басылады", - деп жазған болатын кезінде Сағат Әшімбаев. "...Ұрпақтар қамын ойласақ, аса маңызды екі мәселені әрбір қазақ өзі үшін шешіп алуы керек. Біріншісі, әрбір қазақ үшін оның руы отбасының архивіне айналып, жария болудан қалғаны жөн. Жария болатын мақтанышы – оның қазақтығы. Қазақ деген азаматтық туыстық, бауырластық, ол – мемлекеттік сана... Ата-бабанды қадірле, бек тұт, бірақ нағыз мақтаныш сенің осы заманға сай азаматтығың да, мемлекетшіл санада, өркениеттік ынтада", – делінген Ғарифолла Есімнің "Қазақ Ренессансы" деген мақаласындағы жолдар да алдында келтірілген оймен үндестігін тауып, азаматтық формуласының халықтық деңгейдегі үлкен іс тындырудан, ұлттың рухани-мәдени дамуына үлес қосудан, өмірлік мәні өнегелі іс-әрекеттерден тұратындығын нақтылайды.

Жазушының ғұмырлық ой-толғанысынан туындаған философиялық проза дәстүрінде жазылған «Социализм» атты романы біздің руханиятымыздың өткеннің идеологемасынан арылу қиындығы жайында дер едім. Социализм туралы теориялық мәселелерді автор өмірбаяндық деректі сюжеттермен үйлестіре білген. Социализм тек утопия, идеологема болып қана қоймай, миллиондардың өмірі мен тағдырына айналғаны туралы баяндайтын естелік-хикаялар оқырманға ерекше әсер қалдырады әрі ойландырады. Ол солай болуы тиіс те, өйткені себебі философиялық проза, У. Эко тілімен айтсақ, «оқырманға тағдыр мен өлім» туралы баяндай отырып, оның «бұл болмыстағы сенімділігін» қалыптастырушы жол болып табылады.

Философиялық проза – қоғамның рухани жетілу белгісі, дәуірдің өзін-өзі таразылап, тануынан құралатын тұтастай ар-ұят өлшемі. Әлемді өзгертуші ғаламат көреген идеяларды бәленше том болып жүйеленген ғылыми трактаттар ішінен емес, кейде ойламаған жерден көркем шығармалардағы философиялық опустардан тауып қалу әбден мүмкін. Әдеби философия оқырманды өзіне тілдік экспрессиясымен, афоризмдерімен тартып тұрады. Философиялық прозада көркем шығарма мазмұнына философиялық теория қосарлана түсетіндіктен бірден көзге түсерлік әдеби-философиялық өрнек құрайды.

Ғарифолла Есім – Қазақстан журналистер одағының Смағұл Садуақасов атындағы сыйлықтың (1994), Республикалық Абай қорының арнайы сыйлығының (бірінші сыйлық) (1995), Яссауи атындағы "KATEV" Халықаралық Қоры сыйлығының (бірінші сыйлық) (2000) иегері, "Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудағы еңбектері үшін" кеуде белгісімен марапатталған. Оның жетекшілігімен **21 ғылым докторы, 41 ғылым кандидаттары, 2 PhD докторлар** диссертация қорғаған.

Бұл жалғанда өмір сүру деген тек жан сақтау емес, онда біздің хайуаннан артықшылығымыз жоқ болар еді, онда адамдық қасиеттер жайында қалар еді? Демек, жалғандағы жар жағалау дегеніміз қарын қамын күйттеген әйтеуір бір күйбең тіршілік емес, ол – адами өмір сүру – ғұмыр кешу. Ғұмыр – өткенің, бүгінгің мен болашағың қатар тұтасқан жауапкершілігі көп өте ауыр сын. Жар жағалаған ғұмыр сынынан абыроймен өтудің бастамасындай болған өмір жолы бар Ғарифолла Есім сынды халқына ұлағатты сөз айта алатын жандардың бұл дүниеде барлығы қуантады.

*Масалимова А.Р.,
д.филос.н., профессор
декан факультета Философии
и политологии КазНУ им. Аль-Фараби*

ФИЛОСОФИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ КАЗАХОВ
(Формула жизни академика, писателя, общественного деятеля
Гарифоллы Есим)

Гарифолла Есим – доктор философских наук, профессор, академик НАН РК, Сенатор Парламента Республики Казахстан (2007-2013гг).

Родился 15 апреля 1947 г. В с. Лебяжье Павлодарской области. В 1970 г. Окончил с отличием Семипалатинский педагогический институт имени Н.К.Крупской. В 1974-1977 гг. учился в аспирантуре на философско-экономическом факультете КазГУ имени С.М.Кирова. В 1978 г. Защитил кандидатскую диссертацию, в 1994 г. Защитил докторскую диссертацию.

В 2001 – 2007 гг. – декан факультета философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби. Будучи деканом факультета Гарифолла Есим внес большой вклад в развитие факультета и совершенствование системы университетского образования. С первых же дней своей деятельности на факультете он определил основные принципы своей работы:

- **«Мы – все вместе!»** Факультет – это коллектив уникальных, высоко образованных людей, известных ученых, каждый – своеобразная личность, но именно все вместе – мы команда. Самая главная задача вырастить, подготовить не просто специалиста, а личность, способную реализовать себя, найти применение своим знаниям в различных сферах жизнедеятельности; воспитать человека, имеющего определенную жизненную позицию, нравственно и физически зрелого, гражданина своего государства.

- **«Его Величество Студент!»** Гарифолла Есим глубоко был убежден в том, что совершенствуя всю систему образования, во главу угла необходимо ставить интересы каждого конкретного человека, личности. Создавать условия для учебно-воспитательного процесса, чтобы вчерашний выпускник школы мог бы гармонично развивать свои творческие, интеллектуальные, нравственные, физические, эстетические возможности, способности. По его мнению, кредитная технология должна предоставить студентам право свободного выбора дисциплин, специальных курсов, в соответствии с их профессиональными и научными интересами, так как **«качество – есть свободный поиск студента»**.

- **«Во всем, чтобы не делал человек, должна быть эстетика!»** Это действительно так. У красивого человека – красивые, умные мысли, слова, поступки, образ жизни. И он считал, что в стенах университета, студент должен получать уроки эстетики не только в рамках учебной дисциплины, но и в повседневной жизни. На каждом этаже здания нашего факультета были вешены большие зеркала, для того, чтобы каждый мог видеть себя в полный рост. И в этом была своя мудрость. Глядя на себя и на других, человек подтягивался и стремился быть лучше.

Каждый суверенный народ, нация для сохранения своей независимости, самобытности, целостности, успешного развития в будущем, стремится выработать определенную общезначимую цель, идею или идеальную модель как главный ориентир в своем развитии. Как правило, общенациональная, объединительная идея должна отвечать требованиям универсальности и национальности, и только тогда она будет плодотворна для общества, и иметь успех.

Казахстан на данном этапе переживает сложный период, мы не можем его уже назвать кризисным, так как этап становления казахской государственности, обретения независимости мы благополучно прошли. За годы суверенитета мы много достигли, но в современных условиях перед народом Казахстана стоят новые задачи и от правильности выбранного пути, ответов на «вызовы», будет зависеть будущее нашего государства, его место и роль в системе мирового сообщества.

Согласно теориям цивилизации А. Тойнби, Х. Ортега-и-Гассета, движущей силой развития, совершающей прогрессивный прорыв в любой цивилизации, выступает «творческое меньшинство». «Творческое меньшинство» - это не представители какой-либо социальной группы или правящей элиты, а это слой высокообразованных, продвинутых, креативно и нестандартно мыслящих людей, умеющих в критическое для нации время, объединить и повести за собой народные массы.

Одним из представителей такого вот творческого меньшинства, по праву, можно называть академика, доктора философских наук, профессора Гарифолла Есим. Его философия жизни, политическое мировоззрение, научное кредо отличают неразрывное единство теории и практики, жизненность и направленность на решение актуальных вопросов социального обустройства, сохранения духовных ценностей, выбора путей и методов воспитания поколений в духе патриотизма и национального самосознания. Круг тем, над которыми размышляет философ, писатель Гарифолла Есим, весьма обширен. Это и вопросы чисто философского характера, затрагивающие онтологические и гносеологические аспекты существования человека, это и история, это и образование, это и философия любви, философия языка, философия политики и т.д. В рамках данной статьи мне хотелось бы остановиться на так называемых, «трех составных частях и трех источниках», составляющих политическую философию Гарифоллы Есим.

Его основные идеи политической философии отражены в ряде крупных работ, таких как «Тәуелсіздік философиясы» (Философия независимости), «Бостандықтың бағасы» (Цена свободы), «Байыптылық философиясы» (Философия смысла), «Қазақ Ренессансы» (Казахский Ренессанс), «Саяси философия» (Политическая философия) и др.

В этих и во многих других работах Гарифолла Есим формулирует основные принципы, которые должны стать фундаментом формирования общенациональной идеи казахов.

На основе анализа работ Гарифоллы Есим, я пришла к такому выводу, что формообразующими частями национальной идеи, он выдвигает: концепцию «Жер-ұйық», концепцию «Қазақ елі – мәңгілік» и концепцию «Қазақ өркениеті».

Содержательными элементами этих концепций являются понятия: «Елдік сана» (национальное самосознание), «Өркениеттік сана» (цивилизационное сознание) и «Духовность».

Как известно, любая объединительная идея должна отвечать требованиям историчности, укорененности в прошлом, традиционности и актуальности в будущем. Так вот, по мнению Гарифоллы Есима, этим параметрам отвечает концепция «Жер-ұйық», впервые открытая в 15 веке известным историческим персонажем Асаном-Қайғы, на заре становления казахского ханства.

«Жер-ұйық» – это исторически первая форма национальной идеи казахов. Для того, чтобы быть государством, необходимо иметь землю, т.е. иметь свою территорию. Асан Қайғы предельно ясно выразил основную суть казахской государственности. По распространенному мнению, его идея считалась утопической, мифической, якобы он находился в поисках некой Земли Обетованной. Гарифолла Есим несколько иначе интерпретирует смысл Жер-ұйықа, он объясняет так, что «үю» следует понимать в значении «становиться, быть», а «становиться» – означает становиться государством, образовывать государство. Жер-ұйық – это территория, земля Казахстана. Земля – краеугольный камень любого государства. Каждому последующему поколению казахов мы должны передать в наследство самое дорогое богатство – Землю, как основу государственности.

«Қазақ елі – мәңгілік» – это основа основ национальной идеи казахов, потому что «мәңгілік» здесь употребляется не в смысле вечности, временного понятия, а как концепт, выражающий идею преемственности поколений, взаимосвязь прошлого, настоящего и будущего народа, исторической памяти, права на сохранение и приумножения национального своеобразия, культуры, равноправного вхождения в общемировую систему, выбора своего особого казахстанского пути развития.

«Қазақ өркениеті» - конечная цель национальной идеи Казахстана. В современных условиях мы должны построить новое цивилизованное государство, общество; жить цивилизованно; думать цивилизованно. «Цивилизованность – это желание и стремление жить по-человечески, привести в порядок свой дом; окружать себя качественными вещами и самому выступать как эталон качества». Строить взаимоотношения с другими людьми, народами, культурами на основе дружбы, взаимопонимания, уважения и сотрудничества, осознавать, что цивилизованное общество, в первую очередь, нужно строить нам самим для себя.

Основными императивами национальной идеи являются, как уже отмечалось: «Елдік сана» (национальное самосознание), «Өркениеттік сана» (цивилизационное сознание) и «Духовность».

Что входит в понятие «Елдік сана»? Как отмечает Гарифолла Есим, основой национальной идеи должно стать осознание себя как единого казахского народа, «қазақ болу». «Қазақ болу» – это

формула гражданского согласия; представление Казахстана как одного общего дома для всех; осознания себя равноправными гражданами Республики Казахстан.

«Қазақ болу» – это философия бытия народа. Цитируя строки Абая: «Бірінді қазақ, бірін дос көрмесен, істің бәрі бос», - Гарифолла Есим подчеркивает, что пока мы не придем к пониманию того, что каждый житель Казахстана должен ощущать свое неразрывное родство друг с другом, с Землей, природой, культурой народа, бессмысленны и бесплодными будут все слова и дела. Каждый гражданин нашей республики должен быть патриотом своей Родины, а это значит любить и уважать свою землю, дом, родителей, друзей и близких, язык, культуру народа и т.п. Воспитывать в себе и в своих детях чувство высокой ответственности за свои дела, поступки, жить мудро и поступать нравственно. Знать казахский язык – язык государствообразующей нации, уважать и беречь его как символ, национальную святыню и гордость народа.

«Өркениеттік сана». Одной из труднейших проблем для любого народа является ломка стереотипов, отрицание старой идеологии и формирование нового, прогрессивного мышления, в наше случае, цивилизационного сознания. Базисом цивилизационного сознания можно назвать наличие национальной независимости, развитой национальной экономики, национального языка и культуры. Сущность цивилизационного сознания в гуманизме, в уважении прав и достоинств каждого человека, личности, признание его индивидуальности и самодостаточности.

Коннотациями понятия «цивилизационное сознание» являются «социальное согласие», «цивилизационное измерение», «цивилизованный человек», «технологии», «уровень жизни и качество» и т.д. Можно всесторонне раскрывать значение и смысл «Өркениеттік сана», но уместно выделить одну из важнейших задач в процессе формирования нового мышления, это конструирование нового типа человека, вернее, человека новой формации, со своими ценностными установками и ориентациями. Такой человека воплощен в образе «Іскер адам» (деловой человек). «Іскер адам» – это, в первую очередь, профессионально образованный, подготовленный специалист, мастер, знаток своего дела. Его отличают высокий профессионализм, широкий кругозор, потенциальная готовность к обучению и совершенствованию своих знаний, повышению своего мастерства; приверженность к идеи государственности и понимание важности своей миссии как гражданина.

«Духовность» – весьма широкое понятие, но по замыслу Гарифоллы Есим, оно раскрывается через такие понятия, как «діншілдық», «ұлтшылдық», «сенім философиясы».

«Діншілдық» понимается не просто как религиозность, а выступает обозначением наличия веры у человека вообще, в целом – как духовного и морального регулятива. Религия, по мнению автора концепций, одна из составляющих любой национальной идеи, выполняющая организующую и объединительную функции в социуме. «Не суть важно какую религию ты исповедуешь, главное понимание духовной сущности всех религий, единства всех религий в отражении всеобщей Истины» - пишет философ Гарифолла Есим.

«Ұлтшылдық» - в буквальном переводе этого слова – это националист, но по замыслу академика, национализм не есть противопоставление и не альтернатива интернационализму. Это в полном смысле слова проявление заботы о своем народе, знание его чаяний и проблем, проникновение к судьбам людей, уважение и любовь к себе, а отсюда и способность любить и уважать другие народы и этносы. Это как отражение принципа «Я – это МЫ», «МЫ – это ТЫ», все вместе МЫ – единый народ. Именно благодаря «ұлтшылдық» казахский народ сохранился как историческая общность; сохранил свою Землю, доставшуюся нам в наследство громадную территорию; язык и культуру; завоевал свою независимость и существует как суверенное государство.

«Сенім философиясы» – философия доверия – основа человеческой жизни, одно из условий сохранения жизни. Доверие – это, прежде всего, вера, вера в Создателя, в Человека, в себя. Человек не может жить без веры, так как вера есть или ее нет, наполовину веры не существует. Вера укоренена в действиях человека, в его разуме. Посредством разума человек постигает Истину, вера – это та сила, которая направляет человека, определяет его путь в достижении поставленной цели.

Гарифолла Есим предельно аргументированно сформулировал постулаты общенациональной идеи. По сегодняшний день мы находимся в поиске культурно-цивилизационной идентичности. Осуществляя поиск, нам необходимо делать выбор, а сознательный выбор – это всегда большая ответственность перед собой, народом, потомками. Мы должны стремиться к тому, чтобы в мировом пространстве мы могли позиционировать себя как цивилизованное общество по форме, а по содержанию как самодостаточная культура, имеющая свое историческое прошлое, настоящее и уверенно продвигающееся к своему светлому будущему.

В заключении отметим, монографии, статьи, посвященные актуальным проблемам истории казахской философии, культуры переведены на арабский, персидский, турецкий, английский языки.

Как истинный ученый Гарифолла Есим находится в постоянном исследовательском поиске. Подтверждением является масштабная научно-исследовательская работа, проводившаяся в рамках фундаментальных проектов: «Казахстанская цивилизация в условиях глобализации: поиски путей культурной идентификации» (2003-2006гг.). «Қазақстандық даму үлгісінің философиялық-мәдениеттанымдық парадигмасы (Қазақ елі – Жерұйық)» (2007-2009гг.).

Гарифолла Есим мастерски владеет различными жанрами и стилями написания текста: научные монографии, романы, рассказы, философская проза, эссеистика. Его перу принадлежит целый ряд философских эссе, новелл, рассказов: «Сана болмысы», сборник рассказов «Прошлое в настоящем (опыт философской прозы)»; «Фалсафа тарихы»; «Адам-зат»; «Пирамида в степи или философия любви»; «Қазақ Ренессансы»; «Саяси философия»; «Жар жағасы»; «Мудрость Шакарима»; «Данышпан Шәкәрім», «Метафизика человека», «Социализм – күнә және кінә туралы роман», «Ақ өлен- аққулы мекен» и др. Его произведения отличаются глубиной философских размышлений, нравственностью, колоритным языком, образностью мышления и всегда некая незавершенность. В этой незавершенности кроется свой смысл – «дать пищу» для размышлений каждому читателю. Гарифолла Есим, как автор, постоянно ведет незримый диалог со своими читателями, спорит, убеждает, побуждает к духовной возвышенности, поиску своего пути в этой жизни.

Нұрмұратов С.Е.,
философия ғылымдарының докторы, профессор,
Жанабаева Д. М.,
PhD доктор

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ ХАҚЫНДА

Абай - қазақ халқының мандайына біткен алтын жұлдызы іспетті жеке дара, алып әрі қайталанбас кемеңгер тұлға. Абай шығармашылығындағы дүниетанымдық-философиялық мәселелердің аксиологиялық қырларына тоқталу қашан да орынды. Қоғам бір орында тұрмайды, үнемі өзгерісте болады және ол өзінің даму кезеңдерінде әртүрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық қиыншылықтарды басынан өткізеді. Дегенмен, сол дағдарыстардан шығудың бірден-бір жолы алдымен руханият әлемін ретке келтіру болып табылады, яғни азаматтардың рухани құндылықтарға бет бұруы. Сондықтан құндылықтар әлемі үнемі өзекті мәселелер санатында.

Абай өзінің: «Қара сөздерінде» [1] сыни-жасампаздық сипатта пайымдап, халыққа рухани өсиет болатын деңгейде көрсете білген. Ойшыл өз шығармашылығында этникалық қауымдастыққа тән ділдік негіздердің сан қырлы тіндерін, астарларын құндылықтық бағалаулар тұрғысынан айшықтаған, сонымен қатар бұқара көпшілік барынша үйреніп, әдеттеніп кеткен әрекеттердің осал тұстарын көрсетіп, олардың қайшылықты табиғатын сыни тұжырымдау тезінен өткізеді және шынайылықпен қоғамдық сана үшін маңызын айқындайды.

Абай өз шығармашылығында орыс мәдениетінің озық үлгілері арқылы Батыс мәдениетінің мәйегінен сусындауға шақырады және философия саласындағы классикалық Батыс стиліндегі ұғымдар мен түсініктерді көп қолданбағанымен, ол халықтың ішкі мәдени дамуының нәтижесінде қалыптасқан ауыз әдебиеті, фольклор сипатындағы рухани-құндылықтық және этнолингвистикалық байлығын игеруге тырысты. Шығыстың араб-парсы мұсылман мәдениетінің қазақ жеріне жетіп, ұлттық болмыс-бітімімізге барынша сіңісіп кеткен дәстүрлі пайымдауларын, тұжырымдарын барынша ұтымды және дарынды пайдаланып, шығармашылығын гуманистік негізде өрнектегенін атап өтуге болады.

Абайдың дүниетанымына қайнар көз болған негіздерге тоқталғанда жоғарыда аталған екі сыртқы бастаумен қатар халқымыздың ішкі дүниесінің мәйегін құрайтын негізгі халықтық рухын, дәстүрін сақтаған фольклордың маңыздылығына тоқталу қажет. Осы орайда Гарифолла Есімнің орынды пайымдауынша, сан ғасырлық далалық тарихымызда «... халық рухы тарихи сергелдеңдер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы фольклорда сақталып қалды» [2, 356 б.]. Әрине, халықтың тіл мәдениеті өзінің сан қырлы көріністері арқылы үнемі дамып, кемелденіп отырды, қазақ даласында басқа көрші мемлекеттердегідей қалалық мәдениет кең етек алмағанмен рухани мәдениеттің ерекше саласы – ауыз әдебиеті халықты біртұтастандырушы, рухани құндылықтарды

қордалаушы негізгі тетікке айналғанын атап өту керек. Абай осы рухани байлықтан толықтай сусындаған, оны сыни талдаулар жасау арқылы игерген тарихи тұлға.

Қазақтың өмір салты, этникалық дара келбеті ғасырлар бойы дәстүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Әрине, оның дүниетанымдық, этногенезистік, тарихи эволюциялық, онтологиялық және әлеуметтік-психологиялық қырларын Абай өз шығармашылығында «терең ғылыми тұрғыда игермеді, зерттемеді» деп талап қоюшылық – үлкен рухани әбестік, кәсіби үстірттік болар еді. Өйткені, Абай жеткен рухани және шығармашылық жетістіктің өзі ғаламат зор дәреже және оның маңыздылығы өз замандастарының мәдени деңгейімен салыстырғанда көш ілгеріде тұрғандығын мойындауымыз керек. Абайдың дүниетанымдық көкжиегінің көтерілген шамасы өткен ғасырдағы қазақтың этникалық санасын сипаттайтын тарихи дерек ретінде жалпы халқымыздың рухани әлемінің кейбір даму векторларын, деңгейін танытады, рухани құндылықтық бағдарларынан ақпараттар береді.

Өз уақытында мәселені өткір қоя білген ойшылдың негізгі еңбектері - Абайдың келесі ұрпақтарға қалдырған рухани-мирастық сәлемдемесі болып табылады. Бұл әрекет ақын дара руханилығының көрінісі, халқының жарқын болашағына деген үміті мен сенімінен туындаған әрекеті деп бағаланады. Әрине, ойшыл көптеген әлеуметтік және дүниетанымдық қайшылықтардың құбылыстық деңгейдегі көріністерінің өмірде молдығына назаланады және олардың жақын арада шешімін таппайтындығын біледі және де олар нәзік жанды ақынды барынша күйзеліске ұшыратып, оның қолына рухани қару болған қалам ұстатқан еді. Соның нәтижесін ғасырлар бойы дүниетанымдық-сараптамалық тұрғыдан талдаудан өткізіп жатқанымыз белгілі.

Ойшылдың құндылықтар жүйесінде, дүниетанымдық әлемінде озық үлгідегі нағыз гуманистік, рухани бағдарлар көркем образдар және танымдық түсініктер сипатында көрініс бергені және басымдық танытқаны белгілі. Сондықтан ақынды таза поэзияның ғана өкілі деп атамаймыз, ол «адамзаттың даналық әлемінің көрнекті тұлғасы» деген атқа лайықты. Осыған орай айтылған Ғарифолла Есімнің төмендегідей ғылыми сараптамалық тұжырымдарымен келісуге болады: «Абайды ақын деп сөзсіз мойындап отырғанымызбен, оның дүниетанымында қай сананың (философиялық немесе көркемдік сананың) басым екенін айыру мүмкін емес. Абай өмірге бірде тек ақын көзімен, бірде тек ойшылдықпен қарамаған, оның дүниеге көзқарасы өзін қоршаған ортаны тұтас қабылдаудан туған. Ақын өз заманының тұнып тұрған әлеуметтік қайшылықтарын тұтас қабылдап, «ауыр ойды көтеріп ауырған жан» [2, 360 б.].

Абайдың тұтастанған дүниетанымында негізінен дәріптеген рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесінің құрылымы өзара тығыз байланысты үш салаға бөлінеді. Алдымен ойшыл өзінің құндылықтар жүйесі иерархиясында адамзат үшін, жеке адамның тұлғалық рухани жетілуі үшін маңызды құбылыс ретінде ғылым мен білімді бәрінен жоғары қояды, одан кейін дін мен мәдениеттің маңызды орындарын өз шығармашылығында көркем сөздермен нақты анықтап береді. Кез келген халықтың өкілі үшін, тіпті кісі қай ғасырда өмір сүрсін, қандай қызметтер атқарсын тарихи субъектінің рухани болмысының кемелденуіне негіз болады.

«Адам болам десеңіз бес нәрседен: яғни өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтық (ысырап) аулақ бол, керісінше, бес нәрсеге: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым деген қасиеттерге ие бол!» – деп тайға таңба басқандай қылып жаман мен жақсыны, адамдық пен арамдықты, кісілік қасиет пен жануарлық тірлікті, бір-біріне қарама-қайшы түсініктерді ажыратып береді, оларға «асыл іс және дұшпан» деген ат беріп, жастарға қайсысынан үлгі алу керектігін ашып көрсетеді. Осындай тұжырымдардың түп негізін, терең астарларын философиялық сыни көзқарас тұрғысынан қарастырған маман үшін де, немесе ақынның құндылықтар жүйесіне бойлаған оқырман үшін де ақынның даналыққа толы гуманистік түйіндері алдынан айқын көрініс береді.

Абайдың жоғарыдағы келтірілген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің дүниетанымдық, құндылықтық маңызын бағалай келіп, қазақтың белгілі жазушысы Мұқтар Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ел ішіндегі жас желеңге Абайдың әсіресе көп ой қорытып айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі осы деуге болады. Бұнда Абай адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы – ғылым дейді. Осы өлеңнің әр кезінде сол ғылымды Абай шапшағын дүние деп бағаламайды. «Ғылым» деген сөзді әдейі бірнеше қайырып қолдану арқылы ұзақ өрісі бар терең білім деп таниды. Сол ғылымға талпыну жолында үгіттеп, тәрбиелемек болған жастарды айналадағы көпшіліктің сорақы, бұзық мінездерінен жирентіп өсірмек» [3, 15-16 бб.]. Осы «терең білімнің» құндылығын дәріптеген елдің болашағы кең екені анық.

Абай жастарға ғылым таппай мақтанбауды өсиеттеп, өсек пен өтірік айту, мақтаншақ болу, еріншектік көрсету, бекер мал шашумен айналысу сияқты мінездерден, қасиеттерден аулақ болуды кеңес етуі арқылы адамды қоршаған ғаламның үйлесімділігі жайында ойлануға шақырады, жеке

дүниетанымның көкжиегін кеңейтуге кеңес береді. «Көкжиекті кеңейтем» деп көтере алмайтын шоқпарды жанға байлағанның да қисыны келмейтіні белгілі деген тұжырымды төмендегідей жолдардан байқаймыз.

Абай үшін ең бірінші қажеттілік – білім. Абай қазақ халқына білім және ғылымды ерекше құндылық ретінде ұсынды. Ол өзінің «Екінші сөзінде», «Жетінші сөзінде», «Сегізінші сөзінде», «Оныншы сөзінде», «Он сегізінші сөзінде», «Он жетінші сөзінде», «Жиырма бесінші сөзінде», «Қырық үшінші сөзінде» ағартушылық, білім, ғылым, өнер мәселесін көбірек қозғайды.

Абай өзінің Жетінші сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» [1, 8 б.] деген. Дәл осы қасиет адамның хайуандардан кейбір айырмашылығы болып табылады. Бұл қасиет табиғаттан дарыған, оны сақтап ары қарай жетілдіру керек. Оның осы дүниетанымдық көзқарастары Аристотельдің «Метафизикасындағы» барлық тірі ағзалар білмекке құмар деген түсініктерімен сәйкес келеді.

Абай ақиқатты тануды білім деп санайды. Ақиқаттың жоғарғы сатысы – ол болмыс, дүниені тану маңыздылығының құпиясы деп танылады. Адамның өміріндегі білімнің рөлі өте жоғары, адамды адаммен теңестіретін білім, ақыл мен таным өмірді толық мәнді ететін адам бойындағы жоғарғы қасиет. Ақыл арқылы адам дүниенің кез-келген құпиясын түсінуге әзір. Бірақ сол ақылды адам шыңдап отырмаса, ақпараттар ағыны заманында тоқырап, кешеуілдеп, мардымсызданып қалуы мүмкін. Абай өз заманында болашақтағы білімнің құрылымы күрделене түсетінін аңғарған. Бір күн оқымаған, жаңа мәлімет алмаған маман өз саласының алдыңғы қатарлы шебері болуынан қала бастайтын заман туындап отыр.

Талап – білсем, көрсем дегенді қажет етіп отыратын, адамға қосымша күш сыйлайтын, дамудың, жетілудің ішкі қайнаркөзі іспетті. Абайдың көзқарастарынан осындай күшті талапты байқаймыз. Адам құндылықтардың жоғарғы сатысына талпынып шықпаса, оның бір орында тұрақтап, тоқтауы артта қалатыны анық. Қоғамдағы басым тұрған этикалық нормалар адамды қажетіне қарай икемдейді. Әрине, адамдар онсызда талап етілген нормаларға сай өмір сүруде. Осы тұста, қоғам Абай секілді, адам жанын өткір сөздерімен жаулайтын, есеңгіреген күйінен оятып, өзін-өзі бағалап, өмірге жаңаша көзқараспен қарататын данышпанды қажет етеді. Ол өзіне «Жаратушыдан берілген талапты жоғалтып алғаным жоқ па?» деген сұрақты қою керек? Талап – адамға өзеннің ағысына қарсы тұра алатындай күш сыйлайды, дүниеге деген жеке көзқарасы бар, үнемі алға жылжуға итермелейтін құрал іспетті. Ал сол талапты қанаттандырып отыратын білім. Дәл осы білім адамның бойында «ештене білмейтінімді білемін» деп Сократ секілді өзін сынға алдырып, талапқа итермелейді. Абайдың түсінігінде талап - білімге, руханилыққа, жоғары күшке, идеалға деген талап. Адам жаны тек жоғарыға, трансценденттілікке талпынған жағдайда ғана тұрақтап қалмайды. Ал бұл қасиеттілікке талпынатын адам жанының имандылығын білдіреді.

Абай білім түсінігі мен талпыныс, ынта, жігер ұғымдарын қатар қарастырады. Тануға, білуге талпынған адам ғана ғылымды игере алады. «Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас». Осы тұста оның қойған шарты: «Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім – ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігенінді, көргенінді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады». Ғылым жолындағы адам, өзін тек осы салаға арнап, ұсақ-түйек нәрселелеге көңіл бөле беру қажеті жоқ. «Ғылымды туған анадан құрметтеу керек» [1, 9 б.].

Бүгінде ғылымның дамуына жан-жақты қолдау да көрсетіліп, біршама қаражаттар да бөлінгенімен, өкінішке орай ғылыми білімге қатысты әлеумет пен әкімшілік тарапынан немқұрайлы қатынастар да жоқ емес. Елдің дамуы мен өркендеуінің негізін қалап, халыққа бағыт-бағдар беріп, жол сілтеу, қоғамдық сананы қалыптастырушы ғылыми қауымдастық болып табылады. Алайда осы немқұрайлықтың нәтижесінде кейбір ортада әлеуметтік жауапкершілік төмендеді, сапаға емес санға

кызмет ету көрініс бере бастады. Оны мемлекеттік құрылымдардың ғылымның дамуы жөніндегі әртүрлі есептерінен, анықтамаларынан байқауға қазіргі болады.

Замандағы үздіксіз білім беру, дуалды білім беру сияқты тұжырымдаманың өзі өмір қажеттілігінен, проблемалардың зәрулігінен туындаған іспетті. Қазіргі заманның тұрғысынан Абай сөздеріне бағалаулар жасасақ, онда ақын өсиетінің тарихи маңыздылығын өзектендіре түсеміз және ғылыми білімнің күн өткен сайын күнделікті тіршілікке бойлап келе жатқанына күмән келтіруге болмайды. Қазақ жастары білім мен ғылым іздеп шетелдерде беделді университеттерде оқуда, өз еліміздегі оқу орындарының саны жағынан алғанда әлемдік рейтингте алдыңғы қатарлардамыз, жан басына шаққанда оқу орындары жеткілікті. Мәселе, енді сапаны да барынша көтеруде болып тұр. Ақын өсиеттерінің қазіргі заманауи тіршілікте біршама пәрменді жүзеге аса бастағанының да күәсі болып отырмыз.

Білім қазіргі таңда әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті тасымалдап, жеткізіп отыратын маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық қоғамға өту сатысымен шартталған қазіргі әлемнің дамуы барысында білімнің рөлін көтеріп, бүгінгі күннің басты басымдықтарына айналдыру маңызды үрдіс. Заманауи өркениетті қоғамның білімсіз күні қараңғы екені анық. Білімнің деңгейі қоғамның экономикалық дамуы мен келешегін анықтайды.

Әдебиеттер:

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. - 356 б.
2. Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.
3. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 том. Алматы: Жазушы, 1985. 110-136 б. // Абай Құнанбаев. «Қалың елім қазағым...». Астана, 2006. – 160 б.
4. Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2001. – 544 с.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. – 325 б.

Сарсенбекова Г.А.,
к.ф.н., доцент,
Несипбаева Ж.Ж., к.и.н.,
ст. преподаватель КазИТУ

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОСОФСКИХ ПРОБЛЕМ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР)

Философия Великой степи всегда была актуальной и многогранной темой. Некоторые исследователи объективно считают, что казахская философия в широком смысле – это совокупность философских идей, образов, концепций, присутствующих во всем контексте отечественной культуры, начиная с ее возникновения до сегодняшнего дня. Традиционная культура казахского общества имеет свои глубинные смыслы понимания мира и оценки человеческого бытия. По способу передачи своего содержания культура имеет временной срез, обращаясь к ней и возвращая традиционную культуру, мы предоставляем ей роль собеседника в диалоге культур, и вопрошаем к ней в поиске первоначального смысла бытия человека в мире [1].

Официально в качестве новой дисциплины казахская философия берет свое начало в конце XX – начале XXI веков. Однако в советское время ее основоположниками, бесспорно, стали такие казахские мыслители как Ш. Уалиханов, А. Кунанбаев, Ы. Алтынсарин и мн. др. В ряд рассматриваемых этими учеными философских проблем стоит отнести политику права и философские рассуждения о государстве, обществе, значении человеческой личности, патриотическом и культурном воспитании казахского народа, идеи ненасилия и национального согласия. Ақыны и жырау, политики и батыры, ханы и полководцы - все они на разных уровнях в силу своего таланта и ума мыслили и рассуждали о свойствах объективного мира, человеке и человеческих взаимоотношениях и внесли определенный вклад в философскую традицию народа. В философском знании нашли отражение богатейшие элементы национальных идей и способов их познания. Это составляет отличительную особенность казахской философии [2, с. 112].

Современная казахстанская философия, безусловно, базируется на идеях традиционной национальной культуры, отражая особенности культурно-исторического бытия казахского народа.

Рассматриваемые ею вопросы уже изначально универсальны, они обращены к общечеловеческим вопросам. Исследуемые в казахской философии проблемы касаются этических проблем нравственности и морали самого человека, вопросов исторического развития философии истории, проблем социальной справедливости и идеального общества, прошлого, настоящего и будущего казахского народа и многих других актуальных проблем традиционного философского знания.

Однако, следует отметить, что сегодня отечественная философская мысль не замкнута в строго национальных рамках, она выходит далеко за ее пределы. Некоторые аспекты национальной философии направлены против однобокости познавательной деятельности человека, они рассматривают философию в контексте мирового интеграционного взаимодействия западной и восточной философской мысли. К числу таких исследователей следует отнести целый ряд казахстанских философов: О.А. Сегизбаев, М.С. Орынбеков, А.К. Касабек, А.Х. Касымжанов, А.Н. Нысанбаев, И.Е. Ергалиев, С. Акатай, М.С. Бурабаев, Г.Е. Есим, К.Ш. Нурланова, А. Тайжанов, Т.Х. Рыскалиев, Т.Х. Габитов, Г.Ж. Нурышева, С.Е. Нурмуратов. В своих работах данные ученые изучают достижения и опыт мировой истории философии в целом, а также тюркского мира, в частности [1].

Многие исследователи современной философии уделяют огромное внимание антропологическим проблемам философии. В связи с этим хотелось бы обратить внимание на сборник материалов выпущенный Институтом философии и политологии КН МОН РК в 2011 г. [3]. Данный коллективный труд казахстанских философов представляет собой анализ исторических форм философской антропологии, критическое оснащение разнообразия подходов к проблеме человека в философии и истории культуры. Авторы рассматривают актуальные философские проблемы и связанные с ними новые данные касающиеся происхождения, сущности и перспектив развития человека, теоретические и практические импликации развития личности в духовном, психосоматическом и социальном аспектах. В книгу вошли работы таких казахстанских ученых-философов современности как Капышев А.Б., Колчигин С.Ю., Хамидов А.А., Нысынбаев А.Н. и др.

Авторы книги, определяя современный период и тенденции философской мысли дают им общую характеристику как время антропологического поворота, отмечают неизбежное усиление внимания к феномену человека в философии и гуманитаристике и необходимость сохранения и развития человеческого в человеке. Философы обращают внимание на проблему изменения сущности человека в условиях развития технологического прогресса и виртуальной реальности. Они считают, что компьютерные, кинематографические и сетевые реальности способствуют патологическому расщеплению сущности и личности человека, как бы растворение его на бесчисленные формы бытия в социуме и культуре. Богатство человеческих возможностей и проявлений без скрепляющего их внутреннего стержня (а именно универсальность без духовности) по мнению ученых означает распад личности, трансформация человека в нечто анархическое, мимикрирующее, раздёрганное на тысячи лиц и масок. Человек в этом случае, подобен вселенной, - в которой, однако, нет его самого как собственного человека. Поэтому в современных антропологических процессах наиболее перспективной является тенденции духовного возрождения и духовно-практической эволюции. Таким образом, авторы книги делают вывод, что именно духовное и нравственное развитие, реализация духовного, сакрально-этического потенциала, а не искусственно-технологическое вмешательство позволяют человеку эволюционировать в более мягкой форме, более органично соответствовать мировому бытию как информации развития [3, с. 3-4].

Кроме этого, следует отметить, что в современный период проводятся различные мероприятия, а именно различные конгрессы, форумы, конференции посвященные обсуждению существующих философских проблем. Одним из таких значительных мероприятий следует отнести I Казахстанский философский конгресс, проходивший 27-28 сентября 2013 г. в Алматы темой которого стала «Философия в современном мире: стратегия развития». На конгрессе выступили как казахстанские, так и зарубежные философы. Из числа зарубежных ученых были: директор Института философии РАН, академик РАН, доктор философских наук, профессор А.А. Гусейнов, академик РАН, председатель Международного совета журнала «Вопросы философии», доктор философских наук, профессор В.А. Лекторский, декан философского факультета МГУ им. М.В. Ломоносова, доктор философских наук, профессор В.В. Миронов, проректор Российского университета дружбы народов, доктор философских наук, профессор Н.С. Кирабаев, профессор Академии ведущих кадров Бундесвера Германии, доктор философских наук И. Рау.

Пленарное заседание открылось выступлением академика НАН РК, доктора философских наук, профессора Ж.М. Абдильдина. В своем выступлении казахстанский философ по теории диалектики и диалектической логике подчеркнул, что «Гегель в своей логике смог дать учение о целостном

мышлении как живом, конкретном и развивающемся процессе, но, будучи объективным идеалистом, он искал источник возникновения категорий, форм мышления не в реальных общественных отношениях, а в движении «чистого разума», в саморазвитии так называемого абсолютного духа». Только в материалистической диалектике были критически преодолены пороки гегелевского понимания мышления [4].

Конгресс показал, что проблемы, которые разрабатывают казахстанские философы, имеют весьма широкий спектр: от стратегических приоритетов, актуальных проблем методологии и логики современного познания до культурных кодов национальной философии и ментальных моделей развития общества. Не обошли стороной ученые и проблемы трансляции философского знания в современных условиях. Это проблемы мировоззрения и ценностей в современном образовательном процессе, формирования ментальности и креативности в условиях глобальных тенденций реформирования системы образования [4]. Помимо того, на Конгрессе обсуждались вопросы развития современных идей евразийства, мультикультурализма и философской идеологии вообще. Из представителей казахстанской ученых, принявших участие в работе Конгресса следует отметить Д. Кшибекова, Т. Бурбаева и др.

В итоге Конгресса Президент Казахстана Н.А. Назарбаев-Лидер нации отметил, что после окончания противостояния двух мировых систем мировое сообщество пока не смогло освободиться от стереотипов прошлого, что в сознании людей все еще остаются барьеры, разделяющие человечество по цвету кожи, вероисповеданию, принадлежности к тому или иному культурному пласту или идеологии. Можно родиться и жить в Европе или в Азии, но быть евразийцем по своему менталитету. И наоборот жить в Евразии, а по менталитету быть европейцем или азиатом. Евразийцу в полной мере присущи чувства дружбы, равенства и равноправия. Евразиец - скорее интернационалист, чем космополит, сторонник толерантного отношения между людьми различных наций и рас, основанного на взаимопонимании, взаимном доверии, взаимообогащении культур, ценностей, знаний и технологий [4].

Данная тема весьма разнообразна, она требует более широкого изучения, не в рамках одной статьи. В итоге необходимо сказать, что в современной философской мысли Казахстана существует множество различных вопросов и проблем, связанных с развитием мировых тенденций. Сегодня сообщество ученых ищет не только пути решения существующих проблем, но и приоритетные направления современной философии. Более всего отечественная философия склоняется к национальным корням философского знания в контексте общей идеи евразийства. В этом заключается своеобразие развития национальной философии, которая культивирует истинный патриотизм, любовь к отечеству и народу, почитание предков, стремление к лучшему будущему.

Литература:

1. Заурбекова Л. Р., Коянбаева Г. Р. Казахская философия: история и методология вопроса // Материалы Круглого стола «Актуальные проблемы методологии социально-гуманитарного познания. - www.almau.edu.kz/.../kazakhskaya20filosofiya
2. Байдаров Е.У.. Философия: Учебное пособие для студентов экономических специальностей. – Алматы: ЕвразИР, 2010. - 217 с.
3. Капышев А.Б., Колчигин С.Ю., Хамидов А.А. Философская антропология: от прошлого к будущему. – Алматы: Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 298 с.
4. Шпилькин Ю. Конгресс философов Казахстана. - <https://www.proza.ru/2013/10/09/1598>
Гарифолла Есим. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.

Кунапина К.К.,

т.ғ.к., доцент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

РУХЫМЫЗ БИІК БОЛСЫН!

2006 ж. халыққа жолдауын «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» – деп атап бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізуге қатысты «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілетті нақтылы қабілетін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» – деп атап көрсеткен [1].

Міне аталған бағыттағы тұжырымдамалардан бастау алатын жұмыстар қоғамымыздағы жаңа істерге серпіліс беріп отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (2009 ж. 22 шілде № 353 Астана қ.) 2009-2010 оқу жылының жалпы білім беретін оқу орындарында оқу жылының басталуы туралы бұйрығында Қазақстан Республикасы Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 10 ақпандағы № 332 Жарлығын іске асыру үшін және оқушылардың дін туралы саяси және мәдени білімдерін қалыптастыру мақсатында жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныптарының базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінде аптасына 1 сағат «Дінтану негіздері» факультатив сабағы енгізілсін деген еді.

Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 14 қыркүйектегі № 430 бұйрығына сәйкес «Дінтану негіздері» факультативтік курсының бағдарламасы бекітілді. Ең алғашқы бағдарламаны құрастырушылар: Ғарифолла Есім, Айдар Абуов, Әділхан Дүйсебек. Бағдарлама 34 сағатқа негізделген. Әрине, талапқа сай қазіргі кезеңде альтернативтік бағдарламалар мен оқулықтар бар.

Мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік дүниетанымның негіздерін, рухани адамгершілік құндылықтардың, жеке сенімнің жүйесін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

1. Оқушыларды әлемдік және дәстүрлі діндердің және конфессиялардың тарихымен, олардың қазіргі қоғамдағы рөлімен таныстыру;

2. Діннің танымдық-дүниетанымдық және психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашу;

3. Әлемдік және дәстүрлі діндер ілімінің негізгі гуманистік жағдайын және негізін түсіндіру;

4. Деструктивтік діни факультардың, діни экстремистік ұйымдардың идеологияларын қабылдамау ұстанымдарын қалыптастыру;

5. Оқушылардың белсенді азаматтық қазқарасын қалыптастыру;

6. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың конфессиялық бейбітшілік пен келісімді Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта орнатудағы рөлін айқындау.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде (2-3 шілде 2009 жыл) «Біз Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз. Бұл жетістігімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз» – деген еді [2].

Қазақстанда алғашқы форум 2003 жылы болды. Оған қатысушылар – бүкіл әлемнің аса беделді діни қайраткерлері Декларация қабылдап, онда конфессияаралық үнқатысу арасындағы бейбітшілік пен келісімге қолдау білдірудің аса маңызды құралы деп аталады.

Екінші Съезд бізде 2006 жылы өтті. Сол жолы Астанаға жиналған әлемдік лидерлер мемлекеттерді үнқатысу жолынан таймауға, сөйтіп Бейбітшілік және келісім мәдениетін нығайту жөнінде шаралар қабылдауға шақырды.

Бүгінгі Қазақстан халқы рухани бірлік пен келісім аясында өмір сүру салтын қалыптастыру жолында екендігі баршаға мәлім. Бұл жолда мақсатқа жету үшін өркениеттілігіміз бен азаматтық қоғам ретіндегі мәдени дамуымыздың жоғары деңгейі болып табылатын толеранттылық қасиетімізді сақтай білуіміз қажет.

Қоғамның толеранттылығы өздігінен пайда болатын нәрсе емес. Ол – тәрбие арқылы қалыптасатын қоғамдық мінез. Ал – мінездің негізі дінде. Дін білім арқылы келеді. Діндердің барлығы «әділеттілік пен махаббат» жолына үндейтіндігі ақиқат. Бірақ, сол әділдік пен махаббатқа білімсіз жету мүмкін емес. Діни білім туралы мұсылман дінтанушысы Абу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали (1059-1111) былай деген: «Пайдалы біліммен шұғылдану бүкіл басқа істерге қарағанда әлдеқайда жақсы. Пайдалы білім – дүниенің жамандығын, ақыреттік жағайдың қауіптілігі мен қорқыныштылығын түсіндіретін білім дүниеге беріліп, ақыретпен бет бұрған адамдардың надандығы өзін-өзі сүйшілік, атаққұмарлық, мансапқорлық, дүниеге құштарлық сияқты жүрек дерттерінің дауасы не екендігін білдіретін білім – пайдалы білім».

Дін және ғылым. Діннің зерттеу нысаны – рух, ал ғылым тәнді (нәпсіні) зерттейді. Дін жүрекке, ал ғылым миға әсер едеті. Екеуінің де мақсаты – адамды сенімге әкелу болғандықтан олардың арасында қайшылық жоқ. Оларды біріктіретін – руханият. Руханият жалпыға ортақ, өзгермейтін, тұрақты. Ол барлық қайшылықтарды жояды, барлығын бір-біріне кіріктіреді. Руханият Аллаһ Тағаланың материалдық және рухани қуатын бөлмей, бірге қарастырып, олардың арасындағы байланысты көрсете біледі. Еркіндік үшін күрес – барлық жан иелеріне ортақ табиғи қасиет. Ал космополит бұл тұлғалық қасиеттерді жойып, барлығын бірдей ұстауға ұмтылады. Саясат үшін түрлі тұлғалық құндылықтарды жойып, ортақ жүйеге салып, басқаруды жеңілдету керек. Сондықтан Кеңес дәуірінде халықты бір саясатқа бағындырып, бір тәртіпке үйретті. Ал түрлі халықтар рухы бұған қарсылық көрсетіп, ақыры Кеңес Одағы күйреп тынды. Космополитизм рухы әлсіз жандар үшін қауіпті. Ал қуатты жандар өздерін еш уақытта жоғалтпайды. Себебі тұлғалық қасиет, яғни өзін сақтау қасиеті

рухани қасиеттен шығатын дүние, сондықтан адамдар өз рухын өсіруге тиіс [3]. Рухты өсіру деп – әуелі рухани білім беріп, сонан кейін оны сана сезімге сіңіріп, адамның болмысын айналдыруды айтамыз. Ондай халыққа ешқандай да космополитизм қауіп тудыра алмайды. Сол себепті халыққа дұрыс рухани білім беру жағын ойлау қажет.

Оқу орындарында оқушыға тек қана рухани білім берілуі керек. Ал ол өскен соң рухани жолға өзі түседі. Ол жолды үйтеру – діндердің міндеті. Ал мемлекет діндердің ісіне араласпайды. Бұл туралы ҚР-ның 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңында нақты айқын көрсетілген.

Адамдардың діни сенімдеріне қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында былай делінген: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқы бар». Адамның қандай діни сенімге енуі оның жеке басының ісі.

Конституцияның 5-бабында дін және діни бірлестіктер туралы былай жазылған:

«Максаты немесе іс-әрекеті Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады».

Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

14-бапта былай делінген.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

19-бапта:

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету – көрсетпеуге хақылы.

20-бапта:

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді [4].

Демек, дін және діни бірлестіктер туралы құқықтық конституциялық негіз жасалған. Кез-келген халықтың, қоғамның өткеніне көз жібере отырып, оның тарихи тағдырына рухани фактордың қаншалықты маңызды екенін біле аламыз. Адамзаттың рухани халін зерттейтін ғылым-діннің қоғамды реттеуші құрал болумен қатар, оның мәдениеті мен өмір салтының басты қайнары болып табылатындығын тарих тәжірибесі дәлелдеп келеді. Уақыт – ескі мен жаңаны таразылап, бағалайтын, ескіні шаң қаптырып жұтатын, жаңаны сынап, жер жастандырып өзінің талабын сезіндіретін күш.

Бірақ осы күш – саяси қысым, геноцид, аласапыран, дүрбелең, тіпті топан су болып көрініс беріп, өзінің қадір қасиеті мен қызметінің қажеттілігін табиғи талаппен мойындайтын ұлттық болмысымыздың өзегі құдайлық әлеммен байланыстырушы дін және оның құндылықтар жүйесі осы уақытпен бірге қатар келе жатыр. Сол құндылықтарымызды өзінің қалдырған мұрасы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген тарихи тұлғаларымызға барша көзқараспен, оларға деген қатынасымызды қалпына келтіріп, тарихи сабақтастықты жалғап, төл мәдениетіміздің келбетін қайта тану – бүгінгі жаһандану дәуіріндегі қазақ қоғамының алдында тұрған басты міндет болып отыр.

Көңіліне күмән болып тұрып Аллаға ғибадат жасайтын адамдар бар. Егер басына жақсылық жетсе ондайлар дінде тұрады да, сәтсіздікке ұшыраса, діннен безіп шығады (238 б. Құран кәрім. Жазушы, 1991). Әрине әр адам өз өмірін құруға тиісті. Жаратқанның оған берген еркіндігінің мәні де осы шығар. «Нағыз адам – қартайып біткенше бойындағы рухты, рухани белсенділікті жоғалтпайтын адам» - деген екен ғұламалар.

Рух – уақытқа көнбейді, ол мәңгі өшпейді, адам баласының пендешілігінен биік тұрады. Қасиетті Құран Кәрімнен келтірілген жоғарыдағы екі мысалда адам баласы әрқашан рухын, рухани белсенділігін жоғары ұстау керектігі тайға таңба басқандай айтылған. Шынында да, рухани

белсенділік дегеніміздің өзі жерге шыр етіп түскеннен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін, өзінді қоршаған айналасына және бәріне деген махаббаты. Махаббат – отаныңа, ата-анаңа, сүйген жарыңа, балаңа, жора-жолдас туыстарыңа т.б. деген ұлы сезім [5].

Егер әрбір перзент ақылды және дана болса, ол ата-ананың мейір-махаббатын құрметтеуден бас тартпайды... Ата-ананың міндеті тәрбиелеу және жақсылық үйрету.

- Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма...

- Сен ата-ананың қарызын ақтау ісіне дін деңгейінен қарамасаң да, адамгершілік, ақыл-ой, парасат биігінен қараған (Қабуснаме – 1082-1083 жж. жазылған аса мәнді педагогикалық мәні бар туынды. Авторы - Қайкаус) / А., Балауса, 1992. 19 б./ [6].

Адам жарық әлемге келгені үшін жаратқан Аллаға борышты, аяққа тұрып, қатарға қосылғаны үшін ата-анасына борышты.

Ал ұлы ақылшымыз, ойшыл Қорқыт атаның аузымен айтқандай:

- Патшаның құқы – Құдайдың құқы,

- Әкенің құқы – Құдайдың құқы,

- Ананың құқы – Құдайдың құқы [7].

Көріп отырғанымыздай, патша, әке, ана – үшеуіне ғана халық жаратқан иемнің құқын енші етеді. Патшаның құқы деген де оның қол астындағыларының міндеттері айтылса, әке мен шешенің құқы оның балаларының борышы жайынан хабар береді.

- Жасаған адамды жаратқанда баланы есейгенше ата-анаға тәуелді етіп қойған.

- Әр кезеңнің өз міндеті бар. Оз жасына қарай бала әкесі туралы:

- Бес жаста: «Менің әкем бәрін біледі».

- Он жаста: «Әкем көп біледі».

- Он бес жаста: «Мен де әкем сынды көп білемін».

- Жиырма жаста: «Шынымды айтсам, әкем түк те білмейді».

- Отыз жаста: «Дегенмен әкем бірдеңе біледі».

- Қырық жаста: «Бұл мәселені әкеммен бірге шешсе дұрыс болар еді».

- Елу жаста: «Әкем бәрін біледі».

- Алпыс жаста: «Әттең әкем тірі болғанда, онымен ақылдасар едім. Сақтау керек еді, қолыма көтеріп, әлпештеуім керек еді, қап» – деп әртүрлі ойлайды.

Жаратылысымыз солай, жоғалтып алғаннан кейін ғана керек екенін білеміз. Адамның жарық дүниеге келуінің өзі – бақыт. Ал өз тағдырыңды бақытты ету сенің өзіңе байланысты. Өмір сүру – құр босқа уақыт өткізу емес, мезгілді жарып өтіп мәңгілікке жету. Осының бәрін балаңа үйрет.

Ата-ананың міндеті мыналар:

1. Балаға ат қою.

2. Дұрыс тәрбие беру

3. Білім беру

4. Мамандық беру

5. Үйлендіру

6. Баспананы дайындау

7. Отанға қызмет етуге үйрету

Ата-ананың міндеті – қоғамға, өмірге бейімделген саналы азамат өсіру. Жақсы тәрбие көрген бала мыналарды орындауға тиісті.

- Ата-ананың тапсырысын орындау

- Олар мақұлдамаған нәрсені орындамау

- Ата-ана ұнатпағанды істемеу

- Ата-анасына ұнайтындай болып өмір сүру

- Ата-аналарын жылы шыраймен қарсы алу

- Өмір сапарында олармен бірге болу

- Қажет кезінде барып тұру

- Өтініштерін дер кезінде орындау, кез-келген өтінішін ризашылықпен орындау, өкпелетпеу.

- Олар отырған жерде қатты сөйлемей

- Егер саған ауыр сөз айтса, жүрекке жақын қабылдама

- Ашуландырмауға тырыс

- Ата-анаға «Сіз» деп сөйлеу, қадір тұту.

- Өрескел сөйлемей, сыпайы болу

- Олармен сөйлесіп отырып, көздеріне тіке қарамау

- Олардың қасында дөрекі сес шығармау

- Сенің ең жақын досың әке-шешен екенін ұмытпа. Олар қуанса – қуан, қайғырса бірге қайғыр.
- Олар мақтанса қабағыңды түйме.
- Қайғысын бөліс, ренжітпеуге тырыс. Оларға күдік келтірме.
- Ата-ананды өзіңнен жақсы киіндір.
- Сенен артық тамақтансын, тілектерін орында, тарықтырма.
- Жақсылығыңды аяма.
- Көмектескенінді білдірме.
- Олардың достарын өзіңе жақын тұт.
- Олар қартайып денсаулығы нашарлағанда пейілің тарылмасын.
- Олар ұзақ жасаған сайын амандығын тіле.
- Олар өлгеннен кейін ас бер, құран оқыт. Марқұмға балаларының ғана дұғасы жетеді. О дүниеде олар басқа ешкімнен көмек күтпейді.

Адамның өмірі үш құтханада өтеді. Оның біреуі саған бүкіл өміріңе беріледі, қалған екеуі бірін-бірі алмастырады.

Өмір бойғы құтхана – ол сенің отаның, сен оны туған күніңнен бастап, ең соңғы тынысыңа дейін құдайдың рақымымен ғұмыр кешесің. Екінші құтхана – туып өскен үйің. Ол шаңырақтың астында сені аймалайтын, алақанға салып аялайтын аяулы ата-анаң. Сенің сонда тілің шығады, есейесің. Сенің өз өмірің, өмір жолың басталады. Үшінші құтхана – өзіңмен өзіңнің сүйіктің үшін көтерген шаңырағың. Сен осы жерде жан-жақты ашылып, саналы тірлігің өтуге тиіс. Сен оны үлгі ісіңмен, өнегелі өнеріңмен нығайтасың, ата-ананды айтулы азамат болып қуантасың (С. Түркменбашы. Рухнама, А., 2004).

Осы деректерден рухы жоғары адамдарда болатын қадір-қасиеттердің біразына тоқталдық. Адамдардың рухы бір жерде тоғысқанда ұлттық рух пайда болатындығы түсінікті, ендеше Ұлт – ең әуелі рухтың бірігуі. Ұлт – бұл ортақ тілі, діні, салт-дәстүрі, тағдыры мен мемлекеті бар адамдардың бірлесуі болса, біздің еліміз – рухы жағынан кемелденген мемлекет.

«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деп Елбасы айтқандай, егемендік алған тәуелсіз қазақ жерінде бірлесіп өмір сүріп, жаратқан иенің сүйіспеншілігіне бөленіп, рухы асқақтап, бейбіт өмір сүруде. Егеменді ел болдық, тәуелсіздік туы желбіреді. Отанымызда тыныштық орнап тіліміз, дініміз қайта жанданды. Қазақ жерінде тұратын киелі қазақстандықтардың рухы жоғары екендігін тағы да тарих алдында дәлелдедік. Рухы мықты халық еш уақытта өлмейді.су астында жататын асыл тастардай су толқығанда тотығынан тазаланып, жарқырап шыға келеді.

Рухы жоғары халықтың сағы ешқашан сынбақ емес, рухымыз әрқашан биік болсын!

Әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан. 2006 ж. 24 наурыз.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзі.
3. Әбдіжаппар Әбдіәкімов – Дін мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығының директоры. «Рухани тәрбие адам мен қоғам дамуының бастауы болуы тиіс» // Айқын, 18.09.2009 (қысқартылып алынды).
4. 1995 ж. 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
5. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі / Ауд. Халифа Алтай/. – Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран шриф басым комбинаты, 1991. – 604 б.
6. Кабуснаме 1082-1083 жж. жазылған аса мәнді педагогикалық мәні бар туынды. Авторы – Қайкуас. Алматы: Балауса, 1992. – 19 б.
7. Т. Түркменбашы. Рухнама. – Алматы, 2004.

Молдабеков Ж.Ж.,

филос.ғ. д., Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МӘҢГІЛІГІ – БОЛАШАҚТЫҢ МЕКЕМ ТІРЕГІ

«...Қазақтардың рухани әлемі, негізінен, ауызекі поэзия дәстүрінің ықпалымен қалыптасып отырған. Қазіргінің талай елін қайран қалдыратын осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармаларында мейлінше терең танымдық қасиеттер

бар. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі поэзиясы ұдайы философиямен шендесіп жатады». (**Нұрсұлтан Назарбаев**).

Жыраулыққа, аңыз айтуға бейім, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани қазынасын сақтаушы есті де арлы азамат болған. Тілі өткір арлы да намысты жандар тілге шешен, ойға батыл, шешімге әділ, десекте тұтас бірбеткей тұлғалар болған. Елшіл тұлғалар пікірлескеннің ар-намысына тиіспеген.

Тәуелсіз мемлекет, ерікті ел болмысы, Мәңгілік ел ұлттық идеясы – бүгінгі Қазақстанның беташары, күш-қуаты және болашағы. Тәуелсіздік жас ұрпаққа не берді? Бас бостандығын, тіршілік еркіндігін артырды, ұлт басын біріктірді, әлемдік тепе-теңдікке үйлестіруде. Жаңа бастаманың бағдарын анықтап, арқауын ширатушы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Тәуелсіз Қазақстан Президентінің бүгінгі таңда жүргізіп отырған реформаларын, оның нәтижелерін, тіпті стратегиялық мақсаттарының бағдарларын әлем қабылдауда, мойындауда. Өйткені жариялаған құндылығымыз – тәуелсіздік, мұратымыз – ынтымағы жарасқан мәңгі ел болу, бағытымыз – әлеуметтік-экономикалық модернизация, құптайтынымыз – инновациялық бастауға және ашық бәсекелестікке лайық қабілетті ұрпақты, қоғамды қалыптастыру, діттегеніміз – бейбіт өмірде халқымыздың хал-ақуалын жақсарту. Бірақ мысал. Еліміздің талапты да талантты 50 мыңнан астам студенттері 2016-2017 оқу жылдары әлемнің дамыған елдеріндегі әйгілі жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруда. Түрлі ортада мамандықты, тілді, кәсіби тәжірибені меңгеруге талпынуда. Сауатты әлеует әлденуде.

Тәуелсіздіктің бетке ұстар қағидалары – ұрпақтар бітімін, адам мен азамат құқықтарының теңдігін мемлекеттің жоғары құндылықтары деп қабылдау, қоғамдағы демократиялық институттардың мызғымас негізін нығайту, саяси-экономикалық реформаларды жүзеге асыруға араласу, азаматтардың, әсіресе мемлекеттік қызметкерлердің дербес жауапкершілігін жетілдіру, мемлекеттік бағдарламаның тұжырымдық ұстанымдарын мақылдау. Ол дегеніміз ұлттық жоспарды бірдей басшылыққа алу. Мемлекеттік бағдарлама мен ұлттық жоспар а) елімізге өндіріс пен инновацияны, әлеуметтік саланы дамытатын, жұмыс орындарын ашатын мүмкіндіктерді реттеуге; ә) мәңгілікке бет алған Қазақстанның, қазақ елінің қажырлы қайрат пен зор қабілетті, күрескерлік қасиеті айқын жаңа мамандарды қалыптастыруға, патриотты жастарды тәрбиелеуге бағытталған. Президентіміз бұл мәселелерді жастардың республикалық форумында тарқатып айтты. Тегін емес.

Қазақстандық қоғам тұрақтылығының негізін қалыптастыратын мемлекетіміздің сыртқы және ішкі саясаты қатар жүргізілуде. Саясат кемелдігі елде қоғамдық тұрақтылықты, дамудың экономикалық және саяси негізін нығайту, қазақстандық біртектілікті әлеуметтік бастауларды арттыратын тетіктерді кеңінен қолдану, мемлекеттік-жеке меншік серіктестігін дамытудың жағдайы мен жолдарын бір-бірімен ұштастыратын ынтымақтың арқауын ширату барысында білінеді. Жасампаз елдің жаңа негіздері және толайым көздері Елбасымыздың стратегиялық бағдарында әрдайым тиянақталуда.

Тәуелсіздік жылдары түрлі бастамалар – азаматтық қолдау қарқын алды, оған сергектік танытқан азаматтардың қатары да, қозғалысы да қарқындады. *Азаматтық бастамалар әлеуметтік жанжалдарды азайтуға, түрлі әлеуметтік топтардың жұмысына жанашырлықпен қарауға, қоғамдық институттардың қатынастарын үйлестіруге оңтайлы, әрі дер кезінде ықпал етті.*

Қазағымның қашанда ақ тілегі,

Ар-намысы – елдігінің жүрегі!

Өнұраным, Көк байрағым, Елтаңбам,

Ата Заңым – Тәуелсіздік тірегі! (Дінәлі Тәңірбергенұлы)

Азаматтық бастамалар мен қозғалыстар елдің әр өңірінде тәуелсіздіктің базалық құндылықтарын – а) бостандықты, бірлікті, тұрақтылық пен өркендеуді сақтауға, ә) қоғамдық ұйымдардың рөлін арттыруға, б) бүгінгі және келер ұрпақ арасындағы жауапкершілік пен елдік ұстанымдарды нығайтуға ықпал етуде. Енді тәуелсіздік толғауында Мәңгілік ел, Ұлы Даладағы еркіндік күйлері шертілуде.

Республикамыздағы 20-мыңнан артық үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік қызметпен қоғамдық институттардың қызметін үйлестіруге, қоғамдық маңызы бар әлеуметтік іргелі мәселелерді жүзеге асыруға, елде азаматтық біртұтастықты қалыптастыруға біртіндеп өтімді ықпалын тигізуде. Содан тәуелсіздікті сақтау, нығайтып дамыту көпсатылы, қыры-сыры мол үрдіс екендігіне, халықтың тұтас бірлігіне, отандастарымыздың топтасқан күш-қуаттарына байланысты екендігіне көзіміз жетуде.

Жаңа мүмкіндік – өзара пайдалы серіктестіктің түрлерін жетілдіруде, оларды жаңаша қолдануға үйрететін тәсілдерді таратуда. Өзара ықпалдастықты қалыптастыру дегеніміз қол жеткен табыстарымызды сыннан өткізу, қазақстандық мемлекеттікті нығайтатын жаңа жолдарды батыл, ашық іздестіру. Тың талапта сынға түсетін уақытқа тап болдық.

Тың бастау – өнімді еңбекте, пайдалы іс-әрекетте, пайымды тоқтам-түйінде, оңтайлы бастауда. Қомақты талаптар мен бастаулар тұтас қоғам болып ел игілігі үшін аянбай еңбек ету, тер төгу, экономикалық өсу қажетінен туындауда. Мұндай ұлағатты ұстанымдар ұрпақтарды ортақ мүддеге және үйлес тағдырға байланыстырды, қиыншылықтан шығудың кепілдігін іздестіргізді, көп мәселені қамтуға және олардың тартымды шешімдерін табуға жұмылдырды. Содан халқымызды жаңа жасампаз істерге бастайтын мазмұнды да өтімді шешімдер жалғасын табуда. Тәуір іс-шараның барысында Қазақстан жүзден астам этностың, 17 конфессияның өкілдері үшін қасиетті шаңыраққа айналып отыр.

Мемлекетіміздің іргелі мақсат-мүдделерін жүзеге асыру үшін қандай ұсыныстар алға тартылды, қандай бастаулар елге күш-қуат оратуда?

Елшіл халықтың рухани дипломатиясы мен саяси мәдениетінің деңгейі биік болуы, тамырларының тереңдеуі шарт. Ел, рух, саяси (басқару) мәдениет бірлестігін нығайтудың құндылығы – көзқарас әрқалай болса да, жалпыға ортақ мәмілеге келу қажеттілігінің маңызын түсіне алуда, оған қол жеткізудің жолдарын іздестіруде; келісім алаңын, үйлесім мен айқындық жүйесін қалыптастыруда.

Ел азаматтары рухани мұраны әлеуметтік әлеуетке айналдырған мамыра жай ортада ұлттық астамдыққа салынбады, діни дұшпандыққа ұрынбады, ел дамуының зайырлы қағидаттарын жаңғыртты. Ұстанымдар сенім еркіндігі мен көреген пайымдықтың барысында түзелді, елім дейтіндердің ауқымды әрі салмақты әрекетінде жалғасын тапты. Адалдыққа, төзімділікке, өзара құрметтеушілікке негізделген ұлтаралық диалогтың қағидаттары біртіндеп жинақталынды, ынтымақтастыққа деген үлкен талпыныстар басталды.

Содан Қазақстан қоғамның адамгершіл-рухани негізін нығайтуға, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қайта жаңғыртуға оң үлесін қоса бастады. Әлемдегі қауіпсіздікті реттеуге ықпал ететін Біріккен Ұлттар ұйымының арнайы секторының мүшелігіне сайланды. Мемлекеттің ішкі саясатының аясында жеке бастамашылық арқылы экономикалық өркендеу, жаңа жағдайға бейімделудің 100 нақты қадамдары, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы және әр азаматтың әлеуметтік жауапкершілігін арттыратын қағидалар анықталынды.

Ендігі жаһандық дағдарыс алқымнан алған кезде, «жаңа жаһандық қатерлерге біз өзіміздің нақты мүмкіндіктеріміздің негізінде тұтас іс-қимыл стратегиясын қарсы қоюға тиістіміз», деді Нұрсұлтан Назарбаев. Президенттік тұтас стратегиялық жеңіске – қоғам бірлігін, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау өнері жатады. Біле білгенге, қиыншылықты бұрын-соңы жеңгендерге жаһандық дағдарыс – әр елге қауіпті де, ес жинаудың жаңа мүмкіндіктерін де бірге ала келді.

Бүкіл қиындықтарға қарамастан іргелі міндеттер – қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту және әлеуметтік қорғалуын кеңейту, ел бірлігі мен ынтымағын қамтамасыз ету, азаттық жолында ұлттық қауіпсіздікті әр қырынан нығайту мәселесі - алдыңғы санатқа көтерілді. Ауқымды міндеттер «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясында, «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Нұрлы Жол» бағдарламасы, ауқымды «100 нақты қадам» тұтастық пен тұрақтылықты, өсім мен инновацияны нығайтуға бағышталған нақты да жүйелі іс-шаралар деп қабылдануда. Осы іргелі де жүйелі реформалардың басты мақсаты – (1) Қазақстанды таяу онжылдықтарда әлемнің дамыған отыз елінің қатарына жеткізу, әлемдегі жаһандану үрдісінің белді де, белсенді мүшесінің біріне айналдыру, (2) Қазақстандағы көпвекторлы ішкі және сыртқы байланыстарды елдің, мемлекеттің түрлі бағытта дамуына жұмылдыру, соған жол ашу, жағдай жасау. Ынталы әрекеттер ұрпаққа, елге, тіпті адамзатқа төнген аса күрделі түйіндерді жан-жақты зерделеуге және лайықты шешім табуға арналған.

Қазақстанның түбегейлі мүддесі айқын, ортақ - әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу, қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы шарттарын нығайту, ел ішінде қоғамдық келісімге тиянақты қол жеткізу. Сол үшін мемлекетті жаңа деңгейге көтерудің стратегиялық бағдарлары анықталуда, қоғамда ірі реформалар жүргізілуде, ел ішінде ынтымақтасудың оңтайлы ережелері жасалуда. Осындай игі істер жолындағы ерік-жігер, бірлескен табанды еңбек пен өзара түсіністік – баршамызға ортақ істің табыс көзі екенін естен шығармалық.

Шүкір, Қазақстан жаһандану кезінде (1) халықтар арасындағы татулықтың, бірліктің, қоғамдық келісімнің ортасына айналды; (2) бейбітшілік саясаты аясында ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық қауымдастық мәселелерін сатылап, сабақтастыра шешуге ерекше мән берді; (3) Еуроазиялық континенттің дәл ортасына орналасқан еліміз жер ауданы бойынша, әлемде Ресейден, Канададан, АҚШ-тан, Қытайдан, Бразилиядан, Австралиядан, Үндістаннан, Аргентинадан кейінгі 9-орындағы мемлекетке жатады. Көпвекторлы іс-әрекеттер мен қозғалыстар интеграцияға, инновацияға, түптеп келгенде тәуелсіздігімізді нығайтуға және қауіпті қатерлерге қарсы іс-әрекеттер жасауға бағытталған. Еліміздің жасампаздығына жүгінелік.

Наурыз мерекесі еліміздің ұлттық тұрғыдан жаңаруға, тарихымызды түгендеуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа деген бетбұрысқа жалпыұлттық сипат енгізуде. Ұлттық рухты көтеруге, қазақтың жанында барлық ұлыстың ұйысуы үшін жағдай жасалуда. Наурызды тойлауды жаңа деңгейге көтеру – өзекті ортақ мәселеге айналады.

Наурыз мерекесі – тазару, жаңару және бірігу күндері. Наурыз қазаққа, ең алдымен, өзін-өзі тануға, тарихын білу, мәдениетін дәріптеу үшін қажет. Бұл мерекенің артықшылықтары ендігі адамзатқа әйгілі. Наурыз тойланатын үш күнде (1) халыққа өткен тарихтан сыр шерту, ұлттық дәстүрмен таныстыру, шетелдік туристерге қазақ мәдениетін паш ету; (2) дастарханға ақ мол қойылады, ағаш егіледі, күл-қоқыстар тазаланады, өкпе-ренішті артта қалдырады, кешірім сезіміне бөленеді; (3) көршілерімен аман-саулық сұрасып, жылы ілтипаттарын білдіреді.

БҰҰ Бас ассамблеясының 2010 ж. 64-сессиясында халықаралық Наурыз күнін бекіткен арнайы резолюция қабылданды. Қазақстанның саликалы саясатын, стратегиялық ұстанымын әлем қабылдауда. Енді мұны батыл айтуға болады. Осындай іргелі де ауқымды міндеттерді жүзеге асыру, орындау – Отанымыздың әр патриотының азаматтық парызы және жауапкершілігі, әр азаматының патриоттық борышы және ар-ожданы деп қабылдауымыз қажет. Оның бастауы – Мәңгілік елдің тәуелсіздігі толастайтын өңірде, жаңа мен жақсыны танытқызатын ортада, бітімді дәстүр-салтта, қысқасы, тәуелсіз елдің синергетикалық жүйесі мен өзіне тән жаңғыру заңдылығында.

Болашақта әрбір ұлттың жан-жақты жаңғыруы және қауіпсіздігін сақтау – әлеуметтік прогрестің тұтастығына, жаһандық дамудың ХХІ ғ. жалпы стратегиясын бетке ұстауға тікелей байланысты. Ал тәуелсіздік идеясының ықпалы алдымен елжанды жастардың сезіміне, сеніміне, серіктестігіне байланысты екені даусыз.

Көре білсең қуат көзі дөп дерек,

Ар баспас серіктеске қолдау керек.

Салауатты дауаға кімдер үйір,

Арқалылар титықтатар ертерек.

Жастар арасындағы жаман қылықтарды жасыра берсек, оның салдары қандай болмақ, неге ұшыратпақ деген сұрақтарды талдаусыз, жауапсыз қалдыруға болмайтынын түсінушілер, содан тынымсыздар тобы молаюда. Осыдан қазіргі заманда іріктеулі де маңызды мәселелерді а) кең еуроазиялық кеңістікте, ондағы алуан ашық алаңда нақты, кеңінен талқылаудың; ә) оған мемлекеттік органдармен қатар азаматтық қоғам институттарын, ғылыми-мәдени қоғам кеңестерінің мүшелерін, ғылыми сарапшылық қоғам өкілдерін тартудың әлеуметтік маңызы артуда.

Ұлттық құндылықтарды сақтамай, оның рухани ядросы – тілі, тарихы, рухани құндылықтарының өмірлік маңызын жаңғыртпай елдің мәңгі негіздері мен өлшемдері туралы ауыз толтыра, дәйекті тоқтам-түйінді айта алмаймыз. Бұл мәселе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен етене аралас. Бәрі де Мәңгі елдегі ұлттық мүддені, ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін қажет.

Мәңгілік ел идеясын ұлттық сипатта елбасымыз Н. Назарбаев ұсынды. Ендігі интеллектуалды және әлеуметтік қозғалыстар әрқалай күш алуда. Мәңгілік Ел ұлттық идеяны әр деңгейде талдау үшін, оның мән-мағынасын тереңірек түсіну және қабылдау үшін теориялық-әдістемелі тұжырымдаманы, олардың философиялық негіздерін құрастырудың және әлеуметтік сипаттамаларын анықтаудың маңызы уақыт өткен сайын артуда.

Мәңгілік Ел – бірлік пен білімділіктің, серіктестік пен сыйластықтың, жақындық пен жасампаздықтың, ұқсастық пен үйлестіктің нәтижесі әрі деңгейі. Әлеуметтік-рухани қарым-қатынастардың тұрақты да тұтас өлшемдерінің аясында адамның өмір сүретін жасы ұзара бермек, ұрпақтардың бір-біріне тигізер ықпалы күшеймек. Онсыз мәңгіліктің өрісі өркениетке ұласпайды, тәжірибелілер алдыңғы шепте тұрласпайды, жас таланттарға деген қолдау құрастырылмайды.

Мәңгілік Ел идеясы қазақ жерінде, тәуелсіз Қазақстанда тұңғыш жарияланды, ендігі зияткерлік қоғам қалыптастыру бағытындағы қадымдары әлемге толассыз таралуда. Мәңгілік ел идеясының қалыптасуы тұтас елдің бейнесі мен беделінен, ұлттық брендтің таралу деңгейі мен ықпалынан тәуелді, ал қабылдануы адамзаттық өміршең идеялардың тұрақтылығы мен тұтастығынан нәр алады. Халқымыздың, тіпті адамзат өркениетінің өміршең өлшеміне деген тәуелділік кеше мен бүгінге ғана емес, бүгін мен ертеңге жол ашатын, тарихи бағдарды тұтастайтын қалаулы бағдарлар.

Мәңгілік Ел идеясының арқауын біртектес үйлестік, ұқсастық құрастырады десек, қазіргі кезде Қазақстандағы қазақ елінің өмір салтын, коммунистік идеологияның ықпалынан қалыптасқан саяси-психологиялық таптаурынын, батыстық-әлемдік мәдениеттің ықпалын ажырату, айқындау және дұрыс бетке ұстау – іргелі проблемалардың санатына жатады.

Қазақстан, тәуелсіздік, мәңгілік ұғымдары ендігі (1) географиялық, әлеуметтік-экономикалық, рухани кеңістікте бірін-бірі толықтыруда, (2) жоғары деңгейде – жалпыадамзаттық және ұлттық

құндылықтар аясында, тарихи кезең мен әлеуметтік прогресс шеңберінде, ұлттық идея мен ұлттық мүдде тоғысында жаңа сыры мен қарқында жаңғырмақ. Экономиканы өрістетуге, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, ел мен жерді қорғаудың тарихи үлгілерін жинақтау – тәуелсіздіктің де, мәңгі елдіктің де негізгі бастаулары әрі басты өлшемдері болып қабылдануда.

Бүгін мен болашақтың үйлесті ұстанымдарын жүзеге асыру - бәрімізге аманат, оған мүдделіміз. Аманат пен мүддені орындау – әрбір ел азаматының парызы, ұлағаттылардың жас ұрпақ алдындағы қарызы. Қоғам қайырымды жандарымен қуатты, беделді, ізгі, иманды екенін тарих айғақтады.

Мәңгілік ел идеясын тұтас, толық қабылдауға сызат түсіретін келеңсіздіктер аз емес. Еліміз созылмалы жанжалдар кезінде түрлі қатердің кең ауқымымен бетпе-бет кезікті. Солардың сапында - ішкі танымдық шектеулік, сыртқы ортада ұлғайып келе жатқан теңсіздік, монополиялық биліктің өз мүддесіне орай бұрмалаушылықты күшейтуі, ұжымдық ықпалдастықтың әр деңгейде болуы, экономика мен саяси қатынастардағы теңсіздіктің шынайы себептерін біржақты түсіндіре алмаушылықтың орын алуы. Олар тарихи, әлеуметтік-мәдени үрдіске де, зерттеуші ғалымдардың ұстанымына да әрқалай кедергісін тигізуде, теріс ықпал етуде.

Нақты қиыншылықтар мен шексіз кедергілерден шығудың басты кепілдігі, Елбасымыз әлеуметтік-экономикалық реформада, индустриалды-инновациялы дамуда белгіленгенін, «Нұрлы жол» программасында көрсетілгенін қадап айтты. Сол үшін а) білімнің, бітімнің, бірліктің, басқарудың мән-мағынасын теңестірудің, ә) ізденістер қарқынын туыс өмірдің, танымал өнердің, тиімді өнегенің сұранысына бағыттаудың, б) еркіндік пен естілікті қоғамдық, ұлттық қатынастардың субъектілерін қалыптастырудың қажеттілігі күн санап артуда. Қазіргі өмірдің жаңару стратегиясы, осында.

Адами ресурстар мен технологияны дамыту, аймақ пен өңірде табысқа қол жеткізетін қоғамдық келісімді жетілдіру – елдегі іргелі мақсаттарға жетудің кілті әрі тиімді тетігі болатынын қолдаушылар қатары ендігі көбеюде. Олар ашық сұхбаттасу алаңына, нақты көмек-кеңес беру орталығына айналуға. Қоғамдық кеңесте билік пен бизнес арасындағы жаңа мүмкіндіктер көзі, көмек көрсететін серіктестердің өздері табылуда, түрлі кәсіби тәжірибелер бір-бірімен табысуда.

Бірлескен бастамаларды – тиімді байланыстар тетігіне айналдыру тәуелсіз Қазақстанның сарқылмас үмітінде, көңілден шығар үлгісінде. Көптен шығатын ерік-жігерді ілгерілету, тұлғаның күш-қуатын саулық пен өзін-өзі жетілдірудің қайнар көзіне айналдыру – адами капиталдың таусылмас көзіне әрі сірескен тетігіне іспетті. Өзіндік сенім мен серпіліс қуаты – тұлғалық капиталды қолдай, пайдалана білуде. Үйренеріміз де, үйретерімізде осы ұстанымда.

Мәңгілік – өмірге өлшем, үйлестікке оңтайлы кеңістік, тату тіршіліктің тұрақты да, қажетті құндылықтар арнасы. Мәңгілікте жетістіктер әлеуметтік сипатта жаңғырмақ, жалғасын таппақ, адам өмірі ұзара бермек.

Мәңгілік Ел идеясы, жалпыұлттық патриоттық акт Қазақстандағы қоғамдық келісімнің арнайы жемісі, нәтижесі, әрі көрсеткіші мен деңгейі болмақ. Қоғамдық келісім елдегі азаматтық өмір мен қоғамның қауіпсіздігінен нәр алмақ, қос бастаудан – экономикалық даму мен инновациялық бастаудан күш алмақ. Қоғамдық келісімді орнықтыру үшін президент Н. Назарбаев экономиканы және бүкіл қоғамды жаңғырту, бес институттық реформаны жасау, қоғамдық кеңесті ашу идеясын 2013 жылы ұсынған болатын. «Реформалар барысында ғылымды қамтитын экономиканы қалыптастыруға және адами әлеует сапасын арттыруға баса ден қойып отырмыз. Біздің басты мақсатымыз – кадрларымыздың бәсекеге қабілеттілігін және білім беру секторының экспорттық әлеуетін арттыру», – деді Мемлекет басшысы.

Мәңгілік Ел идеясы – а) халықтың теңдессіз, ортақ мүддесі, ұрпақтардың болашағы үшін қоғамдық күшті жұмылдыратын бірлескен бастамалар әрі олардың тиімділігін арттыратын тетіктерді іске қоспақ патриоттыққа толы ұлттық жоспар, ә) Қазақстан мемлекетінің негізін құрайтын ұлттың ділімен, тілімен, мәдениетімен әлемді таныстыру, қазақ елін өзінің ұлттық рухымен табыстыру, ұлттық құндылықтарды, ұлттық тұлғаларды осындай іргелі бастамалардың негізіне, тіренішіне айналдыру түрі; б) жалпыұлттық патриоттық акт ретінде Қазақстандағы қоғамдық келісімнің арнайы жемісі, көрсеткіші мен деңгейі болмақ, в) Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға арналған реформалық бағдарлама әрі еліміздің жаңа жағдайдағы стратегиялық доктринасы деуге лайықты..

Іргелі де күрделі ұстанымның негізі, тірегі – ішкі үйлестік пен тұрақтылықта, аралық жарастық пен жетістікте, ұлттық дәстүрді демеп дәйектеуде, орта тап үлесін ұлғайтуда, біртұтас рынокты және барлық өңірлерді тепе-тең дамытуда, әлеуметтік-экономикалық дамуды ырықтауда, жаңа жұмыс орындарын құрып ел ішіндегі ұлттық бірлікті нығайтуда, сыбайлас жемқорлықпен күрестің қарқынын күшейтуде және т.б.. Кем дегенде мұндай сегіз талаптардың үдесінен шығу – алдағы жетілудің жолдары, жаңғырудың белестері демекпіз.

Мәңгілік Ел ұстанымы сенімді серіктестікке, іскерлік байланысқа сүйенеді, оларға тұрақты серпін беру жағын нақтылауды бетке ұстайды. Өйткені мәңгілікті - адам өмірін ұзартатын өлшем, үйлестікке оңтайлы кеңістік, тату тіршіліктің тұрақты да, қажетті құндылықтар арнасы дейді.

Мұндай реформалық бастамалар – бүкілхалықтық қозғалысқа, әр ұрпақтың саналы іс-әрекетіне тікелей және жан-жақты тәуелді. Реформалар – а) елдің әрбір азаматының еңбекке, іскерлікке, бизнеске, оларды реттеуге тікелей қатысуын талап ететін бастама, бағдарлы бағыт ретінде; ә) адамды тұрақты тәрбиелеуден, топтастырудан, өнер мен өндіріске еркін араластырудан қуат алады, қолдау табады.

Ендігі диттегеніміз – а) мемлекеттік қызмет пен қоғамдық қозғалыстардың шешуші бағыттарын бір-бірімен ұштастыра жаңғырту талабынан ауытқымау; ә) алдағы көптеген жетістіктердің демеуші бастауы мен қарқынын бір-бірімен сәтті үйлестіру; б) қолға алған әр істің нәтижесін нақтылау; в) озық тәжірибені ұрпаққа үйретуді тездету. Ілгерілеуді мазмұндау – жеңіл шаруа емес. Ол еңбекқордың ұзақ ұмтылысының үлгісі әрі жеңісі. Бұлар – тәуелсіз елдің еркін, есею жолы.

Байтенова Н.Ж.,
КазНУ им. аль-Фараби.
Альмухаметов А.Р.,
Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак.

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ - МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МОДЕЛІ

Бүгінгі көтеріліп отырған мәселе Қазақстандағы, жалпы әлемдегі дін саласындағы соңғы жылдары болып жатқан үрдістер мен үдерістерге тікелей байланысты өте өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселе ең алдымен әртүрлі исламистік ағымдардың негізгі саяси ұстанымдарына, яғни теократиялық мемлекет - халифат құруға бағытталған іс-әрекеттері зайырлыққа, зайырлы мемлекетке қарсы бағытталғандығы айқын көрініп тұр. Исламистік бағыттағы ағымдар мемлекетіміздің зайырлылық негізіне, конституциялық негізіне қауіп төндіруде. Зайырлылық принципін негізделген мемлекет теократиялық мемлекетке қарағанда қандай да болмасын мемлекеттің заманауи, өркениетті жолмен дамуының кепілі бола алады, себебі егер теократиялық мемлекет тек қана бір дінге негізделіп басқа діндерге шектеу қойса, зайырлы мемлекет негізінен 3 принципке негізделеді: ар-ождан бостандығы, діни-наным сенімдердің тең құқылығы, саяси үкіметтің діндерге қатысты бейтараптығы (нейтральность). Ар-ождан бостандығы әрбір азаматтың өзінің рухани немесе діни өмірін айқындау еркіндігін білдірсе, діни-наным сенімдердің тең құқылығы дінге байланысты қандай да болмасын дискриминацияға жол берілмейді, мемлекет қандай да бір дінге басымдылық бермейді, саяси билік діни ұйымдардың ішкі істеріне араласпайды.

Зайырлы мемлекеттің теократиялық мемлекеттен негізгі айырмашылығы: егер теократиялық мемлекет тек бір дінді ұстанатын әлеуметтік топтың мүддесін қорғаса, зайырлы мемлекет барлық әлеуметтік топтарға, діндер мен мәдениеттерге бірдей мүмкіндік береді, әрине олардың барлығы да құқықтық кеңістік аясында қызмет атқарған кезде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Жастар Форумда сөйлеген сөзінде зайырлы мемлекеттің артықшылығын баса айтты: “Қазіргі заманғы мемлекеттің зайырлы болуы керек екендігін әлемдік тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Мұндай жағдайда елдің әлеуеті барынша жүзеге асырылады. Халық радикализммен неғұрлым көбірек айналысса, соғұрлым ол мемлекет аз ырғақпен дамиды. Себебі қарапайым – радикализм өмірдің бірде-бір саласында пайда әкелмейді, ол тек прогреске кедергі келтіреді. Экономикада ол ойластырылмаған авантюра мен ойсыз шығындарға соқтырады. Мәдениеттегі халық соның арқасында көптеген ғасырлар бойы өмір сүріп келген құндылықтар мен дәстүрлер көмескіленеді. Ондай елдің имунитеті әлсірейді, ол дертке шалдығады.

Әңгіме діннен бас тарту жөнінде болып отырған жоқ. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанда 2230 мешіт, 186 православиелік шіркеу, 40 католиктік шіркеу салынды. 5 мың адамға арналған «Әзірет Сұлтан» мешіті Астананың архитектуралық ғажабына айналды. Орталық Азияда ең үлкен – астаналық православиелік Успения Құдай-ана Соборы салынды. Бұл руханият сарайлары қысқа мерзімде сапаға зиян келтірілместен тұрғызылды. Діни толеранттылық – біздің рухани байлығымыздың маңызды бөлігі. Бірақ дінді әркезде де мемлекеттен бөлу қажет. ХХІ ғасырда өмір сүру ережесі осындай.” [1].

Мемлекетіміздің зайырлылық сипаты - бұл Қазақстанның табысты дамуының басты негізі болып табылады. Қазақстан халқына арнаған Жолдаулардың бірінде Президент Н.Ә. Назарбаев: «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысады. Оларға еретін болсақ, біз апа-қарындастарымыз бен қыздарымыздың бетін тұмшалағанды былай қойғанда, олармен бір дастарханда отырып, тамақ ішуден қаламыз», – деп басып айтты. Президентіміздің ойынша бұндай іс-әрекеттер ұлттық табиғатымызға, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерімізге жат, дінімізге, ділімізге сай келмейтін келеңсіздіктен бойды аулақ ұстауымыз қажет екендігіне ерекше назар аударды. «Мен жастарды ХХІ ғасырға, келешектегі ХХІІ қарай жетектеп отырмын. Ал мынадай жасалатын дүниелер бізді орта ғасырға, артқа қарай тартып отыр деген сөз. Осыны ойланыңыздар! Біздің мемлекетіміздің зайырлылық сипаты - бұл Қазақстанның табысты дамуының басты негізі. Осыны бүгінгі һәм келешек қазақстандық саясаткерлер және барша қазақстандықтар жете түсінгені абзал», - деді Н. Назарбаев [2].

Зайырлылық дегеніміз мемлекеттің діни ұйымдардан бөлінуі, бір-бірінің ісіне араласпауын білдіреді. Мемлекеттің зайырлылығы дегеніміз мемлекеттік ұйымдар мен діни ұйымдардың бір-бірінен тәуелсіздігін, компетенциясы мен қызметінің ажыратылғандығын білдіреді.

Зайырлылық дегенімізді қоғамнан, ондағы болып жатқан өзгерістерден тыс тұрған әлеуметтік феномен деп қарауға келмейді. Зайырлылық феноменін толыққанды түсіну үшін оны динамикалық тұрғыдан қарастыруымыз қажет.

Жалпы түрде зайырлылықты мемлекеттің діни ұйымдардан бөлінуі, бір-бірінің ісіне араласпауы деп қарастырғанмен, нақтылы бір мемлекеттің зайырлық сипаттамасы оның құқықтық жүйесімен, ұлттық-мәдени дәстүрлерімен, діни бірегейлікпен және тағы басқа да факторлармен айқындалып отырады, зайырлылық біржақты айқындалған догматикалық конструкция емес. Мысалы, ХVІІ, ХVІІІ ғасырларда зайырлы адам деп шіркеуге қарсы тұратын адамды айтқан, одан бері бұл ұғымның мәні-мазмұны өзгеріп, қолданыс ауқымы кеңейді.

Бүгінгі күнде зайырлылықтың әртүрлі модельдері қалыптасқан. Мысалы, Кеңестік өкімет жағдайында зайырлылықтың шеткі көрінісі орын алды деп айтуға болады, ол негізінен атеистік сипат алып, дінді қоғамдық өмірден, мемлекеттен шеткеруден, тіпті оны жоюға дейін барғаны бәрімізге мәлім. Ал Батыс Еуропа елдерінде зайырлылық дегеніміз мемлекет пен дінді ажырату, олардың қолдану аумағын заң жүзінде айқындау болып табылды, онда дінді құрту, жою емес, тек оның әлеуметтік функциясын шектеу. Бұл шектеулер діннің ортағасырда тоталитарлық жүйе ретінде болуына, қоғамдық өмірдің барлық саласына үстемдік жүргізуі, қоғамдық сананың барлық формаларына, ғылымның, мәдениеттің емін-еркін дамуына жол бермеуіне байланысты болды.

Қазіргі кезде зайырлылық көпқырлы және әртүрлі бағытта деп айтуға болады. Әрине, бұл жерде ескертіп кететін нәрсе, зайырлылық бұл негізінен батыстық құбылыс, исламда дін мен мемлекетті бөлу деген жоқ.

Мемлекет пен діннің қарым-қатынасын айқындайтын бүгінгі күні бірнеше модельдер қалыптасқан: 1. атеистік моделі, 2. сол мемлекет үшін дәстүрлі болып табылатын бір дінге ерекше жағдай жасау (Англия, Дания); 3. барлық діндерге бірдей құқық беру (АҚШ). Басқа топтама бойынша СССР-дегі атеистік, АҚШ-тағы зайырлықты “индифферентті (немқұрайлы) зайырлылық”, ал Батыс Еуропа, Франция, Германия, Великобритания сияқты елдердегі зайырлылықты “конструктивті зайырлылық” деп сипатталады.

Сонымен, зайырлылық дегеніміз мемлекет пен діннің әрқайсысының автономдылығы, тәуелсіздігі: мемлекет діни ұйымның сенім мәселесіне, ішкі ұйымдық мәселелеріне араласпайды, ал діннің мемлекеттің басқару немесе басқа да істеріне араласпайды. Мемлекет пен діннің бір-бірінен ажыратылуы дегеніміз екеуінің де бір-бірінен тәуелсіздігін, мемлекеттің барлық діндерге бірдей қарауы, діндердің ішкі ісіне араласпауымен айқындалады. Дегенмен, мемлекет пен діннің бір-бірінен ажыратылуы дегеніміз ешуақытта діннің қоғамнан бөлінуін немесе қоғамдық өмірден толық алшақтатуды білдірмейді, себебі дін де азаматтық қоғамдық ұйымдардың бірі болып табылады.

Мемлекет пен діннің бір-бірінен ажыратылуының белгілеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- конфессиялардың қызметін азаматтардың діни қажеттілігін өтеуге ғана бағытталған қызметпен шектелуі;
- діни ұйымдарды мемлекеттік ұйымдар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың қызметінен толық алшақтату;
- діни ұйымдарға мемлекет тарапынан жеңілдік немесе материалдық көмек көрсетуге тиым салу,
- елдегі бір немесе бірнеше діни ұйымдарға ерекше құқық беруге жол берілмейді;

- қоғамдық тәртіпті бұзбаған жағдайда, жеке тұлға мен азаматтардың құқығына қол сұқпаған жағдайда азаматтардың діни қажеттілігін өтуге бағытталған конфессиялардың қызметіне мемлекеттік ұйымдардың араласпауы.

Мемлекет пен діннің бір-бірінен бөлінуі, мемлекеттің зайырлылығы оның діни ұйымдармен байланыста болып бірлесе әрекет жасауына мүлде тиым салынады дегенді білдірмейді. Діни ұйымдар азаматтық қоғамның институттарының бірі болғандықтан, ал діндар адамдар қоғамның толыққанды азаматтары болғандықтан қоғамда болып жатқан үрдістерге олардың да қатысы бар, олар қоғамдық өмірден шектелмейді. Мемлекеттің діни ұйымдармен байланысы тек ар-ождан, діни сенім мәселесі немесе діни ұйымдардың қызметінің құқықтық жағын реттеумен шектелмейді, қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесімен байланыстылықта іске асырылады.

Дін мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болғандықтан дінді жалпы мәдениеттен, адамның діни бірегейлігін мәдениеттен, білімнен, басқа да әлеуметтік құбылыстардан бөліп жаруға болмайды.

Дегенмен, мемлекеттік ұйымдарда басқа идеологияны таратуға бағытталған діни ұйымдарды ашуға, ұйымдастыруға жол берілмейді, бірақ, сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар білімдік, мәдени-ағартушылық іс-шараларды рұқсат етілген заң шеңберінде бірлесе әрекет етуге, мемлекет меншігіндегі ғимараттарды пайдалануға беру жоққа шығарылмайды.

Мемлекет тарапынан белгілі бір идеологияны таратуға бағытталған діни ұйымдардың іс шараларын қаржыландыруға рұқсат берілмейді, дегенмен, мемлекет тарапынан білімдік, мәдени-ағартушылық, көмек көрсету және басқа да әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға заң шеңберінде мемлекет тарапынан қолданыс көрсетуге жол беріледі.

Діни ұйымдар өз тарапынан мемлекеттің және мемлекеттік ұйымдардың қызметіне, саяси өміріне араласа алмайды – саяси партиялар ұйымдастырып, оның қызметіне араласа алмайды, діни ұйым ретінде мемлекеттік басқару ұйымдарын сайлауға, депутаттыққа кандидат ретінде немесе сайлауды қаржыландыруға құқылы емес.

Бірақ жеке тұлға ретінде, азамат ретінде басқа азаматтар сияқты сайлауға қатысуға, саяси партияларға мүше болуға тең құқылы. Зайырлы мемлекетте азаматтардың құқысы олардың қандай да болмасын дінге немесе діни сеніміне байланысты емес. Осы мәселеге байланысты, ерекше ескертетін нәрсе, мемлекеттік қызметкер діни сенімді ұстануға құқылы, ол оның жеке басының ісі, бірақ өзінің қызмет бабын пайдаланып белгілі бір конфессияға басымдық беруге жол берілмейді.

Жоғарыда келтірілген зайырлық мемлекеттің белгілері мен көріністері бұл мәселені толық қамти алмайды, себебі әлемде мемлекет пен діни ұйымдардың қарым қатынасының құқықтың модельдері сан алуан, біз бұл жерде тек неғұрлым кең тараған жақтарымен шектелдік.

Біздің Қазақстанға, біздегі зайырлық мәселесіне келетін болсақ бізде әлі де болсақ зайырлылықтың атеистік түсінігінен, моделінен толықтай арыла қоймадық, әлі де болса зайырлық мәселесін жан-жақты зерттеп, оның заңнамалық негіздерін жетілдіре түсуіміз қажет.

Зайырлылық дінді мүлде жоққа шығару дегенді білдірмейді. Біздің елімізде әлі де болса дәстүрлі дініміз болып табылатын сунниттік ағымдағы ханафи мазхабының әдептілікті, ізгілікті, имандылық пен парасаттылықты қалыптастыратын, шынайы дәстүрлі діни құндылықтарымызды жастардың, жалпы халықтың бойына сіңіріп тәрбиелеуді әлі де болса толыққанды пайдалана алмай жатырмыз.

Қорыта айтатын болсақ, зайырлылық, зайырлы мемлекет заман талабына сай қоғамның жан-жақты дамуына, қоғамдағы барлық діни ұйымдарға құқықтық кеңістікте өздерінің тиесілі қызметін атқаруына мүмкіндік беретін заманауи құқықтық модель деп айтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Елбасымен бірге – жаңа жеңістерге!» Жастар форумында сөйлеген сөзі//www.akorda.kz
2. inform.kz http://www.inform.kz/ru/memleketimizdin-zayyrlylyk-sipaty-bul-kazakstannyn-tabysty-damuynyn-negizi-n-nazarbaev_a2518839

Рысбекова Ш.С.,

КазНУ им. Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

УЧЕНИЕ АБАЯ КУНАНБАЕВА «О ТРОЕКРАТНОЙ ЛЮБВИ»

Человека, вступившего на путь Божий, Абай называет «толық адам». Проявление «толық адам» (полный человек) поэт видит в воплощении троекратной любви, так в стихотворении «Истина, и сам Аллах, и Его Слово» особое внимание обращается на важнейшую логическую посылку,

определяемую как «имани гул» (культ сердца). Согласно убеждениям поэта, культ сердца утверждает троекратную любовь:

*И ты полюби больше жизни Аллаха,
Который создал с любовью человека.
Полюби все человечество как родного брата своего,
И еще полюби справедливость – путь, указанный Всевышним.
Эта троекратная любовь и есть имани гул [1].*

Итак, «первым условием троекратной любви - учения об имани гуле (культе сердца) он считал необходимость больше жизни любить Аллаха, так как Он создал с великой любовью человечество» [2]. Бог создал мир, человека с любовью, поэтому сила любви к создателю безгранична. Абай убежден, что любовь основа всякой добродетели, но основное благо любви видит в том, что она способна возвысить человека до Бога. Любовь является основной причиной того, чтобы идея вышла из самой себя и потом вернулась к самой себе. О таком понимании любви пишет Гегель: «Подлинная сущность любви состоит в том, чтобы отказаться от сравнения самого себя, забыть себя в другом «я» и, однако, в этом исчезновении и забвении впервые обрести самого себя и обладать собою» [3].

Абай разделяет позицию Гегеля. Восхваляя любовь, он возвышенно и нежно относится к женщине. Женщина в совершенстве отражает красоту Бога, так как является наилучшей и совершенной формой земной красоты. Зажженные ее красотой преодолевают врожденные, заложенные в человеческой природе пороки. Любовь к прекрасному это та сила, которая очищает природу человека и, перевоплощая его, ведет к божественному началу. Любовь – причина овеществления вселенной, основа космических превращений и всякого движения. Все охвачено ею, всюду господствует она, и всеми правит она. Любовь – это целое, а мы ее части. Она выдвигает много аргументов, а мы с их помощью достигаем истины. Благодаря любви сияет небесный свод. Одним словом, любовь является импульсом ко всякому движению, источником жизни, вечного развития мира, силой преобразующей Вселенную. Основой всего является любовь, без которой всякое удовольствие, даже само существование утратило бы красоту и гармонию. Любовь является матерью всего. Любовь – это понимание религии, стремление сердца, восприятие божественного луча. Она не имеет начала. Любовь превращает горечь в сладость, медь – в золото. Лишь тот, кто очистился силой любви достигает поставленной цели, только он обладает великой силой возвышения.

Вторая любовь, по Абаю, заключается в идее беспредельной любви каждого к человечеству «Эта идея – своеобразный девиз поэта в стремлении понять устройство мира» [4]. Не игнорирует Абай и человеческую, земную любовь. Такую любовь он мыслит первой ступенью совершенствования человека. Благодаря подобной любви, человек возвышается над самим собой, в блеске очей возлюбленной он видит Божий луч и руками обнимает бесконечность. Влечение женщины и мужчины друг к другу способствует совершенствованию поступков обоих.

По глубокому убеждению поэта, назначение любви одно: она должна возвысить и утвердить человека в царстве Божьем. Это и есть истинная, сильная любовь. И не имеет никакого значения, направлена ли она на предметы в этом мире или на иррациональные явления. Если любишь другого, если для другого ищешь, для другого желаешь, то это в итоге направлено к Богу, достигает его.

Любовь, с одной стороны, – это свобода чувств, с другой, – это некоторое ограничение свободы человека. Для влюбленного любимый – это символ жизни, в нем сконцентрирован весь смысл жизни. И в этом причина их безоглядной готовности умереть ради любви. Любовь – удел не всех, любить может только тот человек, кто красив душой, и поэтому справедливы строки Абая, который говорит:

*Я твой раб, любовь! Истерзав и дразня,
Ты меня леденишь, сжигая меня.
Улетит надежда - и стынет душа,
Прилетит - и в сердце потоки огня [5].*

Любовь требует от человека чистоты духа. Только чистая душа способна на высокую любовь, ибо она требует самоотречения, риска. Путь любви – очень трудный путь. Любовь – мерило человеческих ценностей, и она же – чувство, которое не поддается разуму. Абай видит назначение человека в следовании общекосмическому ритму. Человек появляется на той фазе существования космоса, где господствует любовь, следовательно, человек должен соответствовать законам любви и избегать всего того, что содействует противоположному космическому началу – ненависти или распрям.

Идея Абая любить справедливость как истинный путь, указанный самим Всевышним, выражает уровень третьей любви, и в основе своей восходит к аргументам из нравоучительных наклія и гаклія, которым посвящено Тридцать Восьмое Слово. В нем сформулированы понятия о

справедливости идеальной и абсолютной. Абай восхваляет справедливость. Он задается вопросом: что такое справедливость? Справедливость – есть желание, потребность души. Это потому, что душа является такой сущностью, которая никогда не исчезает, не поддается порче, а с каждым разом все совершенствуется, идет к возвышению. Справедливость – это великая вещь, это страж порядка в мире и государстве. Справедливость несовместима с ложью и обманом. Образ правоверного человека должен ассоциироваться с такими понятиями, как любовь и справедливость, при этом справедливость – это мать всех благодеяний. Люди, верующие в Аллаха, совершают добрые дела. Хорошему человеку присущи такие достоинства, как добродетель и разумность, а сочетание их есть гармоничность. Справедливость, таким образом, у Абая является категорией добродетели и обязательным условием совершенства.

Как подчеркнуто выше, такие качества как целеустремленность, справедливость, святость, добродетель, разумность в сочетании своем гармоничны. Перечисленные достоинства присущи пророкам, святым, хакимам, истинным мусульманам.

Пророки, святые – те, кто поглощен заботой о потустороннем мире, это люди, влюбленные в лучезарный лик творца и не обращающие свои взоры на блага мира земного. Пророки учат людей терпению, смирению, призывают их встать на путь Божий, думать о загробной жизни. Верующие мечтают о благах потустороннего мира. Святые, проповедуя любовь к Аллаху, удаляют людей от радостей земного бытия.

Абай не признает аскетизма, отречения от земных наслаждений, считая, что все тогда пришло бы в запустение. Отречение от земных благ – это не путь Аллаха, говорит Абай, земные наслаждения дарованы человеку самим создателем. И поэтому отказаться от них означает отказаться от веры в справедливость Аллаха. «Разве отказавшись от благ, дарованных Всевышним, мы не рискуем оказаться неучтивыми, неблагодарными и неблагодарными, впадая тем самым в тяжкий грех?! – Другое дело смирять желание там, где это нужно. Полный отказ от жизненных удовольствий – это не путь правоверных».

С душевной теплотой Абай отзывается об ученых людях и хакимах - энциклопедистах, которые были обременены заботами мира земного, или, как говорится, заботами повседневного быта. Это сословие людей Абай считал самым полезным для общества. Хакимы учат людей, как разумно, с пользой для себя и других прожить на земле. Именно хакимы – опора реальной жизни. «Такая характеристика хакимов – это совершенно новая точка зрения и своеобразное направление в познании Абая. Так как у восточных мыслителей хакимов причисляли к святым, они могут заниматься и теологией. А у суфистов хаким – мудрец – знаток обычного права, к которому обращались для решения различных прав человека, то есть для решения правовых вопросов как к судье или арбитру» [6].

Абай считал хакимами крупных мыслителей и гениальных философов, которые могут творчески осмысливать многие процессы, высказывать собственные суждения о познании причин и о сущности явлений, происходящих вокруг. Хакимы – это те, кто указывает на истоки наук и искусства, поясняет их пользу или вред. Отличие хакима от святого и пророка, в том, что он ищет в любом явлении ее суть, первопричину. Конечно, он не может познать истину до конца, ибо это тайна Аллаха.

Абай был убежден, что достоинства хакимов заключаются в их духовном богатстве, которое накоплено благодаря энергии души и проявляется в различных благородных поступках, совершаемых для всего народа. Абай, утверждая гуманистические идеалы, отмечал, что разум может совершенствоваться лишь благодаря любви к безграничным благим делам. Так, поднимая проблему нравственной личности в Тридцать Восьмом Слове, поэт раскрыл усложненное познание о троекратной любви, которую выразил в следующих строчках:

*Полюби все человечество, считая родным,
И это истинный путь справедливости* [7].

Философия анализирует поступки человека, разделяя их на нравственные и безнравственные. Богословы ставят нравственные поступки в зависимость не от самого человека, которого они считают слабым, а в зависимость от посланного ему свыше откровения. Как просветитель Абай с этим не может согласиться. По его мнению, все зависит от воспитания. Часто приходится слышать: у кого есть совесть, тот не может поступить безнравственно. Современник Абая немецкий философ Ницше говорит, что вовсе не надо жалеть, а надо только слушаться разума, и тогда поступок будет нравственным. Он, конечно, прав, что страдающим нужен разум, но для альтруистического шага важнее иметь сердце. Малый ребенок не способен разумно рассуждать потому, что у него еще нет совести. Но способность разумно обсуждать то, что нравственно и что безнравственно, способность выработанная человеком в продолжении многих десятков, а может быть, и сотен тысяч лет, заложена

в ребенке уже при рождении и только ждет своего времени, чтобы проявиться. Затем в более старшем возрасте появляются лишь зачатки нравственных чувств в виде закономерных поступков, обусловленных еще не разумением совершенного поступка, а только желанием или требованием родителей. В старшем возрасте он выполняет нравственные требования уже по убеждению, в силу любви к добру, а не только из страха перед обществом или из-за посланного ему свыше откровения. Это выполнение нравственных требований совершается им уже как бы независимо от идей пользы и вреда.

На вопрос: с чего начинается стремление у детей стать человеком – Абай отвечает: «Только тогда, когда кто-либо из детей станет жаждать наук и знаний с искренней любовью, только тогда он будет называться человеком» [8]. Понятие нравственности Абай тесно связывает с интеллектуальными качествами человека, и поэтому рассмотренные им определенные нормы как бы характерны и даже обязательны для совершенного человека. Абай считает, что совершенный человек, как и человек вообще, должен быть образован или стремиться к образованию. Его разумная сущность рассматривается как естественное свойство. К основным моральным качествам совершенного человека Абай относит стремление к знаниям, рассудительность, справедливость, скромность, кротость, доброту, правдолюбие, честность, гордость, щедрость. Все перечисленные качества, по словам поэта, неизменно приведут к возвышению, в то время как низменные интересы и невежество, и вместе с ними лень и хитрость, алчность и жестокость принижают человека.

Как и во многих религиях в мусульманском богословии было много работ, посвященных смыслу любви. И речь в них шла о любви не в ее нравственно-этическом аспекте и, тем более, не в ее чувственных основах, но, скорее, как о духовном эросе, как о космической энергии всего сущего. При этом люди оказываются охваченными и пронизанными ею в достаточно высокой степени. Одной из последователей такого понимания любви была Рабия Адавия (в казахском прочтении Рабига), верующая, посвятившая себя только служению Аллаху и стремившаяся к слиянию с ним в акте духовного эроса. Душа, духовно созерцающая возделенную и единую красоту, уязвляется Божественной любовью, настраивается на все духовные добродетели и в результате приобретает беспредельную и неистощимую любовь к возделенному для нее Аллаху. Отдавшись Аллаху как пылкая возлюбленная, она и живет уже жизнью возлюбленного, а не своей собственной.

Абай воспринимает учение Рабиги как ступень на пути познания Аллаха. С течением времени ее учение стало ведущим в философии ислама. Если разобраться по существу, то основа мировоззрения суфистов – это «философия любви» Рабиги. Г. Есимов пишет: «Философия любви» оказала огромное влияние на арабо-персидскую культуру, поэзию Средней Азии и Казахстана, поскольку тема любви в искусстве и литературе давала возможность мыслить демократически, свободно. Певцами любви были знаменитые поэты Фирдоуси, Низами, Руми и другие. В основу сказок «Тысячи и одной ночи» также положена тема Любви» [9].

Понятие любви выступает как центральная философско-мировоззренческая категория, связующая воедино сферы онтологии (бытийственный аспект) гносеологии (познавательный аспект), этики (нравственный аспект), эстетики (аспект духовного наслаждения). С ее помощью мусульманская мысль пыталась проникнуть в «святая святых» жизни и бытия в целом, описать сложнейшие космические и социальные процессы, приведшие к возникновению разумной жизни. Осознав любовь главной созидательной и движущей силой Вселенной, суфийские мыслители стремились убедить человечество строить жизнь по ее законам.

В казахской степи «философия любви» распространилась в другой форме – в поэзии любви. Любовь человека к Аллаху трансформировалась в любовь мужчины к женщине, но суть оставалась прежней: любовь должна быть бескорыстной. Беззаветная преданность влюбленных, их верность – это путь Божий. Однако в любовной поэзии на первый план выдвинулась эстетика чувственной любви. Несмотря на то, что поэзия любви и повторяла сюжетную линию и основные принципы «философии любви», она имела окраску эстетизации земной любви. Поэты любят красоту юности, описывая лирические переживания героев. О любви говорят двое – юноша и девушка. Любовь двух юных существ, их верность друг другу, пронесенная через вереницу тяжелых испытаний и опасностей, их целомудрие, сохраненное в борьбе с постоянными посягательствами на него, прекрасны и достойны восхищения.

К любовной лирике Абая подходить с обычной меркой нельзя. Как известно, Абай выступал не только и не столько как восточный лирик или народный поэт, он был великим гуманистом своей эпохи. И как истинный большой художник, искавший свой идеал в нравственном совершенствовании человека, Абай не смог остаться в рамках любви к Единому Существу, а страстно воспевал высшую и чистую земную любовь со всеми ее радостями и муками. Абай воспевал любовь искреннюю,

бескорыстную и самоотверженную, резко осуждал любовь эгоистическую. Он сурово порицает людей, которые больше любят себя, ставят свою личность, свое индивидуальное «я» выше предмета своей любви. Осуждает неверность.

Концепция любви у Абая многогранна. Первое место в ней занимает любовь к Богу: «возлюби Аллаха всей душой». (Об этом говорилось нами при анализе стихов «Творца любовью создан человек»). Во-вторых: все человечество, как своих братьев. Надо любить всех людей, без различия вероисповедания, языка, рас. В-третьих: считая любовь к человечеству Божиим делом, справедливым, надо любить справедливость. Называя любовь к этим трем священным чувствам благоуханным цветком, Абай заключает: «Подумай, и пытайся всюду сеять семена этого цветка. Не жалея для этого ни богатства, ни жизни своей» [10].

Темы любви к женщине и ко всему сущему у поэта тесно взаимосвязаны и многомерны. Описание человеческой земной любви через ее возвышение и обожествление – одна из главных сторон творчества Абая. Духовная любовь в учении Абая соединяется с реальной человеческой любовью. Он воспекает такие извечные высшие начала, как верность, уважение, святость, воспитывая тем самым в человеке самые лучшие качества. Описанию любви посвящено много стихов. Любовь – это высшее человеческое чувство. Поэт считает, что человек не должен относиться к любви, как к забаве, развлечению, а должен считать ее священной. Бог есть абсолютная красота, человек, познав эту красоту, стал влюбленным. Поэт словесно обыгрывает каждый традиционный элемент красоты, любуясь его чарующим действием на влюбленного партнера. Часто прерывает описание репликами восхищения, сетованиями на неописуемость красоты:

*Глаза горят, прекрасен лик,
На глади щек рубинов блик,
А шея блеском, как ледник,
И лук бровей, и тонкость рук.*

Абай усматривал в любви важнейший и универсальный творческий принцип Вселенной, на котором основывается ее духовное и жизненное бытие.

Литература:

1. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Избранное. /Пер. с каз. и комментарии Ауезхана Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. С- 57
2. Мырзахметов М. Восхождение М.Ауезова к Абаю. (Монография). – Алматы: Санат, 1994. С. 64
3. Там же. С. 67
4. Орынбеков М. Философские воззрения Абая. Алматы: Білім, 1995. С. 39
5. Абай. Шығармаларының бір томдық Толық жинағы. Алматы, 1961 С. 51
6. Мырзахметов М. Восхождение М.Ауезова к Абаю. С. 72
7. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Избранное. /Пер. с каз. и комментарии Ауезхана Кодара. С- 65
8. Орынбеков М. Философские воззрения Абая. С. 45
9. Есимов Г. Хаким Абай. Алматы: Білім, 1995. С. 59
10. Абай. Шығармаларының бір томдық Толық жинағы. С. 89

Әубәкір Дәуренбек Әзенұлы

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника,
электроника және телекоммуникациялар кафедрасының профессоры,
философия ғ.д., ХАА, ХЭҚТТҚА академигі.*

АБАЙ – ФИЛОСОФ ЕКЕНДІГІ ХАҚ: МҰХТАР АШҚАН ҚАЙНАР БАСТАУЛАРДЫ ҮШКІЛМЕН ТҮЙІНДЕП БЕРГЕН – ШАҚАНАЙ

Кіріспе. Аяулы әріптес ағамыз Шақанай Әміржанұлы Әбдірайымовтың (1930-2006) «Абай жұмбақтығы – философиялық мәселе» атты ғылыми-зерттеу жарияланымына бас редактор болу өзіме бұйырғанына бақыттымын деп санаймын. Осынау күрделі де ауқымды еңбекке сараптама жасау, пікірлеме беру ойламаған, өзім күтпеген жағдайда орын алып отыр. Автордың кім екенін естігенде және де монографиямен танысқан соң, бұл әріптестерім жүктеген тапсырмадан бас тартуға болмайтынын түсіндім, тіптен, соның үрдісінен шығуды өзіме парыз, мәртебе деп білдім.

Ұлы бабамыз Абай жолын ғұлама ғалым-жазушымыз Мұхтар Әуезов қандай жағдайда, қай заманда дүниеге әкеліп, қилы-қилы заманауи қалтарыстарға, қылышынан қан тамған империялық

зобалаңға қарамастан, қазақ үшін өркениеттің даңғыл жолына айналдырды емес пе. Біз бүгінгі егемендіктің арқасында, бейбіт өмір тұрғысынан енді ғана түйсінуге мұршамыз келіп отырған жоқ па: Мұхтар Әуезов осы қатерлі істе басын тігіп, абыройын тәлкекке салып, өмірін жанпида еткенін жан-тәнімізбен сезінетіндей уақыт жеткенін.

Қазақтың ел болып, жұрт санатында жай сақталып қана қалмай, болашақ өркениет көкжиегіне құлаш ұруына бірден-бір алғышарт – Абай бабамыздың даңғыл жолы: соның бағдарымен патшалық отарлау дәуірінен де, кеңестік тар-қапас ғасырынан да халқымыз әуірімдеп шықты-ау, әйтеуір. Ал, сол жолдың кеңестік замандағы мызғымас темір-қазығы, шам-шырағы Мұхтар Әуезов болғандығы баршамызға – зор мақтаныш, шоң абырой!

Ғұламаның «Абай» романы, «Абай жолы» роман-эпопеясын жазғанымен ғана осынау ұзын-сонар өркениет жолындағы еліміздің рухани көш жүрісі тауысылмайтынан тағы бір мәрте қайран әріптес-аға Шақанай Әбдірайымов дәлелдеп те, дәйектеп те көрсеткен екен.

Халқымыздың екі ұлыларына ғылыми ізденістерінде, зерттеулерінде жүгінбеген, қалам тартпаған ақын, жазушы, ғалым, қайраткер жоқтың қасы, бірақ-та, осы еңбектің авторы тыңға түрен салғандай, жаңашылдығымен, жаңғыртпалығымен, тосындығымен ерекшеленіп, оқыған адамды таң-тамаша күйге бөлейтіндігін айтпасақ болмайды.

Иә, бәз-біреулер ойлауы не айтуы мүмкін: не жаңалық, қандай бүкпе сыр, нендей Абай бабамыздың ашылмаған, осы күнге дейін беймәлім қырлары бар – деп. Еңбекті оқи бастап, мән-мағынасына, мазмұнына тереңдеген сайын, «Абай – терең тұңғыық!», «Абай – мәңгілік тақырып!» деген тұжырым ойлардың ақиқатына көзің жете түседі екен.

1. Мен өзі кіммін: «тарих тәлкегіне бәс тігетін жерге – бас сұғардай?..»

Мен өзім әу бастан мамандығым бойынша математик едім. Он жылдай философтармен араласып, ғылыми ізденуші болып жүріп, 2001 жылы Абай бабамыздың атындағы мемлекеттік университетінде докторантурадан өтіп, 2006 жылы «ғылым және техника» философиясы мамандығы бойынша «Ақпарат пен үйлесім арақатысын ғылым және техника философиясының келелі мәселесі ретінде қарастыру» тақырыбында докторлық диссертация қорғағанмын: ғылыми кеңесшілерім философия ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҰҒА академигі, бүгінгі мерейтой иесі Ғарифолла Есім ағамыз, философия ғ.д., профессор Мұхтар Зиядаұлы Изотов. Мінеки, осы және Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин, Зия Аташұлы Мукашев, Мұрат Сәбит, Нығмет Аюпов, Дәуренбек Құсайынов, Сергей Кольчигин, Акрамхан Қапышев т.б. философтардың құнарлы ортасында өзім де қалай философ болып шыққанымды байқамай қалыппын. Бұны мен тәптіштеп айтып отырғанымның себебі – Ұлы бабамыздың шапағаты менің өзімнің де философ болуыма түрткі, қозғау күш болғандай... Дегенмен де, солай бола тұрғанымен, мен осы философпын ба, әлде жоқ па? – деген сауалды өзіме де қатысты қоюым керек сияқты.

Шақанай Әбдірайымов туындысына қайта оралмас бұрын, осы дилемма-сауалға жауап іздеп көрейік. Бұл мәселенің осындай сипат алуына себеп мына жайт: егер кімде-кім мені философ емес деп дәлелдесе, онда бабамыз Абай да философ емес, ал, егер-әки ондай бірде-бір философ-маман табылмаса, яки мен еш дәлелдеусіз философ екенмін, онда дәл солай ешқандай даусыз – Абай бабамыз да философ! Осы арада килігуші біреу шығып, сұраса-ше: «әй, философ болғандарына болайын, философия – ғылым ба өзі, әлде жоқ па?!».

Әлбетте, мәселе осылай диалектикалық логиканың силлогизм әдісімен еш қиындықсыз шешіле салса ғой, онда Шақанай Әбдірайымовтың аталмыш туындысының да қиыннан-қиыстырған, үйлесті-қиюластырған, алыстан сермеп, бүкіл жан-тәні, ыстық жүрегімен тербеп, тереңнен кеніштеген сипаты қажет болмас та еді.

2. Сарапшы болсаң – әділдікті арқалан, хас билерше

Әріптес ағамыздың қажырлылығына, қайтпас қайсарлығына бас ие отырып, енді осы еңбекті сын таразысынан өткізіп бағайық. Алдын ала ескерілуге тиіс тағы бір жайт – менің физика-математика саласынан ғылым кандидаттығына дайындалу барысында өмірлік рухани жан азығым ретінде бойыма сіңірген мамандығым, яки білімі-ғылыми кәсібім кибернетик болғандығым. Яғни, жүйе ұғымын аталмыш еңбекке қатысты талқылауда қос ғылыми тұрғыдан келмекпін: бір жағы – философия тұрғысынан, екінші жағы – кибернетика тұрғысынан. Бұлай деуімде бір гәп барын айтып қойған да артық болмас: «Жүйе» ұғымын анықтауда, түсіндіруде ғылымның кибернетика һәм синергетика салаларының басқаларда бір көп жағдайда ескеріле бермейтін тұсы бар, оны ғылымда «мезоскопиялық» деп атайды. Қарапайым сөзбен айтсақ, жүйе болудың жәй ғана көптеген құрауыш элементтерден тұруынан солардың басын бірегей ұғымға тұтастырудан басқа аса маңызды тұсы: жүйе өзін құрайтын құрауыштарының сипаттарын, қасиеттерін, іс-әрекеттерін өз бойына сіңірумен

қатар, оған сол құрауыштарының ешқайсысында байқалмайтын, тіптен болмайтын жаңа сипаттың не қадір-қасиеттің немесе ерекше іс-әрекеттің пайда болып, жүйені бүтіндей жаңаша ерекшелейтіндей болуы. Тағы да маңызды деуге келерлік талап – қарастырылмақ жүйенің құрастырылуы (егер жүйе жасанды, адам қолынан шыққан болса) немесе табиғи бар болуы, жүйе болуының арнайы қағидалары.

Мінеки, Абай бабамыздың мұрасында, жалпы тіршілік болмысында философиялық жүйенің болған-болмағанын осындай талаптар үрдісінен қарастыру ләзім. Енді аталмыш еңбектен үзінділер ала отырып ({...} – үзінді белгілеуі), сараптамалық талдауды жалғайық.

{Абайдың – «ақыл», «қайрат», «жүрек», «ой-сана», «ғылым», «білім», «білмек», «білсем», «ниеттеніп білмекке» т.б. ғылыми-теориялық қағидалар төңірегіне шоғырланып, тұтасып, бірігіп Абай жұмбақтығының сырын ұғуға мүмкіндік береді} ([1]: 1-кітап, 99 б.). Яғни, қағидалық жағынан «философиялық мәселе» жеткілікті мөлшерде бай деуге болады. Кей мамандар бұларды философиялық құрауыштар емес қой – деуі мүмкін. Шынтуайтында, адам, адамзат, қоғам тіршілігінің болмысы неден құралады? – деп, сұрақ қойсақ. Дәл жоғарыдағы қағидалық ұғымдардан (шын мәнінде еңбекте ол 8-ден әлдеқайда көп!). Ал, «болмыс» дегеніңіз – нағыз философиялық категория да, қағида да және де «ой-сана» ұғымымен бірге философия ғылымының ең негізгі зерттеу дүниесі – пәндік нысаны.

{Абай философиясының жүйесін зерттеп, талдаудың теориялық негізі – Үшкіл деп қабылдап, осы тұрғыдан Абай «жұмбақтығын» түсінуге көмектесетін ғылыми-теориялық, әрі әдістемелік бағыттарын да анықтаған болар едік. Демек, ізденісімізді әрі ұйымдастырушы, әрі мазмұнын құратын қағидаларын тұжырымдап, түсінуге бетбұрыс жасауға көмектесетін тұтастық қағида – «Үшкіл»} ([1]: 1-кітап, 157 б.). Бұл «Үшкіл» қағидасы туралы идеяның алғашқы авторы Ақжан Машанов (Машани) екені баршаға мәлім, Шақанай Әбдірайымов осы идеяны әрі қарай дамытып, өте орынды һәм нәтижелі қолданған, сондықтан «Үшкіл» Абай философиясын қағидалық жағынан күшейте түскен.

Мұхтар Әуезовтың 20 томдық жинағының 20-шы томының 54 бетінен автор келтірген үзінді: {«Абай енді өзінің қоғамдық, тарихтық жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Өзі де ғылымды зерттей бастайды. Сонымен, 1884 жылдары жасы қырыққа таман ілінгенде, - деп, ғалым-жазушы ойын әрі жалғастырады, - ол дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы ғылыми философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар қырағы озғын азамат болып, жекеленіп шыға бастайды...»} ([1]: 1-кітап, 158 б.). Осы үзіндіде және төменде Мұхтар Әуезовтің «Абайда философиялық система жоқ» дегені жай ғана секем ретінде астыртын айтылғаны туралы Шақанай Әбдірайымовтың ойымен толықтай келісемін, тіптен, ғұлама-жазушының неге солай еткендігі көкірегі ашық, ой-санасы зерделі адамға айдан-анық түсінікті ғой, тек кейбір абайтанушы деген мамандардың соны түйсінбеуі таң қалдырады. Осы Гордий түйінін шешіп-тарқатушы – биік интеллектті автор.

{«Абай Үшкілі» ұлы ойшыл философиясында жүйе (система) бар деген ойды негіздеп, Мұхтар Әуезовтің «Абайда философиялық система жоқ» деген секемін сейілтіп: «жоқ емес, жүйе бар» деген тұжырымды қуаттауға ақыл қосады. Сонда, Абай философиясы әлемдік философия дәстүрлі қағидаларымен байланысын қазақтың: «Оты», «Жері», «Суы», «Ауасы», яғни көне гректердің дүние пайда болуы мен құрылымының алғаш бастамасы, «алғаш себептілігі» сырын ашуға бағытталған қағидаларының логикалық жалғасы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Мұнымен бірге Абай философиясы көне гректердің аңғырт, мифтен аса алмаған көзқарасынан тереңірек жатыр. Абай ғалым ретінде өз заманының ғылыми-техникалық жетістіктерінен хабардар екенін, түсінігі бар ғалым екенін де аңғартады, оған электр қуаты (электрон), зауыт, фабрика жөнінде философиялық сөздерінде келтірген деректері куә. Мәселен, үш миллион халқы бар ірі қалалар, жер шарын үш айналып шыққан жиһанкездер туралы айтқаны, әлем ақпарат құралдарынан тым шалғай жатса да, деректі, негізді пікірді жоғары бағалайтынын, бұларды ғалым көзімен қабылдап, қатты дәріптейтінін танытады емес пе?!} ([1]: 2-кітап, 168-169 бб.). Қазақ саһарасының жай ғана ойшылы деп жүргеніміз осылайша, «Абай философиясы» – «Абай – философ» тұғырында!

{Сонда, Абай ғылымы тілімен айтсақ, зерде, санат (интеллект) «адамдықтың орыны» – надандықтан қорғайтын қамал, әділдік, ақиқат жолына апаратын сенімді ғылыми құрал.} ([1]: 2-кітап, 179 б.). Абай бабамыздың заманында «интеллект» ұғымы бүгінгі мән-мағынасында болмайтын, соған қарамастан, дананың шығармаларында соның дәл мағынасын білдіретін ұғымдар молынан болғанын көрсетеді автор, ал бұл Абайды философия олимпіне көтереді: жәй ғана өз заманының емес – болашақ философия олимпіне!

{Абай мен Мұхтар Әуезов шығармаларын мұқият оқып барып, «мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдап» ойшыл даналардың шығармашылығы арнасы «Үшкіл» мен ғылым екенін түсіндіру, дәлелді негіздеу мақсатында «интеллект», «ойшыл», «шығармашылық» қағидалары туралы ойымызды

ұсындық. Ал бұлар болса, Абай философиясы жүйесін негіздейтін келесі мәселелер – ғылым мен дін екенін қуаттайды} ([1]: 2-кітап, 184 б.). Демек, Абай бабамыз дін, діншілдік сенім-наным ұғымдарына ғылым тұрғысынан – философия тұрғысынан келе алған, яғни дінді адами дүниетаным деп білген.

{Сократ хақим айтты деп, Абай дүние (материя) туралы өз ойын тұжырымдайды. Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай-тұғынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен, бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі, бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл хисабына, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды, - дейді», – деп, Сократ болып философ Абай өз ойын ұсынады (*Абай. Екінші том, 123-124 бб.*).} ([1]: 2-кітап, 185 бет). Қазақ саһарасының Сократы – біздің Абай бабамыз, яғни ежелгі грек ғұлама философтарының ортасынан ойып тұрып орын алған болар еді: осылайша, «Гректің теңдессіз 7 данасы» құрамындағы көнекөз бабамыз Анахарсис данышпан Абайдың тарихи прототипі іспеттес...

{Абай философиясы жүйесін «ниеттеніп білуге» бет қойған зерттеушілердің бірі Бақыт Ғабдуллин: «Абайдың философиялық көзқарастарын сөз еткен кезде ойшыл ақынды тек философиялық категориялардың төңірегінде телміріп, «сана» мен «материяның», «рух пен табиғаттың», «ойлау» мен «болмыстың» ара қатынасын қалай шешті, түсінді, материалист пе, әлде идеалист пе, немесе таным теориясында ойлау мен сезімнің арасын қалай түсінді, рационалист пе, әлде сенсуалист пе деген кесімді сұрақ қойып, оған кесімді жауап талап ету қажет бола қояр ма екен?» ([1]: 2-кітап, 190 б.). Әлбетте, бұндай сұрақ қою – орынсыз. Дегенмен де, ғылымда да кербез мінез кірпияз адамдар болады ғой – орынды-орынсызына қарамай, сұрақ қоя беретін: ондай сұрақ қойылса, тартынатын несі бар – «иә, Абай герменевтик-ғалым, көнеше – Сократшыл, Батысша – Кантшыл данышпан философ».

{Сол кездесуде Абайдың сүйенгені әл-Фараби ілімі болған. Екінші жағынан миссионердің алдына Лев Толстойдың пікірін тартқан. Бұл өзі сол кезде, онан бергі кезде халық арасына жайылып, аңызға айналған. Сонан бірер мысал. Миссионер Абайға: «Сіздің «Дүние бір тарының қауызына сияды» дегендеріңіз ақылға сымайтын нәрсе ғой», - деген. Сонда Абайдың берген жауабы: - Сіз бен біз мынау жарық дүниені көріп отырмыз. Аспандағы Ай мен Күнді, жұлдыздарды көріп отырмыз. Осы көруде көздің қарашық қылауы тарының қауызымен мөлшерлес деуге болады. Демек, көздің зередей қарашығында осынша әлемді сиғызатын тәңірім шебердің ісіне шек келтіруге бола ма? – деп жауап берген. Бұл сөз әл-Фарабидің жарық сәуле жөніндегі қағидасында бар. Абай даналығының қадамын аңғарған миссионер оны үгіттеудің орнына онан тағылым алуға айналған. Осы оқиға сол кездегі халық арасына кеңінен тараған. Абайдың даналық дәрежесі бұрынғысынан да жоғары көтерілген», - дейді ғұлама ғалым (*Ақжан Машанов. Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994, 94 б.*).} ([1]: 2-кітап, 197 б.). Әл-Фараби ғұламаның әңгіме өзегі болып отырған қағидасын Абай бабамыз біліп, түсініп немесе білмей, өзінше түйсініп қайталап отырса, бұл дегеніңіз Абай ғалымдығының бұлтартпас дәлелі. Ғ. Есім «Абай хақим» деген еңбегінде әр хақим – ғалым деген баба сөзін жаңғыртады, бірақ бабамызға философ-ғалым деген атақты қимайды, сонда философ болмағанда қай саланың ғалымы деп шешкен екен абайтанушымыз?.. Ш. Әбдірайымовтың осы еңбегі болмағанда, абайтануымыз осылай жартыкеш, дүдәмал қалпында қалар ма еді, ойпырмай, қайтер еді?!

{Ұсынып отырған еңбегіміздің екі бөлімінде қаралған, талданған, зерттелген мәселелерді қорытындылай келіп айтпағымыз: Абай шығармашылығының ең тұтқалы, ең тағдырлы және тұлғалы қағидасы – ел бағу мен ой бағу мәселелері. Бұлар болса, диалектикалық қарама-қарсылықтар тұтастығы мен ажыратылмас бірлігі. Ел бағу – ең алдыменен адамның өзін бағудан аяқтанады. Ел болсын, мемлекет болсын, жеке-дара адам болсын өз ойын бақпай елді бағу қиынға түседі.} ([1]: 2-кітапы, 311 б.). Бұдан бүгінгіше айтқанда, «Абай – саясаттанушы, ел басқарушылыққа лайық» деген қорытынды шығады.

{Абай сөзіне өте мұқият болу қажет. Қазақ сөзіне өрелік, өрістік, жүйелік сипат беріп, мұны философиялық сыннан өткізіп – «құстартқан» ақын, философ, ғалым Абай еді. Ұлы ойшыл қазақ сөзін не түрлі «мисыз», «ақылсыз», «ойсыз», «білімсіз», «надан», «қу тілді» ақымақтардан азат етіп, тазартуға бар өмірін сарп етті.} ([1]: 2-кітап, 314-315 бб.). Ал, бұдан бүгінгіше айтқанда, «Абай – герменевтик философ-ғалым» деген қорытынды шығады.

{«Абайдың жүзжылдығын өткізу үшін арнайы комиссия құрылды. Абай дастаны ертеден әдебиет, өнер саласынан орын алып келгені мәлім. Сонымен қатар, академия Абайдың басқа саладағы еңбектерін еске алды. Абай шығармасы әдебиет шеңберіне сыймайды. Оның ойшыл философ екені

мәлім. Және де табиғат дүниесіне көзқарастары көрсетілуі керек деген пікір болды. Осы кейінгі мәселе жөнінде маған баяндама жасау, мақала жазу тапсырылды» (*Ақжан Машанов. Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994, 72 б.*). Менің ұғып, білуімше, Абай философиясы жүйесін зерттеуде жаңашыл ой төңкерісін жасаған ғұлама ғалым, ол – Ақжан Машанов. Сол төңкерісшіл ойы – «Абай Үшкілі» – ізденісіміздің басты, жетекші деген бағытын қалыптастыратын теориясы да, логиксы да. Абай сөзін философиялық деп қабылдауға ақыл қосатын келесі төңкерісшіл ойы – «Абай шығармасы әдебиет шеңберіне сыймайды» – деген қағидалы пікірі.} ([1]: 2-кітап, 327 б.). Бұл екі үзіндіден шығатын тұжырым: Абай заманауи Томас Кунше талдасақ, «ғылыми-парадигмалдық революция» жасаушы, демек, Абайдың философ-ғалымдығы хақ.

{Абай ең алдымен сөздің танымдық, логикалық сипатын айтпай ма?! Сондықтан да Абай сөзі, өзі айтатын, өзі ұсынатын: «жүрегі айна», «көкірегі көзді», «көңілі ояу», «жан жарығы», «жан қуаты» бар адамға арналған емес пе?! Абай сөзінің ішкі философиялық сыры да осында ғой.} ([1]: 2-кітап, 331 б.). Сөз қасиетін ұғынуда, өз халқының тарихын, тіршілік болмысын, бүгін мен болашағын зерделеуде Абай бабамыз батыстық Жаңа заман ғұлама-философтары деп жүрген Х. Гадамер, М. Фуко, Р. Дж. Коллингвуд, К.Р. Поппер, И. Лакатос, Л. Лаудан, Т. Кун, П. Фейерабенд, Р. Карнап, У. Куайн, Э. Гуссерль сынды ғалымдырдан еш кем соқпайды, тіптен солардың баршасының синтезі деуге боларлық.

{Ұлы Абайдың дана ойын жүдетпей, «қарапайым, жеңілдің» қамауында ұстау қиянат болар. «Аға туыстың» қас-қабағы астында қысылып, қымтырылып өскен Абай сөзіне әлемдік философия деңгейіне шығуына мүмкіндік тудыру – қазақ ғылымының өскелең, Абай аруағы алдындағы ұлттық борышы.} ([1]: 2-кітап, 338 б.). Жоғарыдағы түсіндірме-талдау осы үзіндіде айтылған ұлттық борышымызды нақтылай түсіп, бағыт-бағдарын да көрсетеді.

3. Абай – философ: жүйелілік қағидасы тұрғысынан дәйектеме

Сонымен, сарапшылық ойымызды қорыта келе, жинақтап айтпағымыз:

Философияның сонау Аристотель анықтаған екі бағыты бар емес пе – диалектика һәм метафизика. Шақанай Әміржанұлының осынау ұланғайыр еңбегінде диалектика, диалектикалық логика саласынан Абай бабамыз нағыз философ-ғалым болып шыққанына шүкіршілік дегендейін, көңіліміз марқайып, төбеміз көкке бір елі ғана жетпей қалғандай сезінудеміз; сөйтсек, Абай бабамыз метафизик-философ деп атауға да тұрарлық тұлға екен! Ал, метафизика философияның идеалистік бағытын туындатқаны белгілі. Несі бар – Гегельді, «әй, ол идеалист» деп, балағаттаған маманды көзіміз көрсе – бұйырмасын, керісінше, Батыстағылар түгілі, кешегі Кеңес Одағы философ-ғалымдары, идеологтары оның аяғын жерге тигізбей, философтардың философы, ғалымдардың ғалымы дегендей құрметтеді ғой – Лениннің де, Маркстің де солардың ішінде!

Талдап отырған еңбекті және оның басты мәселесін сараптауда біз жоғарыда жоспар ретінде айтқан «мезоскопиялық» ұғымы қолданусыз қалып отыр. Енді біз соны Абай бабамыздың ғылымында, философиясында «жүйелік» бар ма, «жүйелілік» қағидасы қалай көрініс тапқан, осылар болса – қандай деңгейде дегенді қарастыру үшін қолданып көрейік. Сонымен де, Абай бабамыздың ғылымының да, философиясының да құрауыштары болуға лайық түсініктері мен ұғымдары һәм қағидалары мен нәтижелік тұжырымдамалары жетіп артылады екен. Солардың бастарын қоса отырып, Абай солардың көмегімен нендей дәрежелерге көтерілді, Абайдың тұлға болуының мән-мағынасы неден көрінеді? – деген сұраққа жауап издесек:

- «Абай – әлеуметтанушы һәм қоғамтанушы-қайраткер»;
- «Абай – саясаттанушы һәм саясаткер»;
- «Абай – мәдениеттанушы һәм кемеңгер»;
- «Абай – сазгер, ән шығарушы – композитор»;
- «Абай – ақын-жазушы, сөз зергері, моралист»;
- «Абай – педагог һәм ағартушы»;
- «Абай – философ һәм ғалым»;
- «Абай – тарихшы һәм халық өмірінің шежірешісі».

Мінеки, «жүйелілік» қағидасының ерекше «мезоскопиялық» түрде көрінуінің нәтижесі – Абайдың тұлға болуының белгілері осындай.

Ескертпе. «Жүйелілік» қағидасының қолданыс табуының ұғынықты болуы үшін тағы бір бүгінгі Қазақстан жағдайынан мысал келтірейік. Ел рәміздері: Ата-заң, Ел-таңба, Ту, Ән-ұран; Парламент, Ақорда, Президент, атқару және басқару органдары – институттары т.б. бір ұғымға құрауыштар болып саналады: әр құрауыштың өзіндік сыр-сипаты бар, іс-әрекеттік қолданылуы бар, бірақ осылардың ешқайсысында жекелеген түрде астаналық сипат жоқ. Ал, егер осыларды жүйе түрінде

бастарын біріктіріп, «мезоскопиялық» қағидасының орындалуын талап етсек, онда ерекше сипаттағы астана болу – «Астана» ұғымын аламыз.

Қорытынды. Философ-ғалым Шақанай Әбдірайымов адамтану, тұлғатануда ғылыми айналымда бұрын-соңды кездесе қоймайтын «Үшкіл қағидасы» ұғымын енгізген. Зерттеуші оны былайша негіздейді: Абай шығармашылығына диалектикалық тұтастық сипат беріп, мұның мазмұны мен мәнін ашатын «Үшкіл» атты теорияның ғылыми мүмкіндіктерін іс жүзінде байқап, сынамақпыз. Үшкіл төңірегіне ізденісіміздің мына бағыттарын шоғырландырмақшымыз. Басын ашып айтсақ, олар ([1, 36 б.]: 1-кітап):

- *біріншісі* – Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасы;

- *екіншісі* – Абай мен Мұхтар Әуезов шығармашылығы, бұның халықтық, ұлттық және ұлтжандылық қасиеттері;

- *үшіншісі* – біздің түсінігімізде ең талас, тартыс тудыратын мәселе: ол – Абай философиясы туралы ойлар, болжамдар.

Абай философиясы мәселелерін жиынтықтап, тұжырымдап топтастырып, бұның жүйесін, жұмбақтығын, «ниеттеніп білмекке» бет қойдық.

Жаңашылдық сипаты айқын осы «Үшкіл қағидасы» ұғымының бара-бара ғылыми терминге айналары сөзсіз. Егер әрбір шығармашылық өнерпаз болмысын осы үшкіл қағидасы талаптарына сай зерттей бастасақ, онда сол саладағы ғылымға да, ғалымға да пайдасы молынан тиері анық. Өйткені, гуманитарлық ғылымдардың әр саласы «өз қотырын өзі қаси берудің» уақыты өтті. Абай мен Мұхтар Әуезов әлемінің тарихи да, ұлттық та, рухани да тамырларын осы қағида тұрғысынан қарастыру авторды талас тудыратын тың мәселелерге жетелеген. Сондықтан да, қоғам және адам, оның ішінде өнерпаз дара тұлға болмысы мен дүниетанымы туралы дәлелді ой-пікірлер сонылығымен көңіл аудартады ([1, 9-10 б.]: пікір беруші Жандос Қожахметұлы Смағұловтың пікірінен!).

Әдебиеттер:

1. Әбдірайымов Ш.Ә. Абай жұмбақтығы – философиялық мәселе. Ғылыми-зерттеу жарияланым: 3 кітаптан тұратын Монография. – Астана: 2015. / Бас редактор Д.Ә. Әубәкір (1-кітап: – 282 бет; 2-кітап: – 344 бет; 3-кітап: – 128 бет).

2. Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2013. (1-кітап: – 376 бет; 2-кітап: – 432 бет; 3-кітап: – 384 бет; 4-кітап: – 400 бет).

Әрінова Бақыт Айтұқызы,

педагогика ғылымдарының кандидаты,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің доценті.

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ СТУДЕНТ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Еліміздің сан ғасырлық даму тарихында ата-баба дәстүрімен біте қайнап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан «ұлттық идея», «ұлттық болмыс», «ұлттық сана-сезім», «ұлттық намыс», «ұлттық патриотизм» ұғымдарының қазіргі студент жастардың ұлттық тәрбиесіндегі орны айрықша. Осы ретте отандық жоғары білім беру жүйесіндегі басымдықтар Ұлы дала құндылықтарына негізделіп, оқыту мен тәрбиелеу үдерісі «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Елбасының «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз–Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел– елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді», - деген тұшымды ойы бұған дәлел болады. [1].

Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі тасқа жазылған Күлгегін, Тоныкөк жырларындағы тағылымды тәлім, ұлағатты тәрбиелік тұжырымдар сонау ықылым замандардан бастап, бүінгі жаңа дәуірде де елдіктің, ерліктің дастаны ретінде барша түркі баласының басын біріктіретін ұлы мұрат, ұлы дала құндылықтарының бастауы болып қала береді. Ұрпақ тәрбиесі тарихта болған ойшылдардың дүниетанымы мен қазақ жерінде туған ой-пікірлердің негізінде қалыптасты, онда

айтылған ой-пікірлердің барлығы адамгершілік қағидаларына бағытталып, жақсы адам болуды нысана тұтқан. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өнеге мен өсиетке негізделген нақыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр ата-бабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты болғандықтан «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын қазіргі студент жастардың ұлттық тәрбиесінің құралы ретінде қарастырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңында «Жастар мемлекет дамуында белсенділік танытатын субъект ретінде өмір жалғасы, болашақ тізгіні және келешекте ата-бабамыздың игілік жолын жалғастырушы мұрагер деп танылады. Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі біздің ортақ Отанымызға - Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс», - деп жазылған. [2]. Мұнан ұлттың болашағы ретінде жастарға үлкен міндет жүктелетінін байқаймыз. Сол себепті білімді де іскер, талантты да мәдениетті, кісілік қасиеттерді бойына сіңірген, аға ұрпақтың тағылымды тәрбиесімен ержеткен, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, бәсекеге қабілетті, өнегелі жастар мемлекетіміздің асқақ мұраттарын жүзеге асыратын күш болып табылады. Ал олардың ұлттық тәрбиесінің халық тәжірибесіне, дала даналарының ой-пікірлеріне құрылуын заңдылық деп түсінеміз.

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген ұлттық ұлағаттың қайнар көзі сонау көне дәуірлерден бастау алып, қазіргі қазақ мәдениетінің қалыптасуына негіз болғандығына тарихтың өзі куә. Төрткүл дүниеге танымал болған ойшыл-ғұлама ғалымдарымыздың ғаламат еңбектері Ұлы дала құндылықтарының негізін құрай отырып, бүгінгі өркениеттің өзегіне айналуда. Мәселен, ғұлама ғалым әл-Фарабидың философиялық түйіндері түркі елдерінің дүниетанымының мәйегі деп танылады. Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде парасаттылық туралы ой толғап, адам деген ардақты атты алып жүруді үлкен бақыт деп есептеген. Ол үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбиесін «Үлкендер ұлағаттылығы» деп атаған. Ғалым жастарға тәрбиенің мәнін түсіндіруде оның қоғам дамуындағы алатын орнына, ең алдымен адамгершілік тәрбиесіне және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына байланыстылығын дәлелдеген. Сөйтіп, ғұлама ғалым тәрбиенің мәнін, тұлға қалыптастырушылық орнын философиялық, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дәйектеген. Бұл идеялардың қазіргі жастардың адамгершілік тәрбиесіндегі мәні ерекше екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Ал Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы басты қағидалар мемлекеттік заңнамалардың іргетасы іспеттес. Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ой-пікірі тарихында Шығыстың ойшыл философы Ж. Баласағұнның «Құтты білік» атты еңбегі қоғамдық-әлеуметтік мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптарды, мәдениет және т.б. мәселелерді өз дәуірінің талап-тілектері тұрғысынан көрсете білген рухани мұра болып табылады. Орта ғасырлық ғұламалардың бірі – Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты түсіндірме сөздігіндегі адамгершілік, ар-намыс, махаббат құндылықтарының адам тәрбиесіндегі ұлттық өрнектермен өрімдеген өрелі ойдың өрнегі екендігін де айтып кетпеске болмайды. Ұрпақ тәрбиесінің қазақ халқының төл әдебиетінде айрықша айшықталғандығын философ, ойшыл ғұлама Ахмед Жүйнекидің «адамгершілікке тәрбиелеу кодексі» деп бағаланған «Ақиқат сыйы» атты еңбегінен көреміз.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тағы бір терең тамырын XII ғасырда өмір сүрген ірі тұлға- Қожа Ахмет Яссауидің еңбектерінен табамыз. Ол «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты еңбегінде рухани байлықты қоғамдық өмірдің дамуымен байланыстыра отырып, адам тәрбиесі туралы ережелерді қорытындылаған. Қожа Ахмет Яссауи шығармасында сөз бен істе шыдамды, төзімді болу, жақсы мен жаманды айыра білу, надандық, сарандық, дүние құмарлық, жалған сөйлеп имансыз болудан сақтандыру басты нысана болғандықтан бұл еңбектің мазмұнын қазіргі ұлттық тәрбиенің негізі десек те болады. Сол сияқты адамгершілік қағидаларына негізделген тәрбие мәселесі қазақ хандығы дәуіріндегі жыр маржанын төгілген жыраулардың әдеби мұраларында туған жер, сыртқы жаулармен болған азаттық күрес, өз дәуірінің шындығы, ерлік, ел бірлігінің жырлануы жастарды елжандылыққа, рухы биік азаматтыққа тәрбиелейді. [3].

Халқының азаттығын, тәуелсіздігін аңсап, жастарды ерлікке үндеген Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыраулар жақсы адам бойындағы қасиеттер мен жаман адам бойындағы кемшіліктерді қарама-қарсы қойып, адамгершілік ізгі қасиеттерді ардақтайды. Ал Махамбет Өтемісұлының ұрпағына қалдырған өршіл, өткір мұралары бүгінгі жастардың рухани игілігі және ұлттық тәрбиесінің негізі болып табылады.

XIX ғасырдағы қазақ халқының рухани өмірінде өз халқының әдет-ғұрпын, әлеуметтік жағдайын, адамдармен қарым-қатынас ерекшеліктерін, діни көзқарастарын, адамгершілік қасиет-сапаларын жан-жақты ашып көрсеткен Шоқан Уәлихановтың «Мұсылмандық туралы», «Қазақ шежіресі»,

«Жоңғария очерктері», «Этнографиялық очерктер» және т.б. миф, аңыз, өлең, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ шежірелері болашақ мамандардың рухани әлемін байытатын мұралардың қатарында тұр. Қазақ жастарының адамгершілік жағынан өнегелі, инабатты, адал, еңбексүйгіш азамат болып тәрбиеленуіне аса мән беріп, адам тәрбиесін ең жоғарғы міндет деп есептеген ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларын тәрбиелеудегі еңбегі шексіз екені сөзсіз.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясындағы құндылықтар туралы айтқанда ұлт мақтанышы Абайды ерекше атау қажет деп түсінеміз. Ғаламат мұрасы барша адамзат баласының игілігіне айналған ұлы тұлғаны адам мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл деп танымыз. Абайдың рухани әлемі, оның негізгі зерттеу нысаны – адам. Заңғар жазушы М.О. Әуезов: «Абайға келгенде ...адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көзі адамгершілік мәселесіне тіреледі», – деп Абайдың дүниетанымындағы негізгі тұжырым, басты құндылық – адам болмысы екендігіне тоқталады [4].

Адамның мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері кемеңгер ақынның барлық шығармаларының арқауы болды. Абайдың жастарды адамгершілікке, ізгілікке, өзін-өзі тәрбиелеуге шақырған ұлағатты ойларын ақынның кез келген өлеңінен, қарасөздерінен табамыз. Абай дүниетанымында руханилық негізгі қағида болып табылады. Ол адам мен болмыс мәселесін біртұтас қарастыра отырып, адам болмысының ізгіліктік мәнін, құндылықтық бағдарын көрсетуді нысана тұтады. Абайдың тұжырымында ізгілік пен адамгершілік өзара үйлесіммен өрнектеледі. Ақылдылық, кішіпейілділік, әділдік, адалдық, ғылым-білімге құштарлық, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттер Абайдың пайымдауында әр адамның бойынан табылуы тиіс адамгершілік сапалар болып саналады. Абайдың ойынша, «адам бойындағы ең қымбаты – оның *жүрегі*. Мейірімділік, ізгілік, өзгені өз бауырындай қабылдай білу, оған өзіне тілейтін игілік тілеу – мұның барлығы жүректің қалауынан, ақ пейілден, ішкі жан дүниенің кеңдігінен туады. Ал жүректегі данышпандық, кемелділік, қайырымдылық, ұлықтық бұлардың бәрі ақылдың ықпалымен адамның жан-дүниесінде пайда болатын қасиеттер. Сондықтан бұлар өзара үйлесімде болғанда ғана адамның рухы биік, жан әлемі де таза болады.

Адам мәселесі, оның жаны мен тәнінің үйлесімі, адамгершілік бастауы Абайдың махаббат пен әділдік туралы ойларында көрініс тапты. Абайдың ойынша, адам – жан дүниесі қайталанбас, әлемдегі жоғарғы құндылықтарға қол жеткізген, өз тағдырының иесі бола алатын тіршілік иесі. Ақын адамгершіліктің жоғарғы көрсеткіші – жақсылық жасау, сұлулыққа ұмтылу деген ойды үнемі қайталап отырды. Абайдың «Адам бол!», деген ұстанымы адмның өзін-өзі тануының өзегі. Абайдың «Толық адам» және «Адам бол!» тұжырымдары бүгінгі күннің өзекті ұранына айналып отыр. Мұны Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді: Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темір қазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс- бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Өз халқын "жұрт болсын, өссін, өнсін" дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын. Абайға құлақ ассын", – деген пікірі айқындай түседі [5].

Абай адамның тұлғалық қалыптасуына өзін-өзі тәрбиелеудің ықпалы зор екендігін үнемі айтып отырған. Оның ойынша, адамның ақылдылығы, саналығы өзіне-өзі есеп беруден басталады. Мұны қарасөздерінде нақты айтып кеткен. Абай әлемді тану, ақиқатты тану арқылы адамның өзінің өмірлік ұстанымын, өмірлік бағытын анықтай алатынын айтады. Ендеше, «Мәңгілік Ел» құндылықтарының, яғни қазақ халқының даналығын, ғалым-философ Ғ. Есімнің: «Адамның “өзін танымақ” дегенге келсек, бұл проблема төңірегінде психология, философия ғылымдарында көптеген теория, концепциялар бар. Адам өзін қалай танымақ, әрине өзгелер арқылы, демек бұл адамтану ілімінің өзекті саласы. Орыс тілінде өзін танымақты “самопознание” дейді. Бұл – арнайы білім саласы. “Дүниені танымақ” – деген мәселе дүниетаным деген ұғымды білдіреді. Философияның басты қызметінің бірі- осы дүниетаным деген тұжырымдамалық ойы адамның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жүзеге асыру іс-әрекеттерін Абайдың дүниетанымы тұрғысынан дәйектеуге негіз болады [6]. Өйткені, педагогика ғылымында Абайдың тәрбие мәселесіне қатысты ой-пікірлерінің дені адам болу идеясымен сипатталады және бұл оның «Адам бол!» тұжырымының өзегін құрайды.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары туралы сөз қозғалғанда Абайдан кейінгі Абайдан кейінгі ірі тұлғалардың бірі – Шәкәрім Құдайбердиевтің адамгершілік философиясына тоқталмау мүмкін емес. Қазақ халқының көрнекті ойшылы Шәкәрімнің ойынша, адам жаны мәңгі бақи өлмейді, ол кемелденуге және өркендеуге қабілетті. Руханилық пен болмыстың, жан мен тәннің үйлесімін Шәкәрімнің «Үш анығында» айтылған үшінші анықтан, жан анығынан байқаймыз. Ол адамды ізгілікке, адамгершілікке бастайтын шындық «жан» деп түйіндейді. Сондықтан жаны таза, пейілі кең,

ниеті түзу адам тәрбиесі ата-баба дәстүріне, халықтың сан ғасырлық ұлттық ұлағатына құрылып, бүгінгі жастар тәрбиесінің құралына айналуы тиіс.

Қорыта айтқанда, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясындағы Ұлы даланың әдеби көркем мұралары мемлекет құрушы ұлттың рухани құндылықтары ретінде қазіргі студент жастар тәрбиесінде аса маңызды болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Астана.12 қараша. 2014ж
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы, Астана- 2015
3. Әбен Е. Дала даналары. Алматы: Қазақстан даму институты,2001. М.Әуезов.А.Құнанбаев:мақалалар мен зерттеулер.А-ты,1967,13-15 бб.
4. Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз //Егемен Қазақстан. - 1995. - 10 тамыз.
5. Есім Ғарифолла. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 83 б.

Бегалинова К.К.,

д.ф.н., профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

Ашилова М.С.,

доктор PhD по философии.

КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ – СУБСТАНЦИОНАЛЬНАЯ ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ»

Стабильность, процветание любого государства определяется её национальной идеей и тем, насколько она отвечает интересам, населяющих государство граждан. Под национальной идеей принято понимать систему ценностей, ориентиров, мировоззренческих идеалов, направленных на консолидацию народа Казахстана, устойчивое социально-экономическое развитие, укрепление национальной безопасности и независимости государства. Как показывает международная практика и наш казахстанский опыт разработка национальной идеи – это всегда сложный многоуровневый процесс, включающий множество различных факторов. Выработка национальной идеи в нашем обществе началась с первых лет независимости и в ее основу должен быть положен, прежде всего, принцип единства всех наций и этносов, населяющих территорию страны. Поэтому, вопросы по формированию национальной идеи в нашей стране обсуждались на протяжении долгого времени, пока не была выработана концепция «Мәңгілік Ел». Она была озвучена Президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым в августе 2014 года. «Моя мечта и мысли о том, чтобы Казахстан существовал вечно. Поэтому я предложил идею «Мәңгілік Ел». Мы делаем все, чтобы стать таковой. Мы – многонациональная страна. Так сложилось исторически. Наша задача – сохранить единство общества. Единство Казахстана – это единство нашего многонационального народа, - говорил Президент страны Н.А. Назарбаев. - Не будь глубоки корни у старого дуба, не устоять ему в бурю» [1]. Национальная идея «Мәңгілік Ел» выступила консолидирующим, мобилизующим фактором для решения важных стратегических задач нашей республики, направленных на дальнейшее совершенствование всех сторон жизнедеятельности казахстанского народа. В «Обращении Ассамблеи народа Казахстана к гражданам страны» (2014 год) отмечалось: «Провозглашена национальная идея «Мәңгілік Ел», рожденная всем тысячелетним историческим опытом казахского народа, казахстанским путем, пройденным за годы независимости. Единая цель – это укрепление Независимости нашей Родины – Казахстан! Единые интересы – это наши общие ценности, стремление жить в свободной и процветающей стране! Единое будущее – это расцвет нашего общего дома – Республики Казахстан». И истоки данного обновления всех сторон жизни казахстанского общества, национальная идея «Мәңгілік Ел» берут начало в духовности казахского народа, которое трансформировавшись через целый ряд поколений, органично вошло в наше современное общество.

Субстанцией подобной духовности является казахская философия, выступающая закономерным этапом в развитии мировой философской мысли. Она по праву стала основой и цементирующим фундаментом национальной идеи Казахстана - «Мәңгілік Ел». Казахская философия содержит в себе и общее и специфическое. Общее заключается в том, что она проходит весь путь исторического развития, начиная с древнейшей эпохи и приобретает свойственные всей мировой философии черты, характерные для философии XXI века. Общее заключается и в том, что существующая тенденция

мировой философской мысли - переход к целостному универсалистскому мировоззрению свойственна и казахской философии начала III миллениума. Особенно проявляется в том, что казахская философия данные черты - целостное мировоззрение, космоцентризм пронесла через всю историю, что не могло сказаться на специфике формируемой национальной идеи, в особенности духовности, менталитета и психотипа казахской нации. К примеру, казахская культура содержит в себе такое космоцентристское начало, по которому ностальгируют многие западно-европейские философы, как Мартин Хайдеггер, Карл Ясперс и другие. Специфическими особенностями казахской философии выступают открытость, благоговейное отношение человека к природе, органическая, неразрывная связь человека с космосом.

Именно эти черты лежат в основе национальной идеи «Мәңгілік Ел», они являются сущностными чертами внутреннего мира казахстанцев – потомков кочевников. Следует отметить, что казахская Степь сохранила много тайн связи людей с миром, с космосом. Наш народ хранит в своей памяти, в подсознании, в своём творчестве этот огромный космический мир, различные позитивные традиции, которые являются сущностью самого народа и каждого человека в особенности. И эта сущность выступает той точкой опорой, от которой начинается отсчёт народа, его духовное развитие, начало становления национальной идеи. Наступило время обратиться к нему как к живительному, животворящему источнику всей духовности, всего знания, сохраняющих народ как целое, оберегающих его и служащих опорой в настоящем и будущем.

Другая особенность заключается в том, что большую роль в становлении и развитии национальной идеи и духовности казахов сыграло устное народное творчество, казахский фольклор. В этом плане огромна, неопределима роль, которую сыграли творчество жырау, акынов. Они воспевали свою страну, родную степь, народ, населяющий эти степи, лучшие народные традиции, которые складывались веками и передавались из уст в уста, из поколения в поколение. Конечно, их творчество позже записывалось, но оно рождалось как фольклорное. Оно сохранилось, благодаря ему не прерывалась связь времён, нить, связующая настоящее и прошлое в духовном развитии народа. Своеобразие творчества жырау, акынов заключается в том, что они утверждают о единстве материального и духовного, небесного и земного, души и тела, духовного и материального. Их память сохраняет самое лучшее, что сложилось в образе жизни народа. Поэтому, через их творчество память казахского народа сохранила знание не только о героизме, патриотизме героев-батыров, но и простых людях. Благодаря их творчеству духовная жизнь казахского народа предстаёт внутренне богатой, многообразной, а человек рассматривается существом чрезвычайно многоаспектным, многоуровневым, включающим в себя и доброе и злое начала, способное на высокое и низменное в поведении. И, безусловно, эти мотивы в казахском фольклоре определили тенденцию в развитии национальной идеи. Человека они показывали как синтез Универсума, который вобрал в себя всё богатство и совершенство Космоса, став ликом Аллаха на Земле. Джаухари, Аяз-би, Жиреншешен, Асан-Кайгы, Бухар-Жырау, Казтуган, Доспамбет, Шалкииз-Жырау и многие другие казахские мыслители совершенствование человека, его души видели через связь человека с природой, космосом. Думается, что казахскую философию можно определить как онтоэтику, как нравственно-экологическую философию, а её представителей назвать нравственно - чистыми Личностями, мыслителями. Боговдохновенная, пронизанная высокой духовностью, гуманизмом поэзия Жырау и Акынов призывала людей к великодушию, любви к Богу, к духовному совершенствованию, которые открывают путь к постижению Абсолюта, Аллаха, ибо Он находится в сердце человека. Так мыслители - жырау, акыны, просветители приходили к выводу о единстве между Богом и человеком.

Они воспевали любовь к Богу как любовь к природе, к окружающему. Номадический склад мышления этих мыслителей особенно сказался в их трактовке человека как родового существа. Если оседлая цивилизация делала акцент на индивидуальности человека, его неповторимости и личностном аспекте, то номадическая культура не отрывала человека от рода, от общины, что стало специфической чертой нашей национальной идеи. Она имела как слабые стороны - не выделяла человека, не показывала его как самость, самосознание, так и сильные - не отрывала человека от космоса. В этой философии человек показывался как синтез Универсума, который вобрал в себя всё богатство и совершенство Космоса, став ликом Аллаха на Земле.

Как видим, творчество жырау и акынов выступило основополагающим моментом в становлении национальной идеи Казахстана, мощным носителем казахской философской мысли и духовности. Поэтому, казахская философия сильна не только творчеством его носителей, но и творчеством истинно народным, сильна своей национальной народной культурой. Всё это сказалось на состоянии философской мысли казахского народа и его национальном самосознании.

В духовной жизни казахов появлялись такие мыслители, которым приоткрывалась завеса, тайна космическо-божественного бытия. Они были своеобразными посвящёнными в эту тайну, в это хранилище духовности. И сегодня мы через творчество таких мыслителей познаём, как бы приоткрываем духовную кладовую народа. К таким личностям относятся аль-Фараби, Кожа Ахмет Йасауи, Абай, Шакарим.

Аль-Фараби - великий казахский (тюркский) мыслитель. Он, невзирая на весь тот огромный вклад в развитие мусульманской культуры, в его философию и науку, должен быть сегодня осмыслен как мыслитель казахского народа, который одним из первых на уровне интуиции, на уровне подсознания, на уровне своеобразной интеллектуальной интуиции, когда его разум выступал не простым рациональным постижением истины, а выступал воплощением космического разума, в эти минуты, в такие часы раздумий своей творческой деятельности смог осмыслить путь духовного развития казахского народа, увидеть в нём то, что отсутствовало в настоящем, что зыбко представлено как будущее, но это то, что идёт от этой кладовой, от этой тайны, в которую он был посвящён. Это состояние аль-Фараби называет счастьем, суть которого сводится в приобретении особой, трансцендентной духовности. Национальную идею и духовность своего народа он видел в особом отношении человека к миру, в особой роли, какую играет космос в его творчестве. Все его мысли о мудром правителе, о мудрых гражданах будущего города - это стремление помочь человеку прийти в то будущее, в ту высокую духовность, которая изначально предназначена ему, человеку.

Кожа Ахмет Йасауи - особая личность в становлении казахской национальной идеи и духовности. На его долю выпала судьба пройти весь путь духовного становления человека, приобщившегося к исламу. Именно эта внутренняя установка подвигла его на то, что при достижении возраста пророка - 63 лет он уходит от мирской жизни, уединяется, ведёт образ жизни отшельника, что необходимо ему для прохождения всех ступеней нравственного возрождения суфизма от шариата до хакиката не в качестве автора, описывающего, дающего эти этапы духа, а личности, изнутри постигающего сущность духовного возрождения. Это необходимый этап в становлении национальной идеи народа. Необходимо, чтобы были личности, которые собственной жизнью, собственным примером показали, доказали, продемонстрировали, что национальная идея и духовность это не только нечто трансцендентальное, существующее до человека, надчеловеком, но это и такой феномен, который существует через человека и только благодаря подобному существованию она может быть феноменом человеческого общества.

Другим ракурсом олицетворения национальной идеи и духовности казахского народа выступает творчество Абая. Общими, объединяющими началами его учения со всеми учениями предыдущих мыслителей является тональность тревоги, печали, озабоченности, что обусловлено грузом ответственности, который берёт на себя каждый из этих мыслителей. Этот груз ответственности в личности Абая обусловлен тем обстоятельством, что он живёт на рубеже двух веков, двух цивилизаций - номадической и оседлой. Эта ответственность связана и с тем, что как никто другой он понимал душу казахского народа, его психологию и менталитет. И в то же время он осознавал, что этот менталитет и психология не впишутся, к сожалению, гармонично в будущую оседлую цивилизацию. Можно сказать, что одновременно с казахами подобную судьбу разделили многие народы Центральной Азии. Абай понимал объективную необходимость новой цивилизации, которая по своей сути является техногенной и людям, жившим в эпоху непосредственных связей с природой, с космосом трудно перейти в эту новую жизнь, перейти от сохи к трактору, и в то же время, его уверенность в том, что народ пройдёт этот сложный путь, выйдет достойно из него, покоилась на том, что космизм духовности казахского народа - вот эта открытость его души, трепетное отношение к миру, к природе помогут занять достойное место в новой цивилизации и в то же время послужат основой для новой планетарной космической цивилизации, которая уже грядёт и которая выступает своей, а не чужой для народа, духовность которого на протяжении тысячелетий сохранила этот космизм.

Сущностную грань космического мировоззрения высвечивает философия Шакарима. Человек есть не просто природное, космическое существо, а личность, основу которой составляет нравственность, Совесть. Шакарим Совесть рассматривал не просто как нравственно-этическую категорию, а как важнейшую философскую, являющуюся субстанцией, основой мироздания. В этом плане она первична, существует до человека, она эквивалентна Космосу и, появляясь на свет, человек соприкасается с такой Совестью, вбирает её в себя. Такая трактовка Совести делает Шакарима мыслителем мирового масштаба, равным Н.Бердяеву, В.Соловьёву и многим другим русским мыслителям XX столетия, которые глубоко ставили и высоко ценили проблемы нравственности.

Таким образом, проведённый анализ становления национальной идеи и состояния казахской духовности, основу которой составляет философия, показывает, что казахская философия действительно является важнейшим фундаментом стабильного развития Казахстана. Мы постоянно подчёркиваем, что Казахстан окутывает особая аура, особая национальная идея, обусловленная особым бытием этой идеи в лице наших великих предков - Абая, Шакарима, Мухтара Ауэзова и другим. Благодаря нашим казахским мыслителям национальная идея Казахстана представляет собой такое целое, которое включает в себя целостность, универсальность человеческой истории, человеческой духовности.

Национальная идея Казахстана дошла до наших времён благодаря литературным памятникам, устному народному творчеству жырау и акынов, философским трактатам мыслителей, исторической памяти народа. Она сохранила такие черты, которые оказались доминирующими на протяжении всей истории казахского народа. Это - космоцентризм, открытость человека миру и мира человеку, благоговейное отношение к природе по принципу "не навреди", особое чувственно-предметное взаимодействие человека с космосом, миром и др. И современная национальная идея Казахстана должна сохранить эти замечательные черты как субстанциальную основу духовности нового III тысячелетия XXI века.

Литература:

1. Pravo. zakon.kz / 4648972- intervju...

Булекбаев С. Б.,
доктор философских наук, профессор,
КазУМО и МЯ им. Абылай хана

О ФИЛОСОФИИ ТЮРКОВ

Как известно, религия, культура и философия народа являются главными составляющими мировоззрения и духовной традиции народа. В этом плане мировоззрение есть, согласно М. Орынбекову, «система духовно-практического освоения действительности, внутри которой представлены в совокупности знания и убеждения, нравственные идеалы людей и регуляторы социального поведения, политические ориентиры, психологическое и эстетическое отношение к окружающему миру. Результаты мирозерцания, миропонимания и миропреобразования аккумулируются в понятии мировоззрения, которое для отдельного человека оказывается совокупностью представлений о его месте в обществе, формой самосознания, результатом осознания мира как целого [1].

Что касается философии, то она является центральным звеном, точнее, ядром мировоззрения на понятийно-категориальном уровне. В этом смысле она оказывается высшим теоретическим видом мировоззрения». Отмечая эту особенность, М. Орынбеков пишет, что «в философском плане мировоззрение всегда направлено на осознание предельных оснований человеческого существования, вычленение всеобщих связей миропорядка, выявление абсолютных границ бытия человека. Полагание человеком меры социального поведения непосредственно стыкуется с акцентированностью анализа на понятиях «последних оснований», «предельных оснований», «первоначал», «субстанциональных основ» [1].

Помимо философии, также важнейшими составляющими духовной традиции народа являются религия и культура. Они, как и философия, представляют собой совокупность мировоззренческих взглядов и убеждений, не только определяющих духовную жизнь общества, но и существенным образом влияющих на отношение человека к окружающей действительности.

В этом плане у кочевников природа выглядела как абсолютное и вечное начало, внутри себя имеющее свои причины, активность и возможность изменения. Человек подчинялся этой природе. Она выступала как Вселенная, которая диктует человеку формы и способы его бытия. Другими словами, можно сказать, что реальные условия жизни создавали для кочевников предпосылки формирования учения о естественной гармонии и равновесии в окружающем мире. Отмечая это, ученые пишут: «Природно-географические условия, в котором «нерасторжимое единство» играло

определенную роль в становлении мировоззрения, тип жизнедеятельности выражался в нерасторжимом единстве материального и духовного в связи с природой – микро-и макрокосмосом.

Если в этом плане, то есть с социально-философской точки зрения раскрыть и выделить систему отношений, которые складываются у кочевника в аспекте «человек и окружающий мир», «человек-природа», «человек-человек», то можно увидеть, что мир кочевника существенно отличается от иных цивилизационных общностей, имея собственную систему координат» [3, с. 106].

Эти отличия и особенности в мировоззрении тюрков были обусловлены их средой обитания, тем, что они жили преимущественно в степной и лесостепной зонах. Эта природно-географическая особенность места проживания, его непосредственная близость к природе выразилась и в понимании времени, пространства, внутреннего мира человека, смысла его существования, его нравственности. Понятие «пространство и время» в тюркской культуре имеют универсальное понимание. С одной стороны, время понималось как циклическое. Рождение, смерть и вновь рождение как непрерывность времени. Наурыз как вновь возрожденная природа и жизнь. С другой стороны, двенадцатилетний календарь – Мушел – это вечное возвращение к истокам, направленное вперед. Наконец, «Путь» как разворачивание в бесконечности пространства и времени. В тюркской культуре жизнь всегда воспринималась как высшая ценность. При этом жизнь человека или народа отождествлялась и понималась как Путь. Прожить свою жизнь – пройти свой Путь. Если взять крайние точки в понимании жизни: в западном мышлении – жизнь как борьба, постоянное преодоление и приобретение, в восточном – недеяние, то в тюркском мировоззрении жизнь принимается в ее естестве как данность. Нет насилия над самой жизнью, ни положительного, ни отрицательного. Но это не простая смиренность перед Жизнью и Природой, это как раз момент преодоления скатывания к отчуждению от самой Жизни и Природы.

Отсюда не случайно, что в тюркском мировоззрении одним из понятий передающих концепт жизни является понятие «omig», которое несет в себе как заряд активности и движения, так и заряд успокоения, принятия мира. Тюркский, да и восточный мир в целом, с позиции западного мышления часто обвиняют в пассивности, неспособности достичь прогресса, неполной реализации человеческого стремления к процветанию и достижению благ. Но в этом могут лежать глубинные смыслы существования человечества, его самосохранение.

Отмечая этот аспект, можно провести аналогию с такими религиозно-философскими учениями Китая, как даосизм или чань-буддизм. Как известно, в этих учениях отражено представление, свойственное архаической стадии развития культуры о тождественности понятий космической и социальной справедливости.

В соответствии со спецификой такого мировосприятия, Конфуцием была выстроена строгая иерархическая система, пронизывающая собой космос и социум как единое сакральное целое. Поэтому одно из фундаментальных положений конфуцианской доктрины о безусловной преданности чиновника правителю и безусловном почитании его не являлось актом примитивного конформизма, как это мог бы интерпретировать неискушенный читатель, а священным актом, призванным поддерживать равновесие и гармонию во Вселенной [4, 206-207].

Философский вопрос отношения «мир-человек» представлялся через понятия качества, меры, пространства и времени. То есть, бережное отношение к природе, благоговение перед ней сопрягалось с определенным отношением к человеку, жизнедеятельность которого в шкале ценностных приоритетов была на гармоничных ролях. Эта традиционная система ценностей предполагала включение человека в организацию природы и ориентир вектора человеческой активности на самовоспитание.

Особую роль в формировании мировоззрения древних тюрков, видимо, сыграло и тенгрианство, которое, будучи оформленной религией, на протяжении многих веков через систему духовных кодов культивировало и социализировало определенные устойчивые этнические константы кочевых народов Степи. И здесь примечательно то, что всегда тюркские народы, племена и орды были объединены одной идеей Единства через «стремление к Вечному элю» – гаранту порядка в Степи, рожденной еще Мете-шаньюем во II веке до н.э.

Здесь важно отметить, что даже при полной политической раздробленности идейное единство тюркских племен сохранялось; этническая традиция, она же сигнальная наследственность, не была нарушена, незабвенные деяния предков вдохновляли их на подвиг. В результате тюрки создали много десятков империй и ханств. Часто война уносила их из родных мест на тысячи километров. Рождаясь в одном краю, тюрки умирали чаще в другом. Его родиной была Степь.

Как здесь не привести слова арабского ученого ал-Джахиза, жившего в девятом веке (ум. 869 г.) об образе жизни тюрков: «Тюрки – народ, для которого оседлая жизнь, неподвижное состояние, длительность пребывания и нахождения в одном месте, малочисленность передвижений и перемен

невыносимы. Сущность их сложения основана на движении, и нет у них предназначения к покою... Они не занимаются ремеслами, торговлей, медициной, земледелием, посадкой деревьев, строительством, проведением каналов и сбором урожая. И нет у них иных промыслов, кроме набега, грабежа, охоты, верховой езды, сражений витязей, поисков добычи и завоевания стран. Помыслы их направлены только на это, подчинены лишь этим целям и мотивам, ограничены ими и связаны только с ними. Они овладели этими делами в совершенстве и достигли в них предела. Это стало их ремеслом, торговлей, наслаждением, гордостью, предметом их разговоров и ночных бесед». Главное оружие тюрков – лук и стрела, которыми они владеют [5, 346].

Наиболее рельефными чертами характера тюрков, кроме силы духа и уверенности в будущем, дарованными Тенгри, являлись общественная солидарность и уважение к общественному мнению, приверженность к иерархии и дисциплине, особое почтение к старшим, глубокое уважение к матери. Тюркским сообществом изначально пресекались предательство, бегство с поля брани, доносительство, безответственность, ложь. Стремление к естественному образу жизни отражало родственную адекватность тюрков с окружающим одухотворенным ими миром. Тюрки всегда выбирал ясную, четкую, не нагроможденную деталями линию поведения. Обладая широким кругозором и масштабным мышлением, он имел неограниченное доверие и открытость к жизни. Тюрки глубоко и целостно понимали окружающий их мир. Формированию такого взгляда и мироотношения способствовали, с одной стороны особенности природных условий его обитания, а с другой – особенности его кочевой хозяйственной деятельности, тесно связанной с приоритетом природного фактора, который свидетельствовал о тесном единстве Природы и Человека. Поэтому вся культура кочевников была направлена на поддержание гармонического равновесия с природой, подчинения космическим ритмам и носила эндогенный характер. Тюрки, будучи носителями и трансляторами мира кочевой цивилизации, оставили в наследство потомкам важные для нашей современности приоритеты – культуру экологического отношения к окружающему пространству, традицию уважения к природе, к космосу и его законам, идеи соразмерности природы общества и человека.

Ученые пишут, что «в процессе многовекового интенсивного взаимодействия с окружающей природной средой, отличающейся особой экстремальностью природно-климатических условий, особенностью было не только стремление к гармоничному единству социального и природного начал, но и созданный, нашими предками в постоянной борьбе за выживание, весьма эффективный механизм хозяйственной деятельности, одновременно «высокоэкологичный» и «технологичный».

На современном этапе глобализационного развития человечество пришло в тупик. Оно отказалось от разумного, экологического отношения к живой природе, свойственного тюркам-кочевникам. Западу свойственно, в отличие от тюрков-кочевников, властное и хищническое отношение к природе. Он стремится к бесконечному потреблению, постоянному повышению меры комфортности своего существования. Поэтому считаем справедливым утверждение Н. Жумабека: «важнейшей характерной особенностью...», своеобразием экологической культуры тюркских народов было то, что «номадическое общество требовало от своих носителей из-за особенностей природных условий формирования и неукоснительного следования жесткой нравственно-нормативной системе физической и моральной выносливости, коллективной солидарности, что способствовало и выработке соответствующего характера евразийца. Отличительными, свойствами которой являются неприхотливость, широта души, суровость и мужественный характер. В системе отношений «человек-общество» у кочевника родовое, коллективное начало имело несомненный приоритет» [6, с.13].

На важную роль среды их обитания и способа жизнедеятельности тюрков кочевников в формировании важнейших философских понятий указывает и профессор А. Калыбекова: «Выращивание животных – длительный процесс, и получение результатов труда – взрослого скота – растянуто на много лет. Поэтому для успешного производства и, следовательно, для выживания кочевнику желательно предчувствовать, а лучше знать наверняка климатические изменения на значительный период вперед. Эта особенность производственного цикла в соединении с длительными перекочевками сформировала в психологии кочевника особое чувство «большого» времени, то есть с более развитым чувством времени, нежели чем сопредельные представители земледельческих культур. [7, с. 67-68].

Преодоление больших расстояний, проблема богатого травостоя, наличие водных источников, сезонные изменения погоды, это и многое другое заставляет кочевников относиться ко времени как некому абсолюту, которому подчиняются появление жары и выпасание пастбищ, ледоход на реках,

через которые надо переплавляться, и первая весна, весенняя трава, осенняя отава и шуга на водоемах, выпадение снега и необходимость откочевки на юг, в теплые края.

С этими процессами связано долготерпение кочевника, стойкость и выдержка перед испытаниями, его спокойствие и философский взгляд на преходящие мелочи жизни, которые растворяются в «большом» времени, с которым он на «ты».

Вести свое кочевое хозяйство в резко континентальном климате Центральной Азии, имеющем не только суточные, сезонные, но и годовые колебания погоды, иметь только лишь чувство «большого» времени было недостаточно. Необходимо было досконально изучить «жизнь» этого времени, закономерности его изменений, точное знание. У кочевников была настоятельная необходимость в долгосрочных прогнозах погоды в зоне неустойчивого резко континентального климата Центральной Азии. Что касается понятия пространства, то оно, согласно историку Ж. Артыкбаеву, в современной исторической науке чрезвычайно европоцентрично, т.е. привязано к оседло-земледельческому стандарту жизнедеятельности. По его мнению, следует более основательно изучить территориальные отношения у степных народов и вообще их отношение к земле. Вероятно, есть народы, жизненная энергия которых привязана к определенной территории, и в то же время, для многих народов, цель и смысл существования заключается в передвижениях, в стремлении развиваться вширь [8, с. 27].

С одной стороны, земля всегда была основной субстанцией кочевнического бытия и никогда не становилась субъектом частной собственности, а с другой – мобильность и подвижность кочевья обеспечивали ей нормальное функционирование. Поэтому в народе в форме устойчивых выражений и существуют такие емкие понятия, как «Құдайдың жері», а все, что растет на земле воспринимается как «Құдайдың берген рызығы», а сама человеческая жизнь быстротечна на священной земле. Кочевник не воспринимает жестких границ и разграничений, поскольку не существует жестких собственнических отношений к земле.

В отличие от этого подхода, на сегодняшний день немаловажным является проблема экологического, антропологического кризиса, растущие процессы отчуждения, изобретение все новых средств массового уничтожения, грозящих гибелью всему человечеству, все это побочные продукты техногенного развития. И поэтому сейчас стоит вопрос: можно ли выйти из этих кризисов, не меняя базисной системы ценностей техногенной культуры? Можно констатировать, что в современных философских и социальных исследованиях уже не раз высказывалась мысль о необходимости осознать нашу ответственность за природу и существование человечества, изменить наше отношение к окружающей человека сфере жизни на Земле. Эти идеи разрабатывались еще в исследованиях Римского клуба. Известны также разработки экологической этики, в рамках которой наиболее радикальные направления провозглашают отказ от идеала господства человека над природой. Выдвигается альтернативный идеал, согласно которому мы не должны относиться с состоянием превосходства к животным и растениям, видеть в них только средство нашего жизнеобеспечения. Эти мысли о новой этике имеют немало сторонников [9].

Тюрки, в силу широты своего философского мировоззрения, не будучи замкнутыми в рамках своей национальной, культурной и другой исключительности, не рассматривали свою культуру и цивилизацию изолированно от других.

Видимо, такая широта мировоззрения тюрков объясняет известную толерантность тюркских народов, особенно казахскую. По мнению некоторых ученых, в качестве предельного основания тюркской толерантности можно считать их идею «мирового государства». Только этой идеей можно объяснить тюркское понятие мирового господства. В этом плане слова в сказании огузов, что «небо – наш шатер, а солнце – наше знамя» или же в надписи в стеле в честь Куль-тегина «Когда вверху возникло Голубое Небо, а внизу — Бурая Земля, между ними обоими возник род людской. И воссели над людьми мои прашуры — Бумын-каган, Истеми-каган. Воссев на царство, они учредили Эль (Государство) и установили Тёрю (Закон) народа тюрков. Это убедительно показывает, что тюрки имели представление о мировом государстве.

Если более внимательно рассмотреть это определение, то можно заметить, что наиболее существенными признаками тюркского государства являются: во-первых, это то, что тюркские государства, исходя из своего представления о мировом государстве, не считали покоренные ими территории чужими и воспринимали их как свою родину; во-вторых, в качестве идеала они предоставляли народам всех покоренных территорий религиозные, культурные, экономические и социальные права. То есть тюрки считали родиной регионы своего проживания и не рассматривали рядом проживающие общности отдельно от своего этноса. То есть можно четко видеть, что тюркские формы управления, установки по отношению к подвластным территориям и коренному населению коренным образом отличаются от проводимой политики таких империй, как Китай, Рим, Византия,

Англия, Россия, Советский Союз. К примеру, в тюркских государствах не было, характерного для многих империй, правила вести все богатства из завоеванных территорий и покоренных государств в столицу своей империи по принципу «Все дороги ведут в Рим». Вспомним Аттилу, Чингисхана, Бабуридов, Газневидов, Османскую империю, которые по возможности, в первую очередь, старались способствовать развитию и процветанию завоеванных территорий. В известной мере здесь исключением может быть Эмир Тимур (Тамерлан), который собирал все богатства, всех зодчих, мудрецов в своей столице Самарканда и Бухаре.

Наряду с толерантностью, отмеченной выше, компромиссная ментальность является одной из базисных категорий в менталитете казахов. Она интересна с научной точки зрения в качестве политической традиции. По мнению профессора А.Н. Нысанбаева: «Она формировалась на протяжении нескольких столетий исторического развития казахского этноса. Особое влияние оказало тенгрианство как религиозная концепция, не допускающая реализации механизма взаимоуничтожения в процессе существования тех или иных организмов. Тенгрианство проповедовало гармонию и призывало к взаимопроникновению и взаимодействию противостоящих сторон (обычно подразумевалось установление гармонии во взаимоотношении человека с природой). Кочевники перенесли эту установку на систему социальных отношений. Позднее ислам закрепил ее как систему политических ритуалов как форму иерархического подчинения и рычага политического давления. Именно в период развития ислама его масштабного проникновения во все сферы общественной жизни компромисс стал составляющей частью политической культуры казахов. Этому способствовала также присущая казахам вера в предначертанность судьбы, в незыблемость устоявшихся традиций и законов природы.

Необходимо отметить и следующую любопытную деталь, встречающуюся во многих казахских сказках и легендах: умение признать свое поражение пойти на примирение или разрешить возникшие конфликты путем обмена мнениями по тому или иному вопросу, не прибегая к силовым вариантам. Поэтому у казахов благородность ассоциируется с готовностью к самопожертвованию, укрощением собственных эмоций каждодневным поведением человека в соответствии с принятыми нормами жизни, сдержанностью, чувством меры и ответственностью.

Более того, в старинных преданиях о выдающихся деятелях национальной истории те или иные руководители государства оцениваются рассказчиками как положительные или отрицательные, исходя из того: смог ли герой их рассказов поступиться собственными принципами или жизнями близких людей ради интересов своих соплеменников, страны и т. д.

Все это в совокупности свидетельствует о том, что уступчивость и компромисс у казахов означали нечто большее, чем просто соглашение на основе взаимных уступок. Принцип компромисса как категория равновесия и стабильности проник в политическую сферу казахского общества. Данный принцип есть сумма формальных, на первый взгляд, ритуалов и условностей, составляющих предпосылки для гармоничного развития всего общества. Принцип компромисса блокирует резкие политические маневры и принуждает участников политического процесса к послушанию, примирению...». По мнению ученого: «В некотором роде этот принцип иногда выступает как стабилизатор общественно-политических отношений, как механизм балансирования в деятельности политической системы.

В силу того, что кочевниками трудно было управлять на бескрайних степных просторах, власть ханов никогда не была столь же сильной, каковой была в оседло-земледельческих цивилизациях власть восточных деспотов правителей. При усилении гнета, либо при конфликте с властителями род или племя всегда имели возможность откочевать, как, например, это сделали несколько племен во главе с основателями Казахского ханства Джанибеком и Кереем» [10].

Здесь, видимо, можно сказать, что философия кочевника-казаха, его душа и характер сформировались не только через преломление природно-этнических особенностей Евразии, но и под непосредственным воздействием казахских просторов. Казахскому духу присуща духовная свобода, внутренняя ширь, осознание неизведанных, небывалых возможностей. Это наложило отпечаток на национальную философию. Казахская философия всегда стремилась к мудрости в прямом смысле этого слова, как процессу искания истины, то есть к охвату разумом жизни в ее целостности. Отметим, что понимание мудрости в казахской философии означает слияния знания и нравственного совершенства. Причем последнему отдается явное предпочтение. Сердце для Абая главнее Разума и Силы, а Совесть для Шакарима выше науки и искусства. И еще, чтобы сохранить мудрость необходимо чтить дух своих предков, ар-ру-аков, что означает чтить традиции, обычаи и культуру своего народа.

Литература:

1. www.myshared.ru/slide/1172257/.
2. www.myshared.ru/slide/117225
3. Орынбеков М.Е. Предфилософия протоказахов. // Алматы: «Өлке», 1994. – С.12.
4. Малявин В. Конфуций. – Молодая гвардия, 1992. – С. 206-207.
5. Кляшторный С.Г. , Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. СПб: 2005, - 346 с. // cronk.spb.ru/library/klashtorny-savinov-2005.htm
6. Жұмабек Н. Мысль. 2007. – С. 13
7. Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Изд. 2-ое. Алматы: БАУР, 2006. – с 67-68.
8. Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб.: Мажор, 2005. – С. 27.
9. gumilevica.kulichki.net/articles/Article84.htm; Степин, <http://filosfak.ru.>
10. bibliotekar.kz/chitat-onlain-yevolyucija...-/4-2-civilizacionnye-tradicii-zaschity-pr.ht; splanet.ru/paper/r1-97367.php.

Құрманалиева А.Д.,

философия ғылымдарының докторы, профессор,

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМНІҢ «БАР ҚАЗАҚ – БІР ҚАЗАҚ» ИДЕЯСЫ

Қазақстан Республикасы уақыт оза бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылудың жаңа белесіне көтеріліп келеді. Елдің егемендік алып, тәуелсіз дамуына ширек ғасырдан аса уақыт өтті. Тарих таразысына салғанда көп уақыт көрінбеуі де мүмкін, дегенмен осы жылдардың бізге бергенін саралап бақсақ, жеткен жетістіктеріміз мақтан тұтарлық. Тәуелсіздік жылдары еңсемізді тік көтеріп, ең бастысы ел тыныштығын сақтай алдық. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың үлгісін көрсетіп, басқа посткеңестік мемлекеттердегі болған, болып жатқан кикілжің жағдайлардан аман өттік. Ендігі кезекте алдағы болатын күндерімізде осы бағытымызды сақтап қалу – әрбір қазақстандық азаматтың басты борышы. Біз көпэтносты, көпконфессиялы елдің ауызбіршілігін қалай сақтай алдық. Осы күрделі де мемлекет мүддесі үшін жауапты игі іске қалай қол жеткіздік. Әрине бұл бастамада тұғырлы тірек болған Елбасының сарабал саясаты, дер кезінде қабылданған шешімдердің дұрыстығы екендігіне – бүгінгі күннің ақиқаты дәлел. Елімізде алғашқы күннен бастап толеранттылық принципі басшылыққа алынып, соның негізінде ымыраласа даму қолға алынды, дінаралық келісім мәдениетін қалыптастыруға басты назар қойылды. Осы тыныштықты сақтап қалу үшін заман тудырып отырған сындарға жауап бере алатын қабілет керек.

Қазіргі заманауи жаһандық өркениеттің әр ұлттың мәдениетіне дендеп ене бастаған мезетін сындарлық кезең десек қателеспейміз. Жер аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орын алғанмен, халқының саны аз және әртекті болып келетін Қазақ елінің болашақтағы алар бағыты елін сүйер әр азаматты ойландырады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2012 жылы желтоқсан айында «Қазақстан – 2050» стратегиялық жолдауын халыққа жолдап, алдағы жарты ғасырға қойған міндет-межелерді анықтап берген еді. Ал «Қазақстан 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында, елдігімізге темірқазық болар «Мәңгілік ел» атты ұлттық идеяны жариялады [1]. Ежелгі түркілік заманнан бастау алатын бұл идея Түрік қағанатының мұрагері Қазақ елінде жаңаша сипатта өрісін алды. Мәңгілік ел болу үшін халықтың бәсекеге қабілетті және бірлігі мығым болуы шарт. Осы орайда академик, философия ғылымдарының докторы Ғарифолла Есім аталған идея негізінде қазақ атаулының тілде де, дінде де жіктеле бермей, барлығының «бар қазақ – бір қазақ» идеясының аясында тоғысқанын өз еңбектерінде талмай айтып келеді.

Ғалымның идеясы бар қазақты бір қазақ ретінде біріктірудің негізгі жолдарын анықтау мақсатынан туындап, бар қазақтың бір қазақ ретінде бірігуінің қажеттілігін зерттеуден бастама алған. Бар қазақ – бір қазақ идеясын жаңа қазақстандық ұлтжандылықтың, жалпықазақстандық мәдениетті нығайтудың, мәңгілік ел идеологиясын жүзеге асырудың негізі ретінде тұжырымдауға бағытталады. Бұл идеяны баянды етуде мәдениетіміздің байлығы, бізде мақтанатын, дәріптейтін, сақтауды қажет ететін бай мұраларымыздың бар екендігі негізге алынып, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің бастан кешкен таукіметтеріне талдау жасай келе, қазіргі таңда қол жеткізген жетістіктеріміз, атап айтсақ, «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында жоғалтқанымызды қайта тапқанымыз туралы ойлары тұжырымдалады. Бар қазақтың бір қазақ ретінде мәңгілік сақталуындағы ұлттың генетикалық коды

болып табылатын дәстүр мен мәдениеттің, мәдени құндылықтар, елдің дәстүр, ұрпақаралық сабақтастықтың сақталу жолдарын негізделеді.

Ғарифолла Есімнің осы бағыттағы еңбектері Қазақ халқының қалыптасу тарихындағы діннің орнын, діни құндылықтардың қоғамды ізгілендіруші қасиеттерін, қазақ жеріндегі діндарлық генезисі мен эволюциясын, қазіргі кезеңдегі діни жағдайдың қоғам қауіпсіздігіне әсерін, діннің елді ұйыстырушы сипатын, азаматтық және діни айқындалудың ерекшеліктерін анықтауға арналған. Түркілік дүниетанымнан бастап, қазақ даласына келген мұсылмандық, атеистік және қазіргі кезде дін саласындағы мәселелерге талдау жасалып, діни, ұлттық бірегейлік болмаса, ыдырап кету қаупінің туындайтыны туралы толыққанды зерттеулері өскелең ұрпақты ойға қалдырады. Қазақ халқының өмірінің дінмен үндестігін, өзара сабақтастықтарын зерттей келе, бар қазақтың бір қазақ ретінде өз болмысын мәңгілік сақтап қалуы үшін діни тұтастық пен бірегейліктің маңызы зор екені тұжырымдалады.

Қазақ елінің мәңгілік ел ретінде қалыптасу жолындағы «бар қазақ – бір қазақ» идеясының тұғырнама ретінде болуының діни-мәдениеттанымдық іргетасы деп тұжырымдауға болады және жолдаудағы елдің арман-мүддесінен туындаған «Қазақ елі мәңгілік», «Мәңгілік ел» идеясының орын алуының жолдары ретінде тұжырымдауға негіз бар, бұл ретте ғалымның ұлттың мәдени бірегейлігі, ұрпақаралық сабақтастық құндылықтары туралы идеялары аса құнды болып табылады.

Қазақтар – Алтайдан Атырауға дейінгі кең байтақ аумақты мекендеп жатқан түркітілдес халық. XV ғасырда Керей мен Жәнібек хандар түркітілдес тайпа-рулардың басын біріктіріп жер жәннаты Жетісуда Қазақ мемлекетін құрды. Алғаш құрылған күнінен бастап Қазақ хандығы түрлі кезеңдерден өтті. Өрлеуді де, құлдырауды бастан кешірді. Бірлігі мол кезде жеңіске жетсе, ауызбіршілік жойылған сәтте сыртқы дұшпандарынан жеңіліске ұшырады.

Академик Ғарифолла Есім: «Қазақ мемлекетінің жүздеген жылғы тарихы бар. Қазақ мемлекетін құрушы хандар Керей мен Жәнібек, оның ілімшісі – Асан Қайғы болған. Қазақ мемлекетімен бірге қазақ этносы қалыптасты. Бұл кезге дейін осы мәндегі қазақ этносы болмаған. Қазақ хандығының құрамына кірген әртүрлі тайпа өкілдері өздерінің азаматтық санасын қазақ деген ұғыммен білдірген. Осы мәнде алғашқы қазақтар Керей, Жәнібек және Асан Қайғылар» [2] екенін баса айтып кетеді.

Тарихқа көз салсақ, ұлан-ғайыр қазақ жеріне көз тіккендердің ежелден-ақ көп болғанына көз жеткіземіз. Қазақ жеріне жасалған отаршылдық хронологиясын М. Мырзахметұлының көрсетіп өткен «қазақ жұртының басынан кешкен жеті басқыншылық кезеңінен» байқауға болады» [3]. Елдігімізді жою мақсатында жаулаушылар тарапынан бірқатар қитұрқы амал-әрекеттердің жасалғанына тарих куә. Дегенмен, әр кезеңде жер жерден бас көтеріп, қазақтың сақталып қалуына үлес қосқан ел азаматтары тарихта қалды. Қазақ халқының ең бір қиын қыстаулы кезеңі патшалық Ресей мен Кеңестік идеология кезеңі болып табылады. Патшалық Ресей кезеңіндегі орыстандыру мен христиандандыру саясатын айтсақ, кеңестік кезеңдегі дінсіздендіруді, ұлттық идеологияны жоюды баса айтып кетуге болады. XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының алдына қойған міндеті қазақ халқын ұлт деңгейіне көтеру, өз елін жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып, өз елдігіне ие, тәуелсіз тұлғаға айналдыру еді. Қазақ оқығандарының бір бөлігі қазақтың болашақ тағдырын кеңестік билік аясында болуы тиіс деп есептесе, ал Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы бастаған Алашорда қайраткерлері өзіндік тәуелсіз мемлекетіміз болуға тиіс деп санады. Бұл турасында тарихшы М. Қойгелді: «Мәңгі өлмейтін «Қазақ елі» идеясы XX ғасырдың басында қазақ ағартушылығы және қазақ ұлтшылдығы түрінде көрінді», – дәл анықтап береді [4].

1991 жылы 16 желтоқсанда ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, елдігімізді нықтауға мүмкіндік алдық. Ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң кезінде жоғалтқандарымызды түгендей бастадық, ақтаңдақтардың орнын толтыруға бет бұрдық. Төл мәдениетімізге, тілімізге, дініміз бен ділімізге ерекше назар аударудың сәті келді.

Социалистік қоғамнан капиталистік қоғамға ауысқан халқымыз үшін жаңа құндылықтар, жаңа идеялар алдыңғы қатарға шықты. Әрбір істе де бәсеке күшейді. Қаланың қазағы, ауылдың қазағы, таза қазақ, шала қазақ, орыс тілді қазақ, қазақ тілді қазақ, т.б. категориялар бойынша жіктелу уақыт өткен сайын тереңдей берді. Әрине бұл жақсы сипаттың белгісі емес. Жасыратыны жоқ, біздің халқымызға тән артықшылық та, кемшілік те бар. Қонақжайлық, сыйластық, бауырмалдылық ізгі қасиеттерімізден болса, рушылдық, жікшілдік, күнестік, жалқаулық теріс қасиеттерімізге жатады. Қазақтың бойындағы міндерді Абай Құнанбайұлы кезінде талай сынға алған. Ол кемшіліктерден бүгінгі күні де арыла қойғанымыз шамалы. Абай сынаған қазақты бүгінгі заманнан да көруге болады. Бұл күндері біртұтас қазақтың гөрі өз руын, өз жүзін жоғары қоятындар қатары жетерлік. Көп жағдайда өз аз қазақтың бөлінуіне себепші болып жатады.

Қазақтың ішкі тұтастығын бұзатын кез келген мұндай әрекеттерге жол берілмеуі тиіс. Президентіміз «Қазақстан – 2050» стратегиялық жолдауында рушылдық кеселіне байланысты былай деген: «Қазақтың ішкі тұтастығын бұзғысы келетін рушылдық, жершілдік әңгімемен ел бірлігін бүлдіргісі келетін күштердің пайда болуы Елбасы ретінде мені алаңдатпай қоймайды. Ондай жымсықы ниеттілердің айқайына құлақ асып, айтағына ілескен жан әр атаның шежіресін әспеттеп, әр жакқа тартқанын аңдамай қалуы мүмкін. Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарактың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі. Қай шежірені алып қарасаңыз да, ол қазақтың бірлігін, тұтастығын әйгілейді. Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым. Барша адамзаттың Адам атадан басталатыны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір қазақ жүрегінің төрінде ұстауға тиіс. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» [1]. Осы сөзінде Елбасымыз түбіміздің де, түбіріміздің де бір екенін көрегендікпен жеткізіп берді.

Жаңа заман, жаңа өзгерістер кезеңі жікшіл қазақты емес, бірлігі мығым, инновацияға бейім қазақты талап етеді. Бар қазақ – бір қазақ болуы тиіс. Бар қазақ бір қазақ болуы үшін ортақ мақсат, ортақ идея, ортақ мүдде жолында еңбектенуі қажет: мемлекеттің нақты анықталған ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруы үшін еңбектенуі керек.

Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға байланысты іс-шаралар кешенін қоғам қайраткерлері жүйелі түрде ұсынып жатыр. Елбасы ұсынған идеяны қоғамға насихаттау және әртүрлі іс-шаралар формасында атқару ендігі міндет. Осыған сәйкес ұсыныстардың болуы да заңды құбылыс. Академик Ғарифолла Есімнің ұсынысы бойынша Мәңгілік ел идеясын жүзеге асырудың жеті жолы бар:

Біріншіден, Мәңгілік ел идеясы – патриотизмнің, отансүйгіштіктің қайнар бұлағы болуы үшін қазақ елінің азаматтары тегіс, әсіресе, қазақтар бай, ауқатты болулары керек;

Екіншіден, Қазақ елінің азаматтары, қазақтардың елді Мәңгілік елге айналдыру үшін іскер, креативты болуы шарт;

Үшіншіден, Дәстүр және халық дәстүрінің маңыздылығы;

Төртіншіден, Мәңгілік ел болашағы тікелей ел өсіміне, демографияға қатысты;

Бесіншіден, Ел бірлігі – буындар арасындағы Сабақтастық (Ата буын, Орта буын, Немере буын арасындағы Сабақтастық);

Алтыншыдан, жаңаша, инновациялық ойлау;

Жетіншіден, Мәңгілік ел болу үшін, аса қажетті феномен – Жақсы Қазақ идеясы [5].

Бүгінгі қазақ қандай болуы тиіс? Бұл сауалға келгенде Ғарифолла Есімнің «Жақсы қазақ» идеясы өте тамаша жауап деуге болады. «Жақсы Қазақ – инновациялық ұғым. Жақсы Қазақ – ел имиджі. Жақсы Қазақ атану – дәреже» деп есептейді ғалым. Оның айтуынша, «егеменді елімізде жақсы қазақтар көп, әсіресе, олардың саны жастар ішінде күннен-күнге өсуде». Халқымыз «жас келсе – іске» деп, жастардан әрқашан үміт күтетін. Сол үміт бүгінгі күнде ақталып келеді. Ол тәрбие, білім, ғылым, әдебиет пен өнер салаларында, технология, ел басқару, мемлекет басқару ісінде Жақсы Қазақтардың көптігін тілге тиек ете отырып, олардың қасиетті Қазақ елінің тәуелсіз азаматтары, патриоттары екендігіне тоқталды. «Жақсы Қазақ – дәреже, атақ! Қазақ елін мәңгілік ететін – Жақсы Қазақ!» [5].

1 Бар қазақтың, жақсы қазақтың, қазақ десе, барлығының жүрегі бір соғатын қазақты тәрбиелеудің тетіктері қандай? Бүгінгі таңда мемлекеттік тіл мәселесінің бар екені рас. Осыған байланысты мемлекет тарапынан қазақ тілін халық арасындағы пайдаланылу деңгейін көтеруге байланысты әртүрлі шаралар жүргізіліп жатыр. Осы бағыттағы жасалып жатқан жұмыстар арнасы Ғарифолла Есімнің талмай айтып келе жатқан бағытымен жүргізілуін толық құптаймыз: «Білім беру жүйесі бір стандартқа көшіп, барлық мектептерде бірінші мен бесінші сынып аралығында сабақ атаулының бәрі тек қана қазақ тілінде оқытылуы керек. Сол сияқты балабақшалар да қазақ тілінде тәрбие беруге тиісті. Қандай ұлт болмасын бір сыныпта бес жыл бойы қазақша оқып, одан әрі әркімнің өзінің қалауынша көп тілді оқуды жалғастыра берсін. Оған да шектеу қоймаймыз. Әлемдік қолданыстағы ағылшын тілі керек пе, оқысын. Ағылшын тіліне біз тосқауыл қойғаннан ештеңе өзгермейді. Ағынды судың алдын бөгесең басқа жерден бұзып шығатыны секілді. Біз тек соны белгілі бір арнаға бұрып отыруымыз қажет. Бес жылда бала мемлекеттік қазақ тілін меңгеріп, құндылықтарымызды бойын сіңіреді. Ортақ құндылықтармен тәрбиеленген кезде біздегі дау-дамайға айналған тіл мәселесі де өзінен-өзі шешіледі» [6]. Көп жағдайда тілі мәселесі көтерілгенімен, оны

шешудің жолдары айтылмай жатады. Осы ретте ғалымның қазақ тілінің өміршеңдігін, кең қолданысқа түсу мүмкіндігін аша түсетін ойларын неге жүзеге асырмаса? Ғалымның Қазақстан азаматы жеке куәлігін алатын кезде де қазақ тілін білу деңгейін өлшем ретінде есепке алу туралы ойлары да бірқатар мәселенің шешімін табудың жолы болар еді. Егер осы айтылған идеялар мемлекеттік деңгейде қолдау тапса, жүзеге асырылса, қазақ тіліне байланысты мәселе туындамасына сенімдіміз. Ғарифолла Есім бұл ойларын Зейнолла Абажанға берген «Бір ел, бір мектеп – ортақ мүддеден туындаған уақыт талабы» сұхбатында кеңінен талдап өтеді. Қоғамда «қазақ тілділер», «орыс тілділер» мәселесінің болмайтынын негіздеп береді.

Қазақ елі үшін өте өзекті тағы бір мәселе бар. Ол – дін. Бұл күнде дініне байланысты бөлінушілер де көп. Мәселен, салафит қазақ, таблиғшы қазақ, иеговист қазақ, кришнаит қазақ т.б. Діни және ұлттық тұтастықты сақтау үшін қазақ халқының барлығының басы ата бабамыз ұстанған ислам дінінің (сунниттік бағыттағы ханафилік мазһаб) аясына бірігуі тиіс, ұлттық мәдениет негіздерін бойларына сіңіру қажет. Бұл тұрғыға келгенде ҚМДБ ұсынып отырған «Бір ұлт – бір дін» позициясы басшылыққа алынуы тиіс. Яғни қазақ еліндегі мұсылман қауымының барлығының басы – Ханафи мазһабы аясында қосылуы міндетті. Осы бағытта исламдық діни ағарту жұмыстарының үздіксіз жүргізілгені жөн. Себебі бүгінгі таңда дін әлемінде де шексіз бәсеке орын алып жатыр. ХХІ ғасыр – бәсекелер заманы. Бәсекеден жеңілгендер көште қалады. Дін және дәстүр – руханияттың ажырамас бөлшегі. Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы.

Қазір бұрынғыдай ұлт пен діннің қатар айқындалуы мүмкін емес. Исламды ұстанғандар ішінен де көзқарастары келіспей, бірінікін бірі теріске шығарып жатқандар да бар. Әсіресе, жастардың басқа діни ағымдарға кетуі ел болашағына нұқсан келтірері айдан анық. Өздерінің білім, ғылым іздеп, болашағына іргетас қалайтын шақтарында өз энергиясын болмашы жалған діндерге жіберулері алаңдатады. Егер олар адасқандықтарын сезініп, өз ортасына қайта орала алса – жақсы, оралмаса – қауіп сонда. Бұған қоса, оралу оңай шаруа емес екені де белгілі, себебі, жаңа діни ұйымдарға тартуда қолданылатын әдіс-амалдар ортаға келген адамның өз еркімен кете алмауын қамтамасыз ететіндей құрылған. Адамның санасы толықтай бағдарламаланып, өзге адамға айналдыруға күш салынған. Адам сектаға қалай тартылады, сектаға тарту үшін субъект қалай таңдалады, онымен қандай жұмыстар жүргізіледі, қарапайым пенде сенуші қатарынан діни пирамиданың шыңына қалай көтеріліп, ондағы көсемге қалай жақындауға болады және т.с.с. сауалдар бір қарағанда көпке мәлім емес мәселелер, себебі дінге тартылушы ол туралы ойланбайды: ол шынайы ақиқатты тапқандай болады. Бір қарағанда қарапайым көрінетін нәрсенің астында басқа елдің саяси, экономикалық мүддесі, қазақ жерін саудалау саясаты жатқанын көбісі ойлана бермейді. Сондықтан діни ізденіс кезінде таңдампаз болу керек. Дін саласындағы мемлекет саясаты қазақ ұлтының діни негізде жіктелмеуіне бағытталған іс-әрекеттер жасауы тиіс. Сондай-ақ қазақ елінің дін мамандары бәсекеге қабілетті, білімі жоғары, жаңалықтардан хабардар жандар болуы тиіс.

«Исламдай рухани зор қуатқа ие емес өзге діндер адам санасын сатып алуға бағытталатын үгітін арттырып, мақсаттарына жетіп жатқанда біз де етек-жеңімізді жиып, мешіттер мен медреселеріміз арқылы жас ұрпақты имандылыққа үйретіп, үйіруге нысанды көңіл бөлуіміз керек» – дейді Ғарифолла Есім. Ойшылдың бұл пікірінен оның қалыптасқан жағдайды бағамдай білгені байқалады. Яғни біздер де діни ағартушылық бағытындағы жұмыстарды күшейтіп, халықтың бойында миссионерлерге қарсы тұра алар рухани иммунитет қалыптастыруға тиіспіз. «Нарық пен дін арасындағы табиғи байланысты өркениетті негізде орнықтырсақ, міне, біз мемлекет ретінде кемелденуіміздің жоғары деңгейіне жетеміз. Өзге елдерге айта алатындай сөзіміз бар халықтың біріне айналамыз» [7]. Еліміздегі діндарлардың жаңа заман талаптарын меңгеріп, қазіргі кезеңнің сұраныстарына жауап бере білсе ғана дін мәселесінің тиянақты болатыны анық.

«Дін деген адам бойындағы асыл қасиеттерді шығаратын сезім» деген Ғарифолла Есімнің сөздеріне жүгінсек, дін – тек адамның адамдық келбетін жоғарылататын, «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйгізетін» құндылық, ол жоғары мәдениетті талап етеді. Дінді мәдениет арқылы, оның өркениеттік негіздерін ұлықтау арқылы түсінгенде ғана елдің дінаралық, мәдениетаралық ымыраласа дамуы баянды болмақ. Біздің мемлекет зайырлы бағытты ұстанған және дін мәселесінде өте нәзік шешімдерді талап етеді, мүлт кетіп, қате жіберуге жол бермейді.

Қазақы бірлігімізді сақтаудың тағы бір маңызды тетіктерінің бірі – ақпараттық қауіпсіздіктің алар орны да ерекше. Қазіргі кезде медиакөңістігіміз бен баспасөз құралдарында Ресей, батыс елдерінің үлесі көп. Біз біртіндеп өз өнімдеріміздің санын көбейтуді қолға алуға тиіспіз. Осы бағыттағы жақсы қадамдар жасалып та жатыр. Қазақстан телеарнасы толығымен мемлекеттік тілге көшті. Сондай-ақ бүлдіршіндерге арналған «Балапан» телеарнасы, әлемдік ауқымдағы «Қазақ ТВ» және жас жеткіншектер мен қалың көпшілікке арналған «Білім және мәдениет» телеарналары ашылды.

Бұлардың барлығы қуантарлық жаңалықтар. Алдағы уақытта осы бағыттағы істер жалғасын таба беруге тиіс. Бүгінгі заманда телеөнімдердің үлкен күшке айналып отырғаны шындық. Мемлекет қазақтан шыққан қайраткерлер жайында (хандар, батырлар, билер, ақын-жазушылар т.б.) патриоттық бағыттағы кинофильмдер мен телесериалдар түсіру жалғасын таба беруі тиіс. Ұлттық идеямыз насихатталған туындылардың саны көбейетін болса, халықтың пайым-түсінігі де жаңаша сипат алары анық. Бұдан бөлек, қазақ телеарналары сананы улайтын, мәнгүрттендіретін телебағдарламалар мен кинотуындылардың көрсетілуіне жол бермеуге тиіс.

«Бар қазақтың – бір қазақ» болуы қазақ халқының береке-бірлігін, ұлт ретіндегі тұтастығын сақтау арқылы жүзеге асары анық. Тіл, дін, мәдени, аймақтық, рулық негізде жіктелу жойылған кезде, идея жүзеге аспақ. Бар қазақтың бір қазақ ретінде ұйысуының нәтижесінде тәуелсіз елдің баянды болуы, мәңгілік елге қадам басатыны анық. Бар қазақтың бір қазақ ретінде танылуының ортақ тарихи тағдыр, тілдік ерекшелік, діни, ділдік, мәдени сабақтастық, дәстүр біртұтастығының негізінде қалыптаспақ.

Жаһандық өркениет аясында ұлттық бірегейлікті сақтаудың жолдары ретінде ұлттық мәдениет, ұлттық дәстүр, атадан балаға табыстالاتын асыл мұралар бар қазақтың бір қазақ ретінде ұйысуына негіз бола алады.

Қазақ даласындағы діни дүниетанымның қалыптасу жолдары, түркі мәдениеті мен ислам мәдениетінің тоғысында туындаған асыл мұра, діни құндылықтардың адамзат баласын ізгілендіруші қасиеттерін жандандыру бүгінгі таңдағы бар қазақтың бір қазақ ретінде өркениетті елге танылып, өз орнын алуына негіз боларына сенімдіміз.

«Бар қазақ – бір қазақ» идеясының «Қазақ елі – мәңгілік», «Мәңгілік ел» идеологиясының жүзеге асуындағы тұғырлы диңгектердің бірі.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>.
2. Есім Ғ. Қазақ болу ренессанстық идея // Түркістан. – 2009. – 28 мамыр (№ 21). – 1-2 бб.
3. Мырзахметұлы М. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады // Егемен Қазақстан. – 2010. – 17 шілде (№ 291-292). – 7 б.
4. Қойгелді М. «Қазақ елі» тарихын тарқатсақ... Мемлекет құру тәжірибеміз осы идеядан бастау алатынын ұмытпауға тиіспіз // Түркістан. – 2014. – 20 ақпан (№ 07). – 10 б.
5. Есім Ғ. Қазақ елін мәңгілік ететін – жақсы қазақ // Егемен Қазақстан. – 2014. – 21.
6. Зейнолла Абжан. Бір ел, бір мектеп – ортақ мүддеден туындаған уақыт талабы. Ғ.Есімнің берген сұхбаты // Қазақ үні. – 2015. – 23 маусым
7. Серғазы Г. Нарық және ислам мәселелері. Ғ.Есімнің берген сұхбаты // Жалын. – 2005. - № 4.

Гүлжиһан НҰРЫШЕВА,

философия ғылымдарының докторы, профессор

ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ КӨКЖИЕГІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында “қазақ философиясы” деген ұғымның өзі қоғамдық санада біршама пікірталас тудырған еді. Белгілі мамандардың өзі оның орнына “қазақ халқының қоғамдық-саяси көзқарастары”, “қазақтың қоғамдық ойы”, “қазақ даналығы” және тағы басқа ұғымдар қолдануды ұсынды. Бұл құбылыстың негізі кеңестік жылдары қалыптасқан идеологиялық-таптық көзқарас болатын. Ұзақ жылдар бойы бір орталықтан басқарылған философиялық жүйе шеңберінде қалыптасқан бір жақты ойлау қазақ халқының өзіндік философиясы туралы кеңінен сөз етуге мүмкіндік бермеді. Бұл мүмкіндік тәуелсіздікке қол жеткен жылдары ғана іске асты. Саяси тәуелсіздік рухани тәуелсіздікке ұласып, ғалымдарымыздың бұрын амалсыз тежеліп, құрсауға салынған, енді еркіндік алған ойларының негізінде жазылған туындылары бірінен соң бірі дүниеге келіп, ұлттық ойлаудың көкжиегін кеңейтті. Бұл еңбектерде қазақ халқының философиялық дүниетанымы, оның бастаулары, негізгі даму кезеңдері сараланды, белгілі қазақ ғұламаларының философиялық көзқарастары тереңдеп зерттелді. Осы аса қиын міндетті қазақ философтары абыроймен орындап шықты деуге болады және бұл бағыттағы ізденістер толассыз жалғасуда.

Заманның өзі жаңа философияны, философтардың жаңа толқынын талап еткен кезеңде қоғамдық сананы елең еткізген еңбектер жарық көре бастады. Солардың алғашқысы ретінде философия ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есімнің “Хакім Абайын” атауға болады.

Кішкентайынан Абайды жаттап өскен қазақ баласына Абайды қайтадан танытам деудің өзі адамнан үлкен батылдықты талап ететіні күмәнсіз, осы еңбектің төңірегіндегі пікірталастың көп болғаны да сондықтан.

Бірақ нағыз философиялық ой еркін, тәуелсіз, жалтақсыз болғанда ғана дами алмақ. Оған философия тарихында классикалық деген мәртебелі атаққа ие болған көне грек философиясы ойшылдарының философиясы жақсы дәлел бола алады. Батыс философтары, әсіресе Гуссерль, Дильтей, Хайдеггер секілді ойшылдар кеңінен қолданған герменевтика тәсіліне жүгінген Ғарифолла Есім Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі түсініктерге түсінік бере отырып, оның философиялық дүниетанымының тереңіне бойлады, Абайды мүлдем басқа қырынан ашып көрсетті.

Әрине, Абайды танып-білу шексіз, әлі талай ұрпақ қазақтың бас ақынының жұмбақ әлемін зерттеуге талпынатыны сөзсіз. Бірақ “Хакім Абайдың” Абайтану саласында алатын орны қомақты екені дау туғызбайды. “Хакім Абайды” оқыған (бұл еңбек орыс тілінде де жарық көрді) адамның бойында “қазақ философ халық па?” немесе “Абай философ па?” деген ойлар легінің сейілетіні күмән туғызбайды. Абайдың философиялық ойларын тарқата отырып, Ғарифолла Есім батыстық ойлау тәсілінің жетегінде кетпейді, өз сөзімен айтсақ, “қазаққа грек костюмін кигізуге” тырыспайды. Философиялық терминдерді орынды-орынсыз қолдану, қатып қалған ғылыми тілдің шеңберінен шығып кетуден қауіптену оған жат. Еңбекте Абай ешқандай “измдерге” телінбей, дүниені меңгерудің екі тәсілін: көркемдік бейнелеу мен логикалық ойлауды ұштастырған ақын және философ ретінде көрсетілген.

Ғарифолла Есімнің өзін де ерекше ойлау және ойын баяндау, көпшілікке жеткізу тәсілінің иесі ретінде танытқан осы туынды да, одан басқа философиялық еңбектері де философия мен әдебиеттің, философия тілі мен поэзия тілінің бір-бірімен тоғысып, өзара үндестік табуының жемісі. Оның қаламынан шыққан туындылардың қарапайым халықтың да, маман ғалымдардың да жүрегіне бірдей жол табуының себебі де осында жатыр. Бұл кездейсоқ құбылыс емес. Философиялық ой кешу мен поэзиялық бейнелеу адамның рухани қызметінің ажырамас жақтары. Философия мен поэзияның онтологиялық және гносеологиялық негіздері де бір. Бейнелеу тәсілдері мен нәтижелері әр түрлі болғанымен, екеуі де ақиқатты танып-білуге ұмтылады. Философия өзі пайда болғаннан бері адам дүниесін зерттеумен айналысып келе жатыр, поэзияның да жырлағаны да адам. Адам жүрегін оятуға бағытталған шығармашылықтың азапты жолынан философ та, ақын да өтеді. Сөз өнерін аса жоғары бағалаған қазақ дәстүрі қазақ тілінің қыр-сырын толық меңгерген, оны философиялық ойды баяндау ісінде қолдана білген қазақ философы Ғарифолла Есімнің шығармашылығында осылайша жалғасын тапты деуге болады.

Әлемдік философия деген жоқ, әлемдік проблемаларды белгілі бір тілде, мысалы, ағылшын, неміс тілінде айту бар деген түсінікті ұстанған ғалым әлемдік проблемаларды қазақ тілінде баяндау ісін қолға алды. Оның 7 кітаптан тұратын “Сана болмысы” деген атпен жарық көрген циклі де осы мақсатқа арналған. Қазақ философиясы дегеніміз қазақ тілінің негізінде қалыптасқан дүниетаным екенін Ғарифолла Есім кезінде қазақта болған, кейінгі кеңестік заманда лексикаға айналып кеткен философиялық ұғымдарды талдап және түсіндіріп, өз орнына қайтадан қою арқылы дәлелдейді. Қазақ халқының философиялық ұғымдарының сөздігін қалыптастыру ісін отандық философияда алғашқы болып осылайша бастаған ғалым талдаған “Көңіл”, “Күдік”, “Күнә”, “Жан” және басқа қазақи философиялық ұғымдар қазақ халқының дүниетаным тереңдігін, оның өмірінің өзі философия екендігін жақсы көрсетеді.

Атап көрсететін бір нәрсе – қазақтың ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет етіп жүрген ғалымның бойында псевдопатриотизм жоқ. Ол қазақты өтірік мадақтаудан, басқалардан жоғары етіп көрсетуден аулақ. Керісінше, бар нәрсені орынымен көрсетуге, дұрыс бағасын беруге, тіпті оның көзқарасы қалыптасқан пікірден өзгеше болса да, ақиқатын айтуға ұмтылады. Қазақтың өткенін тану арқылы бүгінге түсінуге талпынған философ Шоқан, Ыбырай, Абай туралы да жаңа пікір білдіргені белгілі. Оларды “Ағартушылар” деп жалпылай атауымыздың қате екендігін, шындығында олардың Ғалым, ұстаз, Хакім екендігін нақты дәлелдеп шыққан ғалыммен көпшілік келіседі деп ойлаймыз. Мәселе өзіміздің үстіртін түсінігіміздің қателігін мойындағанымызда ғана емес, сонымен бірге олардың ұлылығының кемімей, көз алдымызда биіктей түскендігінде.

Жалпы тосын, жалтақсыз ойлар айту, сонымен бірге басқалардың да тұжырымын қабылдау Ғарифолла Есімге тән. Мысалы, оның Қозы Көрпеш Баян сұлу туралы “Махаббат мұнарасы” атты көлемді туындысы бәрімізді ойландырды. Бұл еңбек бакытсыз ғашықтардың махаббат жыры ретінде қабылдап келген эпос туралы түсінігімізді түбегейлі өзгертіп, мәселенің түбіне тереңірек бойлауға жетеледі, өткен мен бүгіннің арасындағы үндестікті көрсететін идеялар ұсынды. Оның бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Ғалым ең алдымен күмбезді армандарына жетпей дүниеден өткен ғашықтарға салынған зират емес, символдық мәні бар, мемлекеттік деңгейде геосаяси маңызы болған заман ескерткіші ретінде қарастырып, Қозы мен Баян өмір сүрген кезеңде мемлекеттер арасында түсініспестік тұрғызған айтулы оқиға болғандығы туралы болжам жасайды. Бірақ ата-бабаларымыз мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді үлкен даналықпен шешкен, Бітім, Келісім, ортақ Шешімге ұмтылып, шындық пен ақиқаттың арасын айыра білген. Геосаясат құбылмалы заман құбылысы, ал махаббат ақиқат, мәңгі тақырып, сондықтан да бабаларымыз ақиқаттың символы ретінде күмбез соққан. Осы мысалдың өзі бізге үлкен ой салады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Президентіміз Н.Ә. Назарбаев мемлекетімізді мекендеп отырған халықтардың, этностар мен конфессиялардың арасында Достық пен Ұнтымақтастық, Сыйластық пен Түсіністікті орнатуды басты мақсаттардың бірі ретінде ұстанып келеді. Күмбез туралы философиялық пайымдарға үңіле отырып, бұл саясаттың бірден-бір дұрыс шешім екендігіне көзіңіз жетеді. Заман мәселелері өтпелі, ал адами асыл сезімдер – мәңгілік шындық.

“Махаббат мұнарасы” адамдар туралы санамызға әбден сіңіп қалған, енді-енді өзгеріп келе жатқан таптық көзқарастарымызды өзгертудегі тағы бір қадам десек те болады. Ғарифолла Есім адамның жаманы жоқтығына сенімді. Оның ойынша, Қодарды кінәлауға болмайды, ол да ел намысын қорғаған батыр, сұлу қызға ол да құмар, осы мақсатына сай ол да қарекет жасайды. Қарабайдың ісі де мақсатына байланысты түсіндіріледі. Қыздың әкесі ретінде Қарабайдың да арман-мақсаты бар, ол қызының бақытты болғанын көру, бұл үшін оны сөгу, жаман адам ретінде түсіну, жалпы адамдарды жаман-жақсы деп бөлуіміз дұрыс па? Ойлану керек.

Философ атаулы қай заманда да адмға ой салушы, оның бойында күдік пен күмән тудырушы. Аристотель ғұлама “Философияның басы – таңдану” демеп пе еді. “Махаббат мұнарасы” қалың жұртшылықты таңдандырды, санасына ой салды, ескі нәрсені қайта жаңғыртты, қазақтың ұлт, мемлекет ретінде қалыптасуының ерекшеліктерін қайтадан тексеруге негіз боларлық жаңа идеялар туындатты. Ғалым айтқан пікірлермен келіспеушілер де табылар, бірақ нағыз философиялық ойдың күші осында, адамды ойландыруында. Осы құбылыстан Ғарифолла Есімнің философиялық шығармашылығының басты ерекшелігі көрінеді. Оның философиясы адам болмысы туралы философиялық антропология, ол адамды өз болмысын түсінуге, қарапайым тіршілік етуші емес, ой иесі ретінде өмір сүруге жетелейді.

Дәстүрлі философия адамды өзінің басты объектісі деп танығаны белгілі. “Философия адамды ғана зерттеу керек” деп жар салған Сократты, “Адам дегеніміз не деген сұраққа жауап беретін ғылым – философия” деген Кантты еске алсақ та жеткілікті. Бірақ уақыт өте, әсіресе кеңестік жылдары философиялық антропология философия ғылымының зерттеу шеңберінен шығып қала жаздады. Адам және оның жасампаз күші туралы жалпы ұрандар көп айтылғанымен, жеке адамды мазалаған мәселелер олардың көлеңкесінде қалып қойды. Шындығында, табиғатта адамнан асқан жұмбақ нәрсе жоқ. Дүниеде адам зерттемеген, құпиясын ашпаған нәрсе қалмаған шығар, әсіресе өзіміз күні кеше қоштасқан XX ғасыр дүниені танып-білу тұрғысынан аса жемісті болды. Ал адамның өзі кім? Оның өмірге келгендегі мақсаты не? Адам мен заман қайткенде түзелмек? Осы мазмұндас сұрақтар көне заманнан бастап қазіргі кезеңге дейін өмір сүрген ойшылдарды толғатты және толғанта бермек, себебі оның дәл жауабын табу мүмкін емес. Адам мәселесі – мәңгілік, адам атаулы жер бетінде өмір сүргенше мазалай беретін мәселе.

Осы күрделі мәселені зерттеу ісін Ғарифолла Есім жаңа мазмұнмен толықтырды деуге болады. Бұрынғы кеңестік философиясы адамды негізінен екі арнада: табиғи-биологиялық және әлеуметтік-таптық болмыста қарастырса, Ғарифолла Есім адам болмысын алты жүйеге: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, ақыл жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесіне бөледі және оларды талдауда ғылыми тәсіл мен әдеби-көркемдік тәсілді, логика мен аян- интуицияны бірге қолданылған философиялық прозаға сүйенеді. Осы жүйелер туралы пайымдар нақты таратылып айтылған философиялық новеллаларында да, жалпы философиялық ойлау барысында да ғалымның Жаратушы идеясына деген сенімі анық байқалады. Біреу қабылдап, біреу қабылдамайтын бұл сенім Ғарифолла Есімнің философиялық ойлау кеңістігін кеңейте түскендей. Оның себебіне үңілсек, ғалым Жаратушы идеясын мойындағанымен, оған тәуелді күйде қалмайды, сол идеялардың негізінде өз ойларын батыл өрістетеді. Бұл тәсіл де қазіргі адамға ой салар тәсіл. Себебі, қазіргі қоғамымызда діни сенім кең канат жайып отырғаны белгілі. Бірақ осы құбылыстың теріс жақтары басымдау болып бара жатқан секілді. Діни сенім адамның санасын тұмшалып, еркіндігін тежемеуі керек, әйтпесе адам жігерсіз, белгілі бір діни идеяларға тәуелді мүсәпір мақұлыққа айналады. Дінге деген соқыр сенім адам үшін, әсіресе жастар үшін қауіпті. Адам Жаратушы идеясын қабылдай отырып, Сенімді Ақылмен, философиялық Даналықпен ұштастыра білуі қажет. Философия мен діннің тарихына көз жіберсек, белгілі діни тұлғалардың бәрінің осы қағиданы ұстанғанын байқаймыз.

Өзі де осы жолды таңдаған Ғарифолла Есім Тәуелсіздік пен Еркін Ойлау идеяларын өркениетті елдер қатарына жетуге ұмтылған тәуелсіз Қазақстан азаматтарының бойында қалыптастыруға ұмтылады. Ой еркіндігі жоқ, өз болмысын түсінуге талпынбаған адамдар тәуелсіз мемлекеттің өкілі бола алмайды. Мемлекет тәуелсіздігі жеке адамның, оның санасының еркіндігінен, тәуелсіздігінен басталады. Санадағы өзгеріс – өзгерістің ең қиын, ең баяу жүретін түрі, ол айларды, жылдарды, тіпті ондаған жылдарды қажет етеді. Жоғарыда аталған “Сана болмысы” циклі сананы өзгертуге, бойымызда кеңестік жүйенің жемісі ретінде қалған үрейді, жалтақтықты жоюға, ұлттық, еркін, азат рухты қалыптастыруға бағытталған. Себебі заманды жасайтын осындай адамдар ғана, ал олардың санасы бұрынғы деңгейде қала берсе, Абай айтқандай, “Жаманды заман илемек, заманды қай жан билемек”. Мәселе адамның өзінің нағыз мағынасын, толық, кемел адам қалпын қайтадан таба білуінде, сонда ғана ол заманның құлы болудан арылып, өз тағдырын өзі анықтауға талпыныс жасайды.

Осы ойды Ғарифолла Есім Қазақстанның әлемдік өркениеттегі алатын орнына байланысты пікірлерінде жалғастырады. өркениет туралы әртүрлі көзқарастар көп. Біреулер өркениетті тығырық, ақырзаман деп түсіндірсе, басқалар адамзаттың болашағы деп тұжырымдайды. Ғарифолла Есімнің пікірінше, өркениет – бүгінгі таңның өмір сүру формасы, бірақ ол қайталанбайтын, әр ел өзінше жүріп өтетін нәрсе. Сондықтан Қазақстанда да басқа өркениеттерден өзгеше “Қазақстандық өркениет” қалыптасуы мүмкін, одан қашудың керегі жоқ. Оның дүниежүзілік өркениеттерге ұқсас жақтары да, өзіндік ерекшеліктері де қалыптасары сөзсіз. Мәселе сол ортаға кіре отырып, бәсекеден шыға білуде, ал ол осы Қазақстанда өмір сүріп отырған адамдарға, ең бастысы олардың рухани күш-қуатына байланысты. Бұл өте күрделі проблема болғандықтан бізге қазіргі таңда тәуелсіздік философиясын қалыптастыру әбден қажет. Осы тәуелсіздік философиясы туралы сөз еткен Ғарифолла Есімнің ойлары аса маңызды деп ойлаймыз.

Ғалым тәуелсіздікті Бостандық идеясымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Бостандық деген әркімнің ойына келгенін жасауды емес, ол Қазақстанның әр азаматының өз еліне деген тәуелділік санасы. Халқын, елі мен жұртын құрметтеген, онымен қуанышта ғана емес, қиындықта да бірге бола білген адам ғана бостандық идеясын қабылдап, оны өзінің өмір салтына айналдыра алады. Тәуелсіздік, бостандық идеясы, ғалымның ойынша, қазақ халқы үшін кезінде Асанқайғы бабамыз жырлаған Жерұйық идеясымен, өз тарихыңды, тіліңді, мәдениетіңді, ұлттық болмыс-бітіміңді қабылдай білу идеясымен тығыз байланысты. Бостандықты бойға сіңіре білу өте қиын. Оны абсолютке айналдыру – Асығуға, ал мезгілінде қабылдамау – Кешігуге әкеліп соғады. Екеуі де жағымсыз, қауіпті құбылыстар. Талай қателіктерге ұрынып, тарихтың тар жол, тайғақ кешуінен өткен қазақ елі ендігі уақытта өкінбейтіндей бағыт анықтап алуы керек. Ғалымның ойынша, қазір біз осы жолға түскендейміз. Тәуелсіз Қазақстанды Ғарифолла Есім санасы еркін, іргесі мықты, тұрмысы қуатты, өздері бақытты адамдар мекендеген Жерұйықпен салыстыра отырып, өз оқырманын өтірік жұбатып, “жарқын болашақ” идеясымен алдарқатуға тырыспайды, әлі де шешімі табылуға тиіс проблемалар тізбегін атап көрсетіп, оларды тарқатуға, адамдардың санасын оятуға өзіндік үлесін қосады. Ғарифолла Есімнің философиялық шығармашылығының ерекшелігі де осында. Оның ойлары қазіргі адамды мазалаған, күнделікті өмір болмысынан туындаған сұрақтарға жауап беруге бағытталған. өмірдің өзі философиядан жаңа деңгейге көтерілуді талап етіп отыр. XX ғасыр философиясы, әсіресе кеңестік философия қарапайым адамды бірталай адастырды, жалаң, абстрактылық, идеялар жетегінде кетірді. Ендігі философия практикалық сипатта, адамға нақты өмірін, дүниеге келгендегі мақсатын түсіндіріп, болашағын бағдарлап беретіндей болуы керек. Біз сөз еткен белгілі қазақ философы Ғарифолла Есімнің философиясы нағыз осындай философия, қазіргі тәуелсіз Қазақстан азаматына аса қажет деп ойлаймыз.

Құсайынов Д.Ө.,
философия ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
жалпы университеттік саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының
профессоры
Аюпова З.К.,
заң ғылымдарының докторы,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің құқық
кафедрасының профессоры

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ- МӘНГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАСТАУЫ РЕТІНДЕ

Егемендік алғанымыздан бері өткен ширек ғасырдың ішінде қазақ елі көптеген мәселелерге қол жеткізді. Кеңестік моноидеологиядан бас тартып жаңа заман талаптарына сай нарықтық экономикалық даму қажеттіктеріне жауап беретін плюралистік көзқарастарға негізделген, ұлттық рухтың, көшпенділер дүниетанымы негізінде қалыптасқан ұлттық философиямызды жаңғырттық. Әсіресе, біздің ойымызша, ұлттық идеяның негізінде қалыптастырған мемлекеттік идеологиямыз. Ол туралы 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат- Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол- «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық- тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл- Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, оның философиялық әдіснамалық бастауларын көрсету мәселелері маңызды болып табылады [1].

Қазақ философиясы ұлтымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасқан даналық үлгілерінде сақталып атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа, бірліктің, елдіктің, достықтың үлгілері ретінде жетіліп отырды. Қазақ философиясы ұлтымыздың дара тұлғаларының, дана тұлғаларының, данышпан тұлғаларының ұрпаққа өсиет ретінде қалыптасты. Қазақ философиясы мен философиялық мәдениеті деген кезде біздің түсінігімізше ең алдымен басты-басты екі мәселені анықтап алуымыз керек. Олар қазақ философиясының генезисі (шығу тарихы) және қазақ мәдениет философиясының басталуы, қалыптасуы және дамуының ерекшеліктері.

Қазақ философиясының мәні мен мазмұны оның генезисі және басталуы арқылы айқындалмақ. Себебі әрбір ұлттық философияның бір-бірінен өзгешелігінің өзі осы, оның генезисі мен басталуында. Біз осы мәселелердің мәнін іздегенде қазақ философиясын еліктеуге салынып өзге ұлттар, халықтар философиясының үлгісіне салмай өзіне тән менталитетінен шығарсақ, ондай жағдайда біз ешқашанда Абай дүниетанымын аттап өте алмаймыз. Осы себептерге байланысты қазақ философиясы деген ұғым Абайға келіп тіреледі. Абай философиясының арқауы адам. Әрине, бұл жаңалық емес. Қашанда болмасын даналар өз -зейіндерін адамға арнаған. Бірақ, ақын адам туралы сөзді айта келіп, оны Алланың сөзіне тірейді. Сонда, Алланың сөзі бар, адамның сөзі бар. Мәселе сөзде. Платон идея десе, Аристотель формалардың формасы десе, Абай Алла сөзі дейді.

Абай бұл тұста Алланың сөзі аксиома, сен оны ұқ, қабылда деген діни дәстүрдегі қарадүрсіндікке салмайды, ол Алланың сөзі рас, бірақ оның растығы адамның сөзі арқылы расталмақ деген өте терең философиялық концепция ұсынған.

Абай дүниетанымын зерттеуде қандай тәсілді қолдандық дегенге келсек, негізінен оның өзі қолданған тәсілді алдық. Ақын алтыншы қара сөзінде қазақтың «Өнер алды - бірлік, Ырыс алды – тірлік» деген мақалына өзінше түсінік берді. Мұндай тәсілді еуропада герменевтика деп атайды. Ол тек метод емес, әрі философия [2, 71 б.].

Герменевтика тек қана Абайды емес, қазақ дүниетанымын, философиясын тануда өте тиімді тәсіл. Себебі, қазақ философиясы герменевтикалық мазмұнда. Қазақша ойлау жүйесі астарлап сөйлеуге негізделген. Мысалы билерді алсақ та жеткілікті [3, 125 б.].

Абайдың ойлау дәрежесі өте биік, ауқымы кең. Ол өз шығармаларында аз сөзбен, саралы да сырлы сөзбен қазақ болмысының көптеген мәселелерін қойып, шешімін айтып береді, ойға салады.

Оның ой толғамының негізгі діңгегі адам төңірегінде, адам болу, адами өмір сүру шарттарын анықтауында. Бұл адам мәселесін қарастыруда Абай дүниежүзілік философиялық ой деңгейіне көтерілген. Адам мәселесін таза күйінде, жалпы заңдылықтар тұрғысынан, адам болудың жалпылама шарттары тұрғысынан қарастыра білуі оның мәніне үңілуі, адам ететін негізгі қасиеттерін дәл анықтауы, -міне олардың бәрі осының айғағы. Осы ретте ол адамгершілік хақында да көп толғанған, адамгершілігі жоқ адамның иманы жоқ, иманы жоқ адам ол адам емес, есуас, мақұлық «санасыз, ойсыз, жарым ес» ондайлардан «сасу», ондайларға жоламай «қашу» керек деген [4, 70 б.].

Оқуға, білімге шақырғанда да Абай кең ауқымда ізденуге, дүниежүзі ғұламаларына сүйенуге, оқығаныңды, білгеніңді ізгілікпен, әдеппен ғибратпен, имандылық жолынан таймай, адам қажетіне тарту, ойын, біліктігін, адамгершілік қасиеттерін арттыруға, әділдік, бостандық, сұлулық, сүйіспеншілік тұғырына көтеруге мегзейді. Сөйтіп ол жан-жақты дамыған, толықсыған, толған, адам бейнесін, тұлғасын жасайды, сол тұлға үлгісінің деңгейінен жан-жағына сын көзімен қарайды, бұл армандаған образына сай адамды таппай қиналады, «сөзіңді ұғар адам жоқ» деп қынжылады. Оның: «Баяғы жартас - бір жартас, Қыңқ етер түкті байқамас» , - деп, «надандардан түңіліп», ақыл ойға құлақ салар адам таппай, «ойланар», «сөз ұғар ел» таппай шарқ ұруы, «жалғыз қалуы», қамығуы - Абай атамыздың жүрегінің түкпірінен шыққан шынайы сезім, халқы үшін, соның болашағы үшін деген күйкі-күйзеліс, қайғы-мұң екені хақ [5, 122 б.].

Абай өлеңдері адамға деген сүйіспеншілікке толы, бірақ ол жалаң сүй де күй емес, сүйіспеншіліктің ауыртпалығын, мұңды тіпті қайырлы немесе қайғылы жақтарын да айтады, сөйтіп ой өрнегін нақтылап, нәрлеп салады. Өмірдің, тағдырдың, жалғанның екі жағы барлығын, екі жағын да ескеру, екеуіне де төзу керектігін, төзімді, қайырымды, тағатты, қанағатшыл болуға баулиды. Адамды сүй, бүкіл адамзатты сүй дейді, хақ жолы, имандылық жолы осы деуі Абайдың гуманистік ой-тебіренуінде терең мазмұнның ішкі астарын ашып берерлік қағида. Адамға қастық қылма, «адамдық атын жойма» деп, бүкіл адамзатқа, жан иесіне бір ғана, біреу де болса ұлы талап қоюы, Абайдың ақын ретіндегі, хақим ретіндегі ұлылығының белгісі [5, 122, 304 б.].

Алла-тағала адамзатты махаббатпен жаратқан, олай болса әр адам, Алланы өз жанынан артық көріп сүюі керек, алланы сүю ол жаратқан бүкіл адамзатты сүюмен барабар,- міне осы үш сүю адамның иманы, сенімі, діні. Осы ақиқатты берік ұстау, сақтау, өмір азығындай арқалап өту, осыны терең білу, түсіну шарт, - сонда сен адамдығыңнан айырылмайсың. Осы үш сүюдің қарама-қарсысы, оларды бұзатын үш істен, шайтан ісі болып табылатын «пайда, мақтан, әуесқойдан» сақтан, «онан шошы»дейді Абай. Яғни ұлы ақынның айтуынша, әр адамның дүниетанымының, сенімінің түп қазығы, имандай сенер ұйытқысы адамды, адамзатты, алланы сүю; бар ойын, сана-сезімін, іс қимылын осы түп қазықтан бастама алса, соны иман тұтса, шайтан ісіне жоламаса, сонда ғана сен адамдық мәніңді сақтайсың, адам атына сай боласың. Егер осы түп қазыққа берік болмасаң, сенімің, иманың таяз болса, қаншама «руза, намаз, зекет, хаж» жасасаң да, яки иман-сенімнің сырт көрінісін, шарттарын орындағаныңмен, ішкі сенімің, иманың таза болмаса, сен адам болмайсың:

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен тартымды бермес жеміс [5, 305 б.].

Пайдакүнемдік, мақтаншақтық, әуесқойлық адамды бұзады, иман жолынан, алла жолынан тайдырады. Бұл - шайтан ісі, өйткені: бұған салынған адам алласын ұмытып, иманынан, шын сенімнен айырылады, ол адамды, адамзатты сүюден қалады, нәпсісін тыя алмай күнәға белшесінен батады. Сонан соң қаншама аллаға жалбарынып, намаз қылып, бас ұрғанмен сен мумин бола алмайсың, сен мунафик, екі жүзді адамсың,өйткені ісің шайтанның ісі, тек сөз жүзінде ғана аллалап, оған сенген боласың, иіліп құлшылық қылған боласың. Сөзің ғана емес ісің де таза болсын, имандылықты бұзбасын, адамға жамандық әкелмесін, қорламасын, қинамасын, қастық қылмасын, ісің де аллаға, адамға деген сүйіспеншілікке, махаббатқа толы болсын, -сонда ғана сен шынайы мұминсің, иманың таза, пәк адамсың [5, 304 б.].

Абайдың бұл айтқандары баяғы көне грек философы Протагордың «адам-барлық заттардың өлшемі» деген афоризмін еске салады, И. Канттың «категориялы императивімен» үндеседі. Ойыңда да, ісінде де адамды ұмытпа, ол үшін, әрине, алланы ұмытпауың керек, сенімің берік болуы керек. Әр адамның іс-қимылы, жүріс-тұрысы, қызметі басқа бір адамға залал әкелмесін, еш адамға ешқашан қастандық ойлама да, жасама да -бұл адам өмірінің заңы, иманы. Бұдан тайған - имансыз, екіжүзді, ол адам емес шайтанға еріп, соның еліктеуіне көніп адасқан, бұзылған күнаһар бенде. Иман тазалығын сақтамаған бенденің ойы да, ісі де харам, ол -қаскүнем, пайда табамын деп ол адамды жәбірлейді, басқа адамды сатып, оны пайдаланады, өз пайдасы үшін қолданады, қорлайды. Ол саған мақтанады, менменсиді, өзін басқалардан жоғары санайды, басқалар ол үшін тек оның тәлкегінің, пайдаға жұмсауының құралы, жымысқы ақылгөйлігінің құлы болып көрінеді. Сол сияқты мақтаншақтық пен

әуесқойлық адамды азғырады, тоздырады, жеңіл-желпі өмір сүруге бастайды, үлкен адами мақсат қою, тұрлаулы оймен еңбек қылудан мұндай бенде безеді, оның сенімінде де, ісінде де тұрақ жоқ, ол жалтақ, қорқақ, жылман, есер. Ондай кісі адамдықтан, имандылықтан тез ада болады, одан жақсылық күтпе, оған ерме.

Абай бабамыздың бұл айтқандарының үлкен тәрбиелік мәні бар. Ата-бабамыздан келе жатқан «баланы жастан» деген сөзді еске алсақ, баланы «шыр» етіп өмірге келгеннен бастап имандылық рухта тәрбиелеу керек, аллаға сендіру керек, яғни адамға деген сүйіспеншілікке, адалдыққа, ардың тазалығына баулу қажет.

Арғы жағында үлгі боларлық адами мәні, салмағы жоқ, бос мақтан, ойын-күлкі, орынсыз сөз бен іс баланың жан дүниесіне нәр бермейді. Ал басында имандылыққа толы қарым-қатынас болса, балаға деген сүйіспеншілік басқаларға деген сый-құрметпен жалғасып жатса, сонда ғана тәрбиенің мәнісі бар, ондайды сезіп, көріп өскен бала, көргендігін жасайды, иманжүзді болады, жалпы адамға деген сүйіспеншілік сезім оның көкейіне нық қонады.

Қазақ халқының, қазақ елінің болашағы ұлы ақынның ойынша осындай толыққанды адамның қолында. Бақытты, болашағы зор ел болу иманды, адамгершілігі артқан адамды тәрбиелеу дегенмен барабар. Абай тегінде қазақ қоғамындағы тұлғалы адамның рөлін терең сезінген, сондай адам ғана қоғамға ұйытқы, үлгі болатынын, ондай тұлға болмаса «өңкей нөл» қанша жиналса қоғам құрмайтынын, қара тобыр, топ болып қала беретінін білген. Бұдан қандай қорытынды жасауға болады? Маркстік-лениндік тұрғыдан алғанда қоғамдық қатынастар жеке адамға, индивидке қарағанда алда, озық тұрғанды, индивид бұрын қалыптасқан қатынастарды бойына сіңіріп барып қана сол қоғамның төл азаматы деңгейіне көтеріледі, содан кейін ғана ол қоғамға қызмет етіп, оған белсенді өзгерістер енгізе алады, тарих субъектіге айналады.

Белгілі мағынада қоғам алғаш, адам мәні қоғамдық қатынастардың жиынтығы, қоғам қандай болса, адам да сондай. Сондықтан алдымен қоғамды күрт, революциялық жолмен өзгертіп, одан кейін сол қоғамға сай адамды қалыптастыру керек. Абай бұл мәселені мүлдем басқадай ойластырған. Қоғам өмірінің түпкілікті негізі, айқындаушы күші адам. Адам қоғамдық өмірдің бастамасы. Адамды тәрбиелеу, адамның аллаға деген сенім-нанымын арттыру, нақты мүмин қылып баулу, осы жолда елдің қамқоры, бастаушысы, ақылшысы боларлық озық тұлғалардың дүниеге келуі, солардың ақыл-ойы, білімі, ерік-күші, белсенді іс-әрекеті басқаларға үлгі болып, ел жұртты ұйытып, біріктіріп, өміршең істерге көтеретіні, – елдің, қоғамның алға басуы осы жолмен болмақ. Осындай түсінікті ұстаған Абай өзі ел басқаруға қатыспақ болып, талпынған кезі де болған, бірақ сол замандағы билікке, атаққа таластың, қазақ қоғамының патша саясаты әсерінен ыдырауы, алауыздығы, көре алмаушылықтың асқынуы Абайға дес бергізбеген....

Абайдың адам, қоғам, тәрбие туралы жазғандары, терең философиялық антропологиялық, мәдениет философиясы бағытында мәні бар ойлары қазіргі тәуелсіздікке қол жеткен уақытта ерекше маңызды болып, қазақты өзіне-өзін танытып, бүкіл дүниеге әйгілі қылып, қаз басып келе жатқан ұлттық мемлекетіміздің сүйеніші, арқауы боларлық идеологиялық сипаттағы құндылықтардың негізін қалайтын ойлар жүйесіне айналып отыр. Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік тұғыры, оның мәдени, адами болмысы, болашағы осындай терең тамырлы, өміршең идеялардан бастама алғанда ғана іске асатыны, сонда ғана ұлттық тұтастықты сақтап, бұдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын дүниеге келген біртұтас қазақ хандығын құрған, содан кейін де қазақ атын да, затын да сөндірмеген, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымызбен мұраттаса-мұраласа, өмірлеріне жалғаса, сабақтаса, бүкіл дүниежүзілік өркениет құндылықтарын өз бойына ұлттық менталитін жоғалтпай, қайта сол негізде қабылдап, қорытып дами беретіні анық.

Шоқан, Ыбырай, Абай негізін қалаған ағартушылық идеялар XX ғасырдың алғашқы үштігінде өз жалғасын тапқаны белгілі. Бұл жалғастық Абай шәкірттері қатарына жататын С. Торайғыров пен Ш. Құдайбердиев, басқа да ақын жазушылар шығармашылықтарынан орын алды. Ағартушылық көзқарастың тағы бір жалғасы белгілі мағынада өздерін Абайдың шәкірттері қатарына жатқызатын қазақ демократиялық интеллигенциясының көрнекті өкілдері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сияқты әрі қоғам қайраткерлерінің, әрі жазушы, әрі ғалым, еңбектерінде орын тепкен, бұл жалғастық ұлттық бостандық, ұлт азаттық қозғалыс идеяларына ұласқанын егемен мемлекет құруда азаматтық қоғам қалыптастыру, заман талаптарына сай ұрпақ тәрбиелеу мәселелері олардың дүниетанымдық нысандарында қандай орын тапқанын және қалай көріністер тапқанын, биыл қазақ елі бір жүз жылдығын тойлап жатқан Алаш идеясын мәнің айқара ашу барысында еліміздің азаматтары осы идеядағы даналық іздерінен сусындады, оның өміршендігіне көздері жетті. Қорыта айтқанда, мемлекеттік идеологияның арқауы болып отырған «Мәңгілік ел» – патриоттық актісін жүзеге асыруда қазақ философиясының қолданбалы маңызы өте

зор. Себебі мың өліп- мың тірілген қазағымыздың тарихы оның бірігу, ел болу мәңгілікке құлаш сермеу тарихы. Оның әсем үлгілері ұлттық философиямызда өрнектелген.

Әдебиеттер:

1. «Мәңгілік ел»- қазақ халқының ұлттық идеясы. – ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы. – 17 қантар 2014 //bnews.kz/.../mangilik_el_kazak_halkinin_ulttik_ideyasi__n.
2. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 184 б.
3. Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 215 б.
4. Абай. Книга слов. – Алма-Ат: Жазушы, 1992. – 90 с.
5. Құнанбаев Абай. Шығармаларының 2томдық толық жинағы. – 1 том, Алматы, 1977. – 307 б.

Иманжолсұп Раушан

ПРАКТИЧЕСКОЕ ЧУВСТВО ИСТИНЫ (К семидесятилетию академика, философа, писателя Гарифоллы Есима)

Сегодня не только мы, но все человечество стоит перед дилеммой - либо научиться думать по-новому и самоспасаться, либо подчиниться воле людьми же форсируемого апокалипсиса. Завело же в такой тупик наше псевдовсесилие и разобщенность.

Выход один – единство ценою не унифицирования всего, а беспрекословное признание правомерности присущих всем сущим многообразия и различий. Прав Платон, еще в древности изрекший мысль о том, что мы должны быть вместе, оставаясь каждый самим собой. И кстати, Платон был первым, кто использовал художественные возможности прозы в своих научных поисках, забыв на время о категориях и понятиях.

В диалогах о единстве времени и пространства Платон представил восхищенному миру уникальный сплав образного и научного мышления. «Его литературное наследство принадлежит не только истории античной философии, но также истории античной науки и истории художественной литературы», - писал академик В. Асмус. Традицию философско-художественного описания Платона подхватили и продолжили мыслители арабского средневековья. Ибн Туфейль, автор романа «Хай, сын Якзана», соединил в своем произведении и фантастику, и миф, и реальность, выразив свое идеалистическое восприятие мира.

В 18 веке в Европе Даниель Дефо издает роман «Робинзон Крузо», созданный под впечатлением книги «Хай, сын Якзана». Далее традицию философской прозы продолжают Вольтер – роман «Задиг» и Дени Дидро - роман «Монахиня».» Франция была особенно щедрa на моралистов особого склада», - отмечал в предисловии к роману Альбера Камю «Падение» Сергей Великовский. И в самом деле, роман, написанный в тяжелые для Франции времена, рассказывает о выборе, стоящем перед каждым человеком. Один, уверенный, что сопротивляться бесполезно, просто подчинился обстоятельствам и решил просто жить. Другой, и это был Камю, вошел в ряды французского Сопротивления, не желая предавать Родину. Это был «поступок, рационально не выводимый из жизненных данных, без надежды на успех», но герой устоял против искусов предательства и самоуничтожения.

Сизиф, персонаж эссе Камю, всю жизнь должен вкатывать на гору обломок скалы. Камю оправдывает его, говоря, что сам герой осознавал всю чудовищную несправедливость выпавшей ему доли, и уже это осознание было его победой. Своим трудом он показывал несправедливость наказания, жестокость палачей и вместе с тем выражал этим всю силу своего свободного духа. Сизиф совершает подвиг, ибо в бессмыслицу происходящего вносит смысл именно своим вызовом, показывая, что единственная правда – это непокорство. Об этом говорит людям Альбер Камю.

Мечтая о времени, которое вырвет людей из-под власти вещных обстоятельств, Бердяев считал, что произойдет это лишь в той мере, в какой человек будет способен к самоопределенности личности изнутри. То есть, человек ощутит потребность в раскрепощении, почувствует потребность в личностном, индивидуальном пространстве, которое породит в нем способность к самоанализу и вырвет его из-под власти «вещных обстоятельств».

Философ же берет внутрь себя весь мир, все человечество, всю культуру, и потому, наверное, проблема философии нравственности стоит в центре всех человеческих отношений. И потому, должно быть, рождается философская проза, рождается, чтобы помочь людям разобраться в самих себе, чтобы быть вместе, оставаясь самим собой.

Философская проза Гарифоллы Есима - жест духовной раскрепощенности, готовность судить о жизни, опираясь на жизненный багаж, на свой собственный опыт, на свои ощущения и переживания.

О том, как это все начиналось, Гарифолла Есим вспоминает так: «В своей научной практике я сталкивался с тем, что ощущал невозможность высказать свое восприятие в пределах строго регламентированных научных определений, которые были для меня узки. Я нашел, что емкость и полноту дает художественное слово, но слово в мировоззренческих плоскостях. Понять, объяснить мир в полном объеме не довелось еще никому, и осознание этого, быть может, и привело меня к тому, что я начал писать в жанре философской прозы. Для меня она – как глоток свежего воздуха, и с каждым глотком становится легче дышать».

В предисловии к сборнику философской прозы «Прошлое в настоящем» автор пишет: «Это получилось непроизвольно. Хочу заметить, что слепым подражанием я не занимался. Подражание – поверхностный процесс. Он избавляет человека от мук творчества, без которых нет и самого творчества. Творчество – это не подневольный труд, а труд по велению сердца, особое состояние, при котором появляется ощущение полета. Когда начинаешь размышлять, мысль устремляется в определенное русло. Для меня это русло – философская проза».

В книге Гарифоллы Есима «Прошлое в настоящем» идет повествование о жизни простых людей. Параллели, которые проводит автор, по-новому освещают многие стороны человеческой жизни, людских страстей, обычных, на первый взгляд, событий и обстоятельств. Книга состоит из четырех разделов. Первый называется «Грех» и начинается он весьма символически с притчи об Адаме и Еве. Адам счастлив с Евой, но он знает, что когда-нибудь умрет, и он просит Создателя дать ему знак. Пролетели годы безмятежного счастья, и вдруг Адам видит перед собой ангела смерти. Он - к Богу. Я не получал от тебя знаков. Ах, вот ты о чем. Тогда ответь на мои вопросы: Когда появились у тебя седые волосы?

- О, уже давно.

Помнишь ли ты время, когда Ева оттолкнула тебя, когда ты протянул руки, чтобы обнять ее?

Да, помню.

- Сколько времени прошло с тех пор?

- Когда у Каина появился первый внук. Сейчас он вырос, женился.

- Когда побелела твоя борода?

- С тех пор, как у Авеля родился правнук. Он уже большой.

- Так это и есть мои знаки о приближении смерти. Раньше ты часто произносил имя Евы, а теперь ты говоришь: яви свою милость, Создатель. Этими словами ты как раз и призывал ангела смерти.

- Всевышний! Почему же я распознал твоих знаков?

- Этому есть причина. И она – в тебе. На этой грешной земле, полной мук и страданий, есть самое дорогое – жизнь. Ты жил в раю, знаешь, как там, но жизнь на Земле тебе дороже. Никто не имеет права расстаться с жизнью раньше, чем это предначертано свыше. Кто ослушается, того ждет ад. Твой сын Каин будет первым, кто перешагнет его порог.

- Все в твоих руках, о Создатель. Прошу, сделай так, чтобы мои потомки знали о приближении смерти, чтобы она не застала их врасплох.

- Хорошо, тогда передай наш разговор сыну Авелю. Авель должен принять от тебя завет и передать своим потомкам.

Адам поговорил со своими детьми, женой, дал им последние наставления и советы. К утру душа его белой голубкой выпорхнула из его тела.

Герой рассказа «Грех» Саттар обречен на муки. Он арестован, как и тысячи других, ни в чем не повинных людей, и ждет смерти. Смерть не приходит, и он, устав от ожидания, понимает, что не приходит она потому, что он не успел совершить ничего греховного, что греха на нем нет. Полумертвый, он пытается согрешить. Согрешить хотя бы в мыслях. И он решается подумать плохое о чистой, нежной девушке Айне. Он застонал, и стон этот услышал надзиратель. Ударил Саттара лопатой по голове, и закинул на воз с мертвыми. Перед глазами Саттара вспыхнул яркий свет, он подумал, что этот свет идет от Айны, но потом свет померк, и все исчезло ...

Что же такое грех? Бывает ли безгрешный человек? Говорят, что дитя, народившееся на свет, бегрешно, ребенок подобен ангелу. Что же происходит с Саттаром? Так ли живуч его молодой организм, вынослив и могуч, или какая-то иная сила держит его на Земле? Чем определяется греховность, прав ли Саттар, желающий согрешить, чтобы приблизить смерть как избавление от мук? Сам автор так отвечает на эти вопросы: «Во все времена люди пытались ответить, что же такое грех. Не знаю ни одного мыслителя мирового масштаба, который бы не поставил этот вопрос перед человечеством и не попытался бы дать на него ответ. Я же думаю так: если человек безгрешен,

значит, он не жил. В процессе социализации личность не может оставаться чистой, Человеку свойственно грешить. Но грех имеет разные уровни, разные смысловые нагрузки. Грех – это нормальное состояние человеческого бытия. Религия потому и появилась, чтобы быть посредницей в этом, отпуская грехи. Она потому и владеет душами людскими, что помогает человеку на протяжении жизни избавляться от грехов, облегчая муки совести. Помогает не только жить, но и умереть. Грех же заложен в человеке, вне человека он не существует. Он обнаруживает себя в человеке.

Второй раздел книги называется «Рок». Все, что случается, происходит по воле рока. Можно ли противостоять судьбе, бросить ей вызов, попытаться изменить ее? В человеческих ли это возможностях? Тансулу, героиня одноименного рассказа, увидела свою судьбу еще в детстве. Она увидела себя безносой старухой. Тансулу выросла, вышла замуж за красивого, достойного парня. Но бек из враждующего племени калмыков совершает набег на аул и увозит Тансулу, чтобы сделать ее своей наложницей. Тансулу беременна, а старуха –служанка сказала ей, что они уберут плод и будут готовить ее для бека. Чтобы спасти ребенка, отважная женщина отсекает себе нос и говорит беку: «Я могла бы расстаться с жизнью, но расстанусь только с моей красотой ради сына». Бек обещает выполнить все, что она потребует. Жизнь Тансулу стала ожиданием встречи сына с отцом. Они встретились, а Тансулу бросилась с крутого обрыва в воду, выполнив свой долг. Победила ли она судьбу? Да, потому что она исполнилась в своем предназначении стать верной женой и самоотверженной матерью. Ей много пришлось вынести, но великая сила любви, которую она хранила в своем сердце, помогла ей совершить подвиг.

Сам автор книги «Прошлое в настоящем» размышляя о женской сути, о женской доле, отмечает: «Мы много знаем о подвигах мужчин, а что мы знаем о подвигах, совершенных женщинами? Говорят, что мужество не имеет женского лица. Это глубоко ошибочное мнение. Да, безусловно, на полях сражений, в битвах, в основном, воюют мужчины. Женщина вступает в бой обычно спрятав свои косы, в мужской одежде. Женский подвиг и подвиг мужчины – понятия несопоставимые. Подвиг мужской как бы заранее определен – об этом все узнают, его мужество и доблесть будут воспеты в песнях и исторических преданиях, но подвиг женщины – скрыт от людских глаз. Она совершает героизм, не помышляя о славе, напротив, всеми силами пытаюсь скрыть его. Тансулу скрывает свои подвиги от сына, от мужа, от рода, от подруг. Отец и сын встретились, признали друг друга, отныне они вместе, и Тансулу теперь может отойти, стать свободной, уйдя в иной мир. И даже смерть – это последний подвиг Тансулу. У Жойкына семья, дети, налаженный быт, и она не хочет быть никому обузой, ей не нужны благодарности и теплый угол. Тансулу унесла с собой тайну подвига. Так что же такое подвиг? Геройский поступок? Подвиг совершает человек, обладающий высоким осознанием своей ответственности. В тансулу такая ответственность была. Героическое начало – суть ее естества. В жизни ее есть любовь, и она служит этой любви, понимая, что должна принести ребенка в мир, ибо он – продолжатель рода».

Самый большой раздел книги называется «Ложь». В этом разделе восемь рассказов, и один из этих рассказов – «Власть лжи». Тема преемственности поколений раскрывается через воспоминания автора . «После ужина все, кто зашел на огонек, остались сидеть возле деда. Разговор коснулся политики. В те дни произошло сразу два события, всколыхнувшие всю страну. После выхода известного постановления Сталина началась антисталинская кампания. Дед не знал современного алфавита, и поэтому просил меня читать газеты вслух. Я старался читать с выражением, придавая голосу торжественность и пафос. «Э, и этот долго не продержится», - сказал дед. Признаюсь, что я тогда не понимал смысла многих слов, но взрослым было все понятно. Старики говорили, что если бы во власти была не ложь, а правда, то ее невозможно было бы опровергнуть. Ложь не может устоять против правды жизни. Они были прозорливы, аульные старики и понимали, что власть, пришедшая вслед за Сталиным, долго не продержится, потому что правды в ней было мало. Основанием власти была ложь, а ложь недолговечна. Об этом знали, этим жили, об этом говорили мудрые старики из моего детства».

Старец Есим предсказывал еще в шестидесятые, что скоро люди будут жить в новом обществе, что все старое уйдет. Когда пришла Независимость, то многие говорили, что это было неожиданно. Но ведь были старики из аула, они знали, что грядут иные времена. И обосновывали сказанное одним: когда одна власть ругает и порочит другую, долго ей не продержаться. Простая истина, но многим недостижима именно эта простота.

Пастернак удивительно точно сказал об этом:

В родстве со всем, что есть, уверяясь

И знаясь с будущим в быту,

Нельзя не впасть к концу
Как в ересь, в неслыханную простоту.
Но мы пощажены не будем,
Когда ее не утаим,
Она всего сложнее людям,
Но сложное понятней им.

Да, так и случается в нашей жизни, простое нам недоступно, его мы не замечаем, отыскивая истину в недостижимо сложном, которое далеко от нашей жизни. Понять то, что происходит вокруг, живя в настоящем, имея знания о прошлом, которое неизбежно присутствует в нашем бытии, в нас самих – не есть ли это тот самый смысл существования человеческого, сама жизнь, наконец.

Философская проза Гарифоллы Есима захватывает с первых страниц стихией свободной речи. Здесь нет заранее продуманных сюжетов, вымысла. Воспоминания о прошлом как рефлексия на происходящее сегодня, стремление сохранить то, что приходит, то, что будоражит сознание, что направляет мысль в какое-то определенное русло – не есть ли это свобода творчества, которая, по выражению Белинского, «легко согласуется с о служением современности». Никакого принуждения, фантазии, мучительных поисков нужных фраз, форм. Быть честным по отношению к себе и людям, к своему времени, быть гражданином общества, отстаивать интересы которого считать своим долгом и обязанностью, не отделять убеждений от реально воплощаемых дел, иметь практическое чувство истины – эти константы определяют, на мой взгляд, концептуальную линию жизни нашего замечательного современника, для многих - Учителя и наставника, писателя, академика Гарифоллы Есима.

Аликбаева М.Б.,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті
Карабалина Эльза,
өнертану магистрі, оқытушы,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Өсербаев Елдос
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің,
"Мәдениеттану" мамандығының студенті

“МӘНГІЛІК ЕЛ” МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

Мәңгілік ел идеясын Елбасы мемлекетіміздің жаңа да мәнді даму бағыты “Қазақстан-2050” стратегиясында жария еткені есімізде. Аталмыш идея, ұғым одан бұрынғы кезеңдерден-ақ көрініс тауып, қажеттілігін ұғындыра бастағандай еді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақ халқының тарихында жаңа жұлдыз, жаңа болашаққа деген нық сенім пайда болған кезең екені белгілі. Соған сәйкес жаңа құндылықтар мен ұғымдардаң қалыптасуы, қай жағынан алсақ та, заңды да қажет құбылыс еді. Алғы шепте, талай тарихи тағылымды да терең және тағдыр тезінен өткен ең қасиетті және қадірлі Қазақ жері тұрды, 14 000 шақырымды құрайтын әлемнің үлкен ондығына кіретін мемлекетіміздің болашағын жарқын етті, ол өз деңгейінде бейбітшілік пен жасампаздықтың көрінісі еді.

Мәңгілік ел идеясын толық формада Қазақстан халқына Елбасы 2014 жылдың 17 қаңтарында алғаш ұсынып: “Мәңгілік ел идеясы - ата-бабаларымыздың ардақты арманы, жалпы Қазақстан халқының асыл мұраты, Тәуелсіздіктің 22 жылдық кезеңінде халқымызды біріктіріп-бітістіретін құндылықтардың қалыптасып, мемлекеттің іргелі ірге тасының көрінісі болды, ал олар өз кезегінде үлкен негізге ие, бұл құндылықтар Қазақстан жолының куәсі” екендігін айтқан болатын. Оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі және жасампаз елордамыз Астана қаласының мәнді ғұмыры
- Ұлттық бірлік және қоғамдағы жоғары моральдық-этикалық принциптер
- Жалпыға ортақ ашықта-еркін және рухани бай қоғам
- Индустриялық даму мен жаңа инновациялық технологиялардың көмегімен жоғары экономикалық даму

- Жалпыға бірдей еңбекке негізделу
- Тарихи тағылым, мәдениет пен тіл
- Ортақ әлемдік және жергілікті мәселелерге қатысу, ұлттық қауіпсіздік маңыздылығы

Аталмыш факторлардың жоғары деңгейде прогрессивтік сипатқа ие болуы Қазақстанның жаңа Патриоттылығының негізін қалайды.

Мәңгілік ел идеясының негізінде Қазақ тілінің болашағы жатыр, ол рухты да батыл бабаларымыздың тілі, ортақ мәдениет пен дәстүрлердің сабақтасуының кепілі. Тіл-халықтың басты қазынасы, ата мен бала сабақтастығының алтын көпірі, тәуелсіздік эстафетасын келесі ұрпаққа тасымалдаушы – тіліміз болмақ. Сонымен қатар, бұл биік ұғым өз бойына тағы бір ата кетерлік үлкен мәнге әкеп тірейді, ол – ұлт санасы, түйсігі. Қысқа қайырып өтсек, Қола дәуірінде Беғазы-Андрон мәдениетін қалыптастырған, сақ болып шартарапқа жар салған, ғұн болып шығысты қабағына қаратқан үйсін-сармат болып шығыс пен батысты біріктірген, көк түркі болып қағанат құрған, қарахан болып иман ережелерін бекіткен, қыпшақ болып Еуразияны төстеп билеген, Алтын Орда болып ақырған, Ақ Орда боп жекірген, Қазақ Хандығы болып жар салған, Қазақ КСР болып жанданған тарихтың өзі сұстанған Қазақ деген халықтың ұрпағы екенімізді есімізден шығармауымыз есті болар. Белгілі деңгейде Қазақстан халқы өз ортасында орнықты да мәнді бірегейлікті қалыптастырғаны мәлім, қазақстандық бейбітшілік моделі-әлемге үлгі екені де ешкімге құпия емес, дейтұрғаныменде, мына күн сайын құбылып, мың алабұртқан адамзат үшін ең дамыған және сол деңгейде ең күрделі кезеңде өзіндік мәдениет пен ерекшеліктерді сақтап қалу да аса маңызды. Осындай қиын да кемел заманда даму сипатына ие болу үшін ұлттық сана-сезімді қайта жандандыру, тарихи тамырды терең жаю мәселелері өз алдына маңызды және қажет. Идея-философиялық және көне түркілік тарихи-лингвистикалық сөздікте “мәңгі” сөзі астаса келіп, “Тәңір”, “Құдай” және “Алла” сөздерін білдіретіні белгілі. Бұдан ұғатынымыз, “Мәңгілік ел” ұғымы “Тәңірдің жердегі елі, мемлекеті” дегенді білдіреді, түптеп келгенде, Қазақ мемлекетінің мәңгілік болуына аталмыш идея кілт болмақ.

Тарихи тұрғыдан сараптар болсақ, “Мәңгілік ел” түсінігі сайып келгенде Қазақ елі ұғымына айналады, яғни, бұл түсінік сол ертедегі мәңгілік елдікке ұмтылудың эволюциялық формасы. О баста, қазіргі қазақ жерінің орнында алғаш түркі тайпалары бірігіп, тұңғыш мемлекет құра бастағанда, сол уақыт кезеңінде “ел” түсінігін қалыптастырды, ал мәңгі ел болу түркілердің негізгі мақсаты әрі арманы еді. Ал, XV ғ. орта шенінде Қазақ хандығын Керей мен Жәнібек ұлы түркілердің заңды мұрагері ретінде құрған шақта нақ осы мақсатты қайта жандандырып, “Мәңгілік ел-Қазақ хандығының синонимі” етіп алған.

Бүгінгі күнде, нақтырақ 2015 жылдан бастап, Мәңгілік ел идеясы толық активтілік сипатқа ие болып, оның негізгі мақсаты – Қазақстан халқының теңдігі. Аталмыш идеяның басты құндылықтары:

- Азаматтық теңдік (ортақ құндылықтар мен бірлік принципін басшылыққа ала отырып, ешқандай кемсітушілік-шеттетулік әрекеттердің алдын-алу, сәйкесінше, оның мүлде орын алуына жол бермеу)
- Еңбексүйгіштік (әр азамат өз жұмысын адалдықпен атқарып, қызметтегі профессионалдық деңгейін жетілдіруге ұмтылуы)
- Білім алу (қазақ мемлекетінің болашағы болып табылатын жастардың жоғары деңгейде білім алып, ақпарат заманында бәсекеге толық қабілетті болуы)
- Ашық мемлекет – толерантты қоғам (мәдениеттанулық тұрғыдан талдар болсақ, жаһандану заманында түрлі мәдениет өкілдері өзара араласып, тарихта болмаған үлкен диалогқа ие болуда, сол себепті мәдениет өкіліне толеранттылық танытып, түсіну және діни тұрғыдан да ешқандай дискриминациялық әрекеттерге жол бермеу)

Аталған құндылықтардың жоғары дәрежеде орындалып, қоғамда тұрақтауы еліміздің болашағын жарқын етпек. Бұдан шығатын қорытынды, Мәңгілік ел-қазақстандықтарыдың екінші конституциясына айналуы тиіс. Бұл жолдың алғаш институты ретінде – мектептерде Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу жөн болар. Соңғы әлеуметтанулық зерттеулерге сүйенсек, еліміздің 95%-ы өздерін Қазақстан халқымыз деп таныстырған. Қазіргі таңда, қазақ жерінде 130 астам этнос өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешуде, расында, еш этнос-мәдениет өкілі ешқандай дискриминациялық әрекетті көрген емес және көрмейді. Тілдік, діни немесе өзге де ұлттық-этностық тұрғыдан кемсітушілік әрекеттер қазақ жерінде еш уақытта орын алмаған, оған куә – дана тарих. Қайбір зұлмат замандарда қазақ өз қонақжайлылығы мен жоғары түсінік деңгейімен ерекшеленген. Қайсібір халықтар қазақтай дархан халықты көргемегенін зор алғыс сезімімен айтып отыратыны бар, алысқа бармай-ақ, зұлмат 40-жылдардағы күштеп қоныс аударту саясатының құрбаны болған талай халықтар қазақ жеріне

келген сәтте аса ауыр жағдайда еді, туған жерінен жырақтаған олар негізгі құндылығынан айырылып, шарасыз жағдайда еді, сол мезетте, бір қара су мен қара нанын бөліп төріне шақырған қазақтың жақсылығы бәрінің есінде. Сол себепті, аталмыш идеяның негізгі тасымалдаушысы мен түсіндірушісі рөлін өзіне зор құрметпен Қазақстан Халқы Ассамблеясы алғаны белгілі және де бұл миссияны асқан жауапкершілікпен сәтті атқаратынына күмән жоқ.

“Мәңгілік ел” идеясын рационалды тұрғыдан іске асыра отырып, еліміз 30-дамыған мемлекеттердің қатарынан табылатындығы белгілі. Елбасы өз жолдауында экономиканың басты көрсеткіші болып табылатын ЖІӨ мәселесі бойынша, 16 000-60 000 АҚШ долларына дейін көтеруге тапсырма бергені белгілі. Бұл жетістіктің негізінде мемлекетіміз әлемнің дамыған да қомды қорына қосылатыны белгілі. Ол үшін орта есеппен жыл сайын ЖІӨ көрсеткішін 4% -ын ұстап отыру және инвестиция көлемін 18-30% - ға дейін өсіру еліміздің мерейін үстем етпек. Экспорт көлемін дайын өнім есебінен 70% -ға көтеру жоспарлануда. Сондай-ақ, бірқатар салалардың инновациялануы, айтып өтсек, ауыл шаруашылығы, геобарлау жұмыстары және мұнай өңдеу саласын жетілдіру аталған мақсаттың орындалуына өз септігін тигізбек. Сонымен қатар, білім беру ЖІӨ 3 %-ын құрайды және Мәдени саясат саласын қолдау жоспарлануда. Бүгінгі жаһандану заманында өзге мемлекеттермен терезесі тең әлеуметтік-мәдени және экономикалық-саяси өмір салтын ұстану үшін біз рухани тәуелсіздікке қол жеткізуіміз қажет. Әрине, заманға сай жаңа технологиялық жетістіктерді пайдалану да керек, сонымен қатар адами-ұлттық салтты да сақтау маңызды. Бұның себебі неде? деген заңды сұрақ туады. Алысқа бармай-ақ кешегі Кеңес дәуірін еске алайық. Бергісі жетпіс жыл, арғысы патшалық кезеңдерде тарихи-мәдени жетістіктеріміз бен санамызды бұрмалаған саясат болғаны рас. Өз заманында, тек Еуразия кеңістігінде ғана емес, барша адамзат баласына пайдасын тигізген көшпелілер қалыптастырған мәдениет формасы батыс зерттеулерінде “мыс” тағылық, тіпті жабайылық сипаттамалары пайда болып, мемлекеттік мәселесі мүлде жоққа шығарылды. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты бүркемеленіп, қазақ саты мен тарихына нигилистік көзқарас орнықты. Осы арада айтпағым барлық қоғамдық ғылымдар жұмылып “тарихи әділеттілікті” орнына келтіруіміз қажет. Сол ғылымдардың айналасында жүрген мен үшін, менің патриоттылығым сол, сол шындықты халыққа жеткізу арқылы жаңа заманауи тәуелсіз ұрпақ санасын қалыптастыру.

Бүгінгі күнде, аталмыш ойларды іске асырып жатқан қадамдар да баршылық. “Қазақстан-2050” көрініс тапқан Мәдени-саяси концепция оған дәлел. Қысқаша айтып өтсем, мұражай орындарын ғылым-білім орталықтарына айналдыру, кітап басу ісі – ана тілімізде жүзеге асырылу мәселесі, мәдени-тарихи ескерткіштерімізді жаңғырта отырып, мәдени туризм саласын дамыту, қалаларымызды ұлттық-заманауи реңге бояу, киноиндустрия саласында ұлттық өнімдер санын көбейту, театр, цирк өнерлерін де жаңа деңгейге көтеру және ұлтымыздың болашағы сәби-жасөспірімдеріміз үшін ұлттық анимациялық картиналардың санын арттыру мәселелері тұр. Сондай-ақ, жақында болатын ЕХРО-2017 халықаралық мәдени-техникалық жетістіктерді көрсетіп, паш ететін көрме өткелі отыр. Аталмыш жағдайды пайдалана отырып, біз халқымыздың зор мәдени жетістіктерін көрсету арқылы- Қазақстанның жаңа заманғы имиджін құрамыз, қалыптастырамыз.

Мәдени-тарихи сана қазақ халқының барлық жетістіктерін паш ете алатын басты құрал, былайша қазақтың қазақтығын көрсететін айғақ. “Қазақ тарихында біз ұялатындай ешнәрсе жоқ” деп Елбасы айтқандай, қазақ халқы қай заман болсын әділеттілік пен адалдықты ту етіп ұстаған ардалы халық. Өзгенің мүлкі мен жеріне, ырысына ешқашан қол сұқпаған бабаларымыз. Батыр бабаларымыз Қабанбай, Наурызбайларымыз, Исатай менен Махамбеттеріміз, Рақымжан менен Бауыржандарымыз, Ғазиз бенен Айдындарымыз жас ұрпақ бойында аса ұлы патриоттылық сезімдерін ұялатындығы сөзсіз. Олардың ерліктері бізге үлкен мұра.

Қорытындылай келе, патриот дегеніміз – өз ісінің нағыз шебері. Ол жоғары деңгейдегі білі мен тәжірибеге негізделеді. Ол Отанына өз пайдасын тигізеді, маңыздысы кім екенің емес, қандай маман екеніңде. Мен өзім ҚазҰУ 3 курс студентімін, еліміздің болашағы ретінде мен мойнымдағы жауапкершілікті толық сезінемін, қоғамдық ғылым саласында білім алып жүргендіктен, оның ішінде мәдениет ғылымының жан-жақтылығын зерделегендіктен, бір нәрсені анық білемін, экономикалық-саяси, техникалық жетістіктер мен белестерге шығу үшін алдымен халықтың рухани-мәдени жағдайын дұрыстау маңызды. Мәдениетсіз халықты қай заман болсын халық деп мойындауға болмаған, ал Қазақ мәдениеті өзінің сан-салалығымен, күрделілігімен де ерекше, бай. Бұл әсіреленген сөздер емес, оқу процесі барысында оған толық көз жеткіздім, бір қызығы, төл мәдениетіміздің ерекшелігі соншалық, қазақ емес адам үшін оны түсіну аса қиын, бұл біздің мәдениетіміздің жетістігі деп білемін, мүмкін басты кемшілігі де сол шығар. Әркім өзі үшін даңғыл жол қалыптастырып, өз

ісін дұрыс істейтін болса, ұлттық дәстүр мен тарихымызды бағалар болса, біздің болашақ жарқын әрі айқын. Мемлекетіміздің ертеңіне алаңдаулы жас ретінде мен осы мәселеге баса мән бердім.

Аталмыш сипаттағы жағдайларды көптеген батыс және шығыс ойшылдарының еңбектерінен белгілі бір деңгейдегі “көрегендік” идеяларынан байқауға болады. О.Шпенглердің “Еуролпаның құлауы”, Хосе Ортега-и-Гассеттің бұқаралық мәдениеттің кері әсерлері жайында еңбектері және Фукуяманың “Ақпараттық қоғам” еңбегі де оған толық дәлел. Тіпті, сол Жан Бодрийярдың “симулякр” идеясына негізделген еңбектерінің негізінде қарастыруға да әбден болар. Басты әсер етуші құрал ретінде- жаһандану процесінің алғышарттары екені белгілі, яғни, аталмыш процесс орын алған ортада, мемлекетте кейбір айтылып өткен негативті сипатқа ие әрекеттердің болуы белгілі деңгейде заңды екені де жасырын емес, бастысы, ол процес біздің назарымыздан тыс әрі үлкен қарқынмен жүріп, ортамызға енуде. Жаһанданудың тынысын таратып тұрған – әлемдік ақпарат алаңы ғаламтор. Сол себепті де, ғаламтордың белгілі бір қажетті деңгейде бұғатталып, қадағалануы дұрыс әрі қажет. Ел ертеңін ойлап, оның жарқын болуына мүдделі болсақ- айтылып өткен қомақты мәселеге қомды көңіл бөліп, бір арнаға бұру қажет, және ол әрекеттер неғұрлым ерте басталса соғырлым біздің ұтатынымыз өзінен өзі түсінікті.

Жаһандану-жер бетіндегі мәдениеттер диалогы мен интеграцияның негізгі көрінісі десек, шындығында, бір мәдениеттің жоғары деңгейде өзге мәдениет өкілдеріне насихатталуы, психологиялық тұрғыдан “мәжбүрлеп” енгізу процестерін көрудеміз. Ұрпақтар арасындағы түсініспеушілік көріністері, ұлттық мәдениет пен нормаларға деген қажетсінбеушілік әрекеттері және сана-түйсіктік механизмнің қалыптасуына деген тосқауылдар да өз алдына бөлек мәселе. Ертеміз еңселі де беделді болсын десек жас ұрпаққа бүгіннен ден қойып, оның “дұрыс жетілуіне” мүдделі болайық. Материалистік және нарықтық процестер мен құндылықтарға жоғары деңгейде қажеттілік туып тұрған осы кезеңде ойланбасақ, бұл кезеңнің бергенінен көрі алғаны және одан кейінгі кезеңнің тумауына әкеп соқтырады түсінікті.

*Альмуханов С.Х.
к.филос.н., доцент*

ФИЛОСОФСКО-АНТРОПОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ МЕТАФИЗИЧЕСКОГО ЗНАНИЯ

Вечность философских вопросов – это вечность самой метафизики. Вопросы относительно мироздания рано или поздно невольно приводят мыслителя в область метафизики. С одной стороны, «... метафизика принадлежит природе человека. Она и есть само человеческое бытие» [1, с 26]. С другой – «проблема метафизики – это настолько труднейшая из всех занимающих человеческий ум проблем, что она считается многими мыслителями абсолютно неразрешимой» [2,с.449-450].

Метафизика, как основа философии, представляет собой настоятельную потребность человека мыслить, несмотря даже на отсутствие теоретического уровня подготовки. Метафизическая нить пронизывает философию, начиная с древних времён. Поэтому можно говорить о разных её проявлениях в философии. Это понятие существует уже более 2,5 тысяч лет. И не удивительно, что за время своего существования оно обросло различными оттенками значений, что затрудняет её конкретное описание.

Поэтому, говоря о метафизике, мы подразумеваем философию и наоборот. Хотя некоторые учёные с этим не согласны, утверждая, что между философскими системами и метафизикой нет тесного единства. По их глубокому убеждению существуют философские учения, которые так и не вышли за пределы физического и материалистического представления о реальности. Но даже такие воззрения на наш взгляд имеют дело с абстракциями, следовательно, и с метафизикой, задачей которой является «... прояснение наших понятий, т.е. понимание того, какого рода объекты фиксируются тем или иным понятием, о каком виде существования в каждом конкретном случае идёт речь» [3, с. 92].

Чем сильнее развивается прогресс и технологии новой экономики, тем более сциентистски и позитивистски мыслящие её представители умаляют значение метафизических (философских) знаний. Они утверждают, что «философия не похожа на науку в ряде отношений. Хотя бы потому, что в отличие от последней всё время решает одни и те же (в самом деле «вечные») вопросы, на которые невозможно дать окончательный ответ... Поэтому в новых условиях приходится снова

решать, казалось бы, те же самые (но в действительности получающие новое содержание) вопросы» [4, с. 30].

Кроме того, такая тенденция имеет место и в социогуманитарном знании, например в постмодернизме, которому свойствен релятивизм. Постмодернизм, развивая установки предшествующей философии неомеализма, повествует об исчезновении прежних стержневых реалий, претендуя в некотором роде на всеохватность фрагментированной реальности.

Лозунг постмодернизма выражается в лаконичном утверждении: «Забыть всё, что мешает утверждению нового!». Пересмотру подвергается как философская, так и культурная традиция Европы. На взгляд её представителей, европейская философия ассоциируется, прежде всего, с рациональной традицией, присутствием «большого нарратива», который, начиная с Сократа, приглушал другие альтернативные дискурсы, породив бинаризм и консерватизм в европейской культуре. Бинаризм как способ мышления в понятиях противоположностей: мужское-женское, центр-периферия, речь-письмо, разум-интуиция, привёл в итоге европейскую культуру к эпистемологическому и мировоззренческому тупику, породив тоталитаризм в различных его формах.

Впрочем, важно осознавать, что постмодернизм помимо своей содержательной неоднородности всё ещё находится на стадии конституирования. В нём нет категоричности, цельности, систематичности. Тем не менее, в нём можно выделить три составляющие: 1) антиэссенциализм, 2) антиреализм, 3) антифундаментализм.

Первая теория связана с идеей невозможности выявления сущности человека. Вторая – с отказом от нормативных правил и обусловленностью «нарративом». Третья – отрицает когнитивный оптимизм. Кроме этого, важнейшей отличительной чертой является и то, что человек эпохи постмодерна может разделять эти положения и, тем не менее, не относить себя к данному направлению. По мнению Лиотара: «Быть человеком эпохи постмодерна – значит сомневаться в справедливости утверждений о нашей способности достичь просвещённости или мира за счёт благоразумия, стать счастливыми или процветающими, достичь всех наших самых высоких целей, стоит только научиться ждать и работать, работать и ждать» [5, с 13].

Если классическая метафизика большое внимание уделяла изучению субстанциональной, онтологической стороне мироздания, то постмодернизм опирается при описании реальности на такие понятия как фрагментарность, маргинальность, гетерогенность, децентрацию. Важнейшей из них является – ризома (поверхность), которая означает выявление несущественного, анализ по краям, алогизмов, двусмысленностей и недоговорённостей в тексте; всего того, что осталось между строк и заставляет задуматься.

Хотя постмодернизм воспринимается, прежде всего, как разнородное культурное течение, где философом может быть и писатель, художник, человек искусства, в нём глубоко заложена метафизика с её непреходящими вопросами относительно разных сторон бытия человека, общества, истории.

Метафизика присутствует не только в западной философской мысли. Она имеется в любой культуре, правда находится на разном уровне развития. Казахская философия и метафизическая мысль в этом контексте не исключение, поскольку метафизические искания отечественных мыслителей, поэтов прошлого облекались в нефилософскую форму. Не последнюю роль у казахов играл шаманизм и тенгрианство, как особый тип мироощущения и мировосприятия, тесно связанный с бытом и средой проживания народа прошлых эпох.

Вне сомнения, что природа и кочевой тип хозяйствования наложили особый отпечаток на мышление казахов. Как описывает академик Гарифолла Есим: «Что касается мировоззрения, менталитета кочующих людей, их главной составляющей является стремление к свободе, пространству. Я бы назвал это пространственным мышлением у намадов, казахов. Оно создало особый стиль в поэзии и фольклоре, связанный с темой человека, молодецкой удали, раздолья родной земли. Кроме того, кочевой образ жизни подразумевал определённый прагматизм во всем» [6, с. 158]

В истории мысли человечество проходило различные ступени своего развития, но в ней есть цикличность, повторяемость духовных событий. Эта цикличность была и остаётся важной отличительной чертой культуры казахов. Поэтому метафизическая рефлексия казахских поэтов мыслителей и философов, так или иначе, обращается к теме цикличности бытия. В казахской культурной традиции до сих пор обращают внимание, начиная с рождения на 12-летние циклы в жизни человека, где за основу берётся время оборота планеты Юпитер вокруг Солнца. Помимо этого считалось, что в теле человека, как и животного содержатся 12-главных составляющих.

Тема цикличности мироздания рассматривается и в современной философии. В частности, если отталкиваться от концепции П. Сорокина, то на его взгляд в истории культуры постепенно сменялись

три её типа. Во-первых, идеационная культура, в которой подлинной реальностью считается сверхъестественное, недоступное органам чувств бытие. Этот тип культуры знаменует триумф метафизики, тяга к миру трансцендентного. Ибо где бы ни жил человек, чем бы ни занимался, духовные потребности в нём присутствуют всегда. Во-вторых, сенситивная культура, для которой свойственен прагматизм, приземлённость интересов человека, стремление к материальным приобретениям физического характера. В-третьих, идеалистическая культура промежуточного типа: синтез идеационных и сенситивных элементов. При этом духовные ценности рассматриваются выше материальных запросов.

В настоящее время мы наблюдаем эту цикличность в экономике, политике, культуре, сдвиг в сторону формирования новой сенситивной культуры, если говорить о Казахстане. Эта тенденция только набирает обороты. Вне сомнения, эти процессы, так или иначе, затрагивают метафизическую сущность человека, подталкивают его к перманентному пересмотру экзистенциальных, аксиологических, антропологических, психологических, социальных, культурных и иных жизненных установок. По замечанию Э. Мура, «заслуга метафизиков состоит в том, что они резко подчеркнули, что наше знание не ограничивается предметами, которые мы можем осязать, видеть и чувствовать» [7, с. 128].

В заключение следует отметить, что метафизика, как глубинная сущность философии, постоянно анализируя вечные непреходящие вопросы: о боге, истине, красоте, благе, истории, природе в итоге обращена к человеку. С этим суждением был солидарен и немецкий философ Кант, который полагал, что метафизика – это и есть философия в подлинном и строгом смысле слова. И пока у человека возникает желание вопрошать, говоря словами Хайдеггера, будет возникать интерес к метафизике, который рано или поздно реанимирует философское знание, подымет его на совершенно новый культурный и духовный уровень, так как речь идёт о настоящей мировоззренческой потребности человека. И неважно, в какую эпоху живёт человек и как меняются глобальные тенденции и кросскультурная ситуация в со временем в мире.

Литература:

1. Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления: пер. с нем. – М. : Республика, 1993. – 447 с.
2. Шопенгауэр А. К вопросу о метафизическом истолковании этического первофеномена. Афоризмы и максимы: Сочинения. – М. : ЗАО Изд-во ЭКСМО-Пресс; Харьков: Изд-во «Фолио», 1998. – 736 с. С. 447-464.
3. Иванов Д.В. Сознание как объект метафизических исследований // Вопросы философии. 2009. – №2. – С. 86-96.
4. Лекторский В.А. Философия, общество знания и перспективы человека // Вопросы философии. – 2010. – №8. – С. 30-41.
5. Харт К. Постмодернизм. – М. : ФАИР-ПРЕСС, 2006. – 272с.
6. Есім Ғарифолла. Саяси философия. Ойлар, тұжырымдар. – Алматы, «Ел-шежіре», 2006. – 256 бет.
7. Мур Дж.Э. Принципы этики // Природа моральной философии / предисл. А.Ф. Грязнова и Л.В. Коноваловой / пер. с англ., сост. и примеч. А.В. Коноваловой. – М. : Республика, 1999. – С. 40-189.

Дубәкір Дауренбек Әзенұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар кафедрасының профессоры, философия ғ.д., ХАА, ХЭҚТТҚА академигі.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ!» ҰЛЫ АДАМЗАТ МҰРАТЫ ЖЕРДЕ ҚАЗАҚИЯДАН БАСТАУ АЛДЫ ЖӘНЕ КӨК ЖҮЗІНЕ АДАМИ НООСФЕРОЙД НӘСІЛІ БОЛЫП ҰЛАСАДЫ

Алғысөз. Қазақстантану ісін он жылдан аса уақыт бұрын «Тұран-Астана» университеті жанынан ашылған «Қазақстантану-Казахстановедение-Kazakhstanology» теориялық-әдіснамалық семинары жұмысының аясында талқылауды тыңғылықты қолға алған едік. «Мәңгілік Ел» мәселесін бірнеше отырыста қарастыру нәтижесінде туындаған сауал-сұрақтар, ой-топшылаулар легін түйіндеп, мақала да жариялаған болатынбыз [1].

І. «Қазақстантану» ғылымы генезисі және оның «Мәңгілік Ел» ұғымына қатыстылығы

«Қазақстантану» ғылымын, әлбетте, бүгінгі күннің туындысы ретінде қарап, зерттеуге болады. Онда біз бұл ұғымның өзін неологизм деп қабылдауымыз керек шығар. Бірақ-та, олай еткен күнде оның құрамдас бөлігі болып табылатын «қазақтануды» да сол сапада қарастыруымызға тура келеді. Ал бұлай ету дұрыс болмас еді, өйткені қазақты этнос ретінде, ру-тайпа ретінде, тіптен халық ретінде

зерттеулер берісі XVII-XVIII ғасырлар, ал арысы Шығыс Ренессансы заманына барып тіреледі емес пе. XVII-XVIII ғасырлар еншісіне қазақтардың сол кездегі ата-жауына айналған Жоңғар империясына төтеп беріп, соңғысының орта шенінде (1756-1758 жж.) тас-талқан етіп жеңіп, сол империяның аты-затымен жер бетінен жойылып кетуіне алғышарт болды.

«Мәңгілік Ел» ұғымына тоқталар болсақ, оның да бүгінде туа қалмағанын білеміз, тіптен тарихтың небір шым-шытырық түкпірлерінен “мен мұндалайтыны” анық, ол жағын тарихшыларымыз бен этнолог, этнограф мамандарымыз анықтай жатар. Біздің білетініміз және де ең маңыздысы – елін, жерін жанкештілікпен қызғаштай қорғаған ата-бабаларымыз асқақ рухты, намысшыл, ырымшыл һәм болашағына зор үмітпен қарап, ұрпақтарының баба аманатына осынау биік межелік тұғырдан тайдырмайтын бағдар-бағыт сыйлап, тас-қамалдай берік болуын танытатын тектік, бүгінгіше – гендік ұғым.

Бұл ұғымның үш жағын – үш шақты білдіретін болмысын аша отырып талқыламасақ, оны түсіну де, көңілге тоқып алу да мүмкін болмас. Сондықтан да, тарихтың бір парасын ашып қарайық және де осы күндерге шекті ақтаңдақ болып келген, бірақ еліміздің бүгінгідей егемен ел болып отырғанына негіз қалаған дәуірлік кезең еді ол.

1.1 «Қожаберген аяны – өткен шақтағы ел билеудің баяны»

Деп аталған батыр-жыраудың 2013 жылдағы 350-жылдық мерейтойына арналған баяндамадан үзінді келтірейін (шумақтардың Агіал жазуымен берілгендері – жыраудан!):

«Ақтабан шұбырынды ...» басталатын –
Қосталатын «... Алқакөл сұлама» – бұл,
Қабырғасы қайысқан сол нәубеттен –
Қайран баба жырлады «Елім-айды»!..

- Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.

Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды!
Төбе би боп үш бидің ортасында
Өз-Тәукенің жарлығын көргеннен құп,
Түземек боп тәртібін ел ішінің
Қалам алып, ол жазды «Жеті жарғы»!

- «Жеті жарғыны» жазуда,
Жетекші болдық шынымен.
Көп санастым асықпай,
Елімнің мақсұт, мұңымен!

- «Жеті жарғыны» жазуда,
Еңбек еттім бірталай.
Мақұл көрді низамды ел,
Деген жоқ ешкім «бұл қалай?»!

Ақындықта Қожаберген жырауға
Дәстем сал, Ақтамберді, Бұқар жырау,
Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісілер
Үлгі-өнеге алып, шәкірт болса! –

Бөгенбай, Жәнібек һәм Бақсарыдан
Бастау алып, Бөкенбай Мергенұлы –
Дейінгі сансыз батыр тәлім-тәрбие
Көріпті – Қожаберген баһадүрдан!

- Жайылған тұз-несібем әр тарапқа,
Болады мені іздеген ер санатта.
Қазақ-қалмақ соғысы жылында да,
Тәңірім зар қылған жоқ ас-тамаққа!

- Жас болсам да, қорғадым өз халқымды,
Құрметтеп соңыма ерттім көп жалпымды.
Тойтарыс беріп жауға әр кезеңде,
Тоздырмай жүрміз әлі ел-салтымды!

- Әрқашан жұрт қолдаған талабымды,
Таңдадым жауға жұмсар жарағымды.
Ертерек өнер қуып, қару соғып,
Қорғаймын ел мекені алабымды!

- Қой жайып, бір өлеңім қойға кетті,
Ат мініп, бір өлеңім тойға кетті.
Бәрін де өзге өлеңім ойландырып,
Дүниеден сол өлеңім бойдақ өтті!

- Күздікке Көктерекке жылда қонам,
Әр істің болашағын оймен шолам.
Ашамайлы керейде Толыбайұлы –
Қожаберген дейтұғын жырау болам!

Ел билеуге араласып, не соны аңсап жүрген жастарға бұл аманат емей, немене. Түсіне білгенге, мұнда тіршілік пәлсапасы да, дүниетанымдық көзқарас та бар.

II. Жаңғырмалар түп-төркіні, осы шақ арқылы заман-ара үндестігі

Бүгіндері «инновация» ұғымы екіншісінің бірінің аузында, баршаның алға тартар кәдесіне айналып отыр. Кейбіреулердің ойынша бұл ұғым бүгінгі күн туындатқын жаңалық деп түсініліп жүргені де аян. Сөз ретінде айтылуы солай шығар, бірақ-та оның мән-мағынасы, түп-төркіні өткен шақтың тұңғышына тиесілі екенін мойындау, баршаға мойындату біздердің – ғалым атаулының міндеті. Бұл мәселе осы жолдар авторының көптен бергі айналысып жүрген тықырыбы [2]. Төменде осы еңбекке енгізілген «Инновация – бұл не іс және де бабалар оған қатысты ма?» деген өлеңімді беріп отырмын. Және бір жәйт есіме түсіп отыр. Осыдан бірер жыл бұрын Амангелді Айталы ағамыз бен Әлихан Бәйменов «Темірқазық» клубын ұйымдастырып, соның бір отырысында Әлекеңнің былай демесі бар ма: «Қараңыздаршы, жан-жақтарыңызға – осы залда (Астанадағы Қазақстан кәсіподақшыларының ғимараты болатын) бірде-бір зат қазақстандықтардың қолынан шықпаған, сіздер қандай қазақы технологияларды айтып отырсыздар!» – деп қалғаны. Біз бәріміз жан-жағымызға, үстіміздегі киімімізге бажайлай қарап қалыппыз... Шынымен де, еш нәрсеге: «мынау өзімізде өндірілген» – деп, көңілімізді аударар ыңғайымыз болмады, тіптен, ішіп отырған газдалған суымызға, стаканымызға дейін жатжұрттық болып көрініп, тіксініп қалғандай болдық...

Ұлы дала өркениетінің (ҰДӨ) материалдық жәдігерлері болған ата-бабамыздың өткен заманындағы: киіз үй, үйге қажет тұрмыс жабдықтарының бәрі-бәрі, ат әбзелдері, арба, мал ұстаудың далалық қажеттіліктері мен оны азыққа, киім-кешекке, киіз үй жабындысына, мінер-көшер көлікке жарату, қару-жарақтың бес түрі, сауыт пен дулыға, өрмек, қылыш пен мосы, мазарлар мен күмбездер, кесенелер мен қорған-төбелер, дуалдар мен қарауыл-мұнаралар, ұстындар мен мүсіндер, барықтар мен мешіттер және т.т. жәдігерлер ҰДӨ теңдессіз заттық-материалдық құндылықтарын құрамап па еді, тоба!.. Бұл тұрғыдан келетін болсақ, ол замандарда, керісінше, бабаға бөтендерден ауған бұйымдар жоқтың қасы еді. Батыстағыларың ат әбзелін білу түгілі үсті-басына шикі тері жамылған жабайылар, “бар-барлар” болатын.

Елбасымыздың «Made in Kazakhstan» маркалы тауар қашан шығара бастаймыз деп, дүниежүзін шарлап та, барлап та, кәсіптерін саралап та жүруі іскер қауымымызға қозғау салатын кез туғалы қашан. Бірақ-та, әзірге үдемелі дамудың «индустриалды-инновациялық» стратегиялық бағдарламасы деп аталғанымен, ҰДИИ-ге аузымызды толтырып, мінеки, «Made in Kazakhstan» маркалы тауарлар легі дейтіндей күнге жеткен-жетпегенімізді біле алмай жүрміз.

Инновация – бұл не іс және де бабалар оған қатысты ма?

Бастау мен өзен сағасын
Ағын су қосар арасын.

Инновация – жаңашыл,
Жаңғырған жаңа іс-тәсіл.

Өлеңнен өрдім поэма,
Арқаннан естім тәсілді.
Сұраққа жауап іздесек:
«Инновация – ноэма?»

Жаңғырық сонда естілді:
... Ата-бабаң сол кәсіппен
Ғасырдан ғасыр – ілескен,
Ұрпақпен ұрпақ тілдескен.

Тағыны жайдақ мінгескен,
Арқан мен таяқ бірлескен,
Құрықты қазір кім білмес –
Тәсіл-айла боп шендескен?..

Көкте барын Тәңірісі –
Жаратқан жер-су түйсінген,
Мал шалу Баба есінде –
Мінажат ету – Иесіне!

Мойынды бұғау қысқанда,
Аяқтан тұсау құрсаулап,
Үйретпей қолға қоя ма,
Тағыны – дүлей күш-қайрат!

Құс-екеш құсың бүркіт те
Қолынан Баба тояттап,
Ит-құсты алар – іркілмес
Көкжалдан да қайырылмас!

Қалай айтсаң да олай айт –
Осының бәрі – ілкімді-іс!

Дөңгелентіп диірмен тас –
Күн дидар, Айдан айнамас!
Дақылдан талқан түйіскен
Ұн тартып, қамыр илескен
От жағып, тандыр, ошақ-тас
Қарма-нан, асып ыстық ас.
Дамыған содан ой-сана,
Адам болды – гомосапианс!
Шипалы сары қымызын,
Шұбат пенен қымыранын,
Балқаймақ, шай, құрт, айранын,
Қазы-қарта, жал-жаясын –
Осыларды дайындайтын
Неге болмас – технология!?

Жүн түтіп, жіпті иірген
Алаша тоқып, төсенген,
Киіз үй жасау – жасаған,
Мата да тоқып, киінген.

Садақ қылып таяқ иілген,
Адырна болып құйрық-қыл,
Үшкір тас ұш боп киілген
Жебеге – оқ боп ұшатын...

Бұларды сонда демексің:
«Технология – бұл емес!»

Батпырауыққа ілескен,
Қорғаннан асып түсіскен,
Мал-жанын айдап ап кеткен –
Шүршіттен алған көп өшін!
Тас қамалды Византия,
Рум – жаһандық империя,
Олар да шыдас бермеген, –
Түріктік атты әскерге!
Бесаспап қару-жарағы,
Өрелі тәсіл-айласы
Еділді – Аттила – дегізген!
Бұны қайсың демексің:
«Технология – бұл емес!»

Арбаны жасап – күймелеп,
Алысты – жақын жер еткен!
Жылдап-жалпылап жол жүрген, –
Бұрынғы уақыт көп кеткен
Айлап-апталап – тез өткен!
Бұны қайсың демексің:
«Технология – бұл емес!»

Мосы – «стояк» емес екен,
Өрмек – «станок» емес екен,
Ши – «циновка» емес екен,
Ұршық – «веретено» емес, –
Ағаш қылыш – ол да емес –
Технология тетігі!?

Сонда қалай бола қалмақ
Түркі тектес үндіс нәсіл
Ала кеткен мұхит асып,
«Цолькин» атты өрмек-ағаш –
Технология ғажабы?!

Көкірегі ашық адамға –
Инновация – заманауи іс
Дәуірлеп шығар алдыңнан,
Әр ұрпақ өзі жаңартқан!..

Заманнан заман асып, осылайша ұрпақтар үндестігі жалғаса бермек. Жаңаша айтсақ, бәсекелестік үрдіске іліккен түркілер мәңгілік елге айналуға.

Қазақстандықтар бүгінгі өтпелі кезеңде «Үдемелі индустриалды-инновациялық» стратегиялық бағдарламасы сайланған, жасампаз державалар санатына қосылуға бет бұрған – ең озық 50 ел қатарында, ендігі меже – 30 алдыңғы қатардағыларға қосылу...

III. «Мәңгілік Ел» уақыт тезіндегі шарайна ма, әлде сағым ба?

Солай дегенімізбен, Қазақ елі шын мәніндегі «Мәңгілік Ел» бола қойды ма, жоқ па? Айтуға оңай, бірақ іс айта салғанмен бітпейтінін де жақсы білеміз. Сілтемеде көрсетілген еңбекте «Ұлттық идея» тақырыбы да қазағымызға бағытталып, әжептәуір талқыланған еді. Шынымызды айтсақ, ол кезде

Қожаберген бабамызды бүгінгідей білген жоқпыз, сондықтан «Ұлттық идеяға» (ҰИ) сөзімен де, ісімен де, өнер-салтымен де, тіпті жан-дүниесімен де қатысы бар ұлыларымыздың қатарынан лайықты түрде көрсете алмаған едік [2].

ҰИ: XVII-XVIII ғасырлардағы – Қазақ жерін Жоңғар империясының шапқыншылығынан азат ету (*Әбілхайыр хан, Абылайхан, Қожаберген, Бұқар, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді* жыраулар, *Төле, Қазыбек, Әйтеке* билер, қазақ ел-жұртын азат еткен сансыз батырлар) [2];

ҰИ: XVII-XVIII ғасырлардағы – Қазақ жерін һәм түркі тектес басқа да халықтардың – Татар, Башқұрт, Қарақалпақ, Ноғай, Қырғыз ел-жұрттарын Жоңғар империясының шапқыншылығынан азат етуде *Қожаберген Толыбайұлы* ширек ғасыр солардың қазақтармен біріккен қолдарына қолбасшы да өзі, бас сардар да өзі бола жүріп, Дәстем сал, Ақтамберді, Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісілерді ақын-жыраулар етіп баулыса, Бөгенбай, Жәнібек, Бақсары, Бөкенбай Мергенұлы сынды көптеген сарбаздарды батыр-баһадүр сапына қосып, олардың ішінде өзінің бауырлары мен ұлдары да бар, сөйтіп жоңғарларды түбегейлі жеңуге «Елім-айлап!» жүріп, зор үлес қосу.

Бұл жаңа бапты қазақы «Ұлттық идеяға» кіріктіруді ұсынуымызда мынадай ойды ұстандық: «Мәселен жоңғарды қазақ қана жеңіп, басқа түркіліктер жеңіліс тапса, онда солардың жері-елінде жоңғарлар шоңкиып отырып алар еді де, көршілеріне әңгір-таяқ ойнатуды жалғастыра берер еді ғой! Жан-жағымыз сондай болса, қазағына мәңгілік ел болу қайда, - жер бетінде халық ретінде тірі қалуының өзі бас-қайғы болып кетер ме еді, қайтер еді!».

Бұдан туындайтын тұжырым: мәңгілік ел болу кез келген елге бұйыра салатын немесе аспаннан салбырап түсе қалатын бақ емес, кейбіреуге ол шөл даладағы сағым тәріздес елестесе, енді біреулерге шарайнадағы сиқырлы шағылыс іспеттес ауани-киали көрініс... Демек, зерделеуді қажет ететін ұғым.

3.1 «Мәңгілік Ел» бола берудің келер шаққа меңзейтін тұғырнамалық қағидаттары

Әңгімеге әу бастан арқау болған «Қазақстантануды» ғылыми да, біліми де және әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді қаперге ала отырып және де оның пәндік болмысын нығайту мақсатында «Мәңгілік Ел» болудың, болып қалудың һәм бола берудің қағидаттарын тұғырнамалық жағынан бекемдеп алайық:

- *Біріншіден*, мәңгілік ел болмақ бүгіннен басталмайды: ықылым замандардан бастау алатын алғы кезеңдерде ол елдің *салиқалы тарихы, батырлық салт-дәстүрге толы өткені* мен *өркеніеттік болмысы* болуы ләзім;

- *Екіншіден*, бүгінгі делінетін өтпелі шақта, кәмелетке жеткен әр тұлға осы шаққа лайық жаңғырмалы – *инновациялық технологияларды емін-еркін игеріп*, солардың ішінде жас жеткіншектері *заманауи ғылым-білімді кәсіби тұрғыда меңгеріп*, техниканың озық түрлерінің *«құлағында ойнайтындай»* болып, жұртының әр азаматы ағымдағы *абсолютті демократия құзырындағы* құқықтық ортада *жан-жақты қорғалып*, өз әлеуетін толықтай *елінің игілігіне*, оның *мәңгілік ел санатында жасай беруіне*, жеке тұлға ретінде өз әулетінің һәм жанұясының *бақытты өмір сүруіне* сарп етіп, мемлекетінің *ұлттық идеологиясына, халқының ұлттық идеясына* шынайы берілгендігін танытпақ;

- *Үшіншіден*, мәңгілік ел болып қалмақ дегеніміз – сол кейпінен айнымай, соған лайық жұртының *жарқын болашақ мұратын* баянды ете алу – деген сөз; тіптен, алыс-жақын келер шақ дәуірлерде айнала мен қоршаған ортаның биосферадан ноосфераға айналатындай күн туған жағдайда *ноосферойдтар* кейпіне көшіп, *ноосфераны түгелдей жайлап*, Ғаламшардың алыс-жақын ойкумендік түкпірлерінде өз бойына дарытып алған *абсолютті энергия* мен *абсолютті байланыс* делінетін құдыретті қасиеттеріне сүйеніп, биліктерін *абсолютті демократия құзырында* жүргізе алатындай болашақ *«ерен әлжестімді»* адамзат нәсілін жасақтауға бірте-бірте дайын болу, түптің-түбінде солай қарай бетбұрыс жасау міндеті жүктеледі.

Осы қағидаттық баптарда кездесетін бөлектенген түсініктер автордың мына еңбектерінде қарастырылып, жан-жақты зерттеліп, анықталғын [2]-[4].

Соңғы сөз. Ойымызды қорыта келе айтарымыз: «Қазақстантану» ғылымының пәндік болмысын, зерзатын – зерттеу дүниесін ең алдымен осы «Мәңгілік Ел» ұғымы айналасында қарастырған жөн деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Әубәкір Д.Ә. Тарих толқынында: Бабалар аманаты. В потоке истории: Завещания предков – написание потомкам. In The Stream of History: Ancestors' will left for Descendants. «Mangi El» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. – Алматы: «Print Hause Gerona» баспаханасы. – № 1(15) 01-02 2016. – 38-45 б. (2,25 б.т.).

2. Әубәкір Д.Ә. Өлеңнен өрдім поэма, арқаннан естім тәсілді. Инновация инновации рознь. – Семей: Printmaster, 2006. – 250 б.
3. Әубәкір Д.Ә. Жүйелер теориясының негіздері. Основания теории систем. Bases of Systems Theory. Оқулық/ Учебник/ Textbook. – Астана: ЕҰУ, 2013. – 500 б.
4. Аубакир Д.А. Гармония – неисчерпаемый источник бытия и вечный двигатель интеллекта. / Под редакцией Е. Смирнова. – Germany: Palmarium Academic Publishing is a trademark of: Omni Scriptum GmbH & Co.: 2015, ISBN 978-3-659-60170-5/2015, – 220 с.

Бегалинова К.К.,
д.ф.н., профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Ашилова М.С.,
доктор PhD по философии,

АБАЙ И ЗАПАДНАЯ ФИЛОСОФИЯ: В ПОИСКЕ ЦЕЛОСТНОГО МИРОВИДЕНИЯ

В истории человечества конец XIX – начало XX вв. явилось сложным, динамичным, противоречивым, трагическим временем, явившееся местом столкновения нового и старого, духовности и бездуховности, возвышенного и низменного, высокого и низкого, прекрасного и безобразного. Это - время изломов, перекрёстков мировых и человеческих судеб. И в то же время это важный рубеж в развитии духовности, философской мысли.

Философская рефлексия во все времена давала человеку способность осознать себя, свою сущность и своё предназначение, понимание своего места в мире, Космосе. На заре человечества это размышление оформилось в виде космоцентризма, идеи об органическом единстве материального и духовного в человеке и мире, органическом единстве человека и мира, микрокосмоса и макрокосмоса. Понимание подобного единства было результатом целостного нерасчленённого познания мира и человека, донаучного его изучения. В нём рациональное сочетается с интуитивным, чувственным, мистическим. Язык как объект философского исследования предстаёт не как объект со строго заданными свойствами, а как особая реальность, бытие человека и мира, которое и подвластно рациональным измерениям и ускользает от этого рационального подхода. Это целый мир человека, который не подвергается только рациональному анализу, который не определяется одномерно. Этот мир многокрасочен, что может быть воспринято человеком многомерным по своей сущности, включающим в себя и мир строгой логики и мир, не подвластный ей. Не случайно это направление Башляр называет новым рационализмом. Уже данное направление говорит о том, что философское и научное знание не выступают оторванными друг от друга. Научное знание идёт на союз с ненаучным, донаучным знанием. Уже здесь мы видим контуры нового синкрета.

Ещё ярче отмеченные моменты представлены в философии Абая. Возвеличивая разум, он сформулировал новые ценностные ориентации, представленные для казахов отличным пониманием смысла и ценности жизни, человеческого счастья. Но главное кредо человека - его гуманность, сострадание, дружба, любовь. Чувства дают возможность отделить добро от зла, руководствоваться добродетельным началом. Из такого соотношения знания, разума и чувств следует вывод о связи знания с чувством, с верой, о целостности человеческой эссенции и экзистенции. Интуиция подсказывала Абаю, что не может казахский народ жить в изоляции, он часть человечества и поэтому должен пойти по пути мировой цивилизации, приобщиться к ней.

Подобное понимание было свойственно и А. Шопенгауэру, родоначальнику философии жизни, который субстанцией мира делает Мировую Волю, а не разум, но при этом он не отрицает абсолютный разум, он просто потеснил его. Это свидетельствует о том, что в философии зарождается идея единства рационального и нерационального, философии Востока и философии Запада, что голый рационализм, как он присутствует в XIX веке не может удовлетворить человека многомерного по своей сущности. Человек иной, он не только рациональное, его поступки не только логичны, но и алогичны и его видение мира будет другим, не так, как представлено в классической философии. Это интуитивно ощущают Абай и А. Шопенгауэр, к такому выводу они приходят. И эта мысль продолжена Ф. Ницше, который субстанцией мира делает становление, проявляющееся как закон постоянного изменения, проявления одних и тех же элементов. Данный закон он называет вечным возвращением, понятием, заимствованным им из древнегреческой философии. Ф. Ницше подчёркивает, что наряду с разумом, в человеке существует и некая стихия, называемая "Волей к

власти". Мало того, он подчёркивает единство человека и Космоса, наличие в Космосе волевого начала, а, следовательно, жизненного. На новом уровне он возвращает, реанимирует древнегреческую идею о том, что Космос живой, дышит, он не мёртвое тело, а вечно живое. Созвучны данному пониманию и учение Абая, где воле уделяется особое внимание, приобретающей в учении мыслителя статус онтологического феномена. Воля у Абая пронизывает собой всё бытие мира и человека, и именно поэтому она играет важную роль в его жизни.

Ещё сильнее этот момент проявляется в философии творческой эволюции А. Бергсона, который в начале первой половины XX века вопреки научным данным, идя вразрез с доминировавшей в то время материалистической наукой, философией, утверждал, что эволюция, творческое развитие - это не только прерогатива живого и человека. Это закон Космоса, неживой природы. И человек не хозяин этой природы, он только часть этой творческой эволюции. Думается, что даже в XX веке оценить по достоинству, поистине эту философию нам не удалось. Слишком мешали политические стереотипы, односторонняя политизированная оценка Ф. Ницше и А. Бергсона, а в Советском Союзе - марксистская моноидеология. В действительности, это так называемая волюнтаристская философия глубоко, убедительно свидетельствует в пользу целостного понимания мира и человека, вносит неопенимый вклад в становление нового мировидения.

Такое направление, как психоанализ З. Фрейда и К. Юнга было воспринято читателем XX века как парадоксальная, унижающая человека концепция, низводящая его на уровень животного. Эта философия действительно шла против принципов так называемой пуританской морали, которая возвышала человека, отрывала его от всего мира, ставила его в качестве идеала мира и Космоса, делала его царём этой природы. Поэтому у человека не могло быть тёмных, необъяснимых поступков. З. Фрейд показал, что основу человеческого поведения составляют бессознательные мотивы и процессы, которые руководствуются принципом наслаждения. Всё то, что называется нравственностью, совестью, им рассматривается как внешнее по отношению к человеку, они не возникают из сути самого человека, они есть запреты, устанавливаемые обществом для человека. З. Фрейд за эти запреты, по его мнению религия, культура, философия помогают человеку оставаться человеком. В данном случае нам не важно, прав З. Фрейд или нет, подтверждает наука положения его учения или нет, здесь важно другое. В противовес классической философии он рассматривает человека как иррациональное существо, включающее в себя рациональное. И, следовательно, психоанализ вносит также неопенимый вклад в новое мировидение, показывая единство материального и духовного, земного и небесного в человеке, а, следовательно, единство человека с космосом, с природой, включающем в себя эти противоположные начала. Следует отметить, что в трактовке сущности человека как синтеза «сознательно-бессознательного» существа у Абая много точек соприкосновения с учением З. Фрейда. И в этом проявляется евразийский характер его философии, это не европейский рационализм, понимающий под умом в основном абстрактное мышление. Здесь у Абая уму приписываются черты хладнокровности, ясности и остроты. К чувствам он относит теплоту, радость, гнев, любовь, страсть и др. Характер человека рассматривается в совокупности с волей, умением управлять собой, своими страстями. Все эти качества находятся в единстве, в целостности. Но если между ними наступает разлад, человек должен прислушиваться к велению сердца, голосу чувства, за которыми должна оставаться главенствующая роль. Чувства должны вести разум по верному пути и правильно использовать силу воли.

Историческая заслуга этого направления заключается в том, что бессознательное, подсознательное, инстинктивное стали предметом, объектом научного анализа, появилась аналитическая психология, которая с научных позиций изучала эти аспекты человеческого существования.

Ещё больший вклад в такое понимание мира вносит антропологическое направление. Оно представлено философской антропологией и экзистенциальной философией. Первое направление впервые подчёркивает открытость человека миру (Плеснер) - мир открыт человеку, человек открыт миру. Они гармонично сочетают научный и религиозный, философский и другие подходы в трактовке человека. Человек есть животное в ряду других животных, имеющий с ним сходство и различия, человек есть личность, субъект исторического действия, индивид и индивидуальность, а, следовательно, целостность, и он, в то же время, трансцендирующее существо, выходящее за пределы наличного бытия, приближающегося к Богу, соприкасающегося с ним и при этом он обладает способностью божественного, целостного, универсалистского видения мира.

Для экзистенциальной философии или философии существования характерна необычайная трактовка человека и мира, её трудно назвать синтезом научного, философского, религиозного понимания человека. Но это такое понимание человека, а через него мира, которое свидетельствует,

что XX век даёт новую онтологию, качественно отличную от XIX века и эта новизна заключается в том, что человек рассматривается изначально свободным, изначально одиноким, заброшенным существом, и в то же время смысл его существования, бытия состоит в том, чтобы быть ответственным за себя и за всё человечество, весь мир, Космос. Вот эта озабоченность человека глобальными проблемами не вносится, не привносится в него, а она задана имплицитно, она развёртывается перед ним как проект, программа его бытия в процессе его становления, в процессе его экзистенции. Одной из глобальных проблем, которую они поднимают в своих произведениях, является проблема жизни и смерти. Так глубоко её анализ, пожалуй, никто не давал в западноевропейской философии. Суть этого анализа заключается в том, что жизнь и смерть рассматриваются как грани бытия, как этапы развития, которые связаны между собой неразрывно. Пожалуй, в медицине присутствует этот аспект, когда она подчёркивает, что жить - это значит умирать, что постоянно в организме человека эти две инстанции присутствуют как реальности. В философии же, такие философы, как Ж.-П. Сартр, А. Камю, К. Ясперс, М. Хайдеггер и другие, показали, что это не только начало и конец бытия человека. Это сущностные моменты его экзистенции, когда человек ежедневно, ежечасно, в любой момент должен выбирать между пограничными ситуациями - ситуацией жизни и ситуацией смерти, ситуацией бытия и ситуацией небытия. И этот выбор настолько личностный, настолько индивидуальный, что никто за самого человека эту проблему не решит. Каждый должен её решать сам. И выбор человека определяется им самим. Нельзя согласиться с теми, которые считают эту философию глобальным пессимизмом, глубоко пессимистичной. Эта философия слишком откровенно сказала человеку, что он включает в себя моменты конечные и бесконечные, что он должен это принять как данность. И именно это служит основанием нового отношения к миру, к природе.

К экзистенциализму близко и учение Абая, вобравшего всю боль, горечь казахского народа, призывавшего свой народ к нравственному и духовному совершенствованию, в основе которого лежит знание. Нужно заметить, что всё творчество Абая пронизывает проблема знания, познания. Человек сам строит этот мир и делает его бездушным, техногенным. Этот мир становится ему чуждым, враждебным, он начинает ностальгировать о времени, бывшем до техники. Но только сам человек может изменить эту ситуацию, изменить своё отношение к миру, почувствовать, ощутить себя частью этого мира, космоса. И только от него зависит, каким будет мир человека и мир природы. Нам кажется, что эта философия заставляет нас сделать следующий выбор: истинная человеческая экзистенция возможна только в органическом единстве его с природой, с миром, с Космосом. Только в рамках этого единства он может снять остроту проблемы конечности своего бытия, своего одиночества, своей заброшенности, отчуждённости.

Главной особенностью религиозной философии XX века является её переход от теодицеи к антроподицее, проблемы человека и мира рассматриваются наряду с проблемами Бога и как это изначально свойственно религии, современная религиозная философия исходит из органического единства телесного и духовно-душевного в человеке, т.е. изначально в ней заложена целостность, целостное понимание мира и человека. Особенно ярко эта тенденция к целостности проявляется в отношении Абая к религии (особенно 38 Слово), неотомизма к науке. Она выступает за союз науки и религии. И дело не только в том, что науку используют для доказательства бытия Бога, а в том, что эта философия считает естественным существование в единстве научного и ненаучного знания. Это тоже особенность философии XX века. Персонализм подчёркивает единство человека и Бога через понимание человека и Бога как персоны, личности, целостности.

В современной восточной религиозной философии доминируют суфийские мотивы, а суфизм изначально основывается на пантеизме, исходит из единства материального и духовного, природного и божественного. Это хорошо представлено в философии Абая. Сама природа выступает Вселенной, космосом, она обладает собственной активностью, самодостаточностью, саморепродукцией. В творчестве Абая нашли всестороннее отражение проблемы бытия Бога, мира и человека. Рассматривая их, Абай показал себя большим знатоком суфийской теории. Бог (Аллах) понимается им как Творец Вселенной, человека и всего существующего, смысл бытия человека определяется, прежде всего, через любовь к Богу. Кроме одного Аллаха всё меняется, говорит мыслитель. Аллах - символ веры, совершенства, справедливости. Он - милосерден, всемогущ и всеведущ. Вера в Аллаха для людей должна быть превыше всего. Следовательно, религиозная философия XX столетия несёт в себе идею целостного мировоззрения, поэтому она может рассматриваться как необходимый компонент в становлении мировоззрения XXI века. Все его завоевания, идеи, особенно идеи богочеловека, безусловно, помогут формированию целостного мировидения, миропонимания.

Мы не думаем, что целостное мировоззрение, выстраданное всем XIX и XX веками, философией Абая и западноевропейскими мыслителями-учеными, как и всей историей человечества, может отбросить какой-то этап, какую-то философскую концепцию как не нужную, как хлам. Это целостное видение обязательно базируется на всём многообразии философского знания, философского здания, духовно-практической деятельности человека. Оно является полнокровной преемницей философской рефлексии XIX-XX веков. Те муки, поиски, трудности становления философии Абая, А. Шопенгауэра, Ф. Ницше и других философов, послужили не только базой, на которой формировалось целостное мировоззрение, но и хорошим историческим уроком, показавшим, что новое рождается в недрах старого, новое тесно связано со старым, традиционным. И целостное мировоззрение, о котором идёт речь, выступает именно таким новым, новым синкретом, возвращающим нас к истокам человеческой цивилизации. Но это такое старое, такое изначальное, которое имеет длительную историю своего существования и эта история обогатила это изначальное, сделала его таким новым, которое отличается и имеет сходство со своим источником.

Бейсенов Бағдат

ҚазҰУ доценті.

Игисенова Аида.

АТУ аға оқытушысы.

ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕР

Қазіргі түркі дүниесінің бірегейлік негіздері-тіл, дүниетанымдық бағдар, пәлсапалық ұғымдар, ортақ руханият және діндарлық мәдениеті. Түркі халықтарының дүниетанымдық көзқарас желісінің өзегін-көне түріктердің рухани тектік негізі және түрік дүниесінің дәстүрлі теonomy – Тәңірлік құрайды. Тәңір ұғымы шексіз көк Аспанды білдіреді. «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің ортасында адам баласы жаралған» деген Күлтегін жазбасы ежелгі түріктердің діни дүниетанымының бірыңғай қалыптасқанын айқындайды. Тәңірлік – ежелгі түрік және моңғол тілдес халықтарға тән көне діни жүйе.

Ежелгі түріктердің құдайлар пантеонында жоғарғы орын Тәңірге берілді. Тәңір діни монотеистік яғни бір құдайлық дін болып табылады. Тәңір ұғымының түркі тілдердегі қолданылуы: қазақ тілінде Тәңір, қырғыз тілінде Теңир, өзбек тілінде Таңри, түрік және азербайжан тілдерінде Таңри, татар және башқұрт тілдерінде Тәңіре, қарашай-балқар және құмық тілінде Тәңгири, моңғол тілінде Тәнгэр, калмақ тілінде Теңгр, якут тілінде Таңгара. Тәңір ұғымы көне түріктердің сына жазуында таңбаланған. 1893 жылы дат ғалымы В.Томсен Орхон жазбасынан Тәңір сөзін айқындады. Орхон-Енисей жазбаларында: «О, Аспаным, бізге пана бола, о, Еділ елім мәңгі жаса» - деп көрсетіледі. «Тарихсыз болашақ жоқ. Ұлы Далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған алып мемлекеттер болған. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін билеп-төстеген айбарлы халықтар өмір сүрген. Бүгінгі Қазақстан-сол бабалардың заңды мұрагері» [1]. Көк аспан – түркілер дүниетанымы мен рухани құндылықтарындағы қасиетті нуминозды ұғым. Діни феномендер мен идеялардың түп негізі қасиеттілікке қатынас болып табылады. Ежелгі түрік және моңғол тілдес халықтар үшін тәңір пенде мен халықтың, қаған мен мемлекет тағдырының иесі болып табылады. Ғалам мен шексіз ғарыштың иесі Тәңірдің мекені көк аспан. Тәңірлік сенімді ұстанған халықтар үшін Тәңірдің құтты мекені мәңгі, шексіз көк аспанды тұрақ еткен Тәңірі жоғарғы Құдай болып табылады. Тәңірлік сенім бірқұдайлық ұстаным ретінде көне Меккеліктер ұстанған ханиф сенімі тәрізді. Көне түрік қағандары тәңір жарылқауымен өз биліктеріне қасиеттілік мән-мағына берген. Түрік қағандары мен хандарын қара халық тәңір тарапынан құт дарыған тұлға ретінде қастерлеген. Құт дарыған адам діни тәжірибенің маңызды негізі нуминоздылықты иеленеді. Неміс теологы Р. Оттоның пікірінше, нуминоздылық адам тағдырын өзгертіп, пендеге қуатты киелі күш береді. Ал құты қашқан адам билік пен абырой-беделден айырылады. Түркілердегі құт – нуминозды феномен. Көне түріктер қағандарын құт дарыған тұлға ретінде қастерлеген. Құт қонған тұлға саяси және діни билікке ие болады. Құт - қағанның билігінің идеологиялық және рәміздік негізі. Тәңір берген құт рухани тылсым күш ретінде қағанға харизмалық тұлғалық мәртебе береді. Бұл діни сенімнің саясилануын айқындайды. Көне түріктер танымында Тәңір көзі түскен пендеге құт дариды. Құт Тәңір және қара халық үшін ізгі амал жасаған таңдаулы пендеге беріледі. Көне түріктер үшін құттан айырылу билік пен абыройдан айырылуды білдіреді. Халқымызда «Тәңірдің бір аты-халық» деген ұғым бар. «Құт қонған», «құт

дарыған», «құтты болсын», «үйдің құты», «құтты кадам», «құтты қашыру» сынды түсініктер-халқымыздың ділі мен сана астарында бекіген архетип. Ежелгі түрік қағандары үшін Тәңірлік сенімі мемлекетті құраушы тұғыр және түрік халқын ұйыстырушы идеологиялық құрал ретінде қызмет жасаған. Қазақы дәстүрде бата жасау рәсімі ұлттық мәдениетіміздің және ата-бабаларымыз ұстанған негізгі рухани құндылық екендігі белгілі. «Батаменен ел көгерер» деген даналық пен рухани ұстаным халқымыздың ізгі ниетін айқындайды. Қазақ мәдениетіндегі бата беру дәстүрі ұлттық рухани мұрамыз. Әдет-ғұрып өлеңі бата – қазақ мұсылмандығы мен діндарлығының айқын көрінісі. Бата ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан рухани мұрамыз. Бата бұл қазақы рухтың және қазақы тәлімнің, ұлттың өмірлік рухани ұстанымын бейнелейді. «Батаменен ер көгерер» деген халқымыз батаға ерекше ықыласпен қараған. Батаны елдің абыройлы, жасы үлкен, көпті көрген қариясы береді. Бата жаңа іс бастарда, сапарға шығарда, дастарханға, жастарға беріледі. Халық дәстүрінде бата тілек маңызды орын алады. Батаны батагөй, аузы дуалы қария жасайды. Бата берген адамға қадия-сый жасалады. Бата сөзі ұйқасты және мәнді де, мазмұнды, мәнерлі болып келеді. Бата дұғаның ұлттық дәстүрдегі түрі. Дұға – бұл тілеу, шақыру, сұрау, жалбарыну деген мағынаны береді. Дұға мен бата жасаудың әдептері болады. Бата – Жаратушының көркем есімдерімен басталып, Жаратушыдан сұрайтын тілек түрінде көрінеді. Қазақ дәстүрінде бата адамды пәле-жаладан, түрлі қиындықтардан сақтайды және жақсылықты шақырып, жамандықты қашырады деген ұстаным бар. Бата мұсылман қазақтың рухани жан дүниесін және имани ділдік қасиетін көрсетеді. Қазақ халқының философиясы көне түркі дәуірінен басталып, бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды. Қазақ философиясының тарихын кешенді зерттеу түбі бір түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, ауыз әдебиетін, діні мен ділін, тілін зерттеуді талап етеді.

Көне түріктер Тәңірге жауларымен шайқаста жеңіс және дүниелік істерінде табыс сыйлаушы құдіретті күш ретінде табынған. Ежелгі моңғолдар қауымында жоғарғы Тәңір Хан Монхе Тәңірі (мәңгі көк аспан), Эрхету-Тенгри (құдіретті аспан), Деге-Ре-Тенгри (Жоғарғы аспан) атаулары бар. Бағатур-Тенгри – батырлық пен адамдардың қорғаушысы. Хисага-Тенгри – адамдардың жаны мен мал мүліктің қорғаушысы және т.б.түрлі Тәңір ұғымдары бар. Көне түріктер өздерін Көк Аспанның перзенттері ретінде қарады. Көне түріктер құлышылығын Көк Аспанға қарай қолын созып және жерге бас ұрып жасайтын болған. Тәңірлік космологиясында адамдар мен рухтардың бүкіл ғаламның иесі әділетті де, қайырымды Тәңір ғаламды үшке бөлген, Аспан әлемі – Тәңірдің мекені, ортаңғы әлем – табиғат заттары және рухтардың, пенделердің әлемі, төменгі жер асты әлемі – зұлым күштер мен өлі жандардың мекені. Жер асты әлемінің рухы бұл – ажал падишасы Ерлік болып табылады. Көк түріктер үшін бөрі тотемдік белгіге айналды. Бөрі түріктердің жебеушісі ретінде кастерленді. Ұлы даланы мекендеген көшпелілер үшін Тәңір сенімі түрік тайпаларын біріктіруші рәміз, ал Тәңірлік діннің құлшылық тілі түрік тілі болды. Тәңірлік ұғымы көне түріктердің ұлттық санасы мен діни дүниетанымында қасиетті жебеуші, құдіретті күш ретінде саналды. Тәңірлік сенім туралы дінтану ғылымында түрлі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер Тәңірлік сенімнің киелі кітабы, пайғамбары, жүйелі ғибадаты мен діни мейрамдары жоқ деп қарастырады. Тәңірлік сенімі көне түріктердің дүниетанымы мен діни санасының ортақ негізі мен киелі ұстанымдарының түбі бір екендігін айқындайды. « Көк түріктер өзінде заманының өзінде бірнеше ғасырлардан бері келе жатқан, қалыптасқан діни сал-дәстүр, діни дүниетаным бар болғандығын айта аламыз» [2]. Қазіргі кезде ислам дінін ұстанатын түрік халықтарында Тәңір ұғымы Аллаһтың көркем есімдерінің бірі. Түрік тілдес халықтар жаратушы есімдерінде Тәңір, Құдай, Алла ұғымдарын қатар қолданады. Бүгінгі түрік тілдес халықтардың ішінде чуваш, гагауыз, шоқынған татарлар христиан сенімінде, ал караимдар иудей сенімін ұстанады. Қазіргі түркілердің ақидалық ұстанымы - Матуриди ілімі және фикһтық ұстанымы – Ханафии мектебі. Қазіргі алпауыт елдердің миссионерлік саясаты және кейбір прозелиттік сын-кәтерлерге қарсы тұратын рухани күш-бұл діни (мазхабтық) бірегейлік. Заманауи әлемдегі жаһандық түрлі діни және саяси-мәдени жобаларға қарсы тұратын қалқан бұл төлтума түркілік тектілік. **Ұмай ана** - көне түркі наным - сенімдерінде ұрпақ жалғастығы мен ошақтың, балалар мен өнердің киелі жебеушісі. Ертеде түрік халықтарының аңыз-әпсаналарында түрік жұртының тектік сабақтастығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, түрік қауымын сақтаушы аналық рухани бастау күш рәмізі. Ұмай ана өнер мен қолөнердің қамқоршысы. Көне түркілерде әйел босанғанда Ұмай ана көмек сұраған. Қыз ұзату және неке кию салтында Ұмай ана отбасының бақыты және дәулетті болуын, адал неке мен жас жұбайлардың перзенттерінің көп болуын тілеген. М. Орынбеков: «Ұмай ошақтың және балалардың киелі иесімен қатар, сарбаздардың да қорышысы саналады» - деп ой түйеді [3]. Ұмай ана нәрестенің аман-есен, дені сау болып келуіне себепші рухани тылсым күш ретінде сипатталады. Ұмай – ана есімі VІІ-VІІІ ғасырларда руникалық мәтіндерде таңбаланған. Ұмай ана көне түріктердің шаңырағын және ұрпағын зұлым күштерден қорғаушы күш

иесі. Тоныкөк ескерткішінде: «Аспан, Ұмай, киелі Жер-Су бізге жеңіс әкелген осылар» - делінген. Бұл түрік наным-сенімдерінде Ұмай ана мәртебесінің биіктігін дәлелдейді. Күлтегін жазуында: «Бұл - Ұмай тәрізді менің анам, Катун (қуанышына) кіші інім Күлтегін ер атанды» Ұмай ана ежелгі түріктерде жас баланың тәй-тәй басып, тілі шыққанға дейін қамқоршысы. Ежелгі түріктерде аналар бесік жырында Ұмай ана есімін ардақтап қосқан. Түркілерде Ұмай ана балаларды көз тиюден, кесір-кесапаттан, ауру-сырқаудан сақтаушы және бала өмірінің арашасы ретінде суреттеледі. Ұмай –анаға некенің адалдығы мен жас жұбайлардың пәктігін, шаңырақтың шатттығын, балалардың бақыты мен болашақтың қамқоршысы. Ұлан-ғайыр далада қоныс тепкен көшпелі түріктер Ұмай анаға табынып, қастерлеген. Ұмай ананы қастерлеу түрік және моңғол тілдес халықтарға тән. Махмұт Қашқари пікірінше «Ұмай - бала жолдасы». Ұмай моңғол тілінде «жатыр» (әйел ағзасын) білдіреді. Отбасына ырыс, береке, бақыт сыйлаушы, бейнетқор әйел. Қырғыз халқында - Ұмай ене, өзбек халқында – Сары ене, шор және телеуттерде-Май-энэзи деп аталатын Ұмай әйел балалардың қамқоршысы ретінде қастерленді. Жаңа туылған нәрестелер мен бесік жасындағы балалардың қорғаушысы, бесік тербетуші, алты жасқа дейінгі балалардың жебеушісі және зұлым күштер мен рухтардан қорғаушы деп саналған. Шорларда қара - Ұмай зұлым рухы туралы түсінік болған. Телеут халқында Май-ене қолына садақ ұстаған, күміс шашты көрікті мейірімді әйел ретінде бейнеленген. Алтайлық түріктерде Ұмай от культімен байланысты сипатталып, Ұмайды судан қорқады түсінік болған. Түркі тілдес халықтардың аңыз-әпсаналарында нәрестенің кіндігін кесуші Ұмай ана бала таппаған әйелдерге жәрдем тілеген құт дарытушы, шаңырақ пен балалардың жебеушісі, молшылық пен құт-берекені, төрт түлікті көбейтуші рух иесі. Көне оғыздарда Ұмай ана құрсағындағы нәрестенің қамқоршысы. Бесіктегі сәби жымиса Ұмаймен тілдесуде, ал сәби жыласа зұлым рухтар мазасын алуда деген түсінік түрік халықтарына ортақ. Қазіргі түрік халықтарының Ұмай ана туралы түсінік-пайымдары көне түрік қағанаты дәуірінен бастау алатын түбі бір тарихи тамырын, этномәдени және этногенетикалық байланысын және рухани тектік болмысының бірегейлігін айқындайды. Аруақ – ұлттық діни сана мен қазақ дінтануының негізгі ұғымдарының бірі. Аруақ ұғымы қазақ халқының дәстүрлі жеті ата шежіресімен тығыз байланысты. Ата-баба рухы пендені желеп-жебеп жүреді, яғни фәни дүниеде адамды сәтсіздіктер мен кесірлерден сақтайды деген ұстаным - «Аруақ қолдасын», «аруақтарға тие берсін», «аруақ атқыр», «аруақ қонды», «аруақ ұстау» сынды түсініктерден көрінеді. Қайтқан пенденің нақты бір қасиеті болса онда ол о дүниеде ру-тайпаның жебеушісіне айналады. Мәңгілік дүниеге аттанған батырлар мен әділетті билер, ақын-жыраулар, емшілер- нақты бір аймақтың қамқоршысына айналып бұ дүниедегі туған-туыстары мен ұрпақтары үшін қамқоршы болады. Халық діни танымында, аруақтар ақ киімді немесе ақбоз атқа мінген қалыпта, кейде аса таяқ ұстаған ақсақал түрінде көрінеді. Ақылғой ақсақал және даңқты батыр, әділетті би сынды ата-баба рухына құрмет көрсету - «Өлі риза болмай тірі байымайды» ұстанымында айқындалған. Халық түсінігінде аруақ қонған пендеде мазасыздану, талу, еліру, елігу, дауыс шығару, өзімен-өзі күбірлеу және онашалану сынды белгілер тән. Аруақ қонған пенде емшілік және көріпкелдік қасиеттерге ие болады. Аруақты ұстай білу-ата-баба рухын қастерлеуді көрсетеді. Аруақты көтере алмаған пенде психо-патологиялық ауруға ұшырайды деген түсінік қалыптасқан. Аруақ таңдаулы пендеге қонады. Аруақ қонған адам діни парыздарды орындап, теріс әрекеттерден аулақ жүруі тиіс. Аруақ қонған адам о дүниелік болған қасиетті адамдардың рухтарымен байланыс жасап, олардан кегес сұрайды. III. Уәлиханов «аруақ-ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау күн түскенде, жан қиналғанда Аруақ қолдай ғөр, қолтығымнан жебей ғөр деп айтады», -деп қасиетті ата-баба рухына құрмет көрсету - Ұлы дала көшпелілері үшін киелі ұғым екендігін болжайды. Аруақ бейнесі көне түріктер дүниетанымында айқындалған. **Бақсы** – қазақ және түрік халықтарында балгер, емші және жыршы болып табылады. Қазақ мәдениетінде бақсы қобыз аспабымен адам бойындағы зұлым рухтар мен ауру-сырқауларды аластайды. Түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарында бахши – жыршылар мен әншілерді бейнелейтін ұғым. Аталмыш халықтарда бахши қос ішекті дутармен халық дастандарын жырлайды. Түрік халықтарында бақсылар кезбе тақуалар ретінде адамдарды емдеу барысында транс күйіне түсіп, рухтармен байланыс жасайды. Түрік және моңғол халықтарында бақсы ғалам сырларына үңіліп, рухани танымның биік шыңына жетіп, рухтар әлемі мен киелі жан иелерімен қатынасқа түседі. Осылайша ол қауымның мұқтажына сай білімі мен ритуалдық тәжірибесін қауым мен адамның психикалық саулығын сақтауға бағыттайды. Бақсы зұлым рухтармен күресіп, ауру адамның айығып кетуге деген сенімін оятады. Бақсы адамның санасы мен сана астарына психотерапиялық тұрғыдан әсер етеді. Сырқат адам бақсының емшілік қабілеті мен оның рухани тылсым күштермен байланысына сене отырып, ауруынан айығады. Дін феноменологиясында қасиеттілік М. Элиада енгізген иерофания (грек. қасиетті) ұғымымен айқындалады. Ежелгі түркілерде бақсылар бойында қасиеттілік қонған деген түсінік болған. Бақсы емдеу барысында рухтармен сұхбаттасу, ерекше би және түрлі

құралдарды қолданады. Бақсы сырқат адамның жан-дүниесін және ауру ағзасын емдейді. Ш. Уәлиханов қазақтарда алғашқы бақсы Қорқыт ата болғандығын атап көрсетеді. Қорқыт ата түрік халықтарына қобыз тартуды және жыр дәстүріне үйреткен абыз, ойшыл болып табылады. М.С. Орынбеков «Бақсы бойына ақын мен күйші, әрі емші қабілетін жинақтаған тұлға» деп көрсетеді [3, 79 б.]. Бақсылық дәстүрде негізгі құрал қобыз аспабы болып саналады. Кейде дабыл қолданылады, ал домбыра сирек қолданылады. Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақ даласындағы Қойлыбай бақсының қобыз аспабымен жасаған ғұрыптық өнерін баяндайды. Қазақ қоғамында бақсылық медициналық және діни қызметтер атқарды. Бақсы дәстүрі мен емдік қызметі түркі халықтарының өмірінде терең рәміздік мәнге ие болды. А. Диваев «бақсы» шағатай сөзі, шаман, болжаушы сиқыршы дегенді білдіреді. Бақсы деп рухтармен қатынастағы тіпті оларды өзіне бағындырған қырғыз емшілерін атайды. Оларды науқастың жанынан да, тойлардан да кездестіруге болады деп пайымдайды. Бақсы сырқат адамға үшкіру, аластау, зікір, тамыр басу салу әдістері арқылы әсер етеді. Л.Гумилев «табиғатты анимистік сеніммен қатты қастерлейтін түркіт халқына қарама-қарсы түркіттің бекзат-билері тотемдік дүние танымнан туған салт-қаһарман ата-бабалар аруағына табынатын болған деп ашықтан-ашық айта аламыз»-деп көрсетеді [4].

Алғашқы қауымдық құрылысқа тән анимистік наным өзегі – жан мен рух. Анимизм (лат. anima - жан) ағылшын антрополог-ғалымы Э.Тайлор ежелгі діни нанымды баяндау барысында қолданған термин. Анимистік наным бойынша адам болмысы мен табиғат құбылыстары рухтар мен аруақтар ықпалында. Тайлордың пікірінше, анимизм – дінді анықтаудың түпкі мәні. Ағылшын дінтанушысы Р.Маррет ежелгі адамдардың діни нанымын айқындауда – аниматизм (лат. animatus-рухтанған)-терминнің қолданды. Аниматизм-адамдар өміріне ықпал етуші әмбебап тұлғасыз рухани күштің барлығына сену. Қазіргі кезде аруақтармен байланыс жасайтын спириттік сеанстар жүргізу ғұрыптары бар. Анимизм – әлемдік және дәстүрлі діндерге тән әмбебап ұғым екендігі белгілі. Көне түріктердің демонологиясындағы ұғым-түсініктер. **Албасты** – ұғымы мен бейнесі түрік және моңғол тілдес халықтардың мифологиясында кеңінен тараған. Албасты әйел және еркек бейнесінде кездеседі. Албасты шашы жалбыраған, сала-құлаш емшегін артына тастап жүретін ұсқынсыз әйел түрінде бейнеленеді. Кейбір түрік халықтарында албасты алып денелі, кеудесі темір еркек-ретінде бейнеленсе, кейде аузы сасық қара албасты және сары албасты ретінде бейнеленеді. Албасты жез тырнақты, жез мұрынды қалыпта да суреттеледі. Албасты адамдарға өзен және көл жағаларында шашын тараған қалыпта кезігеді. Албасты қараңғылық түскен кезде атқа мініп сайран салады. Албастының әдеттегі атрибуттары магиялық кітап, тарақ және монета. Албасты нақты бір адамның кейпіне енуі де мүмкін. Әйел бейнесіндегі албасты еркектерді азғырады, ал еркек кейпіндегі албасты әйелдерді азғырады. Ш. Уәлиханов «албасты-рух, әйелдер босанғанда қатерлі. Оларды жезтырнақ деп те атайды»-деп көрсетеді [5]. Албасты жүкті әйелер мен нәрестелерге ауру мен жамандық әкелуші. Адамдардың жаман түс көруіне себепші болады деп саналады. Жаңа туылған нәрестелерді албасты сала-құлаш емшегімен тұншықтырады деп есептейді. Түрік халықтарында «албасты басты, албасты қуу, албасты қонды» деген түсініктер бар. Сонымен қатар, «албасты басқыр», «қара бассын» қарғауы бар. Жаман түс көру-албасты басу, албасты қуу – зұлым күштер ықпалынан пайда болған ауруларды емдеу тәсілі болса, албасты қонуы – зұлым күштердің адамның тұла бойына енуін көрсетеді. Аңыздарда албасты адаммен жыныстық қатынасқа түсуі мүмкін деп есептеледі. Албасты көбіне аңшыларды сүтімен және өзі қабырғасынан алынған етімен қоректендіруші болып саналады. Албасты шашына және заттарына ие болған адам а. өзіне бағындыра алады деп есептеледі. Бағынышты албасты қожайынының бүкіл әмірлерін орындаушы момақан құлға айналады. Албасты ауруларды емдеуге және байлық пен дәулетке ие болуға көмектеседі. Албасты бұл түрік халықтарының демонологиясы мен аңыздарында, көне наным-сенімдеріндегі кейіпкер бейне. **Мыстан кемпір** – қазақ аңыз-ертегілеріндегі ұсқынсыз және және жағымсыз кейіпкер. Мыстан кемпір залым, қатігез, айлакер, адамдарға зұлымдық ойлаушы, кейде ертегі мазмұны мен желісіне сай аңғал болып та суреттеледі. Мыстан кемпір түр келбеті әдетте ұзын шашы жалбыраған, тырнақтары жез түсті және өткір, ал тістерінің алапат күші бар және киімі алба-жұлба түрде сипатталады. Мыстан кемпір іс-әрекеті ертегідегі жағымды кейіпкерге және айналасына қарсы кесапаттық жасау, қуатты, сиқырлы тісімен жер қазу, тамаққа у салу, басты қаһарманның жолын кесу, жамандық ойластыру, адамдарды жеу (каннибализм) адамдарды қараңғы қапасақа қамау және дуалау, ұйықтатып тастау және т.б. Халқымыздың «Алтын сақа», «Ер Төстік», «Мыстан кемпір», «Күн астындағы Күнекей қыз» және т.б. ертегілерінде Мыстан кемпір бейнесі бар. Мыстан кемпір қырғыз, өзбек, татар және т.б. аңыз-ертегілерінде кездеседі. Түрік әлемі түркілердің сан ғасырлық тарихи жады мен рухани мұрасын айқындаушы ортақ ұғым. Түрік халықтарының төлтума пәлсапалық мұрасы

және ортақ рухани рәміздері күллі түрік дүниесінің – дүниетанымдық, руханияттық, діни, ділдік, тілдік кеңістігінің бірегейлігін айқындайды.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі-Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы. Егемен Қазақстан. 16 желтоқсан. 2014. 2-бет.
2. Ш. Ибраев. Түркі халықтарындағы ортақ ұстанымдар. Ана тілі. 7 қараша. 2013. 5-6.
3. М.С. Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. А. 2000. 9-6.
4. Л. Гумилев. Көне түріктер. А. 1994. 79-6.
5. Ш. Уәлиханов. Алтышаһарға сапар. А. 2006. 79-6.
6. М.С. Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. А. 2000. 17-6.
7. N. Nazarbaev. Kazakhstan Tauelsizdigi-Mangilik Eldin Uly tarikhy. Egemen Kazakhstan. 16.12.2014.
8. Sh. Ibraev. Turki khalyktaryndagy ortak ustanymdar. Ana tili. 7.11.2013.
9. L. Gumulev. Kone turikter. A. 1994.
10. Sh. Ualikhanov. Altysaharga sapar. A. 2006.
11. M. S. Orynbekov. Kazak senimderinin bastaulary. A. 2000.

*Бесимбаева Асель Мейрамовна
Қазақ Мемлекеттік Қыздар
Педагогикалық Университеті,
әлеуметтік-гуманитарлық факультеті,
Қоғамдық гуманитарлық пәндер кафедрасы,
Әлеуметтану – «5B050100» мамандығы 3 курс студенті
Сыздықова Сәуле Мұстафақызы
аға оқытушы, магистр*

«ФИЛОСОФИЯ МЕНІҢ ӨМІРІМДЕ»

Философия – ерекше ғылым. Философияның маңыздылығы дүниеге көзқарасы мен методологиясында. Ол ұлттық шеңберде немесе белгілі бір ағым аясында тұйықталып қалмайды. Философия – қашанда бүкіл адамзат табысы, баршаға ортақ рухани жеміс, әлемдік өркениеттің, рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Қандай да бір адам болмасын, ол дүниеге белгілі бір көзқарассыз өмір сүрмейді. Өмірді танып, білу арқылы адам белгілі қорытындыға келеді: қабылдайды, теріске шығарады, қолдайды, ұнатпайды, т.б. Міне философияның методологиялық, дүниеге көзқарастық рөлі деп осыны айтамыз. Философия – адамзат дамуының қайнарынан бастау алатын ғылым. Ол біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басында дүниеге келді. Сол кезден бастап ол үнемі даму үстінде. Адам баласының ой – өрісі кеңейген сайын философия да дами түседі. Философияны дінге жақын, өйткені ол дін сияқты догмаға сүйенеді дейтіндер де бар. Бірақ ол дін емес. Дегенмен, философия нақты фактілерге жүгінеді. Сондықтан философия басқа ғылымдар сияқты қашанда объективтік факторларға сүйенеді. Басқа ғылымдар сияқты оның заңдары мен категориялары бар. Философия – дін мен ғылым екеуінің арасындағы дәнекер дейтін көзқарастар да кездеседі. Әрине, философия - өз алдында ғылым. Философия бүкіл әлемді, оның басты салалары – табиғат, қоғам, адам санасын тұтас құбылыс ретінде алып, оның жалпы заңдылықтарын ашады, объективтік шындық жөніндегі белгілі қағидалар жүйесін қалыптастырады. Сол мақсатқа жетуде ол басқа ғылымдар сияқты қоғам тарихында өз орны бар ғылым ретінде өмір сүреді.

Философия ғылымын талқылаған ғалымдардың еңбегімен таныса келе, менің де өзіндік ой танымым қалыптасты. Менің философиялық пайымдауларым бойынша, Ғарифолла Есім айтқандай: «Дүниеде бағасы жоқ нәрсе болмайды. Сөздің де, ойдың да, идеяның да бағасы бар. Бағасы жоқтың мәні жоқ. Бостандықтың бағасы оның растығында, идеяның іске асқанында.» Осы кісінің ой толғамымен толықтай келісемін, себебі қазіргі қоғамымыздағы әр іс бағалылығымен құнды. Еліміз тәуелсіздік алып, мемлекетіміздің іргетасы қалаған сәттен бастап, аспан көгінде еркін самғаған сұңқардаймыз! Тәуелсіздік, яғни бостандық - бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы. Тәуелсіз мемлекетке айналу, бізге үлкен серпіліс, күш берді. Тарихи күш десе де болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуға, мемлекет болып өркендеуге жол ашылды. Қазір

біз болашағымызға сеніммен қарай алатын, зайырлы, өркениетті, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Қазіргі таңда, Қазақстанның өзіндік үні, пікірі, мәртебесі бар. Біз әлемдік деңгейде аяғымызды сенімді басып, басқа елдер бізбен санасатын мемлекетке айналдық. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үлкен шараларды, іс-әрекеттерді талап етеді. Яғни, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс жүргізу, халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өркендеуін, дүниежүзілік қауымдастықта өркениетті мемлекеттермен білікті қарым-қатынас жасау, әрине бір адамның қолында емес. Бірақ, халық атынан үлкен деңгейде сөйлей алатын, сөзін құлақ салып тындайтын, мемлекетке бағыт-бағдар беріп отыратын, ерекше тұлға, мемлекет басшысы – Президент. Тәуелсіздік жариялаған сәттен бастап, Қазақстанды күтіп отырған оқиғалардың мән-жайын түсіну, ұғыну, мемлекеттің одан әрі даму үрдісін болжау және халықтың талғамына сай, ең тиімді даму стратегиясын таңдауда жан-жақты, қайсар, жігерлі, саясат жүргізуде көшбасшы және ой-өрісі кең, интеллектуалды тұлға қажет еді. Мұндай тарихи міндетті, Жаратушы осы қасиеттерге сай Елбасымыз - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа табыстағандай! Елбасының болмысына сай байыптылығының арқасында, тәуелсіз елімізде әрбір адамға жағдай жасалған.

Мен сіздерге өзімнің философиялық ой тұжырымдамаларымды белгілі философ Ғарифолла Есімнің ұлағатты сөздерін талдай отырып, жеткізгім келеді.

1.«Байлық бақыт емес, байлық – проблема».

Қазіргі заманда байлыққа қызығатын адамдар өте көп. Көбінесе жастар. Неге? Себебі, олар еліктегіш. Машина мініп, зәулім сарайда тұрсақ деп армандайды. Бар болған, бай болған жақсы ғой. Бірақ арманның ең биігі сол ғана ма? Ақшасы бар адамдар бақытсыздық кешпейтіндей, қиындық көрмейтіндей ойлайды. Мен оларды бақытты байлық пен шатастырып жүргендер дер едім. Өз еңбегіммен, ащы теріммен келмеген ақша бақытты етеді дегенге сенбеймін. Сондықтан адамның таңертең менен қара күн батқанша тыным таппай еңбек еткені, одан келетін табысының арқасында бақытты өмір кешкені қандай жақсы.. Біз, адамдар көбіне «Бақыттымын» деп айтпаймыз... Уақыт өте келе барып, сол күндердің бақытты шақ екенін байқаймыз. Көңілімізге сәл қаяу түссе, өзімізді бақытсыз сезінеміз, өз өміріміздегі, жеке басымыздағы шешімі табылмай жүрген мәселелерді ғана ойлап, абыржу хәлін тудырамыз. Осы тұста жиырмасыншы ғасырдың көрнекті жазушысы, психолог Дейл Карнегидің афоризміне тоқталсақ: «Өзімізді бақытсыз деп сезінуіміздің себебі, басымыздағы бақытымызды тіршілікпен алысып жүріп, байқамауымызда». Бақыт - атақ та емес, мансап та емес. Байлық, әр жанның түсінігінше әрқалай. Мысалы, ата-ана үшін - баласының амандығы, мүгедектер үшін - денсаулық амандығы, зағиптар үшін – әлемнің жарығын бір көру, кейбір жандар үшін- ақша, қымбат көлік, дүние. Ал, мен үшін бақыт – ата-анамның және бауырларымның амандығы, үміттерін ақтап, оқуымды аяқтап, өз бетіммен жұмыс жасап, еңбегімнің жемісін ата-анама таттыру. Міне, осының өзі мен үшін бір бақыт болып саналады.

2.«Тәуба-тоқтық өлшемі».

Қазір қоғамымызда небір жан түршігерлік оқиғалар адамдарды қорқытуда. Қай жағдайды алмасақ та барлық істің бастаушысы – адам баласы. Көп адамдардың мемлекетіміздің заңдарына қайшы әрекеттерге баруы, қазағымның жалпақ тілімен айтқанда, тойынғандықтан. Бұл жаман әрекеттерді істеуге алып келіп соғатын себептер өте көп. Соның бірі – ата –ананың тәрбиесі.

а) Ата-ананың тәрбие беруі. Үнемі ата-ана үшін бала бірінші орында. Баласы үшін қандай орта болмасын алаңдайды. Мерейлі отбасында тәлім-тәрбие алған бала саналы болары хақ.

ә) Ата-анасының тәрбие беруі, бірақ... Бұл жағдайда енді керісінше, отбасы жағдайы өте жақсы, «не ішем, не жеймін» дейтін бала. Барлық қалауы қолында тұрған адамға басқа не керек деп ойлайсыз ғой? Керек, әлі де бір нәрсе қажет. Ол жақсы тәрбие алды, ең беделді білім ордаларында оқыды, астында қымбат көлік, бірақ кейде адам басқарылмайтындай болып кетеді, сол кезде ол жаман әдеттерді көруге бейім болады. Бұлай болу себебі, кей кездері ортаға тікелей байланысты деп ойлаймын.

б) Ата-ананың тәрбие бермеуі. Бұл дегеніміз ата-ана тікелей түрде тәрбие бермейді деген сөз емес, олар тек балаларының қазіргі жағдайын, болашағын ойлаймыз деп күні – түні жұмыстан бас алмай жүр. Бір жағынан алып қарасақ, бұл да дұрыс әрине. Алайда, тәрбие қайда қалмақ?! Тәрбие беру керек екені баланың жаман әдеттерге жолыққаннан кейін ғана есіне алады. Кінәні не ата-анаға, не балаға қоя алмайсың?! Сол себептен ата-аналар өзінің уақытын барынша көбірек баласының қасында өткізіп, туындап жатқан мәселелері жайлы сөйлесіп, оларды шешуге дұрыс бағыт бағдар беру керек.

Менің қазіргі ашық қоғамдағы философиялық мәселелерді айтқандағы ойым, әр күнімізге шүкір дейік, парасатты, ойы ұшқыр, ата-анасына жаны аши алатын, мемлекет алдында өтелер парызы бар

екенін білетін, қазақ болып туғанына мақтана алатын ұрпағымызды тәрбиелеп шығару үшін тәрбие мәселесіне көңіл бөлуіміз қажет. Бүгінгі жастарды ең болмаса, қазақ халқының "тура биде туған жоқ" деген даналығының рухында тәрбиелесек, «нұр үстіне нұр» болар еді.

3.«Адамға сабырлылық керек, болмаса өзінді ұмыта бастайсың».

Қазақ қашанда «сабыр түбі – сары алтын» деген, қандай жағдай болмасын ақылмен, төзімділікпен әліптің ақырын баққан елміз. Күрделі мәселеге тап болып, күрмеуі шешілмей жатқан жағдайда да адам өзін шыдамды әрі сабырлы қалыпта ұстай білуі қажет. Себебі, ондай жағдайда алғашқы сөз, әлбетте, ашумен айтылады. Ал ашумен айтылған сөздің артында өмірлік өкініш тұрады. Сондықтан, әрбір адам отбасын сақтауда, басына қандай да бір сынақ пен қиыншылық түскенде және елдің, ұлттың, мемлекеттің тағдырына қатысты мәселелерге өте сабырлылықпен, ұстамдылықпен, жан-жақтылықпен, байыппен қарау керек.

Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамда бүгін отау құрып, ертең ажырасып жатқан жастар қарасы көбейіп кетті. Неге? Себебі, көпшілігінде отбасында туындаған мәселеге сабырмен қарау, ақылға салу жоқтың қасы. Адам кейде нәпсі мен шайтанның азғыруына еріп, түймедей түсініспеушіліктен түйедей мәселені өзі жасап алғанын байқамай да қалады. Кейбіреуі «отбасында кездескен барлық қиындықты осы уақытқа дейін ішімде сақтап, сабырлылықпен шыдап жүрдім» деп ойлауы мүмкін. Бірақ, шындығында, ол сабырлылық сақтап жүрген жоқ. Соңында ажырасып кетеді. Соның салдарынан ана жалғыз басты, бала тірі жетім атанып жатыр. Ал бұл ата-анаға ғана емес, тұтас ұлтқа абырой әпермейтін қасіретті жағдай. Бірақ, ақыл мен сабырға емес, ашуға ерік бергендіктен мұны ойлап жататын бірі жоқ. Адам өзінің ешқашан бірқалыпты жағдайда тұрмайтынын естен шығармау керек. Кейде аспандағы айға қолы жеткендей қуанып, шаттанса, бір күндері күллі әлемді қараңғылық басқандай күй кешеді. Мұндай жағдайда, әсіресе, өмірдің қиындығын көрмеген, буыны қатпаған жастар шарасыздық танытып жатады. Расында, Құранда айтылғандай, «пенде – әлсіз жаратылыс». Сол себепті, адамзат баласы әрдайым үмітпен ғұмыр кешеді. Қандай ауыр жағдайда да, адамның кеудесінен үміт отының өшпеуі, ең алдымен сол сабырға байланысты. Қанағат та, ынсап та сабырдан тірек табады. Сондықтан, қазақ халқы «сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деп, сабырды барлық үлгілі философиялық пайымдауларды нақты айтқан.

«Екінші ұстаз» атанған энциклопедист-ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің зерделі мұрасы мен мирасы бүгінгі таңның өзекті мәселелерін шешуге өз септігін тигізіп, ойымызға ой қосып тұрса оның өміршеңдігі емес пе! Ойшыл еңбектерінің қаншама дәуірлер өтсе де маңыздылығын жоғалтпай келе жатқандығы, ондағы ойлардың даналығында, тереңдігінде болса керек. Жалпы алғанда тарихтың елегінен өткен философиялық ойлар ешқашан да ескірген емес, ондағы жинақталған дана ойлар біздің санамызға ой салып, соны көзқарастардың қалыптасуына ықпал етеді. Әл-Фараби шығармалары осындай өрісі кең, өресі биік еңбектер санатына жатады. Философиядағы тарихи сабақтастық өз жалғасын таба береді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» ойшыл дүниетанымының мазмұнды арналарының бірі. Трактатта ізгілікті қоғам болмысының негізгі тетіктері мен қажетті шарттары туралы жан-жақты талданып, зерделенеді. Мәселен, адамның табиғатынан көмекті қажетсініп, қоғам құруға бейілді екенін және адам қоғамының түрлері көптігін айтады. Осы еңбегінде Әл-Фараби: «адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген гуманистік ойын ұсынып, оның жүзеге асуын аңсайды. Бұл еңбектің мәнісін түсіне келе, ізгілік адамзаттың мәңгілік асыл қасиеті. Ізгілік жаратушының, жаратылыстың, табиғаттың өзегі болып табылады. Барша тіршілік иесі, олардың ұрпақ қамы үшін жасайтын жанкешті hareketтерінен анық көрінеді. Ұрпақ үшін қамқорлық ізгіліктің нақты өзі. Ізгілік адамның өзіне және өзгелерге жасаған жақсы, игі істері. Ізгілікке тән мейірімділік, сүйіспеншілік, сыйластық, қайырымдылық сияқты қасиеттер адамды тек жақсылыққа жеткізетінін бәріміз білеміз. Сол себепті бойымыздағы басты құндылықты жоғалтпай, тек дұрыс іс - әрекет жасап, сүйіспеншілік пен ақиқат жолында, адамгершілік пен ізгілік арқасында ішкі тыныштығымызды орната білейік!

*Ізгілік пен мейірім адамдағы,
Жоғалмасын, биік тұрсын бар арманым!
Ең құнды қасиет қой бойымызда,
Сол үшін жаратқан зой адамды да.*

*Ізгі адам - үлгі болсын бәрімізге,
Сыйлайтын жасы кіші, кәріңіз де.
Ізгілік болмаса егер жер бетінде,
Болмас онда өмірде сәніңізде.*

*Дүниеде бар жақсылық атаулы,
Ізгі адамның бойынан-ақ табылады.
О бастан-ақ адамдар ізгілікке табынған,
Прометейдің жүрегі адам үшін жағылған!*

Жастар – үлкен күш. Жастар дегеніміз – жалын от. Еліміз қолынан іс келетін, ойлы да биік рухты, жігерлі де жалынды жастарының көптігімен ерекшеленеді. Тәуелсіз Отанымызда елін, жерін сүйетін, халқына адал қызмет ететін жастардың шоғыры көбейіп, жаңа келбетті жас толқынның өсіп келе жатқанын көргенде, көкірегінде мақтаныш сезімі оянады. Жастар өмірдің қуат арнасы, оның тынысы, аяқ алысы, бір сөзбен айтқанда, өмірдің нағыз өзі. Философ Ғ.Есім айтқандай: «Жастық деген даналықтың формуласы». Демек, жастарға әрдайым алға ұмтылу, жасампаздық пен шығармашылық, жаңа мен озықты іздеу тән. Оның әлеуметтік ахуалы мен зияткерлік даму деңгейі мемлекеттің жай-күйі мен болашағын айқындаудың басты факторларының бірі болып табылады. Жастарды корпоративтік міндеттерді шешуге белсене қатысуға және кәсіби құзыреттерін дамытуға, саламатты өмір салтын ұстануға тарту, сөз жоқ, қосымша мүмкіндік береді. Жастар мәселесі әрбір қоғамды алаңдатады. Кейбір елдерде саяси қызмет пен даму жоспары жастардың мүддесіне орай жасалады. Олардың санасында, 20 жыл бұрынғыға қарағанда, жаңа түсініктер мен ұғымдар бар. Қазақстандық жастардың бойында: байыптылық, асқақ арман, еркіндік(еркіндікті де дұрыс түсіну керек), білім, ұлттық тәрбие, мейірімділік, адамгершілік, ұлттық құндылық, тұрақтылық болған жерде елімнің еңсесі - биік, тұғыры кең - болмақ!

Еліміздің болашағы — жас ұрпақ ұлттық сана-сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, салауатты, жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. Жердің де, елдің де түп негізі – қазақ халқы екендігіне оқушылардың көзін жеткізу ата-аналар мен әрбір оқу орынының ұстаздарының және студенттерге білім беріп отырған ғалымдарының міндеті. Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін», – деуінде үлкен мән жатыр.

Қазіргі жаппай жаһандану жағдайында сапалы білімді мамандар ғана мемлекетіміздің дамуын ілгерілетіп, оны өркениет көшінің озық қатарларында көрсете алатыны «Қазақстан-2050» – Ұлттық идея «Мәңгілік Ел» стратегиясының, «Интеллектуалды ұлт — 2020» ұлттық жобасының басым бағыттарының бірі ретінде анықталып отыр. Сондықтан әлемдік өркениет көшіне ілесу ғана емес, ондағы ілгері орындарды иелену үшін жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды даярлау үдерісіндегі қайшылықтарды айқындап, оларды шешу жолдарын іздестіру қажет.

Еліміздің еркін өмір сүруі – философиялық армандарымыздың бірі. Арман – адам көкейіндегі ізгі ниет, болашақтан күтер үміт, алға қойған мақсат. Асқақ армандарымыз бізді, жастарды мәңгілік елге жетелейді деген сеніммен ойымды қорытындылаймын.

Бияздыкова К.А.

филос.ғ.к., дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті м.а.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША СӨӨЖ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мәдениетті зерттеудің терең философиялық дәстүрлері бар, ол басқа ғылымдардың, ең алдымен археология, этнография, тарих, психология, әлеуметтану ғылымдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Тек XX ғасырдың ортасында ғана мәдениетті пән аралық зерттеу басталады. Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін

енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.

Мәдениеттанулық пәндер бойынша студенттің өзіндік жұмысы оқу үрдісінің маңызды формасы. Өзіндік жұмыс – уақытпен берілген аудиториядан тыс жасалатын және оқытушының әдістемелік басшылығымен бағаланатын студенттің оқу, зерттеу, ғылыми зерттеу жұмыстары. Алайда, оқытушы студент өзіндік жұмысты жасағанда тікелей қатыспайды, бірақ қорытындысын бағалайды. ЖОО өзіндік жұмыс студенттің оқу жағынан болсын, ғылыми ізденісі жағынан да маңызды қызмет. Рейтингтік технологиялық білім беруде СӨЖ маңызды рөл ойнайды. Сондықтан да СӨЖ бойынша тапсырмалар нәтижелі және бір мақсатты көздеген бағытта дайындалу қажет.

Қазіргі таңда студенттің теориялық және тәжірибелік білімді игеріп қана қоймай, өзін жетілдіру мақсатында өзіндік ізденістер мен шығармашылық жұмыстарымен айналысуы, оның заман талабына сай маман болып шығуына көп көмегін тигізеді анық. Студент өзіндік жұмысты жасау үшін мектеп жасынан өз бетімен оқуды күшейту қажеттігі дәлелденді. Өйткені тәжірибеде көріп отырғанымыздай бірінші курс студенттері талдау, пайымдау, сараптау, жүйелеу секілді әдіс-тәсілдерді қолдана алмай қиналып жатады. «Электронды кітапхана, интернет ресурстарын пайдаланумен қатар, энциклопедия, сөздікпен жұмыс жасау дағдысы жоқ студенттерде кездеседі. Сондықтан да, студенттердің өзіндік жұмыс жасауына көмек беру оқытушының негізгі міндеттерінің біріне айналады. Жоғары оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысы оқыту лекция, практикалық, лабораториялық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Лекция ақыл-ой әрекетінің тек 1-деңгейін, тану және біліммен танысу деңгейін қамтамасыз етеді. Ал СӨЖ ақыл-ой әрекетінің 2-деңгейін: қабылдау мен қайта жаңғырту және білім көшірмесін игеруін қамтамасыз етеді. Одан әрі ол алған білімді практикада қолдану, ептілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Оқытушы студенттің білім алуға деген мотивін дамытуға, ішкі ынта-ықыласымен білім алуға ұмтылуына көмектеседі» [1]. Бірінші курстан бастап студент өзіндік жұмысты орындауға күніне 4-5 сағатын арнау қажет. Алғашқы уақытта ол бұған еріншектік көзқараспен қарағанмен, бұл үрдіске кейін дағдыланып, өзі бетімен білімін дамытуға бейімделетіні сөзсіз. Сондықтан СӨЖ-ді тиімді ұйымдастыру мен оны қатаң бағалау оқытушының міндеті.

Студенттің өзіндік жұмысының *мақсаты* студенттің профильдік білім, шығармашылық тәжірибесі мен зерттеу қызметі бойынша фундаменталды білім, кәсіби дағдыларын аттыру. Студенттің өзіндік ізденістерін күшейту арқылы білімнің маңыздылығы мен оған деген жауапкершілігін арттыру.

Мәдениеттанулық пәндер бойынша СӨЖ-дің міндеттері:

- 1) Мәдениеттанулық пәндер бойынша теориялық және практикалық білімдерін жүйелеу;
- 2) Мәдениеттанулық пәндер бойынша теориялық білімдерін тереңдету;
- 3) Нормативті, құқықтық анықтамалық құжаттамалар мен арнайы әдебиеттерді дұрыс қолдану;
- 4) Студенттің белсенділігін және танымдық қабілетін арттыру;
- 5) Өзіндік ойлау, өзін-өзі жетілдіру, кемелдендіру мүмкіндіктерін туғызу;
- 6) Аралық бақылаулар мен қорытынды емтихандарға дайындық ретінде, курстық жұмыс немесе диплом жазуға бейімдеу.

Студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың негізгі қажеттіліктері:

- 1) Студентке пайдалы жағын арттыру, өйткені СӨЖ-ді орындау барысында студент семинар немесе лабораториялық сабақтарынынан бөлек кең ауқымда жан-жақты зерттеу мүмкіндігіне ие болады. Талдау, зерттеу нәтижесінде ғылыми шығармашылығын дамытуға мүмкіндік туады.
- 2) Студенттің шығармашылық қызметін арттыру. Ғылыми-зерттеу бір сарында немесе бір тақырып аясында болып қалмағандықтан, оның білімін тереңдету жағдайы көбейеді.
- 3) Студенттің пәнге қызығушылығы арттыру. Студент өзіндік жұмыстарын атқару кезінде көптеген материалдарды жинақтау барысында, оқытылатын пәнге қызығушылығы артып, тіпті осы тақырып бойынша олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысуы мүмкін.
- 4) Зерттеу тақырыбын қорытындылау, жан-жақты талдау қабілетін арттыру. Осының нәтижесінде студент ғылыми мақала жазуға, сауатты реферат жазуға мүмкіндігі артатыны анық.
- 5) Зерттеу тақырыбының өзектілігіне мән беру. Тақырыпты терең зерттеу нәтижесі студентті қызықтырса гранттық байқауларға қатысуы да мүмкін.

СӨЖ-ді ұйымдастырудың тиімділігі:

- 1) Студенттердің адамзат баласының мәдени-өркениеттілік тәжірибесін игеруді, тұтастығы мен өзара ерекшеліктерін сараптау, зерттеушілік іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады;

2) Әлемдік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын айқындау аясында студент өткен материалдарды жалпылай алу және қайталау;

3) Мәдениет тарихы, қазіргі таңдағы мәдени құбылыстар бойынша алған білімдерін орынды қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;

4) түрлі мәдениеттанулық мектептердің идеяларын, олардың бағыттарын талдау үшін студенттің уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануды үйрету, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсету;

5) Оқытушы студентке жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі.

6) Мәдениеттану, қазақ мәдениетінің тарихы бойынша әдебиеттерді жинақтауға және олармен жұмыс жасай білуге;

7) мәдениеттің этноаймақтық және ұлттық феномендерін зерттеу және олардың болмыстық ерекшеліктерін анықтау аясында тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді;

8) қоғам мәдениетінің қазіргі даму жағдайы мен бағыттарына мәдениеттанулық тұрғыдан сипаттама жасау үшін жеке не бірнеше студентке кеңес береді, студенттердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіреді.

Өзіндік жұмыс студенттерге септігін тигізеді:

2) Білімдерді игеруге

- мәтіндерді оқу (оқулықты, түрнұсқаны, қосымша әдебиеттерді және т.б.);
- мәтін жоспарын құру, мәтін құрылымын графикалық түрде безендіру, мәтінді конспектілеу, мәтіннен көшірме беру және т.б.;
- анықтамамен және өзгелік анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеу;
- нормативтік және құқықтық құжаттармен жұмыс істеу;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеулік жұмыс;
- компьютерлік құралдарды Интернетті және тағы басқа ақпарат көздерін қолдану.

3) Білімдерін қорытындылап және жүйелендіре түсуге:

- дәріс конспектісімен жұмыс істеу
- мәтінді өңдеу, оқулықта, түпнұсқада, қосымша әдебиетте, аудио және видеожазбаларда берілген оқу ақпараты бойынша қайта жұмыс жасау;
- жоспарды дайындау;
- кестелерді құрау және оқу материалын жүйелеу;
- бақылау сұрақтарына жауаптарды дайындау;
- жұмыс дәптерін толтыру;
- мәтінді аналитикалық тұрғыда өңдеу;
- семинар сабағында (конференцияда, дөңгелек стөлке және т.б.) баяндама жасау үшін мультимедия презентацияларымен баяндамаларды дайындау;
- рефератты дайындау;
- пайдаланылған әдеби дереккөздердің библиографиясын құрастыра алу;
- тестілеу және т.б.

4) Біліктіліктерді қалыптастыруға:

- көрсетілген нұсқа бойынша ситуациялық мақсаттармен мен жаттығуларды шешу;
- есептерді жүргізу (жұмыстарды графикалық тұрғыдан есептеу);
- кәсіби кейстерді және вариативті міндеттерді шешу;
- бақылау жұмысына дайындық;
- іскерлік ойындарға дайындық
- кәсіби қызметтің компоненттерінің сансалалы түрлерін проектилеу және модельдеу;
- эксперименталды тәжірибелік жұмыс
- кәсіби біліктіліктерді аудио видеожазбалықтар арқылы сараптау және т.б.;

Өзіндік жұмыс индивидуалды түрде болмаса топтасқан түрде студенттермен жүзеге асырыла алады ол өзіндік жұмыстың мақсатына, ауқымына тақырыбына қиындық деңгейіне студенттің біліктілік деңгейіне байланысты болады.

СӨЖ-дің репродуктивтіліктеріне оқу, көру, оқулықтарды конспектілеу, дәрістерді тыңдау, есте сақтау, оқу материалдарын қайталау және т.б. жатады.

СӨЖ-дің танымдық-ізену қызметтеріне хабарлама дайындау, доклад, тәжірибелік сабақтарда сөйлеу, бақылау немесе курстық жұмыстарды жазу және т.б.

СӨЖ-дің шығармашылық жағдайына ғылыми мақалалар жазу, ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысу, дипломдық жұмысты жазуға дайындық және т.б. кіреді.

Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады: СӨЖ-ді жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, бақылау және орындалу бағасы, талдау және жетілдіру.

Өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін өзекті тақырыптарды баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданған дұрыс. Мәдениеттанулық пәндер аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарында түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдардың қызметі мен іс-әрекеті заңдылықтарын зерттейтін гуманитарлық пәндердің алатын орыны ерекше, өйткені олардың мәдени іс-әрекет көріністері белгілі бір психологиялық сарынға байланысты болғандықтан, мәдениет саласындағы зерттеу жұмыстарында бұл факторларды ескермеске болмайды. Сондықтан да, студенттің өзіндік ізденістерін дамыту қазіргі қоғамның қажеттіліктерінің бірі.

Қазіргі таңда мәдениеттанулық пәндерді оқып-білу үшін жас ұрпақ мектеп қабырғасында-ақ жаратылыстану мен әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің негіздерін игеруі қажет екені сөзсіз. Жоғары оқу орындарында өтілетін Қазақстан тарихы, философия, әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану, құқық негіздері, этнология, тіл білімдері, әдебиет, өнертану, дінтану, т.б. пәндермен байланысында мәдениеттанулық білімдер әрі қарай нақтылана, толыға түседі. Мәдениеттанулық пәндер бүкіл мәдениет туралы ғылымдар кешенінің теориялық, әдіснамалық негізі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Нигметжанова Г.К. Студенттің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру // Вестник КАСУ. - №1 - 2008.

Божбанбаев Б.М.,

*Алматы экономика және статистика академиясы филол.ғ.к.,
«ИЖ және ЖЖБ пәндер» кафедрасының доценті*

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясатының негізгі принциптері болып өзінің алғашқы заңнамалық актілерін республика азаматтарының этникалық немесе конфессиялық көзғарастарына қарамастан құқықтық және бостандық теңдігіне тең құқықтық жағдай жасады. Халықаралық қоғамдастықта қазақстанды ел ретінде, ішкі саясатын толеранттылық, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімінің барлық ұлт өкілдеріне дәйекті жүргізуші үшін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанда тұратын және өкілдік ететін біртұтас халық – халық, ол белсенді түрде осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекет құруға және мемлекеттің гүденуіне ат салысуда.

Елбасы республика бойынша 1332 этномәдени бірлестік жұмыс жасайтынын, бұл Қазақстанның осындағы барлық азаматтардың Отаны екендігін білдіретінін жеткізді. «Олар бір үйдің балаларындай, Отанымыздың көркеюіне жанын салып, тағдырын ар-нап жатыр. Бұл тұрғыда, мемлекеттің дамуы мен өсіп-өркендеуі жолын- да Қазақстан халқы Ассамблеясы айрықша рөл атқарып отыр. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлты мен діні әртүрлі адамдарды өзара жақындастыра түсті, сан алуан мәдениет пен салт-дәстүрдегі жақсы нәрселерді паш етіп, көрсете білді. Біз бір-бірімізге бауырмал болдық, өзіміздің ортақ елімізде өмір сүріп жатқан біртұтас халыққа айналдық[1]. Республика тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында елімізде аса күрделі рухани процестер орын алды, ұлттық сана сезімінің жаңа бағытпен қалыптасуына 1995 ж. 1 наурызда қоғамдық-саяси аренасында құрылған республикасының жаңа институты-ұлттық саясат – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы ықпал етті.

Ассамблея құрылымына Ассамблея сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея аппараты кіреді. Ассамблея сессиясы - Ассамблея мүшелерінің жиналысы – Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Ассамблея сессиясы қажеттілігіне қарай, жылына бір реттен кем емес Қазақстан Республикасының Президентімен шақырылады. Сессиялар аралығындағы кезеңде ассамблеяны Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылатын басқаруды Ассамблея Кеңесі жүзеге асырады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Кеңес қалыптастырылатын алқалы орган болып табылады, оның құрамына этномәдени бірлестіктердің

басшылары, облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблея басшылары кіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Ассамблея Кеңесінің құрамына Ассамблеяның басқа да мүшелері енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында бүкіл қазақстандықтарға ұзақ мерзімді бағыт бағдар беріп, ұлттық идеяның нақты тұжырымдамасын айқындап берді: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым» [2]. «Мәңгілік ел» ұғымын еліміздің болашағы және тарихы екенін қоғамға насихаттау, яғни болашаққа мақсат қоюмен бірге тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Мәңгілік Ел — жалпы Қазақ Елінің - ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы.

«Мәңгілік Ел» идеясы негізіндегі рухани құндылықтарға, тұрақтылық пен келісімге, ауызбіршілік пен ынтымақтастыққа арналады. Себебі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыратын идея. Бұл идея Қазақстанды ел ретінде ғана емес, біртұтас ұлт ретінде танытады. Демек, біз, «Мәңгілік Ел» болудың даңғыл жолына түсу үшін болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыра отырып, елдің бірлігін, ынтымақтастығын, ауызбіршілігі мен татуластығына үлкен мән бере және түсіндіре отырып, алға қойған мақсаттарымызға бағыт алуымыз қажет [3]. Ассамблея – нағыз жалпыазаматтық, ішкі саяси мүдделерден жоғары және жалпыұлттық институт, елдегі тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің берік әрі мықты тірегі. Ассамблеяның жауапкершілігі күннен күнге артып келеді, ал оның міндеті мен мақсаты ХХІ ғасырда жан-жақты кеңейеді.

Бүгінде, Қазақстанның қуатты тетігі, қоғамдық келісімнің бірегей институты ретінде Ассамблея барша әлемге үлгі болып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес сияқты әлемнің ең белді халықаралық ұйымдары Ассамблеямен тығыз қарым-қатынаста. Өткен жылы әлемдік және өңірлік көшбасшы елдер – Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей тарапынан Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім моделіне жоғары баға беріліп, үйренуге, өз елдерінде енгізуге мүдделілік танытылды [4]. Қазақстан халқы Ассамблеясы ТМД қатысушы елдері арасында Қазақстанда бірегей институт ретінде алғашқы құрылған. Бұл институт полиэтникалық қоғам ретінде жаңа қазақстандық модельдің қалыптасуына ықпалын тигізіп, этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайту үшін бағытталған. Қазақстан халқы ассамблеясы құрылғаннан бастап, Қазақстанда тұратын этностар арасында бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы институт ретінде маңызды орын алды. Соңғы жылдары қоғамдағы бейбітшілікпен тұрақтылықтың символы ретінде «Қазақстан халқы ассамблеясы» үлкен орнын және маңыздылығын тапты..

«Мәңгілік Ел» – бұл елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі!

«Мәңгілік Ел» – бұл барлық қазақстандықтарды біріктіріп тұрған Тәуелсіздігіміздің рухани сенімді тірегі!

«Мәңгілік Ел» - бұл қазақстандық мемлекеттілігіміздің көне тарихынан бастау алатын жалпыұлттық идея!

«Мәңгілік Ел» - бұл өз Отанын сүю, қазақстандық патриотизмнің, күш жігердің жоғары дәрежесі, Отанға деген сенімділік, халыққа адалдық, азаматтық парыз.

«Мәңгілік Ел» «Менің елім» халықтық, отаншылдық ұғымымен тығыз байланысты. Бұл санаттарда біздің халықтың, қоғамның, мемлекеттің өмірлік философиясы жатыр [5]

«Қазақстан-2050» Стратегиясында баяндалған барлық міндеттер біздің еліміздің әрбір азаматының өмірін жақсарту мақсатында қабылданған. Ал әрбір азаматтың міндеті Елбасының Жолдауында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» идеясы елдің жарқын болашағының айқын көрінісі ретінде қойылған үлкен стратегиялық мақсат. Оның негізінде ұлттық руханият, ұлттық тілге деген сүйіспеншілік және құрмет, ұлттық мәдениеттің ерекшелігі, бірлік тарихи және салауатты болашақ, қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет қатарына енгізілу құндылықтары жатыр.

«Қазақстан – 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын. Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін елдігіміз мәңгілік!», - деп аяқтады өз Жолдауын Мемлекет басшысы.

Жалпыұлттық идея бүкіл қазақстандық азаматтардың патриоттық сезімдерін ұлғайтуға және Қазақ Елінің болашақта әлемдік аренада биік белестен орын алып, бәсекеге қабілетті мемлекет екеніне сенім білдіретін стратегия. Қорыта айтқанда Қазақстан халқы Ассамблеясы және «Мәңгілік Ел» идеясы— Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саяси көрегенділігінің, парасаттылығының көрінісі деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер:

1. БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ – ҚАСТЕРЛІ ҚАЗЫНА. Егемен Қазақстан №238 (28966) 10 желтоқсан, 2016 жыл.-1 б
2. . Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
3. «Нұр Отан» партиясы: «Мәңгілік Ел» идеясы – дініміз бен тіліміздің беріктігін айқындайды. Түркістан халықаралық саяси апталық газеті 3 сәуір 2017 жыл.- 1 б.
4. Ералы Тоғжанов: 25 жылдың 25 сәті. "Егемен Қазақстан" газеті. 09.08.2016 ж.
5. Қазақстан республикасы президентінің әкімшілігі Қазақстан халқы ассамблеясының хатшылығы . Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын өткізу тұжырымдамасы. № исх: 13-04-15/6091//35-27.1 от: 06.01.2015.

Затов К.А.,
д.филос.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби
Аймухамбетов Т.Т.,
докторант КазНУ имени аль-Фараби

ПРАВОВЫЕ И РЕЛИГИОЗНЫЕ НОРМЫ: АНАЛИЗ ИХ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

В течение достаточно долгого периода ученые пытались найти рациональное объяснение причин возникновения специфической, иррациональной формы мышления человека и понять религию как форму общественного сознания. Ведь на протяжении достаточно длительного времени человечество не отделяло религию и право друг от друга, тем самым вырабатывая такое понятие, как религиозные нормы. Но это взгляд поверхностный, так как актуальность этой темы подтверждают различные нормативно-правовые акты. Например: правовая система Германии отражает нормы Канонического права; в Судане религиозные нормы неразрывно связаны с правовыми нормами и так далее [1]. Отсюда следует, что, затрагивая религию он одновременно касается и религиозных норм. Но прежде чем перейти к основной сути вопроса, необходимо рассмотреть основные значения определений «право» и «религиозные нормы».

Довольно странным является такое утверждение, что не существует полного, единого, универсального для всех стран мира понятия права. Труды многих ученых-юристов и философов посвящены исследованию этого понятия. К примеру, И. Кант говорил, что вопрос о том, что такое право, может «смутить правоведа – если только он не хочет впасть в тавтологию или вместо общего решения сослаться на то, что утверждали когда-либо законы какой-нибудь страны» [2]. Право, как и государство, принадлежит к числу не только наиболее важных, но и наиболее сложных общественных явлений. Пытаясь выяснить, что такое право и какова его роль в жизни общества, еще Римские юристы обращали внимание на то, что оно не исчерпывается одним каким-либо смыслом. Право, писал один из них, употребляется, по меньшей мере, в двух смыслах. Во-первых, право это:

- то, что «полезно всем или многим в каком-либо государстве, каково гражданское право»;
- оно означает то, что «всегда является справедливым и добрым» [3].

Религиозные нормы – это разновидность социальных норм, которые устанавливаются различными вероисповеданиями на основе религиозных представлений и имеют обязательное значение для людей, исповедующих определенную веру. Этими нормами определяется порядок

организации и деятельности религиозных объединений, регламентируется порядок отправления обрядов, а также религиозные службы.

Правовые и религиозные нормы необходимы, так как общество как сложный социальный организм объективно нуждается в регулировании. Они складываются исторически, закономерно, под давлением социальной необходимости. Они возникают как результат нормативного обобщения, нормативной фиксации устойчивых повторяющихся общественных связей и актов взаимодействия между людьми. В то же время следует учитывать значение субъективного фактора в становлении данных норм. Они не могут возникнуть, не пройдя через общественное сознание: необходимость тех или иных религиозных норм должна быть осознана обществом. И хотя в целом имея общие черты и общее предназначение, в общем, углубляясь, они различимы.

Религиозные нормы есть разновидность социальных норм, установленных различными религиозными конфессиями и имеющих обязательное значение для людей исповедующих ее. Внешне эти нормы формализованы и содержательно определены, определенным образом институционализированы и документально зафиксированы в религиозных писаниях. В некоторых случаях религиозные нормы выступают в качестве источника права (таблица ниже).

1. не светские государства	2. теократические государства
Великобритания	Иран
Греция	Пакистан
Норвегия	Саудовская Аравия
Швеция	Марокко
Дания	Ватикан
Испания	ОАЭ
Япония	
Израиль	

Право – казалось бы, давно имеет светский характер определения, также различает регулятивные свойства права. Но дело усложняет, что на определенных этапах истории и в ряде стран право получало выражение именно в религиозных догмах. Яркий пример основания правовых норм от норм религиозных заключается не только в сакрализации многих правовых правил в раннеклассовых обществах, но и в появлении на рубеже XI – XII столетий такого феномена, как «Каноническое право». Семейно-брачные отношения, наследование, уплата «десятины», иные правила имели религиозно-мирские формы в том смысле, что некоторые религиозные нормы регулировали вполне светские отношения при полной поддержке светских властей [4]. Все же право пошло по светскому пути развития, этому послужило в последующем закрепление светского характера государства, отделение религии и системы образования от государства. Предложенные выше определения права учитывают эту основную тенденцию.

Определение правовых и религиозных норм позволяют провести между ними четкую грань. К примеру, в истории права выделяют эпохи, когда многие религиозные нормы носили юридический характер, так как регулировали государственные, гражданско-правовые, брачно-семейные отношения. Внешне эти нормы имеют определенное сходство с юридическими установлениями: в известной степени формализованы и содержательно определены, институализированы и документально зафиксированы в религиозных писаниях. Правовые и религиозные нормы могут совпадать по морально-нравственному содержанию. Необходимо также учитывать, что с точки зрения механизма действия религиозные нормы – мощный внутренний регулятор поведения, поэтому они являются необходимыми инструментами поддержания и сохранения нравственного и правового порядка в обществе.

В то же время между правом и религиозными нормами существуют принципиальные различия:

- сфера действия религиозных норм значительно уже сферы действия права. Так предписания одного религиозного писания распространяется исключительно на лиц исповедующих определенную религию.

- различны механизмы действия правовых и религиозных норм. В частности, религиозные нормы обосновывают в своих писаниях абсолютную непреложность предписываемого ими кодекса поведения ссылкой на высший авторитет или, как сказали бы философы, «трансцендентное миру начало» [5].

Рассмотрев понятия «право» и «религиозные нормы», их сходство и различия, авторы плавно переходят к рассмотрению и анализу их взаимодействия. На различных этапах развития общества степень и характер взаимодействия права и религиозных норм в системе социальной регуляции общества определяется их связью с моралью и с государством. Государство, используя право, может определять свои отношения с религиозными конфессиями и их правовой статус в данном конкретном обществе. Но хоть многие государства, будучи светскими, отделены от религии, это не означает, что право и религиозные нормы должны быть отделены друг от друга. Например, бывший глава Католической церкви Иоанн Павел II в своих трудах так определял свою позицию по данному вопросу: «Я могу сказать, что испытываю неприятие коммунизма, однако когда я вижу, что представляют собой общество на Западе, невольно задаюсь вопросом: какой из двух правовых режимов лучше...» [6].

Во взаимодействии права и религиозных норм всегда доминируют взаимные интересы обеих сторон. Все народы и государственные образования имеют свои исторические особенности и правовые традиции в выстраивании этих отношений, привнося в них характерные черты ментальности наций. Например:

- одно из важнейших обязанностей права является создание реальных условия реализации гражданами их религиозных убеждений. В условиях Республики Казахстан это закреплено в Конституции страны, которая гласит: каждый имеет право на свободу совести (статья 22, пункт 1 Конституция РК).

- право предусматривает жесткую юридическую ответственность за осквернение священных писаний и святых мест. В условиях Республики Казахстан это закреплено в Конституции страны, которая гласит: граждане Республики Казахстан обязаны заботиться о сохранении исторического и культурного наследия, беречь памятники истории и культуры (статья 37 Конституция РК).

Правовая система Республики Казахстан умело сочетая возможности права и религиозных норм, построила в целом уникальную систему защищая права основных религиозных конфессий, не отдавая предпочтения не одной из них. Например, в современных Европейских государствах национальное законодательство отдает предпочтение в применении защитных мер только в отношении отдельных религиозных конфессий.

1. Великобритания не является светским государством, где главой главной религиозной конфессии является сама королева. С 1938 года был издан закон защищающий догматы Англиканской церкви. Одновременно церковные служители, являясь поданными только королевы, подсудны только ее суду.

2. Франция стала светским государством после Великой Французской революции. С 1802 года после подписания конкордата с Католической церковью, правовая система Франции стала взаимодействовать с религиозными нормами. В 1905 году был принят закон, регулирующий отношения государства с религиозными конфессиями. Данный закон заложил основы взаимодействия права и религиозных норм и перевел данные отношения в иную плоскость развития.

Таким образом, проанализировав взаимодействие права и религиозных норм, автор приходит к следующим выводам. Основываясь на проведенном анализе, основывается вывод, что взаимодействие права и религиозных конфессий в последующем переходит на два основных пути развития:

- при взаимоотношении права и религиозных норм, последнее подменяют под собой право и формируют так называемое религиозное право. Ведь религиозное право одна из основных исторических форм права, при котором в качестве первоисточника рассматривается не светская государственная власть, а воля божества, выраженная в священных писаниях. В формальном смысле источниками религиозного права могут быть непосредственно тексты священных писаний, их толкование, религиозные акты, обычаи, а также государственно-правовые акты в которых закрепляются и систематизируются государственно-правовые нормы. Характерной особенностью также является его персональный, а не территориальный характер.

- правовое регулирование данных отношений при первенстве права, как основной движущей силы. Эти отношения как совокупность исторически складывающихся и изменяющихся форм взаимосвязи между правом и религиозными нормами представляют собой специфическую сферу внутренней политики государства. В их основе лежат законодательно закрепленные представления о месте религии и религиозных организаций в жизни общества, их функциях, сферах деятельности и компетенции.

В общем, проанализировав право и религиозные нормы как общественные институты исследователи неизбежно сталкиваются не с отдельной, монолитной и самодостаточной системой.

Все это – обобщенное понятие, формула обозначающая четко структурированную систему юридических норм и созданную для верного определения соотношения этой системы с прочими социальными явлениями. В связи с раскрытием этой темы можно сказать, реализация норм права играет большую роль в развитии государства и права, и общества в целом. Но также, необходимо отметить, что на протяжении многих веков человечество вырабатывало религиозные нормы, одновременно синтезируя их с правовыми нормами, не отделяя, их друг от друга. И сейчас, очень трудно ответить какие нормы появились ранее. Потому что, если посмотреть на то, как государство (любое) развивалось в историческом аспекте, то можно заметить, что первые правила (теократические) древнейших людей звучат как некоторые современные нормы права [7].

Литература:

1. В.В. Аванесян/ Большая юридическая энциклопедия/ М.: 2005
2. С.С. Алексеев/ Государство и право/ М.: 1994
3. М.О. Буянова/ Юридический энциклопедический словарь/ М.: 2007.
4. А.Б. Венгеров/ Теория государства и права/ М.: 2004
5. А.Н. Головистикова/ Теория государства и права/ М.: 2007. – 589 с.

Қаңтарбаева Ж.У.,

философия ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Мұқан Н.,

дінтану және мәжениеттану кафедрасының аға оқытушысы

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі жаһандану үрдісі кең өріс жайып жатқан кезде біздің тәуелсіздік екпінімен жаңадан қадам жасап келе жатқан мемлекетіміздің беталысын айқындау қажеттілігі туындады. Осы туста дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің саяси-экономикалық іс-әрекеттері ғана емес, сонымен қатар өмір салты да үлгіге айналып бара жатқандығын байқау қиын емес. Ал басқа мәдени үлгілердің енуі бұқаралық санаға кері ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды шайқалтуы мүмкін. Бұндай әлеуметтік құндылықтардың трансформациясы туралы Ғ.Ғ. Ақмамбетов былай деген еді: – «...мораль арнайы әлеуметтік феномен ретінде қоғамдық болмыстың туындысы болып табылады және де қоғамның материалдық жағдайларының өзгеруіне байланысты оның адамгершіліктік санасы да өзгереді» [1, 52 б.]. Бұқара әлеуметтік институттарды, әлеуметтік қатынастарды және тіпті қоғамдық болмыстың негізін де толығымен өзгертуге қабілетті. Адам санасындағы дүниетанымдық тұтастықты қамтамасыз етуге қабілетті болатын, тұрақты құндылықтардың, үйреншікті бағыттардың, әлеуметтік мұраттардың болмауы, болашақ туралы пікірдің бұлыңғыр болуы, қоғамда болып жатқан үрдістер мен құбылыстар туралы нақты ақпарат ала алмауы адамның сенімділігін әлсіретіп, саяси элитаның бұқаралық санамен манипуляция жүргізуге барынша жағдай мен мүмкіншіліктер туғызады. Бұқаралық сананы манипуляциялауда ұлы идеяны алдыға қою жеткілікті. Ол туралы академик Д.К. Кішібеков былай деп жазған еді: «Кез келген құбылыс сияқты идеяда бұқараға әсер ету күшіне ие. Оның мәні – ойды ояту, интеллектті мазалау, әрекетке итермелеу. Сонымен, идея – бұл құбылыс, әрекет, мән. Қалай идея пайда болады, солай адам тыныштықтан айырылады. Демек, идея тек қана ақылды оятып қана қоймай, сонымен қатар әрекетке де итермелейді. Идея субъектіні өзінің айқынсыздығымен, абстрактілігімен мазалайды. Ол адамды өзін танытуға тартады. Ал идея бұқараның іс қимылың жаулаған кезде, ол үлкен күшке, игерілмес стихияға айналады, оны тек ақыл ой ғана тоқтата алады» [2, 51 б.]. Шынымен де, бұқараны күш құралы ретінде саяси көсемдер көп жағдайда ұлы идеяларды ұсыну арқылы немесе әртүрлі діни секталар мен конфессиялар тиімді пайдаланады.

«Дәл қазіргі таңда Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігіне төнуші қауіп-қатер күшті болып отыр. Батыстық арзан бұқаралық мәдениеттің экспансиясы Қазақстандағы өзекті мәселеге айналғаны қашан. Бейкүнә бейнетаспалар мен кітаптар, және басқа да ақпарат құралдары көмегімен қоғамды деградациялауда рухани азық болып табылатын қатігездік, кісі өлтіру, қанішерлік, есірткі тарату мен қолдану, алдап-арбау, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, жезөкшелік, порноөнеркәсіп туындылары сияқты мың санды ақпараттар ағымы қоғамымызда лық толы. Оның “тәлім-тәрбиесімен” ауыр

кылмыстар, тәртіп бұзушылықтар, әдепсіздіктер белең алып барады» [3, 80 б.]. Олар көп жағдайда оны мықты болу үшін, бекіну үшін, сақтану үшін деп қабылдайтын болса, енді біреулері үнемі берілетін қорқыныш үрейден безе отырып, діни секта сияқты ұйымдардан қамқорлық іздей бастайды. Н.Ж. Байтенова, қазіргі кездегі көптеген діни секталардың енуін қоғамда болып жатқан материалдық және рухани күйзелістің салдары деп бағалайды: «Тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ діни серпілістің жүруімен де сипатталады: дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа дәстүрлі емес діни ұйымдар пайда болды. Атап айтар болсақ, пресвитериандық және методизм, протестанттық конфессиялар, сондай-ақ “Агапе”, “жаңа аспан” сияқты протестанттық шіркеулер, “Бахаи”, “Сайтан шіркеуі”, “Саентология” шіркеуі сияқты діни бірлестіктер көріне бастады.... Миссионерлік діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған шоқындыру саясаты Африка және Азия халықтары арасында қарқындап, мақсатты түрде жүргізіліп отыр. ...Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жергіліктік деңгейде зерттеп үйренеді. Елімізде протестанттық және неопротестанттық шіркеулердің миссионерлік қызметтері халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізеді. Жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінінің терең білмейтіндер, әсіресе жастар миссионерлердің үгіт насихатына тез ілігеді» [4, 7 б.]. Ал бұл діни игеру жолында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі кем емес. Көптеген діни уағыз басылымдары бүгінгі күнде де кең таратылып жүр. Шынымен де, бұқаралық мәдениеттің ықпалында жаһандық дүниенің өрісінде өзіндік сананы, ұлттық ерекшелікті, әлемдік кеңістікте өз орнындай айқындаудың, тарихи тағылымды сақтап қалудың өзі қиындыққа соғады. Себебі бірінші мақсатталған әрекетте діни секталарды енгізу болса, ендігі қадам керісінше өз дінін өзіне жек көрінішті көрсету саясаты жүзеге асырылатын болды. Яғни, бүгінгі таңда өз дініміз *исламды* ланкестік мен фундаментализм деп жазалап өзімізге қарсы фактор ретінде ұсынылып, бір халықтың ішінде адамдарды бір-біріне айдап салып қойды. Өкінішке орай сыни ойлауды ысырып қоятын, сенім мен сезімді алдыға қоятын қарадүрсін бұқаралық сана үшін осы жолға түсіп кету қиын болмайды. Бұқаралық санаға ықпал ету факторы интернет жүйелері және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады.

Бұқаралық ақпарат құралдардың, әсіресе теледидардың жеке адамдардың немесе бұқараның іс-әрекетіне ықпалы қаншалықты екендігін ескере отырып, қоғамды рухани бұғауға түсіретін құралдарды аша аламыз.

Бодандық бұғауында орнайтын құлдық сана тек тарихты естен өшіріп қана қоймай, санымен қатар *ой еркіндігінен, сана азаттығынан* айырады. Әбден санасына ақиқат ретінде сіңірілген еуропаорталықтық мифтер, оның өзіндік ойлау мүмкіншіліктерін өшіріп, өзіндік санаға, өзіндік айқындауға қарсылықты көрсетіп тұрады. Өйткені, жоғарыда айтып кеткендей, мінсіз, күмәнсіз сенген идеалды мемлекетті құру идеологиясының негізінде тараған мифтерден, қорғаныс пен тіректен айырылу оңай емес, ал қазіргі кезде оның орнын еуропаорталықтық бірлестік идеалдары басты. Қазіргі кездегі біздің қоғамда орын алып жатқан діни қақтығыстар мен рухани дағдарыстар батыстандыру үрдісімен келіп жатқандығы шет қалдыруға болайды. Дегенмен, өз елінде өз орнындай берік ұстау, өзіндік сана мен өзіндік ерекшелікті сақтау «басқалардың» ішінде ыдырап, байқалмай қалудан құтқаратын кепіл болмақ. Оның салдары ретінде, адамдарға материалдық және «рухани» қолдау көрсететін, және ең бастысы «жан тыныштығы» мен «тұрақтылықты», «жақсы өмірді» уәде ететін, әртүрлі діни сеталар мен конфессияларға немесе психотренингтік (дианетика, саентология, т/б) бағыттарға, эзотерикалық немесе мистикалық бағыттардың кең таралуы көрініс табады. Әсіресе бұндай толқын, Қазақстанның материалдық әрі рухани күйзеліс кездерінде, 1990-1995жж. аралығында қатты байқалды. Көптеген мақсаттары белгісіз діни секталар адамдардың дәл осындай шарасыздық күйін жиі пайдаланады. «Құдай адам өміріне мән бере отырып, индивидке құндылықтар жүйесін сіңіре отырып, аномия, хаос, өзіндік идентификациядан қорғай отырып, адамның жалғыз адал әрі сенімді досына айналады. М. Орынбеков бұл көріністі былай сипаттаған еді: - «Бүгінгі таңда күл-талқан болған тоталитарлық жат идеологияның орны босап, әртүрлі дін қалыптары олқыны толтыруға ұмтылды. Олардың ішінде исламның елеулі орын алуы заңды. Сондай-ақ діни сананың ыдыраңқылығы бұл қозғалыстардың әлеуметтік тұрмыста басты орын алуына мүмкіндік бермеді. Осы және басқа себептердің салдарынан дін санада қоғамдық қатынастың елеулісі бола алмады. Сондықтан да Қазақстан жаңашыл мемлекет болып келеді, солай болып қалады да деп сенімді түрде мәлімденіп жүр. Бұл дүниетанымдық мағынада кері кетпеуге мүмкіндік береді» [5, 5 б.]. Қазіргі нарықтық жағдайдағы Қазақстандық қоғамдағы бұқаралық сананың бетбұрысын, көңіл күйін білу

кажет. Экономикалық дағдарыс, көпшіліктің әлеуметтік жағдайының нашарлауы, деңсаулық, білім, экология, саясат, дін салалырындағы өзгерістер бұқараның да көңіл күйін өзгертіп, әлеуметтік негативті салдарға алып келуі мүмкін. Мысалы қылмыскерліктің, жемқорлықтың, өсуіне, адамдардың бір-біріне деген сенімсіздігін өсіріп, қоғамдағы жаттану сезімін күшейтеді. Сонымен қатар, билік пен халық арасындағы үлкен алшақтық адамдар арасында да болашақ үшін сенімсіздік туғызады, өйткені белгілі бір халық мүдделері саяси билік жағынан ескерілмей, елеусіз де қалып жатады. Өзіндік ұлттық сана сезімі әлсіз, ұлттық рухы сөніп қалған, болашаққа деген сенімі жоқ халықты жаулау қашанда оңай. Тек ұлттық сана сезім шеңберіндегі ұлттық құндылықтарды анықтаған жағдайда, жалған құндылықтар өздері ақ керексіздігін сезініп, ысырылып кетеді. Ол үшін әр қайсымыз, өз мойнымызға ұлттық құндылықтарды сақтап, әспеттеу жауапкершілігіне ие болуымыз шарт. Ұлттық келбет пен ұлттық ерекшелікті сақтап ұлттық сананы нығайту қажет.

Сонымен, күннен-күнге ғаламдық сипат алып жатқан батыстандыру үрдісі негізіндегі ғылыми-техникалық прогресс пен бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып, бұқаралық мәдениеттің кең таралуы бұқаралық сананы қалыптастыруында негіз болып табылады. Әсіресе әлемдік бәсекелес мемлекеттер қатарына қосылу жолына бет алып отырған Қазақстан үшін өзекті мәселе ретінде өзіне деген ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Бір жағынан, “ұлы көштен” қалуға да болмайды, екінші жағынан, осы беталыста өзіндік қайталанбас дәстүрлік ерекшелігінді жоғалтып алмау міндеті қойылуы тиіс. Тіпті дәстүрлік дүниетанымды заманауи үрдістермен ұластыру абзал. Осы жолда бұқаралық сананы ұлттық мүдделерге бейімдеу арқылы жетуімізге болатындығын ұғынған жөн.

Әдебиеттер:

1. Ақмамбетов Ғ.Ғ. Проблемы нравственного развития личности. Алма-Ата. 1971. – 215 с.
2. Кшибеков Д. Идея как исток творчества. – Алматы: Қарасай, 2009. –160 с.
3. Нарматов С.З., Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық жалпыұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптастыру технологиясы. - Астана 2002. – 1126.
4. Байтенова Н., Бейсенов Б. Қазақстандағы қазіргі діни жағдай / Егемен Қазақстан 2006ж. 23 тамыз (№ 199). 7б.
5. Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғылым, 1996.- 168б.

***Манасова Мира Манасқызы,**
Қарағанды Экономикалық Университеті*

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

Абай дүниетанымының негізгі ерекшелігі ең алдымен адам мәселесін шығармашылығының негізгі мәселесі ретінде алып қарастырады. Абу Хайян ат-Тауһиди айтқандай адам адам үшін негізгі мәселеге айналды. Абайдың антропологиялық философиясын Фейербахтың философиялық жүйесімен салыстырсақ, екеуінің де философиясының ең басты мәселесі адам болғанымен, арасында ұқсастықпен қатар сапалық айырмашылық бар екендігі туралы тұжырымға келмекпіз. Фейербах «Гегель философиясына сын» еңбегінде, «табиғат асқазанның жай ғана шеберханасын жасап қойған жоқ, сонымен қатар ми сарайын орнатты, ол тіл ғана берген жоқ, дыбыстардың үйлесімділігін есту үшін құлақ, жарық көру үшін көз берді» [1, б.128] деп айтса, Абай 38-сөзінде: Алла «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттағандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оны жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?» – дейді [2, б.130]. Бірақ Фейрбах адам табиғи құбылыс болғандықтан, оның адамгершілік, әдептілік сипаты оның табиғи мінімен анықталады деп есептегендіктен оның антропологиялық философиясы адамнан Құдайға өтеді. Ал хакім Абай үшін адамды жаратқан Құдай болғандықтан, адамның бойындағы адамдық табиғатпен емес, Аллаға деген сеніммен, махаббатпен анықталады.

Абайдың философиялық антропологиясының келесі өзіндік ерекшелігі – дүниежүзілік философияда, әсіресе Шығыс философиясында кең тараған «әмбебап адам», «жан-жақты жетілген адам» ілімінен байқалады. Атап айтқанда, герметизм мен гностицизмдегі Антропос, Каббаладағы Адам Кадмон, маздаизм мен зороастризмдегі Гейомарт, Ежелгі Үндінің діни философиясындағы Пуруша, Ежелгі Қытай философиясындағы шэнь, жэнь, соның ішіндегі Конфуцийдің әлеуметтік

идеалы болып табылатын цзюнь-цзы, араб тілді мұсылман Шығыс философиясындағы әл-инсан, әл-кәмил және ортаазиялық жауанмәрттілік ілімдері бар.

Абай өз дүниетанымында ар сақтауды жоғары қояды. Адамның адамшылығы, оны жоғары ұстануы, арын сақтауда жатыр. Абай:

Әділеттілік, арлылық, маххабат пен –

Үй жолдасың қабірден әрі өткенде – дейді [3, б.12].

Уақытша әрі жалған өмірде үй жолдасымыз мал-дүние. Денеден жан кеткен бойда мал да, тән де осы дүниеде қалады. Мәңгілік о дүниеде үй жолдасымыз әділет, ар, махаббат болмақ. Осы дүниеде дүние тіршілігіне алдану, бақи дүниеде ғапыл қалғандар.

Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,

Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер,

Ұятың мен арыңды малға сатып,

Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Ойшыл ар, ұят, намыс ұғымдарына ерекше мән беріп, адамның адам болып қалыптасуындағы рөлін ерекше жоғары бағалайды. Мысалы, 14-сөзінде: «...ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?» [2, б. 102] деп осы мәселе бойынша өзінің ой толғанысын білдіреді.

Абай шығармашылығында Адамның Алланың орынбасары ретінде өзіне ұқсас қып жаратуы және адамның бойындағы Алланың қасиеттері, Алланы тану жолдары айтылып кетеді. Алланың адам бойындағы зәрра қасиеттерін дамыту, жетілдіру арқылы кемелдікке жетуі, «шын иман», «пайда беретін иман» жөнінде де айтылады. Абайдың данышпандылығы, ұлылығы, көрегендігі, оның сол кезде көтерген мәселелерінің бүгінгі күн үшін өзінің маңыздылығын жоймағандығынан да көрінеді. Абай философиясындағы «толық адам» мәселесі: «Толық адамның» қалыптасу жолы үш қасиет: Ғылым, әділет, рақым:- яғни, жан пайдасы туралы ой қозғалады.

Жаратушы Раббымыз адамзатты бар мақұлықтан, жаратылғандардың ең абзалы, ақылдысы етіп, һәмма бәрін білуші өзіне ұқсас қып, шын сүйіспеншілікпен жаратты. Мұхаммед ғ.с. хадисіндегі «Аллаға иман келтіргеннен кейінгі істің ең абзалы – адамдармен достасу» демекші, Жаратушының түзу жолында болып, ғамал іс-әрекеттерімізді ізгілікке ғана жұмсап, шын тағат ету арқылы, Алланың алдындағы үлкен парызымызды өтемекпіз. Алланы шын сүйіп, оған жаққымыз келсе, Алланың сүйіп жаратқан пендесіне қайырымдылық жасау арқылы имандығымызды арттырмақмыз. Алла жолында ізгі істер атқарып, бауырыңа (күллі адамзатқа) адал жәрдем беру арқылы, мейірім, шапағат төгу арқылы Аллаға жақындай түсесің. Бір-біріңді жақсы көру, қиындығы мен қуанышында бірге болу арқылы Алланың мархаметіне бөленесің. Бойыңдағы жаман сезімдерден арылып тазарған үстінен тазара түсесің. Нұрланған үстінен нұрға шомыласың. Күндіз-түні Аллаға құлшылық етіп (намаз), жаратушы тыйым салған істен сақтанбай, сабырсыздық танытып, тек бір күшінді шын махаббатты бұзушы пайда, мақтанға жұмсасаң, құрыған жерің осы дейді Абай. Бабамыз айтқандай «қырт мақтандар» ардың, намыстың, не екенінен бейхабар, не адамдығы, не ақылдығы жоқ арсыз, бетсіздер шын махаббаттың, хақ жолының не екенін білмесе, мұндай адам баласы мақтаннан аман болмағы, наданның наданы, адам емес. Ал егер үш басты сүю: Алланың адамға, адамның адамдарға деген махаббатын түсініп қана қоймай, ылғи Алланы естеріне алып, күнәларының жарылқауын тілеп, дұрыс ғамал қылып, арсыздық, зұлымдық, надандық, сараңдық, көре алмаушылық осы сияқты залым әрекеттерден сақтанып, тәубесіне келіп, өзінің ақылын жан қамына жұмсап, иманын түзеп барып, ғибадат қылса, Алланы таныса, Абай айтқандай татымды жеміс берері анық.

Адам болып дүниеге келгеннен соң ақ жүрек, адал еңбекті туы етіп, адамгершілік мұратын жүзеге асыруы парыз. Ұлы Абайдың білімінен сусындаған Шәкәрім адам мәселесі, оның өмірдегі мәні жайлы маңызды ойлар қалдырған тұлға.

Шәкәрім:

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,

Ортасы – өмір, жоқтық қой – екі басы.

Сағымдай екі жоқтың арасында

Тіршілік деп аталар біраз жасы

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,

Ол айла – қиянатсыз ой тазасы,

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,

Таза жүрек, тату дос – сол шарасы. –деп толғанады [4, б. 87].

Жамандық пен жақсылықты анықтайтын басты таразы – ақыл. Сау ақыл ойды реттеп халал мен харамды айыруға көмектеседі. Адамгершілікті орнықтырудағы таза ақылдың алатын орны ерекше. Орта ғасырлық ислам философиясының көрнекті өкілі Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали «адамның жануарлардан артықшылығы ақылында» деп білген. Ақыл – ол Алладан берілген табиғи қабілет. Ол иманның жетекшісі тәрізді дұрыс жолға бастайды.

Қасиетті Құранның Бақара сүресінің 44 аятында ақыл туралы былай делінеді: «Елді игілікке бұйырып, өздерінді ұмытасындар ма? Кітапты оқисындар, ойламайсындар ма? Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік барлығы раббымыздың қасынан» дейді. Бұны ақыл иелері ғана түсінеді».

Абай мен Шәкәрім дүниетанымындағы адамгершілікті жетілдірудің басты көзі ақыл жайлы пікірлері бір жерден шығады. Шәкәрім «еркін ақыл тіпті адаспас кезсе кірсіз жарқырап», «ақылдың көзін байлама, ақылға сынат әр істі» ақыл көзін тікелей жүрекпен байланыстырады. Абай бір өлеңінде ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау – толықтыққа жол ашу дейді. Жүрек билеген ақыл нәпсі тұсауынан бос, еркін болады. Шәкәрім:

«Адамның айуаннан аяласы мол

Қит етсе қиянатқа қояды қол» – дейді бір өлең жолдарында [4, б. 86].

Бұл жерде адам жаны мен хайуан жанын айырып алмақпыз. Хайуан жан – ақыл-ессіз, тән құмарын ғана қандыратын ішсем, жесем, ұйықтасам дейді. Адамның жаны – ақыл-есті, білсем, көрсем, үйренсем деп, әр нәрсеге таң қалып, Алла хикметіне сүйсіне де, қызыға қарайды. Адам баласы бола тұра айламыз ақыл-ессіз хайуан аяласынан асып-түсіп, абайша айтсақ адамдықты бұзушы надандыққа, адам баласының дұшпаны, залымдыққа бой беріп, қит етсе қиянат жасауға әзір тұрамыз. Шәкәрім «Адамзат – айуанның арам, насы» деген жан толғанысында шын адам мейірім, ынсап, әділетті өмірлік ұстаным ретінде нық берік ұстануы, бойындағы Алла тағаланың зәрра қасиеттерін басқаға рақымды болу арқылы жетілдіріп, қатыгез, кекшіл мінезден ада болуы шарт деп баяндайды. Алла тағаланың тоқсан тоғыз есімдерінің бірі Рахим – кешіруші, мейірімді. Кешірімділік – адам дұшпаны ашуды ақылға жеңдіру, сабырлық таныту. Сабырлық – ауыртпалықтарға шыдап, Алла жіберген сынақтардан иман келтіру арқылы, әр істе тоқтамдылық танытып, қиыншылыққа төзу. Бұл қасиеттердің бәрін ақ ниетті адам бойынан таба аламыз. Тәкаппарлық танытып, дандайсып, адамдарға паңсып, кердендеу, жала жабу, бір-біріне мін тағу сияқты нас мінездер харам ойлыларда ғана болмақ. Осыдан арылу жолындағы күресте екі ойшыл кемеңгерлік көрсетеді. Абай «ынсап, ұят – ғадаләттан шығады» дейді. Шәкәрімнен ұштастырсақ, еріншектіктен – талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік шығады, тек жақсы іс атқару, адал еңбек ету, өнер жасау арқылы, әр амалды ардан аттамай жасасақ адамшылық негізінің бірі осы дейді ғұлама. Әділдік, адалдық, игі іс жайында Құран Кәрімнің «Нахыл» сүресінің 90-аятында «Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан әм зорлықтан тыяды. Сендерге насихат береді» делінген.

Әдебиеттер:

1. Избранные философские произведения. В 2-х томах. – М.: 1956.
2. А. Құнанбайұлының шығармаларының II-томдық толық жинағы. – II том. – Алматы, 2005.
3. Абай журналы. – 2006 ж. – №4.
4. Шәкәрім. Қазақ айнасы. – Алматы, 2005.

*Мухабиев Нұртаза Жұманұлы,
Азаматтық Авиация Академиясы,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы*

БІЛІМДІ КАПИТАЛҒА АЙНАЛДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық стратегиясының бағыты мен басымдылығын айқындауда әлемдік үрдістің беталысына талдау жасай отырып қоғамдық өмірде, жалпы экономиканың даму үрдісіне қандай факторлардың әсері маңызды екенін білу керек. Бүгінде қоғамдық дамудың басты факторы болып ғылыми-техникалық жаңару емес, адам сапасы тұр.

Қазіргі таңда кезде адам ресурстарын тиімді қолдану мәселесі өзекті болып табылады. Сондай-ақ бүгінгі таңдағы экономикалық жағдайда шешуші рөл адамдікі, сондықтан адам капиталын жан-жақты қолдану қажеттігі туындайды және туындап отырады.

Адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі-білім беру саласы. Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан-адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетудің және жұмыссыздыққа қарсы құрал ретінде қарастырыла басталды. Әсіресе білімі және біліктілігі жоғары адам прогрессивті қоғамдық өзгерістердің көзі және қуатты қозғаушы күші ретіндегі өзекті мәселеге айналды.

Адамды немесе өндіргіш қабілеттерін капитал ретінде қарастыруға төмендегі себептер негіз болды: біріншіден, өндіргіш қабілеттер қорлана алады және, белгілі бір қосымша потенциалды құрады; екіншіден, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалған шығындар нақты инвестициялар болып табылады; үшіншіден, адамның қабілеттерін қалыптастыруға, дамытуға жұмсалған қаржы өнімді сипатта, өйткені ол болашақ табысты, өнімді және ұлттық байлықты көбейтеді.

«Адами капитал» идеясының тұтас концепция ретінде қалыптасуы XX-ғасырдың 60-жылдарында аяқталды.

Адами капитал идеясының тұтас концепция ретінде қалыптасуы стихиялы, өздігінше емес, керісінше, экономикалық ғылымның әлеуметтік тапсырысты, белгілі бір қоғамдық қажеттілікті орындауы ретінде жүрді.

Адами капитал теориясы қазіргі күйінде американдық экономистер- «Чикаго мектебінің» өкілдері Т. Шульц пен Г. Беккердің басылымдары негізінде қалыптасты. Адам капиталы теориясының әдістемесінде қазіргі экономикалық ой-пікірлер ішінен басқа да ағымдарының әсері бар екендігі байқалады. Соның ішінде, білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу, білімнің экономикалық өсу қарқынына және ұлттық табыс өсіміне әсері проблемаларын зерттеуде неокейнсиандық көзқарастың үстемдігі байқалса, экономикалық талдауға жанұя, мектеп т.б. қоғамдық институттарды тарту идеясы және олардың қоғамдағы басқа да әлеуметтік, шаруашылық мекемелері арасындағы байланыстарын анықтау бұл теорияға қазіргі экономикалық ғылымның әлеуметтік-институционалдық ағымының әсерін көрсетті [6, 89 б].

Посткеңестік экономика ғылымындағы адам капиталы теориясының ірі зерттеушілерінің бірі С.Дятлов адами капитал «инвестиция нәтижесінде қалыптасатын, қоғамдық ұдайы өндірістің кез-келген сферасында мақсатты пайдаланатын, еңбек өнімділігін және өндірістің тиімділігін арттыратын, осы арқылы адамның табысын өсіретін адам бойында жинақталған (қорланған) денсаулық, білім, дағды, қабілеттер, мотивация қоры» деген көзқарасты білдірді. Сонымен қатар адам капиталын «индивидтердің өзінің оқуына, білім алуына және басқа да өнімділікті арттыратын іс-әрекет түрлеріне уақытты инвестициялау арқылы қалыптасатын іскерлік пен дағдылар» ретінде анықтайды. Адами капитал, өзге капиталдың кез келген түріне тән белгілерге ие, сонымен қатар оның елеулі айырмашылығы бар. Адам капиталы теориясы жөніндегі ресейлік жетекші маман С.А. Дятлов осы құбылыстың мынандай ерекшеліктерін көрсетті:

1. Инвестициялардың адам капиталына қайтарымы оның иесінің өмір сүру мерзіміне (еңбекке қабілетті кезеңнің ұзақтығына) тікелей қатысты болады. Адамға жұмсалымдар неғұрлым ертерек жасалса, соғұрлым ол тезірек қайтарым жасай бастайды. Бірақ мынаны ескеру керек, неғұрлым сапалы және ұзақ мерзімді инвестициялар анағұрлым жоғары және анағұрлым ұзақ уақыттық нәтиже береді.

2. Адами капитал тек табиғи және моральдық тозуға ғана душар болмайды, сонымен бірге ол жинақталу мен көбеюге де қабілетті. Адам капиталының тозуы, біріншіден, адам организмі мен оған тән психофизиологиялық қызметтердің табиғи тозу дәрежесімен, ал екіншіден, білімнің ескіруінің немесе алған білім құндылығының өзгеруінің салдарынан болатын моральдық (экономикалық) тозу дәрежесімен анықталады. Адами капиталдың толықтырылуы қызметкердің қайта оқу және өндірістік тәжірбие жинақтау үдерісінде жүзеге асырылады. Егер осы үдеріс үздіксіз жүретін болса, онда адам капиталын пайдалану шамасына қарай оның сапа және сан жөніндегі сипаттамалары (сапа, көлем, құндылық) жақсара түседі және өседі.

3. Адами капиталдың қорлану шамасына қарай оның табыстылығы белсенді еңбек қызметінің (белсенді еңбекке қабілетті жас) жоғары шегімен шектелетін белгілі бір межеге дейін жоғарылайды да, сонан соң күрт төмендейді.

4. Капиталды жасау кезінде «екі жақты көбейткіш нәтиже» орын алады. Оның мәні былай, оқу үдерісінде тек оқитын адамның ғана емес, сонымен бірге оқытушының да мінездемесі мен қабілеті жетіле, өсе түседі, ол кейіннен біріншісінің де, сондай-ақ, екіншісінің де табыстарын өсіреді.

5. Адамға жасалатын инвестициялардың барлығы бірдей адам капиталының жұмсалымдары болып таныла бермейді, тек қоғамдық мақсатқа сай және экономикалық қажеттіліктері ғана осындай жұмсалымға жатады. Мәселен, қылмыстық әрекетке байланысты шығындар адам капиталына жасалатын инвестициялар болып саналмайды, өйткені олар қоғамдық тұрғыда мақсатқа сай емес және қоғам үшін зиянды.

6. Адамға жасалатын жұмсалымдардың сипаты мен түрлері тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерден және дәстүрлерден тарайды. Мәселен, білім деңгейі мен балалардың мамандық таңдауы едәуір шамада отбасылық дәстүрлерге және олардың ата-аналарының білім деңгейіне байланысты болады.

7. Капиталдың өзге әр түрлі нысандарына жасалатын инвестициялармен салыстырғанда адами капиталға жұмсалатын инвестициялар жеке дара тұрғысынан да анағұрлым пайдалы. [1, 49 б].

Отандық экономика ғылымында адам капиталы теориясы бойынша зерттеулер енді қолға алынып келеді, олар көбіне фрагментарлы түрде кездеседі. Отандық экономистерден академик Я.Ә. Әубәкіровтың, К.Н. Нәрібаевтың, С.К. Жұмабаевтың көзқарастарына тоқталған жөн.

Академик Я.Ә. Әубәкіров адами капиталдың әртүрлі ғалымдардың барлық жетістіктерін, білімді, дағдыны, жинақталған тәжірбиені және олардың әлеуметтік экономикалық прогресте қолданылуын біріктіретін кең масштабты ұғым ретінде түсінеді. Оның пікірінше, адам капиталы білім беру және ғылым салаларына, денсаулық сақтауға, білікті мамандарды ұдайы өндіруе мақсатты бағытталған инвестициялар нәтижесінде қалыптасады және ұлғаяды. Академик Я.Ә. Әубәкіров адам капиталын қоғамдық еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін шешуші күш ретінде қарастырады.

Келесі авторлар ұжымы адам капиталын «индивидтердің өзінің оқуына, білім алуына және басқа да өнімділікті арттыратын іс-әрекет түрлеріне уақытты инвестициялау арқылы қалыптасатын іскерлік пен дағдылар» ретінде анықтайды.

Отандық ғалымдардың көзқарастарына сүйене отырып мынадай тұжырымдарды көрсетуге болады.

- заманауи білім, білімді қолданудағы іскерлік пен дағды арнайы әдістемелік жүйе мен іс-әрекет түрлері арқылы қалыптасады;
- адами капиталдың қалыптасуы мен дамуы белгілі бір қаржыны қажет етеді;
- бөлінген қаржылар инвестициялық сипатта болады;
- білімді қолданудағы іскерлік пен еңбек өнімділігі арасында тығыз байланыс дамудың негізгі факторы ретінде көрініс беруі қажет;

Осы тұжырымдамаларға сүйене отырып адам капиталы категориясының экономикалық мазмұнын ашуға талпынастар жасау өте маңызды..

Кез-келген экономикалық категория-экономикалық көзқарастар жүйесіндегі белгілі бір талаптардың логикалық көрінісі, жеткізілуі. Демек, адам капиталы экономикалық категория ретінде біздің ойымызша іскерлікті, дағдыны, т.б. қабілеттерді қалыптастыру, өндіру, тұтыну, жалғастыру үрдісінде қалыптасатын экономикалық қатынастарды көрсетеді.[2,26-6].

Адам капиталының сапасы оның білім деңгейіне және оны өндірісте қолданудағы алғышарттарға байланысты болып отыр. Қазақстанда объективті жағдайларға байланысты адам капиталының тапшылықтарын көруге болады. Әрине ол дамыған елдерде жаңадан ашылып жатқан жаңалықтардың білім беруде тілді білмеуге байланысты көрініс таба бермеуі, ақпараттың тапшылығы, алынған білім мен өндірістің арасындағы тығыз байланыстың болмауы ұсыныстық дағдарысты тудырып отырғандығын көруге болады.

Кез келген елдегі білім беру жүйесі – ұлттық мәдениеттің және танымның көрсеткіші болса, ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді көрсетіп қана қоймай жаңашылдыққа бетбұрыс жасауда үздіксіз процесс ретінде дамып отыруы қажет. Сондықтан бүкіл әлемде білім тұлғаны әлеуметтік-экономикалық үдеріске тиімді қатысуын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып саналады және білім беруге ерекше назар аударылады. Адамның сапалық параметрлерін қалыптастырушы және жетілдіруші рухани өндірістің маңызды салаларының бірі-білім беру саласы.

Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан-адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетудің және жұмыссыздыққа қарсы құрал ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда білімі мен біліктілігі жоғары адам прогрессивті қоғамдық өзгерістердің көзі және қуатты қозғаушы күші ретіндегі өзекті мәселеге айналды.

Қазақстан Республикасының білім беру стратегиясындағы басты концепция-ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі мақсаты-адамның ең негізгі құндылық ретінде мойындау және сол тұрғыда қалыптастыру, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, мәдени-рухани дамуына ерекше мән беріп, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің жетілуіне, әлеуметтік-саяси көзқарастарының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, әлеуметтік мәдениетінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай туғызу. Яғни, келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыруда бірнеше ұстанымдарды айқындап алу қажет.

- * икемді, мобильді жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру;

- * жоғары оқу орындарының адаптациялық потенциалын көтеру;

- * оқу орындарындағы академиялық және ұйымдастыру құрылымын, ондағы инфрақұрылымдарды жетілдіру;

- * әдістемелік жүйені және білім беру технологиясын реформалау;

- * педагогикалық үрдісті жетілдіру, педагогикалық құрам сапасын жақсарту.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың осы жылғы жолдауында адам капиталын дамыту мақсатында білім берудегі жаңашылдыққа басты назар аудару қажеттілігі қарастырылған.

Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз- білім берудегі экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты, қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту керек [3].

Білімді капиталға айналдыру технологиясы арқылы білім жүйесін жан жақты дамыта отырып бәсекеге қабілетті маман дайындау және оның іскерлік дағдыларын жүзеге асыруға жағдай жасау. Екіншіден, білімді капиталға айналдырудың технологиясы арқылы кәсіпкер маман дайындай аламыз, бұл дегеніміз жұмыссыздықты жоюға көп көмегін тигізбек.

Әдебиеттер:

1. Дятлов С.А. Основы теории человеческого капитала. Изд-во Санкт-Петербургского университета экономики и финансов, 1994.
2. Изотов М.З. Формирование человеческого капитала в Казахстане. - Алмата, - 2011.
3. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә Назарбаевтың
4. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 31.12 2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.

Кобекова Бакыт Кунтугановна

старший преподаватель кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби

ПЕРСПЕКТИВЫ ЦЕННОСТНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

Ценностное взаимодействие науки и образования в XXI веке обусловлена общецивилизационным кризисом, который требует решения широкого спектра проблем: экологических, экономических, политических, этических, коммуникационных, образовательных и др. Возникают новые ценностно-целевые приоритеты, познавательные, образовательные и иные потребности. Возрастает значение ценностей в развитии человечества и различных сферах его деятельности. В этой связи актуализируется необходимость аксиологического осмысления образования и науки. Именно ценности являются интегрирующим фактором науки и образования. Сегодня ценности могут выступать в качестве системообразующих оснований взаимосвязи современного образования и науки, одной из главных характеристик которой является возрастание значения ценностей в научно-исследовательской деятельности.

Информационное общество обуславливает возрастающий интерес как в научно-педагогическом сообществе, так и в обществе в целом к аксиологической стороне наблюдаемых процессов. Новая эпоха характеризуется и становлением общества образовательного, развитием непрерывного

образования, выдвижением новых требований к научному образованию. Осмысление образовательных перспектив выявляет, что именно «на ценности должно опираться современное образование – мост, перевозящий людей в новую эпоху».

Ценности присутствуют в каждой деятельности и интегрируют различные подсистемы культуры. В этой связи они могут влиять на интеграцию и дифференциацию в социокультурных системах. При научно-обоснованном использовании, ценности могут нести подлинное благо человечеству и способствовать ускорению развития различных сторон его жизни. Этот факт показывает, что необходимо больше внимания уделять ценностному аспекту взаимодействий науки и образования, от эффективности которых сегодня во многом зависит будущее не только нашей страны, но и всего человечества. Одной из эффективных мер ускорения модернизации интеграции науки и образования может явиться её ценностная переориентация.

В новых условиях все острее возникает необходимость воспитания, как приоритетной сферы образовательной деятельности. Ценностные аспекты кризиса обуславливают невозможность создания единого образовательного пространства, ориентированного на гуманистические ценности. Главной задачей образования еще С. И. Гессен считал «приобщение ученика к культурным, в том числе научным достижениям человечества, а также формирование высоконравственной, свободной и ответственной личности».

Кризис образования возникает тогда, когда происходит рассогласование между прогрессирующей наукой и отстающим (по содержанию) образованием в условиях новых открытий в области науки. В образовании важнейшую роль играет его научное содержание, концептуальная определенность и последовательность, начиная от философско-мировоззренческих, общенаучных вопросов и до конкретных тем. Современная реальность образования – многоликость различных программ, не только выявляющих разные, даже альтернативные характеристики образования, но задающие разные перспективы образованию.

Образование в широком его толковании сегодня должно существенно измениться в методологическом и содержательном плане. Целью образования на ближайшую перспективу должно стать создание профессионала-интеллекта, который, во-первых, явится высококвалифицированным специалистом широкого профиля на основе получения фундаментального образования; во-вторых, воплотит в себе новый тип носителя отношения к человеку (обществу) как к цели, а не как к средству; в-третьих, осознает свое отношение к природе на уровне сформированного экологического сознания. Триединство этих составляющих позволит говорить о фундаментализации, гуманизации и экологизации образования как ведущих направлениях в данной сфере человеческой деятельности и главных ценностей образования и науки.

Лучших специалистов готовят там, где обеспечивается тесная взаимосвязь учебного процесса с научно-исследовательской и опытно-конструкторской работой, где существует возможность включиться в деятельность ведущих научных коллективов, проникнуться атмосферой научного поиска, принять участие в разработке крупных проектов. Фундаментальные научные достижения, крупные технические решения, новейшие технологии и разработки, оригинальные инновационные проекты появляются, как правило, в тех исследовательских организациях, где гармонично сочетается опыт старшего поколения с нестандартным подходом к делу молодых.

Гуманизация как важная характеристика концепции гуманизма и отражение идей гуманизма в обществе, реализуется в зависимости от конкретных исторических условий, целей и задач социального развития на основе общечеловеческих ценностей (воспитательный (личностный) аспект); также на основе общекультурных гуманитарных знаний, призванных сформировать сознание субъекта, предполагая обращение к высшим идеалам, общекультурным ценностным началам, сформированным в культуре (образовательный (дисциплинарный) аспект). Гуманизация, применительно к сферам образования и науки – это процесс, определяющий ценности гуманизма в результате их передачи и усвоения (система образования) и в процессе деятельности по производству знаний (система науки).

Ведущей формой мировоззрения в современном информационном обществе должно стать не религиозное сознание, не идеологическое сознание, а ценностное сознание. Ценностный подход в образовании позволяет опираться на ценности как способы и принципы оценки различных аспектов образования. Образование должно ориентироваться именно на ценности, а не на быстро меняющиеся условия существования и развития;

В самом общем виде принципы устойчивого развития, принятые в качестве общечеловеческих ценностей и целей, можно сформулировать как настоятельную необходимость в целях выживания человечества сбалансировать три основные сферы взаимодействия: во-первых, взаимодействие

систем человеческой деятельности и природной среды; во-вторых, взаимодействие отдельных подсистем, образующих человечество как целое; в-третьих, взаимодействие между нынешними и будущими поколениями с целью сохранения необходимой внешней и внутренней среды их возникновения, существования и развития.

Человек включается в связи биосферы на основе трудовой деятельности, чем привносит изменения в ее динамику. В современных условиях ответ на вопрос, сможет ли человек защитить свою жизнь от негативных последствий собственной жизнедеятельности, возможен лишь при таком изменении мировоззрения и принципов действий всех людей, при котором на первом месте для них будет стоять безопасность, в том числе и экологическая. Экологическая безопасность становится наиболее фундаментальным критерием эффективности общественного развития, отодвигая на второй план экономические показатели.

Задачу гармонизации отношений между обществом и природой необходимо решать не только и не столько методами преобразования природы и управления экосистемами, сколько путем целенаправленного изменения социальной организации общества (его политических, социальных, экономических и правовых институтов) в рамках не только экологического, но и нравственного императива. Второй императив требует изменения мировоззрения людей, его поворота к общечеловеческим ценностям (например, чувству уважения любой жизни), к умению ставить превыше всего не частные, а общие интересы, к переоценке традиционных потребительских идеалов. Но, сознание людей весьма консервативно и с трудом отказывается от стереотипных представлений об отношении человека к природе. Экологизация сознания общества связана с формированием у людей определенных экологических ориентаций. Экологическое сознание заключается в превращении экологических установок и ориентиров, образующих прочный фундамент экологического мышления, в основание деятельностных установок.

Экологические противоречия, достигшие глобального уровня, привели к осознанию того, что будущее развитие общества будет во многом зависеть от уровня экологической культуры, которая представляет собой более высокую и развитую форму гуманизма, поскольку включает в себя задачу не только поддержания и сохранения жизни людей, но и других форм жизни. Идеалы и ценности гуманизма диктуют необходимость этического контроля над наукой, который должен быть открытым, междисциплинарным и направленным на защиту экологических и социальных интересов людей.

Ценностями, которые лежат в основе интеграции науки и образования на современном этапе, являются: гуманизация, фундаментализация, гуманитаризация, прагматизм, глобализация, демократизация, экологизация, преемственность, согласованность, индивидуализация, образовательная направленность, профессионализация, адаптация, высокая динамичность.

МАЗМҰНЫ:

Сәбден О. Әлем және Абайдың толық адам ілімі	3
Құлсариева А.Т. Жар жағалаған ғұмыр философы	7
Масалимова А.Р. Философия национальной идеи казахов.....	12
Нұрмұратов С.Е., Жанабаева Д. М. Абай даналығы хақында	15
Сарсенбекова Г.А., Несипбаева Ж.Ж. Некоторые аспекты современных философских проблем (историографический обзор)	18
Кунапина К.К. Рухымыз биік болсын!.....	20
Молдабеков Ж.Ж. Тәуелсіздіктің мәңгілігі – болашақтың мекем тірегі	24
Байтенова Н.Ж., Альмухаметов А.Р. Зайырлылық - мемлекет дамуының заманауи моделі	29
Рысбекова Ш.С. Учение Абая Кунанбаева «О троекратной любви».....	31
Әубәкір Д.Ә. Абай – философ екендігі хақ: мұхтар ашқан Қайнар бастауларды үшкілмен түйіндеп берген – шақанай	35
Әрінова Б.А. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының студент жастар тәрбиесіндегі орны	40
Бегалинова К.К., Ашилова М.С. Казахская философия субстанциональная основа национальной идеи «Мәңгілік Ел».....	43
Бүлекбаев С. Б. О философии тюрок.....	46
Құрманалиева А.Д. Ғарифолла Есімнің «Бар қазақ – бір қазақ» идеясы	51
Нұрышева Г.Ж. Ұлттық ойлау көкжиегін кеңейткен ғалым	55
Құсайынов Д.Ө., Аюпова З.К. Қазақ философиясы- мәңгілік ел ұлттық идеологиясының әдіснамалық бастауы ретінде	59
Иманжусуп Р. Практическое чувство истины	62
Аликбаева М.Б., Карабалина Э., Өсербаев Елдос «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеология ретінде	65
Альмуханов С.Х. Философско-антропологические основания метафизического знания	68
Әубәкір Д.Ә. «Мәңгілік Ел!» ұлы адамзат мұраты жерде қазақиядан бастау алды және көк жүзіне адами ноосферойд нәсілі болып ұласады	70
Бегалинова К.К., Ашилова М.С. Абай и западная философия: в поиске целостного мировидения	76
Бейсенов Б.К., Игисенова А. Түркі руханияты және философиясы аясындағы ұғым-түсініктер	79
Бесимбаева А.М., Сыздықова С.М. «Философия менің өмірімде».....	83
Бияздыкова К.А. Қазақ мәдениеті пәні бойынша СӨӨЖ ұйымдастыру әдістемесі	86
Божбанбаев Б.М. Қазақстан халқы ассамблеясы «мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын қалыптастыратын институт ретінде.	89
Затов К.А., Аймухамбетов Т.Т. Правовые и религиозные нормы: анализ их взаимодействия.....	91
Қаңтарбаева Ж.У. Мұқан Н. Заманауи қоғамдағы жастар арасындағы құндылықтық қарым-қатынасты қалыптастыру ерекшеліктері	94
Манасова М.М. Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы адам мәселесі	96
Мухабаев Н.Ж. Білімді капиталға айналдыру технологиясы.....	98
Кобекова Б. К. Перспективы ценностного взаимодействия науки и образования.....	101

Ғылыми басылым

**Көрнекті қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының академигі
Ғарифолла Есімнің 70 жылдық мерейтойына арналған
IV Фараби оқулары аясындағы
«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп ...» Республикалық
ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Қазақстан, Алматы, 15 сәуір 2017 жыл

ИБ № 10832

Басуға 03.05.2017 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₈.

Көлемі 8,7 б. т. Тапсырыс №2015 . Таралымы 15 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.